

Ж.К. РОУЛИН

ХЭРРИ ПОТТЕР

мет
ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ



Атық жаңылда да, жауын-шашында да

жанысмада батын

Шон ПІФ. Хөтүрікте ағнаадың

Алматы 2020

Хәрри Поттер сериясы:

Хәрри Поттер мен пәлсана тас

Хәрри Поттер мен жасырын бөлмө

Хәрри Поттер мен Азкабан түткүнү

Хәрри Поттер мен от сауыт

Хәрри Поттер мен Феникс алқасы

Хәрри Поттер мен Шалақан ханзада

Хәрри Поттер мен ажал сыйлары



ХәРРИ ПоТТЕР

мен

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ



Steppe & World Publishing

84-445
808.83
R-85

Ағылшын тілінен аударған – Динара Мәзен.

J.K. Rowling HARRY POTTER AND THE CHAMBER OF SECRETS
First Published in 1998

R-85

Роулинг Ж.К. – Харри Поттер мен жасырын бөлме. – Алматы, Steppe&World, 2020. – 324 бет.

Барлық күкүйі коргалған. Бул жарияланымның ешбір болігі баспағердің алдын ала жазбаша көлісіміңіз қайта басылмайды, койма жүйесінде сакталмайды әрі енгізілмейді, ешбір формада немесе тәсілмен (электрондық, механикалық, фотокопиялық, жазбаша немесе басқаша) тасымалданбайды. Бұл жарияланымға қатысты алдебір зансыз орекет жасаған кез келген адамға қылмыстық жаза шаралары жасалып, залалы үшін азаматтық жауапта тартылуы мүмкін.

ISBN 978-9919-9557-7-9

Bloomsbury баспасының рұқсатымен басылған.
Казакша нұсқасын © STEPPE AND WORLD баспасының жазбаша рұқсатының көшіріп басуға болмайды. Барлық күкүйі коргалған.
Мектеп жасындағы балаларға арналған.

Бұл шығармадагы кейіпкерлер мен оқигалардың бәрі (ашық дереккөзден алуға болатыннан өзгесі) одан шыгарылған, тірі немесе дүниеден өткен кез келген адамға ұқастыры – кездейсок.

Harry Potter and the Chamber of Secrets
Harry Potter кейіпкерлері, атаулар мен соған қатысты белгілер
© Warner Bros. Entertainment Inc. тауар белгісіне тиесін. Барлық күкүйі коргалған.

Wizarding World Publishing and Theatrical Rights © J.K. Rowling
© Warner Bros. Entertainment Inc. All rights reserved

ISBN 978-9919-9557-7-9

564575

84-445
808.83

© Steppe&World, Алматы 2020

Мәтіннің авторлық күкүйі © J.K. Rowling 1997

Иллюстрациялардың авторлық күкүйі © Jonny Duddle

© Bloomsbury Publishing Plc 2014

Картаның иллюстрация күкүйі Tomislav Tomic © J.K. Rowling 2014

6+

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск

ХЭРРИ ПОТТЕР

мен
ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Оқырмандар не дейді

«Эу баста қазақ тілінде жазылып,
сол тілде жарық көрген туынды дермісін».
Амангелді Мұхамеджан, Талғықорған

«Маған ұнағаны сонша – еріксіз әр кейіпкерге
бөлек дауыс беріп оқығанымды соңынан байқаппын».
Данияр Басқар, Алматы

«Сонғы рет бүлдай кітап оқығаным есімде жок».
Мерей Құнышбайұлы, Жамбыл

«Рахаттанып оқып отырмын, суретіне тамсанып,
аудармасына ғашық болып, кітапты қәдімгідей жеп жатырмын».
Әндар Құмабай, Атырау

«Тұсыныңың басынан кешкендері сияқты әсер етеді.
Тілі сондай жатық. Қызық, кай тілде оқысан да,
өз тіліндегі оқыған біртүрлі ерекше».
Алжархан Қысқырханова, Семей


steppe & world
PUBLISHING

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ ТАРАУ	11
Берекесі кеткен туған күн	
ЕКІНШІ ТАРАУ	19
Добби сақтандырмак	
ҮШІНШІ ТАРАУ	30
Ін	
ТӨРТІНШІ ТАРАУ	46
Флориш пен Блотс	
БЕСІНШІ ТАРАУ	67
Шатақ тал	
АЛТЫНШЫ ТАРАУ	86
Гилдерой Локхарт	
ЖЕТІНШІ ТАРАУ	103
Қарақан және жан түршігер дауыс	
СЕГІЗІНШІ ТАРАУ	119
Өлілер мейрамы	
ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ	136
Қабырғадағы жазу	
ОНЫНШЫ ТАРАУ	155
Құтырған бладжер	


ОН БІРІНШІ ТАРАУ	174
Дуэль клубы	
ОН ЕКІНШІ ТАРАУ	194
Айналдыратын ішірткі	
ОН ҮШІНШІ ТАРАУ	214
Күпияға толы күнделік	
ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ	234
Корнелиус Фадж	
ОН БЕСІНШІ ТАРАУ	249
Арагог	
ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ	265
Жасырын бөлме	
ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ	286
Слизериннің мұрагері	
ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ	306
Добби еркіндік алды	
АҒЫЛШЫНША-ҚАЗАҚША	320
КЕЙІПКЕРЛЕР ТІЗІМІ	

КУИДИЧ АЛАНЫ

Сыныртқы сарайы

Чиңү сабактарына
арналған төсі
кетолдір алана

ХӨГҮАРТС
СИҚЫР
МЕКТЕБІ



БІРІНШІ ТАРАУ

БЕРЕКЕСІ КЕТКЕН ТУҒАН КҮН

Кынаагаш көшесіндегі төртінші үйдің тұрғындары таңғы дастарханда тағы керілдесіп қалды. Вернон Дурсли жиені Хәрридің бөлмесінен шыққан қатты дауыстан тым ерте оянып кетіпті.

– Құнара көргенім осы! – деді ол төр жақтан бақырып. – Жексүрын үкінің не үнін өшір, не көзін құрт!

Хәрри түсіндірмек болып бақты:

– Әбден зерікті ғой. Далада ұшып үйренген құс қой. Тым болмаса түнде босатып отырсақ...

– Кімді ақымақ көресің? – Вернон жездे аузындағы құырылған жұмыртқаны шайнап болмай айғай салғанда мұртына жабықсан тамақтың қалдығы жерге шашырады. – Укіні ұшырып жіберіп, тағы бір бәлеге тап қыларсың!

Петуния апай да күйеуін қолдайтынын көзінен танытты. Хәрри қарсы уәж айтқысы келгенімен, бөлесі Дадли гүрілдей кекіріп, ештеңе естіртпеді.

– Тағы бекон салшы...

– Табада әлі көп, қошақаным, – деді Петуния апай ұлына елжірей қарап. – Үйде жүргенде тоя жеп ал... Мектепте қай-бір жарытып тамақ береді дейсің...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бос сөз, Петуния. Смелтиңзде оқып жүргенде ешқашан қарным ашқан емес. Ұлым, қарның ток шығар?

Май басқан денесімен орындықты сындыраадай болып отырған Дадли әкесіне қарап бір ыржып алды да, Хәрриге бұрылып, бұйыра сөйлемді:

– Табаны әпер.

– Сиқырсөзді айтсаншы, – деді Хәрри ызаланып.

Андамай сөйлегенін анғарып үлгермеді. Дадли ішегін тартып, орындығымен бірге құлады. Дурслилер отбасы сияқты адамдарды сиқыршылар өзара «магл» деп атайды (бойындағы – сиқыршы қаны емес, жай қан деген сөз), бұлар үшін отбасынан сиқыршы шыққаны – сүйекке таңба, бетке шіркеу. Вернон жездесе тіпті сиқыршылар елінен хат әкелмесін деп Хәрридің үкісі Хедуигті тордан шығармайды.

Хәрри отбасының өзге мүшелеріне мүлде ұқсамайтын. Вернон жездесі етженді, мойны денесімен тұтасып кеткен, желкесі күжірейген ерек болса, Петуния апайы – бұғанасы шодырайған арық әйел. Ал сары шашты, беті нарттай Дадли торайға ұқсайтын. Хәрри – ешкінің асығындағы кішкене, арық бала. Зубәржаттай жасыл көзі жарқырап, қара шашы үйпаптүйпа болып, тараққа көнбейді. Дөңгелек көзәйнегі, шекесінде наизағайға ұқсайтын тыртығы бар. Оны күллі сиқыршылар арасында танымал еткен де осы тыртық.

Он бір жыл бұрын оны біреу Дурслилердің босағасына әкелген. Хәрри бір жастан енді асқанда зұлым сиқырды менгерген ең мықты сиқыршы Лорд Волдеморт Хәрридің отбасының ойранын шығарыпты. Сиқыршылардың өзі атын атауға қорқатын жауыздың қастандығынан аман қалған Хәрри ғана. Ата-анасы баласын қорғаймыз деп жанын берді, ал Хәрридің шекесінде сол түннің белгісі болып тыртық қалды. Волдеморт Хәрриді өлтіре алмай қалғанда сиқыр жасау қабілетінен де айырылды, бірақ себебін ешкім білмейді.

БЕРЕКЕСІ КЕТКЕН ТУҒАН КҮН

Хәрри нағашы апайы мен жездесінің қолына, мына үйге осылай келген. Дурслилермен бірге тұрған он жылда аратұра түсініксіз бір жайттар болатын, бірақ оның себебін айтқан да, іздеген де адам жоқ. Дурслилердің «әке-шешең жол апатында қаза тапқан, шекендең тыртық содан қалған» дегеніне де еш күмәнсіз сенген.

Бір жыл бұрын Хәрриге Хогуартстан шақырту келгенде бар шындық ашылды. Бір жыл сиқыршылар мектебінде оқыды, танымал бала екенін білді... Бірақ қазір каникул, қайтадан нағашы апайы мен жездесінің үйіне келді. Мұнда ешкімге керегі жоқ, туыстарының алдында бұралқы иттен де қадірсіз.

Дурслиер тіпті бұгін Хәрридің он екі жасқа толған тұған күні екенін де ұмытып кеткен. Әлбетте, өзінің де аса дәмесі жоқ, бұлар бұрын да сый жасап жарытқан емес (тортты айтпай-ақ қояйык), бірақ тук білмегендей жайбарақат отырғаны жанына батты...

Осы кезде Вернон жездे тамағын қырнап, жеткірініп алды да, сез бастады:

– Иә, бұгін біз үшін өте маңызды күн... – Хәрри сенер-сен-бесін білмей, жездесінің аузына қарады. – Бұгін мен қомақты кіріс әкелетін келісімге отырамын...

Хәрри қайтадан табағына үнілді. «Бәсе, қонақ күту туралы ескі жырына басты» деді іштей. Кейінгі екі апта бойы жездесі алда беретін қонақасын жырлад, мезі еткен. Бұгін кешке құрылыс фирмасының қожайыны жұбайымен бірге қонаққа келмек. Вернон жезде олардың көnlін тауып, пайда әкелетін келісім жасауды көздел отыр (Вернон Дурслидің бұрғы шығаратын фирмасы бар).

– Тағы бір мәрте пысықтап алайық, – деді Вернон жезде. – Сағат сегізде әркім өз орнында тұрсын. Петуния, сен...

– Қонақ бөлмеде, – деп іліп әкетті Петуния апай, – оларды ізетпен күтіп аламын.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Дұрыс, дұрыс. Дадли, сен ше?

– Есікті ашып, қонақтарды қарсы аламын. – Дадли жылмия ыржиды. – «*Мистер Мейсон, миссис Мейсон, сырт күйіңізді алаійн*».

– Балам оларды *тәнні етеді!* – деп шаттанды шешесі.

– Жарайысын, Дадли, – деді Вернон жездे. Содан соң Хәрри-ге қарады: – *Сен ше?*

– Бар-жоғымды білдірмей бөлмемде үнсіз отырамын, – деді Хәрри бірсарынды.

– Дәл солай! Оларды қонақ бөлмеге кіргізіп, Петуния, саған таныстырамын, ішімдік ұсынамын. Сегізден он бес минут кеткенде...

– Дастанхан басына шакырамын, – деді әйелі.

– Дадли, сен не дейсің?

– «*Миссис Мейсон, ас бөлмеге жүріңіз*», – деп быртиған қолын созып, «*көрінбейтін*» қонақты қолтықтай жетеледі.

– Нагыз джентльмен! – деді Петуния апай мәз болып.

– Ал сен ше? – Вернон жезде Хәрриге түксіп қарады.

– Бөлмемде тыныш отырамын, бар-жоғым білінбейді.

– Дәл солай. Тамақ ішіп отырғанда қонақтарға жағымды сөз айтайық. Петуния, не дейсің?

– «Вернонның айтудынша, голыф ойнаудың *шебері* екенсіз, мистер Мейсон... Миссис Мейсон, мына әдемі көйлекті қайдан алдыңыз?»

– Тамаша... Дадли?

– Былай десем ше: «Мистер Мейсон, мектепте кумириң туралы шығарма жаз дегендे мен сізді жаздым».

Петуния апай мен Хәрри бұл сөзді естігенде өзіне ие бола алмады. Петуния көз жасына ерік беріп, баласын құшақтай алды; күлкі қысқан Хәрри үстел астына кіріп кетті.

– Ал сен ше?

Хәрри күлкісін күштеп тыйып, басын көтерді:

БЕРЕКЕСІ КЕТКЕН ТУҒАН КҮН

– Бар-жоғымды білдірмей бөлмемде үнсіз отырамын.

– Дұрыс. Мейсондарға сен жайында айтпадым, айтудың керегі де жоқ. Петуния, кешкі астан соң миссис Мейсонды кофе ішуге қонақ бөлмеге алып кетесің, ал мен бұргы туралы сөз бастаймын. Сәтін салса, кешкі жаңалыққа дейін келісімге қол қоямыз. Содан соң ертең дүкенге барып, Майоркадағы демалысқа керек-жарақ сатып аламыз.

Хәрри бұған елең етпеді. Қайда барса да Дурслилердің көзіне шыққан сүйелдей болатынын біледі.

– Жарайды, қалаға барып Дадли екеумізге смокин әкелейін. Ал сен... – Хәрриге алая қарады, – үй жинағанда аяққа оралмай, аулақ кет.

Хәрри артқы есіктен сыртқа шықты. Күн шуағын төгіп, жарқырап түр екен. Қөгалдан өтіп, орындыққа отырды да: «Туған күнім құтты болсын, туған күнім құтты болсын...» деп ақырын әнддetti.

Құттықтау хат та, сыйлық та жоқ, ал кешке тіпті дымын шығармай бөлмесінде отыруға мәжбүр. Шарбаққа телміріп қарады. Қатты жалғызсырады. Хогуартс пен куидичтен бөлек, Хәрри ең жақын екі досы Рон Уизли мен Хәрмиона Грейнджерді қатты сағынды. Бірақ олар мұны ұмытқан тәрізді. Жаз бойы олардан бір де бір хат келмеді. Рон Хәрриді үйге шақырам деген уәдесін де ұмытса керек.

Хәрри қанша рет Хедуигтің торын дуалап ашып, Рон мен Хәрмионаға хат жібермек болды. Бірақ салдарын ойлап, өзін тежеді. Кәмелетке толмаған сиқыршыға мектептен тыс сиқыр жасауға рұқсат жоқ. Оны Дурслилерге әдейі айтпады, бұл өздерін қи қонызға айналдырып жібереді деп қорқып жүрсін. Әйтпесе таяқшасы мен сыпыртқысына қоса өзін де баспалдақ астындағы шоланға қамап тастар еді.

Бастапқы күндері Хәрри бірдене айтқан болып ернін жыбырлатып, Дадлиді қорқытқанға іштей мәз болатын.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ол кезде бөлесі жуан аяғын тыптыңдатып, бөлмеден безетін. Бірақ Рон мен Хәрмиона хабарсыз, сиқыр әлемі де алыстап кеткендей. Дадлиді шошытқанның да еш қызығы қалмады. Міне, достары тіпті туған күнін де ұмытып кетті.

Дәл қазір Хогуартстан бір хабар жетсе ғой. Кімнен болса да бәрібір. Тіпті қас дүшпаны Драко Малфойдан зәр шашып тұрган хат келсе де қуанар еді, ол да болса, әйтеуір, қиял емес, шындық қой...

Әлбетте, Хогуартста жыл бойы тек қызыққа кенелдім дей алмайды. Соңғы тоқсанның аяғында Хәрри Лорд Волдеморттың өзімен бетпе-бет кездесті. Жауыз сиқыршының өзі емес, елесі сияқты көрінсе де, кез келген жанның зәресін ұшыруға шамасы жетіп-ақ тұр. Айлакер Лорд қайтадан билікке жету үшін ештеңеден тайынбасы анық. Хәрри Волдеморттың шенгелінен екінші рет құтылды, бірақ біржола дегенге сенбейді... Одан бері қанша уақыт өтсе де, Хәрри түнде қара терге малшынып оянады, қып-қызыл, ессіз көз бен жексүрын кейіпті қайта көргендей болады. Қазір Волдеморт қайда еken...

Бақшадағы орындыққа отырып, жасыл желең шарбаққа көз тоқтата қарап еді, шарбақ та бұған қарап тұр еken. Жапырақ арасынан жап-жасыл үлкен екі көз көрінді.

Хәрри орнынан атып тұрғанда әдетінше ұрынуға сайланып Дадли келе қалды:

– Бұғін қандай күн еkenін білемін!

Жасыл көз жоқ болды.

– Не? – деді Хәрри әлті қездің иесін іздеп тұрып.

– Бұғін қандай күн еkenін білемін, – деді Дадли дәл қасына келіп.

– Әйтеуір, күн аттарын жаттапсың ғой! Құтты болсын.

– Бұғін сенің туған күнің! – Дадли шиқылдай құлді. – Ешкім құттықтау хат жібермеді ме? Әлгі оңбаган жерде досың да жоқ па?

– Мектебім туралы айтқаныңды анаң естімесін, – деді Хәрри.

Дадли мықынсыз бөксерсінен сырғып түсе беретін ышқырын көтерді.

– Шарбаққа неге қадалып қарайсың? – деді күдіктеніп.

– От тұтататын дуаны еске түсіріп тұрмын.

Жүзі үрейден әлемтапырақ болып кеткен Дадли дерек көршінді:

– Айт-т-пай-сың... Экем айтты ғой... сиқыр жасасаң, үйден қуып жібереді... Басқа барап жерің жоқ... достарың да жоқ...

– Жиггер-покер, – деді Хәрри даусын жуандатып. – Хокус-покус, сигли-үйгли...

– МА-А-А-МА! – деп бақырды Дадли үйге безіп бара жатып.

– МА-МА! Ол әлгі... өзің білетін нәрсені істеп жатыр!

Хәрри бөлесін мазақтағаны үшін сыйбагасын алды. Дадли де, коршау да аман-сау болғандықтан Петуния апай жиенінің сиқыр жасамағанын білді, бірақ сабақ болсын деп, жуып тұрған табасын шиырып жіберіп қалғанда, Хәрри бұғып үлгерді. Содан соң үйіп-төгіп жұмыс беріп, «бәрін істеп болмайынша тамақ ішпейсін» деп ескертті.

Дадли балмұздак жеп, зерігіп отырғанда, Хәрри тере-зелерді, машинаны жуды, шөп шапты, гүлзардың түбін қосысты, раушан гүлдерді суғарды, бақшадағы орындықты сырлап шықты. Тас төбеден шақырайған күн желкесін шыжғырып әкетіп барады.

Хәрри бөлесінің сезіне мән бермеуге үйренген, бірақ бүтінгісі батып кетті... мүмкін, Хогуартста расымен досы жоқ шығар... «Қазір олар әйгілі Хәрри Поттерді көрсө ғой» деп ойлады гүлдің түбін қосытып, көң тастап жүргенде.

Белі әбден ауырды, самайынан моншақтап аққан тер өніріне құйылды.

Жеті жарымда Петуния апай оны үйге шақырды:

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бері кел! Газетті басып кір!

Хәрри қоңырсалқын, тап-таза асүйге қуана кірді. Тоңазытқыштың төбесінде кеше түнде пісірілген пудинг тұр екен: көпіршігендегі қаймақ таудай үйілген, бетін қантқа салынған шегіргүлмен әсемдепті. Пештен еттің иісі шығады.

– Мә, жеп ал! Мейсондар қазір келеді! – Петуния апай екі тілім нан мен бір тілім ірімшікті үстелге қоя салды. Өзі қызығылт түсті сәнді көйлек киіп алыпты.

Хәрри қолын жуды да, «кешкі асын» бас салды. Нанды жеп бола бергенде апайы тәрелкесін жұлып алды:

– Бөлмене бар! Жылдам!

Қонақ бөлменің тұсынан өтіп бара жатып, есігінен сығалап, Вернон жездे мен Дадлиді көрді: екеуі смокин қиіп, жағасына көбелек галстук байлап алып, жұтынып тұр. Жоғары қабатқа шыққанда есіктің қоңырауы соғылды. Вернон жезде баспалдақтан жоғары қарап:

– Дыбысың шықса, жақсылық күтуші болма, – деп ескертті.

Хәрри мысықтабандай басып бөлмесіне кірді де, төсегіне құлай кетпек еді, бірақ бұрышта отырған әлдекімді байқады.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ДОББИ САҚТАНДЫРМАҚ

Xәрри шыңғырып жібере жаздал, бойын әрең жиып алды. Төсекте отырған мақұлықтың құлағы жарғанатқа үқсайтын үлкен, ал көзі теннис добындаі домалак, шара-сынан шығып түр. Таңертен Хәрриге бұта арасынан сығалап қараған осы сияқты.

Бір-біріне қарап түрғанда дәлізден Дадлидің даусы естілді:

– Мистер Мейсон, миссис Мейсон, сырт киімізді алайын.

Әлгі мақұлық төсектен түсті де, үшкір әрі ұзын тұмсығын кілемге тигізе басын иді. Устіне жастықтың тысына үқсайтын бірдеңе киіп апты, онысы әбден тозған, жең мен балақ дегеннің орнын долбарлап оя салған сияқты.

– Мм... сәлем... – деді Хәрри тұтығып.

– Хәрри Поттер! – деп айғай салды әлгі мақұлық. Шырылдаған даусы ашы екен, төмендегілер естіп қойды-ау деп Хәрридің зәресі ұшты. – Добби сізben кездесуді армандағанын білсеңіз... Мен ушін зор құрмет...

– Р-рахмет... – деді Хәрри. Қабырғаны жағалап барып Хедуигтің қасындағы орындықта тізе бүкті.

«Бұл не?» деп ойлады, бірақ олай сұрағаны дөрекі болар деді:

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Сіз кімсіз?

– Доббимін, сәр. Добби дей беріңіз. Үй тірлігін атқаратын эльфпін.

– Солай ма? Мм... Дұрыс күтіп алмады дей көрменіз... бірақ бүтін қонақ күтетін жағдайда емеспін.

Қонақ бөлмеден Петуния апайдың жасанды құлкісі естілді. Эльф басын түкшитты.

– Жок, сізді көргеніме қуанып тұрмын, – деді Хәрри асығыс. – Мм... осы келісіңіздің бір себебі бар шығар?

– Эрине, сәр... Добби бекер келген жок. Доббидің айтары бар... Оңай емес, сәр... Добби неден бастарын білмей тұр...

– Оттырыңыз, – деді Хәрри тәсекті нұсқап.

Мұны естіген эльф еніреп жылап жіберді. Даусы қатты шыққанға Хәрридің зәресі үшты.

– Оттырыңыз... – деді әлгі қорсылдап. – Ешкім... ешқашан...

Хәрриге төмендегі дабыр тына қалғандай көрінді.

– Кешіріңіз, – деді ол сыйырлап. – Сізді ренжіткім келмеген.

– Доббиді ренжіттім дейді! – деді эльф пысылдап. – Бұған дейін ешбір сиқыршы Доббиді *тең көріп*, сөйлескен емес...

Хәрри оған «түш» деп аузын басып белгі берді де, тәсекке қарай итерді. Ықылыш атып отырған Добби ұсқынсыз үлкен куыршаққа үқсап кетті. Әрен дегенде жылаудан тыйылып, Хәрриге қарағанда, бадырақ көзінен ризашылығы байқалды.

– Бұған дейін мейірімді сиқыршыға жолықлаған шығарсыз, – деді Хәрри оның көнілін көтермек болып.

Добби басын изеді. Кенет орнынан атып тұрды да, тереzenің жақтауына басын ұрып, «Добби жаман!» деп айғай салды. *Добби жаман!*

– Қойыңыз... Мұныңыз не? – Хәрри орнынан атып тұрып, Доббиді қайтадан тәсекке отырғызды.

Осы кезде Хедуиг оянып, әдеттегіден қатты уілдеп, қанатымен торды сабалады.

ДОББИ САҚТАНДЫРМАҚ

– Добби өзін жазалауға тиіс, сәр... – деді эльф. Қатты соққыдан көзі алайып кетіпті. – Добби қожайынын жамандады...

– Қожайын?

– Добби сиқыршылар отбасына қызмет етеді, сәр. Добби – үй тірлігін атқаратын эльф, өмір бойы бір үйге, бір отбасына қызмет етуі керек...

– Олар сіздің осында екеніңді біле ме? – деп сұрады Хәрри таңданып.

Добби селк ете қалды:

– Жоқ, сәр... жоқ... Добби сізге келгені үшін өзін қатты жазалайды, сәр. Добби құлағын пештің қақпағына қысып, өзін азаптайды. Олар бұл жайында білсе...

– Құлағынды пешке қысып, жазалағанынды көрмей ме? – деді Хәрри «сізден» сенге көшіп.

– Оған күмәнім бар, сәр. Добби өзін жиі жазалайды. Олар қарсы болмайды, керісінше, күп көреді. Доббидің азап шеккені оларға үнайды, сәр.

– Онда неге олардан кетіп қалмайсың? Қашып кетпеймісің?

– Үй тірлігін атқаратын эльфті қожайыны өзі босатуы керек, сәр. Ал қожайын Доббиге ешқашан еркіндік бермейді... Добби өле-өлгенше оларға қызмет етеді, сәр...

Хәрри қайран қалды:

– Енді бір ай қалай шыдаймын деп уайымдал жүрсем... Қожайының қасында Дурслилердің адамгершілігі бар екен. Ешкім саған көмектесе алмай ма? Мен ше?

Сол сәт андамай сөйлегеніне өкінді. Добби дабырлап алғыс жаудыра бастады.

– Өтінем, – деді Хәрри сыбырлап. – Ақырын сөйлеші. Дурслилер бірдене естісе, сенің осында екенінді білсе...

– Хәрри Поттер Доббиге көмектесем деді... Добби сіздің ұлы сиқыршы екеніңді естіген, енді қайырым күтеді...

Хәрри үялғанынан құлағына дейін қызарды:

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Менің ұлылығым туралы естігеніңің бәрі құр дақпырт қой. Тіпті үздік оқушы емеспін, Хәрмионаны айтсан бір жөн...

Хәрмионаның атын ауызға алғанда сағыныштан жүрегі сазып, тұтығып қалды.

– Хәрри Поттер тым сыпайы әрі қарапайым, – деді Добби шарасынан шыққан домалақ көзі шоқтай жанып. – Ол Аты терісті женгегенін айтып мақтанбайды.

– Волдеморт па? – деп сұрады Хәрри.

Добби салпаң құлағын қолымен жауып, басын шайқады:

– Өтінемін, сәр, оның атын атай көрменең! Атамаңыз!

– Кешір. Иә, бұлай айтқаным көп адамға ұнамайды. Досым Рон да...

Тағы кілт тоқтады. Ронды еске алғанда да жүрегі сыздап кетті.

Добби көзі бұрынғыдан бетер жарқырап Хәрриге қарай еңкейді:

– Добби естіген... Хәрри Поттер біраз уақыт бұрын Тұнек лордымен екінші рет кездесті... Хәрри тағы аман қалды.

Хәрри басын изеді, ал Добби көз жасына ерік берді.

– Ah, сәр, – деді, үстіндегі әбден кірлеген жастыққаптың бір шетімен көзін сұртіп. – Хәрри Поттер – нағыз батыр! Ол жауызды неше рет жеңді! Бірақ Добби Хәрри Поттерді қорғауға келді... тіпті кейін құлағымды пешке қыссам да айтайын... *Хәрри Поттердің енді Хогуартсқа баруына болмайды.*

Бөлмеде тыныштық орнап, төмennен пышақ пен шанышқының сылдыры, Вернон жезденің даусы естілді.

– Н-не? – деді Хәрри тұтығып. – Әрине, барамын, қыркүйектің бірінде сабак басталады. Сол күнді зарыға күтіп жүрмін. Бұл үйде жүргенім амалсыздан. Бәрі бөтен. Хогуартс, сиқыршылар елі – менің нағыз үйім.

– Жок, жок, – деді Добби басын қатты шайқап. – Хәрри Поттер қауіпсіз жерде қалсын. Ол – өте ұлы, тым жақсы,

ДОББИ САҚТАНДЫРМАҚ

сондықтан одан айырылып қалуымыз мүмкін. Хәрри Поттер Хогуартсқа барса, өміріне қауіп тәнеді.

– Неге? – деді Хәрри таңғалып.

– Хәрри Поттерге біреу қастандық жасайды. Хогуартс сиқыр мектебінде биыл сұмдық жайттар болады, астыртын келіссөз жүргізіп жатқандар бар, – деді Добби дірілдеп. – Добби мұны білгеніне бірнеше ай болды, сәр. Хәрри Поттер басын қатерге тікпесін. Ол – ете қажет адам, сәр!

– Қандай сұмдық болмақ? Оны кім үйлемдастырмак?

Добби ауыр күрсінді де, басын қабырғаға ұра бастады.

– Жарайды! – деді Хәрри оны тоқтатпақ болып. – Оны айта алмайтыныңды білдім. Ал мені неге сақтандырмақсың? – Кенет бір ой келді. – Тұра тұр... мұның бәрі Вол... кешір, Өзіміз-білетін-әлгіге қатысты ма? – Добби қайтадан қабырғаға беттегенін көріп: – Басыңды изесен не шайқасаң жеткілікті, – деді жан-дәрмен.

Добби ақырын бас шайқады.

– Жок, *Аты теріс* емес, сәр.

Бірақ әлденені тұспалдан тұргандай, көзімен бір белгі берді. Хәрридің басы қатты:

– Оның өзі сияқты жауыз бауыры бар ма?

Добби басын бұрынғыдан бетер шайқаганда көзі айналып кете жаздады.

– Олай болса, маған кім қастандық жасайтынын білмеймін. Хогуартста Дамблдор бар. Оның кім екенін білетін шығарсың?

Добби бас изеді:

– Албус Дамблдор – Хогуартсты басқарған сиқыршылардың ең мықтысы. Добби оны біледі, сәр. Аты терістің қуаты таймаған кезде де Дамблдор одан тайсалмаған. Бірақ сәр... – Добби сыйырға көшті. – Дамблдор білмейтін де қастықшылдар бар... ізгі ниетті сиқыршылардың ешбірі...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри бүл жолы тоқтатып үлгермеді. Добби төсектен секіріп түсті де, үстелде тұрган шамдалды алғып, өз басын аямай үрып, шыңғыруға көшті.

Төмендегі дабыр тына қалды. Сәлден соң дәлізден «Дадли тентек теледидарды тағы өшірмей кетсе керек!» деп жорта күліп Вернон жездे келе жатқаны естілді.

– Тез! Шкафқа кір! – деп айғай салды да, Доббиді күштеп шкафқа тығып, аузын бекітіп таstadtы. Өзі дереу төсегіне отыра қалды.

– *Сайтан алғыр*, не істеп отырсың? – деді Вернон жезде тістеніп. Жүзі түтігіп төніп келеді: – Гольф ойнаған жапон туралы әзілімнің ең қызық тұсын естіртпей таstadtың! Енді дыбысың шықса, мына өмірге келгеніңе өкінесің!

Соны айтты да, қорбаңдап шығып кетті. Дір-дір еткен Хәрри Доббиді гардеробтан шығарды:

– Көрдің бе? Хогуартсқа неге қайтқым келетінін үқтың ба? Соңда ғана достарым бар. Әйтеуір, өзім солай ойлаймын.

– Хәрри Поттерге ешқашан хат *жазбаса* да, оларды дос санай ма?

– Енді... олар... тұра тұр, олардың хат жазбағанын *сен қайдан білесің*?

Добби бір орында теңселе бастады:

– Хәрри Поттер Доббиге ренжімесін... Добби жамандық ойлаған жоқ...

– *Хаттарды сен алдың ба?*

– Добби оларды сақтап жүр, сәр, – деді эльф.

Хәрридің қолы жетпейтін жерге барып тұрды да, қойнынан бір буда хат шығарды.

Хәрри Хәрмионаның әдемі қолтаңбасын таныды, Ронның айбақ-сайбақ жазуын шырамытты, тіпті Хогуартстың қорықшысы Хәгридтің шимайын да байқады.

Добби Хәрриге қарап, көзін жыпылықтатты:

ДОББИ САКТАНДЫРМАК

– Хәрри Поттер ашуланбасын... Доббидің ойынша...
Хәрри Поттер достарынан хат алмаса, олар өзін ұмытты
деп ойлады. Сосын Хәрри Поттер мектепке барсам деген
ойынан айниды...

Хәрри оны тыңдамады. Хаттарды алмақ болып қолын
созып еді, Добби үстаппады:

– Хәрри Поттер Хогуартсқа бармаймын деп уәде берсін,
сәр... Сонда ғана алады. Ah, сәр, басыңызды қатерге тікпен!
Бармаймын деп айтыңызшы!

– Жоқ, – деді Хәрри ашуланып. – Достарымның хаттарын
бер өзіме!

– Онда Доббидің басқа амалы қалмады, – деді эльф
мұңдайып.

Хәрридің ойлануына мүмкіндік бермей, Добби жатын
бөлменің есігін ашты да, баспалдақпен тәмен қарай
құлдырады.

Хәрридің аузы құрғап, жүргегі тарсыладап кетті. Дыбысын
шығармаға тырысып, эльфтің соңынан жүгірді. Баспалдақтан
мысықша секіріп түсіп, Доббиді іздел жан-жағына қарады. Ас
бөлмеден Вернон жезденің даусы естілді:

– Элгі америкалық құбыр жөндеуші туралы қызық оқиға ше,
мистер Мейсон... Петунияға айтыңызшы, естігенше шыдай
алмай отыр...

Хәрри асүйге кіргенде жүрегі зу ете қалды.

Петуния апайдың ғажайып туындысы – қаймақ пен
шегіргүлден жасалған пудинг тәбеде қалықтап бара жатты.
Шкафтың үстінде бүрісіп Добби отыр.

– Жо-жоқ! – деді Хәрри безек қағып. – Өтінемін... олар
мені аямайды...

– Хәрри Поттер мектепке бармаймын деп уәде берсін...

– Добби, жалынамын...

– Бармаймын деңіз...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Айта алмаймын!

Добби оған есіркей қарады:

– Ендеше Добби осылай істеуге мәжбүр. Хәрри Поттердің қамы үшін...

Пудинг тарс етіп еденге құлады. Бетіндегі кремі терезе мен қабырғаға жағылды, ыдыс күл-талқан болды. Шырт еткен дыбыс шықты да, Добби көзден ғайып болды.

Ас бөлмеден шыңғырған дауыс естілді. Вернон жездे асүйге ентігіп жеткенде, Хәрри үсті-басы көпіршіген қаймаққа малынып түр еді.

Әрине, жездесі мұның бәрін жуып-шаюға тырысты:

– Жиеніміз ғой... Ақылында кемістік бар... Бөтен адам көрсе, мазасы кетеді, сондықтан бөлмеңнен шықпа деген ек...

Абыржып қалған Мейсондарды қайтадан қонақ бөлмеге апарды да, Хәрриге қонақ кеткен соң өлімші етіп сабайтынын айтып, еденді сүртіп-тазалауды бұйырып, қонағына қосылды. Петуния апай тоқазытқыштан балмұздақ шығарды, ал есен-гіреп тұрған Хәрри асүйді тазалауға кірісті.

Вернон жезденің маңызды келісім жасауына сәл ғана қалғанда тағы бір сүмдыш болды.

Петуния апай жалбыз кәмпитеттің қорабын ашып, қонақтарға ұсына бергенде, терезеден үлкен үкі ұшып кіріп, миссис Мейсонның басына бір конвертті тастай сала, қайта ұшып шығып кетті. Миссис Мейсон жанұшыра шыңғырып, бажылдал, үйден атып шықты. Мистер Мейсон әйелі құстардан өлердей қорқатынын, мұндай әзілді суқаны сүймейтінін айтып, жұбайының соңынан кетті.

Асүйде тұрған Хәрри еден сүртетін шүберекті сыға бергенде, қолында хаты бар Вернон жезде кірді. Сығырайған көзінен әзәзіл мысқыл байқалады.

– Оқы мынаны! – деп барқ етті де, үкі әкелген хатты мұның алдына тастай салды. – Оқы деймін!

ДОББИ САКТАНДЫРМАҚ

Хәрри еденнен хатты алды. Тұған күніне құтты болсын айтқан хат емес.

Құрметті мистер Поттер!

Сіз тұратын мекенде бүгін кешкі тоғыздан он екі минут кеткенде Қалықтату дуасы жасалғаны туралы хабар алдың.

Өзіңіз білетіндей, кәмелетке толмаған сиқыршылардың мектептен тыс сиқыр жасауына рұқсат етілмейді. Тағы бір рет дуа сез айтсаңыз, мектептен шығаруға мәжбүр боламыз.

(Кәмелетке толмағандардың сиқыр жасауын шектеу туралы жарлық, 1875, Стармағы).

Сиқыр қауымдастығына кірмейтін адамдардың (маглдар) кез келген сиқырға күэ болуы Сиқыршылар құпиясы туралы қалықаралық конфедерация заңының 13-бабына сай елеулі құқық бұзу саналатының да еске саламыз.

Каникулыңыз жақсы өтсін!

Құрметпен,

Нафылда Жолкирі

Сиқыр министрлігі

Сиқырды асыра пайдалану белімі

Хатқа қарап есенгіреп тұрган Хәрри зорлана жұтынды.

– Мектептен тыс сиқыр жасауға тыйым салынғанын айтпадың! Ұмытып кеттің... есінен шығып кетті, иә... – Вернон жезденің көзінен зұлым ойдың үшқыны байқалды. Хәрриге төніп сөйлегендеге азыу ақсиған бульдог иттен аумай қалды.

– Жарайды... саған айтар бір керемет жақалығым бар... Енді сені қамап тастаймын... әлгі жексүрын мектебінде ешқашан бармайсың... ешқашан... ал сиқыр жасамақ болсаң, олар өздері-ақ шығарып жібереді!

Жынды адамша сақылдай күліп Хәрриді жоғарыға сүйрей жөнелді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бұл Вернон жезденің ашу үстінде айта салғаны болмай шықты. Ертеңінде таңертең ұста шақырып, Хәрридің тере-зесіне темір тор салғызды. Бөлменің есігін ойып, саңылау жасады, содан өткізіп күніне үш уақ азын-аулақ тамақ береді. Таңертең және кешке әжетін өтеуге шығарады. Қалған уақытта бөлмеде қамалып отырады.

Үш күн өтті. Дурслилер райынан қайтар түрі көрінбеді. Хәрри тығырықтан шығатын жол таппады. Төсекте жатып торлы терезеден далаға қарап, күн үясына батқанын көрді. Ендігі тағдыры қалай боларын болжай алмады.

Сиқырдың күшімен босап шығайын десе, оның пайдасынан зияны көп, онда Хогуартс мектебінен шығып қалады. Қынағаш көшесіндегі тірлігі тіпті сүренсіз. Дурслилер ешкім өздерін қоңызға айналдырмайтынын біліп алды, мұның қолында оларға қарсы қару жок. Добби мұны Хогуартстағы сүмдүқтан құтқарса құтқарған-ақ шығар, бірақ бұл үйде аштан өлері анық.

Есіктегі ойық саңылаудың қақпағы сықырлап ашылып, шынын тостакты қойып жатқан Петуния апайдың қолы көрінді. Ишегі шұрылдан әрен жатқан Хәрри төсектен атып тұрып, ыдысты көтерді. Сорпа мұздай екен, соған қарамастан жартысын бір-ақ сіміріп алды. Содан соң Хедуигтің торына барды да, сылдыр сорпаның ішінде қалқып жүрген екі-үш түйір көкеністі құстың бос ыдысына салды. Үкі қанатын қағып, Хәрриге ызалана қарады.

– Мұрныңды шүйірме, басқа ештеңе жок, – деді Хәрри жабығып.

Босаған ыдысты есіктің алдына қойды да, қайтадан төсегіне жатты. Азғантай сорпа тәбетін оятып, қарны бұрынғыдан қатты ашты.

ДОББИ САҚТАНДЫРМАҚ

Алдағы бір айда аштан өлмеді делік. Хогуартсқа бармаса не болуы мүмкін? Жағдайын білу үшін біреуді жібере ме екен? Дурслилерді көндіріп, мұны босатып ала ма?

Бөлменің ішін көзге түртсе көргісіз қаранғы басты. Ауыр ой еңсесін езіп, сан сұраққа жауап таппаған күйі, ішегі шұрылдал жатып мазасыз үйқыға кетті.

Түсінде оны біреулер хайуанаттар бағына әкеліпті. Торға қамап, сыртына «Кәмелет жасына толмаған сиқыршы» деп жазып қойыпты. Адамдар темір тордан тесіліп қарайды, бұл болса сабан төсеніштің үстінде аштан бұратылып жатыр. Топ ішінен Доббиді байқап, одан көмек сұрап айғайлайды. Бірақ Добби «Хәрри Поттерге бұл жер қауіпсіз, сэр» дейді де, жоқ болады. Содан соң Дурслилер келеді, Дадли темір торды сілкілеп, қарқылдал күледі.

– Доғаршы! – деді Хәрри үйқысырап. Темірдің тарсылы миын шағып барады. – Жалғыз қалғым келеді... қойшы... Үйықтаймын...

Көзін ашты. Терезенің торынан ай сәулесі жарқырап түсіп тұр. Тордың ар жағында біреу бар: секпіл бет, жирен шашты, мұрны қоңқиған бір бала.

Рон Уизли Хәрридің терезесінің алдына келіпті.

* * * * *

ҮШІНШІ ТАРАУ

IH

— Рон! — деді Хәрри ерні әрең икемге келіп. Терезені ашып, торға жабысып алып, сөйлей берді. — Рон, қалай... қайтіп?

Хәрри досының қалай келгенін көргенде аузы ашылып қалды. Ронның басы әуеде қалықтап тұрған көкшіл машинаның артқы терезесінен қылтияды. Машинаның алдыңғы орындығында отырған Ронның егіз ағасы — Фред пен Жорж Хәрридің түріне қарап мәз-мәйрам болды.

- Қалың қалай, Хәрри?
- Саған не болды? — деп сұрады Рон. — Қанша хат жаздым, біреуіне жауап жоқ. Үйге кел, қонақ бол деп шақырдым, үнде-мейсің. Содан соң әкем маглдардың көзінше сиқыр жасап, ескерту алғаныңды айтты...
- Оны жасаған мен емес... Әкең қайдан біледі?
- Министрлікте істейді ғой. Мектептен тыс жерде сиқыр жасауға болмайтынын білесің ғой...
- Өзің ше?! — деді Хәрри әуеде қалықтаған көлікке қарап.
- Бұл есептелмейді, — деді Рон. — Әкемнің машинасы ғой, уақытша айдал кеттік. Сиқыр жасаған жоқпыз. Ал сен бірге тұратын маглдардың көзінше...

– Оны мен істегем жоқ дедім ғой. Кейін айтам, ұзақ әңгіме. Хогуартстағыларға айта баршы, Дурслиер мені қамап қойды, енді мектепке жібермейміз дейді. Сиқыр жасап шыға алмаймын, айналдырған үш күнде екі мәрте дуа жасады дейді...

– Байбаламдамай тұра тұр, – деді Рон. – Сені үйге алып кетуге келдік.

– Сендерге де сиқырлауға рұқсат жоқ қой...

– Ешкім сиқыр жасағалы отырған жоқ. Кімді ертіп келгेनімді қарасаңшы. – Рон екі ағасын мензеді.

– Мынаны торға жақсыладап байла, – деді Фред арқанның бір үшін Хәрриге лақтырып.

– Дурслиер оянса, аман қоймайды, – деді Хәрри арқанды торға шандып байлаған соң. Фред машинасын оталдырды.

– Уайымдама. Әрірек тұр.

Хәрри сәл шегініп, Хедуигтің қасына барып тұрды. Үкіде маңызды сәт туғанын сезсе керек, тып-тыныш отырды. Машина гүрілдеп көкке көтерілді де, бір кезде терезедегі торды күтір еткізіп жұлып алды. Хәрри терезеге жетіп барып, Фредтің көлігі мен ауада салбырап тұрған торды көрді. Рон торды машинаға салып алам деп біраз терледі. Хәрри есікке құлағын тосты: Дурслиер ояна қоймаған сияқты.

Рон темір торды артқы орындыққа салған соң Фред көлікті Хәрридің терезесіне барынша жақындаатты.

– Бері кел, – деді Рон.

– Хогуартсқа аппаратын заттарым ше... таяқша... сыпыртқы...

– Олар қайда?

– Баспалдақ астындағы шоланға тығып, аузына құлып салған, ал мына есікті сыртынан бекітіп тастады...

– Түк те емес, – деді Жорж орнынан тұрып. – Қане, Хәрри, былай тұр.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Фред пен Жорж терезеден бөлмеге кірді. «Заттарыма өзім барғаным дүрыс шығар» деп ойлады Хәрри, қалтасынан кәдімгі түйреуіш шығарып, құлыпты ашып жатқан Жоржға қарап.

– Сиқыршылардың көбі маглдардан ештеңе үйрене алмайсың деп ойлайды, – деді Фред. – Ал біз оған келіспейміз... Бізге қарағанда баяу қимылдайды, әрине...

Құлып шық етіп, есік ашылды.

– Шабаданыңды алып келеміз, сен осы жердегі заттарды Ронға бер, – деп сыйырлады Жорж.

– Тәменгі баспалдақ шиқылдайды, – деп ескертті Хәрри. Егіз үл қараңғыға сіңіп жоқ болды.

Хәрри бөлмедегі заттарын жинап, терезеден Ронға берді. Содан соң баспалдаққа шабаданды көтеріп шығару үшін егіз Уизлиге көмекке барды. Вернон жездениң жөтелгені естілді.

Үшеуі шабаданды әрең көтеріп Хәрридің бөлмесіне әкелді, мықшындалп төрөзенің алдына апарды. Фред секіріп көлікке мінді де, Рон екеуі шабаданды алуға ынғайланды. Жорж бен Хәрри оны әрең итеріп терезеден шығарды.

Вернон жезде тағы жөтелді.

– Тағы бір рет, – деді Фред. – Жақсылап итеріңдер...

Хәрри мен Жорж бар құшін сала еңкейгенде, шабадан терезеден сырғып барып, көліктің артқы орындығына түсті.

– Болды, кеттік, – деді Жорж.

Хәрри терезенің жақтауына аяғын қоя бергенде, шанқылдаған дауыс шығып, Вернон жездениң бүркүлі да естілді.

– ҚАРҒЫС АТҚЫР ҮКІ!

– Хедуигті ұмытып барамын!

Хәрри терезеден секіріп түсіп, кейін жүтіргендे баспалдақта жарық жанды. Тордағы Хедуигті көтеріп алып, Ронға үстіттес. Өзі қайтадан шкафқа жүтірді. Сол кезде Вернон жезде есікті жұдырығымен дүнк еткізді. Есік ашылып кетті.

Вернон жездे бір сәт аңырып қалды, содан соң ашулы бұқадай өкіріп, терезеден шығып бара жатқан Хәрридің сирағына жабысты.

Мына жақтан Рон мен екі ағасы Хәрриді қолынан мықтап ұстап, бар күшін сала тартты.

– Петуния! – деп бақырды Вернон жезде. – Мынау қашып барады! ҚАШЫП БАРАДЫ!

Уизлилер тағы бір тартқанда Хәрри аяғын босатып алды. Хәрри машинаға мінген бетте Рон «Фред, газды бас!» деп айғай салды. Көлік айды бетке алып ұша жөнелді.

Еркіндіктің дәмін сезген Хәрридің бақыттан басы айналды. Терезенің әйнегін түсіріп, аңқылдан соққан желге бетін тосты. Кашықтаған сайын Қынаағаш көшесіндегі үйлер кішірейіп барады. Вернон жезде, Петуния апай мен Дадли артынан сілейіп қарап қалыпты.

– Келер жазда көріскенше! – деді Хәрри айғайлап.

Уизлилер қарқылдан күлді, Хәрри артқы орындыққа жайғасып отырды да, екі езуі екі құлағына жете ыржиды.

– Хедуигті босатшы, – деді Ронға. – Артымыздан ұшсын. Тордан шықпағалы қай заман, қанатын жазсын.

Жорж түйреуішін Ронға берді, сәлден соң Хедуиг куана уілдеп көлікпен қатарласа ұшып келе жатты.

– Сонымен, Хәрри, не болды? – деп сұрады Рон, досының басынан өткен жағдайды естүге ынтығып.

Хәрри оларға Добби туралы, оның сақтандырганы жайында айтты. Петуния апайдың пудингін дуалаған сол екенін жеткізді. Әңгімесін аяқтағанда достары біраз үнсіз қалды.

– Эльфтің сөзіне сену қыын, – деді Фред ақыры.

– Айлакер болса керек, – деді Жорж да оны қостап. – Қастандықты кім жасайтынын айтпады ма?

– Айтуға болмайтын сияқты. Түспалдан бірдеңе дейді, анықтап сұрасаң, басын қабырғаға ұра бастайды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Фред пен Жорж бір-біріне қарады.

– Оның сөзіне сенбейік пе? – деп сұрады Хәрри.

– Әдette үй тірлігін атқаратын эльфтер сиқыр жасай алады. Бірақ ол үшін қожайынынан рұқсат алуы керек, – деді Фред. – Хогуартсқа оралғанынды қаламайтын біреу бар шығар. Доббиді сол жіберген болар. Солай мазақ қылмақ қой. Мектепте сені ұнатпайтындар бар ма?

– Иә, – деді Рон мен Хәрри бірауыздан.

– Драко Малфой, – деді Хәрри. – Ол мені жек көреді.

– Драко Малфой? – деп сұрады Жорж артқа бұрылып. –

Люциус Малфойдың ұлы ма?

– Солай шығар. Малфой деген фамилия көп кездеспейді гой, – деді Хәрри. – Сол болса ше?

– Әкем ол туралы айтқанын естідім, – деді Жорж. – Ол Өзің-білетін-әлгінің жақтасы болған.

– Өзің-білетін-әлгі жоғалып кеткенде, – деді Фред мойнын артқа бұрып, – Люциус Малфой жүрттың бәріне оған қатысым жоқ депті. Қып-қызыл өтірік, әкемнің айтудынша, Өзің-білетін-әлгінің ең жақын сыйбайласы болса керек.

Хәрри Малфой отбасы туралы бұрын да түрлі сыйбис естіген, сондықтан мүлде таңғалмады. Драко Малфойдың қасында Дадлидің өзі мейірбан, ақылды бала көрінеді.

– Малфойлар үй тірлігін атқаратын эльф ұстайтын-ұстамайтынын білмедім...

– Әдette ата-бабасынан сиқыр үзілмеген, аса дәулетті отбасылар ғана үйінде эльф ұстайды, – деді Фред.

– Иә, киім үтікте беретін эльфіміз болғанда гой, анамның арманы сол, – деді Жорж. – Бірақ бізде шатырда тұратын жексүрын кәрі мыстан мен бақшада қаптап жүретін гномдар ғана бар. Үй тірлігін атқаратын эльфтер салтанның сарайы бар ақсүйектерге тән, біздің үйден ондайды көрмейсің...

Хәрри үнде меді. Драко Малфой әркез үлде мен бұлдеге оранып жүргеніне қарап-ақ бай-бағланның ұрпағы екенін білсе болар. Көз алдына үлкен сарайда маңғазданып жүрген Малфой келді. Хәрриді Хогуартсқа жолатпау үшін малайын жұмсаудан тайынбас. Доббидің сөзіне бекер сеніпті.

– Саған келгеніміз жақсы болды, – деді Рон. – Хаттарыма жауап келмегенге қатты алаңдадым. Алдымен Эррол адасып кетті ме деп ойладық...

– Эррол деген кім?

– Үкіміз ғой. Әбден қартайған. Хат апара жатып орта жолда құлап қалады. Содан соң Эрместі ала тұрайын деп ем...

– *Кімді?*

– Перси серке болғанда ата-анамыз сыйлаған үкісі ғой, – деді Фред алдыңғы жақтан.

– Бірақ Перси өзіме керек деп бермей қойды, – деді Рон.

– Перси биыл қатты өзгеріп кетті, – деді Жорж қабағын түйіп. – Бөлмесінен шықпай, *хат жазады да жатады...* Серке төсбелгісін ыскылап жылтырата бергеннен не түседі? Фред, батысқа қарай бұрылып кеттің, – деді содан соң басқару тақтасындағы компасты көрсетіп. Фред рөлді түзеді.

– Әкең көлікті айдал кеткенінді біле ме? – деп сұрады Хәрри. Жауап өзі күткендей болды.

– Ә... жоқ... – деді Рон. – Бүгін ол түнгі кезекте. Анам үйқыдан тұрганша гаражға қойып ұлгеруіміз керек.

– Сиқыр министрлігінде әкең не істейді?

– Оның жұмысы қызық емес, – деді Рон. – «Маглдардың бүйымдарын жөнсіз қолданбау» бөлімінде істейді.

– Қалай?

– Мысалы, маглдар жасаған бір затты сиқырлап алып, қолданып жүрсің делік. Бір күні ол қайтадан маглдардың қолына түсуі мүмкін. Былтыр бір сиқыршы кемпір қайтыс болған соң, оның шай ішетін кеселері антиквар дүкеніне сатылыпты.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Оны магл әйел сатып алып, қонаққа келген достарына шай береді. Бұл бір сүмдүк іс болды, әкем бірнеше күн таң атқаннан кеш батқанша мұрнынан шаншылып жұмыс істеді.

– Сонда не болған?

– Шәйнек есі ауысқандай аласұрып, қайнаған суды жанжагына шашқан, қант қысқыш бір ер адамның мұрнын қатты қысқаны сондай – оны тіпті ауруханага жөнелтуге тұра келіпти. Әкем сүмдүк шаршады: бөлімде Перкинс деген кәрі сиқыршы екеуі ғана бар, қолынан келгеннің бәрін жасады, акыр аяғында Жадты жаңарту сиқырын қолданды ғой...

– Ал мына машина... әкендейдікі ғой?

Фред қарқылдалп күлді:

– Әкем маглдар жасаған заттарға қатты қызығады, сарайды толтырып тастаған. Оларды бөлшектейді, сиқырсөз айтады да, қайта құрастырады. Үйге өзі тінту жүргізсе ғой, өзін-өзі тұтқынға алар еді! Анам соған ыза болады.

– Үйге апаратын жолға тұстік, – деді Жорж терезеден қарал. – Бес минутта жетеміз... таң атып келеді, үлгереміз...

Көкжиектің шығыс бөлігі сәл қызырып, таң арайы біліне бастады. Фред машинаны төмендедті. Хәрри құрақ көрпе тәрізді тақталанған жер телімдері мен тұтаса өскен ағаштарды байқады.

– Оттери Сейнт Кэтчпоул ауылына жеттік, – деді Жорж.

Ұшып келе жатқан машина біртіндеп төмендей берді. Күн шапағы енді ағаштар арасынан жарқырап көрінді.

– Қонамыз! – деді Фред. Машинаның дөңгелегі жерге тиді. Қисайған гараждың қасындағы шағын аулаға қоныпты. Хәрри Ронның үйін алғаш көрді.

Басында үлкен мал қора болған сияқты, бірақ кейін үстіне бөлме қосып, жамай берген; сейтіп бірнеше қабатқа биіктепті. Сыртынан қарағанда үй әне-міне қирап қалардай, тіпті тек сиқырдың күшімен тұрғандай көрінеді (Хәрри солай

топшылады). Қызыл шатырынан төрт-бес мұржа сораяды. Кіреберіс есіктің қапталына «Ін» деген жазуы бар тақтай ілініпті. Есік маңында резенке етіктер үйіліп жатыр. Әбден тот басқан ескі қазан көзге шалынды. Аулада күйлі балапандар мамыражай дән шоқып жүр.

– Барымыз осы, – деді Рон қымсынып.

– *Керемет қой!* – деді Қынағаш көшесі есіне түскен Хәрри.

Балалар көліктен түсті.

– Енді дыбыстарыңды шығармай жоғарыдағы бөлмелепінде барындар, – деді Фред. – Анам таңғы асқа шақырғанын күтіндер. Содан соң Рон жүтіріп келсін де: «Мама, түнде кім келгенін қараши!» десін. Анам Хәрриді көргеніне қуанады да, көлікті айдан кеткенімізді ешкім байқамай қалады.

– Макұл, – деді Рон. – Хәрри, жур, жатын бөлме...

Аузын жиып үлгермеді, үй жаққа қарап, өні бұзылып кетті. Қалған үшеуі де тұрған орнында қатып қалды.

Миссис Уизли аласа бойлы, толық денелі, жүзінен мейірім төгілген әйел екен. Бірақ жолдағы тауықтарды қуалап келе жатқан қазіргі түрі азуы алты қарыс жолбарысқа ұқсайды.

– *Ah!* – деді Фред.

– Мәссаған! – деді Жорж.

Миссис Уизли балалардың алдына келіп тоқтады да, бүйірін таянып, «айыпкерлердің» бетіне қарады. Гүлді алжап-кышының қалтасынан сиқыр таяқшасы көрінеді.

– Сонымен... – деді ол.

– Қайырлы тан, анашым, – деді Жорж барынша жайнандалап.

– Қалай уайымдағанымды білемісіндер? – деді миссис Уизли ысылдап.

– Мама, кешірші, біз енді...

Миссис Уизлидің үш ұлының да бойы анасынан ұзын болғанымен, алдына келгенде бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалатын.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Төсек бос! Ескертіп хат та жазбағансыңдар! Машина жоқ... бір жерде соғылып жатсаңдар ше?! Есімнен танып қала жаздадым... мен тірі түрғанда енді ешқашан... осыдан әкен келсін... Билл де, Чарли де, Перси де сендер сияқты тәртіп бұзған емес...

– Персиде мін болсаши, – деп күнкілдеді Фред.

– ПЕРСИДЕҢ ҮЛГІ АЛСАН, КОР БОЛМАССЫҢ! – Миссис Уизли Фредті кеудесінен нұқыды. – Өліп қалсан ше, біреу көріп қойса ше, сенің кесірінен әкен жұмыссыз қалса ше?

Жұық арада арыны басылар түрі көрінбейді. Миссис Уизли осылай біраз айғайлап алды да, бір кезде қорыққанынан Уизлилердің тасасына жасырына қалған Хәрриге қарады:

– Хәрри, айналайын, келгеніне қуаныштымыз. Үйге жүр, таңғы ас ішейік.

Ол кері бұрылып, үйге қарай кетті. Хәрри Ронга қарады да, досы макұлдап бас изеген соң, миссис Уизлидің сонынан ерді.

Асүй шағын әрі тар екен. Бөлменің ортасында тозығы жеткен үстел-орындық түр екен, Хәрри бір орындыққа отырды да, жан-жағына қарады. Бұған дейін сиқыршылар үйінде болып көрмеген, көргенінің бәрі таңсық еді.

Қабырғаға ілінген сағаттың бір-ақ тілі бар екен, бірақ уақытты көрсетіп түрған цифрлар жоқ. Оның орнына «Шай ішетін уақыт», «Балапанға жем беретін уақыт», «Кешіктің» деген сияқты сөздер жазылған. Пештің күйсіндағы сөреде кітаптар жатыр. Хәрри мұқабаларына қарап: «Сиқырмен ірімшік жасау», «Ас пысыруға арналған дуалар» және «Бір минутта той дастарханын әзірлеу» деген атауларды оқыды. Кенет қолжуғыштың қасында түрған ескі радио сөйлеп қоя берді: диктор «Арбау сафаты. Танымал сиқыршы Селестина Уорбек ән шырқайды» деп хабарлады.

Миссис Уизли апыл-ғұптың таңғы ас әзірлей бастады, табаға шүкірткіштің салған сайын үлдарына ашулана қарап қояды. Әлі бүркүлдап сөйлеп жүр:

– Саналы адамның әрекеті ме... Дәл осылай істейді деп ойладым ба... – Хәрриге қарап: – Қымбаттым, саған бұл сөздің қатысы жоқ, – деді де, он шақты тілім шұжықты тәрелкеге салып, алдына қойды. – Артур екеуміз де сенің жағдайыңа алаңдадық. Жұмаға дейін Ронның хатына жауап келмесе, сені өзіміз барып әкелгелі отыр едік. Бірақ мыналардың істегені... (шұжықтың үстіне қуырылған уш жұмыртқа салды), елдің көзінше заңсыз көлікке мініп ұшып жүргенін айтам да! Талай адамның көзіне түсіп үлгерген шығар...

Соны айтып, сиқыр таяқшасын серпіп қалғанда, шұнғылшадағы ыдыс-аяқ өздігінен жуыла бастады.

- Аспанды бұлт *торлап тұрды*, – деді Фред.
- Ас ішіп отырып сөйлеме! – деп ескертті аласы.
- Олар Хәрриді аш ұстаган, – деді Жорж.
- Сен де тыныш отыр!

Ұлдарына зекіп тастаса да, Хәрриге арнап нанға май жағып жатқанда миссис Уизлидің ашуы басылғандай көрінді.

Осы сәтте асуýге жирен шашы иығына төгілген, жатарда киген киімін әлі ауыстырмаған кішкентай, арық қызы кірді. Хәрриді көре сала, шыңғырып, бөлмеден жүтіріп шығып кетті.

– Жинни ғой, – деді Рон сыйырлап. – Қарындастым. Жаз бойы сені аузынан тастамады.

– Иә, сенен қолтаңба сұрайтын шығар, – деп мырс етті Фред, бірақ аласы алара қарағанда жым болды. Енді ас ішіп болғанша ешкім жақ ашпады. Ұлдар тамақты демде тауысты.

– Шаршағаным-ай... – деп есінеді Фред пышақ пен шанышқыны үстелге қойып. – Көз шырымын алайын...

– Ұйықтамайсың! – деп кесіп айтты миссис Уизли. – Тұні бойы көз ілмесен, өз обалың өзіңе. Бақшадағы гномдардың көзін құртындар, тағы басып алыпты.

- Ой, мама...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Сендер де барындар, – деді Рон мен Жоржға қарап. – Хәррижан, сен жатып үйиқтап ал. Машинамен ұшып келіп мені әкет деп ешкімді әдейі шақырған жоқсың ғой.

Хәрридің мүлдем үйкесі келмеди:

– Ронға көмектесейніші, гном құғанды бұрын көрмеппін, – деп өтінді.

– Қолғабыс берейін дегенің жақсы ғой, жаным, бірақ бұл бір суренсіз жұмыс, – деп миссис Уизли пештің қуысынан бір кітап алды. – Ол туралы Локхарт не жазғанын оқып алайын.

Жорж ыза болды:

– Мама, гномды бақшадан қалай шығару керегін білеміз.

Хәрри миссис Уизлидің қолындағы кітаптың мұқабасына қарады. Атауы алтын әріптермен өрнектеп жазылыпты: «*Үйдегі зиянкестерге қатысты нұсқаулық*», *Гилдерой Локхарт*. Автордың суреті де бар еken: толқынданған сары шашты, көгілдір көзді сымбатты жігіт. Сиқыршылардың кітабында суреттер қозғалады, Гилдерой Локхарт та бұларға қарап көз қысып, қылмындалап тұрғандай. Миссис Уизли авторды пір туғатын сияқты.

– Ой, бұл керемет адам... үйдегі зиянкестер туралы бәрін біледі... кітабы да тамаша...

– Мамам оған ынтық, – деді Фред бәрі естісін дегендей қаттырақ сыйырлап.

– Фред, аузыңа келгенді айта берме, – деді анасы қызырақтап. – Ал, гном құғанды Локхарттан артық білсендер – барындар, жұмыс істендер. Тексере барғанда біреуін тауып алсам, жақсылық күтпендер.

Ағайынды Уизлилер айылап-ұһілеп далаға шықты, Хәрри де ілесті. Бақша үлкен еken, өсімдік атаулы бейберекет өсіп кетіпті, бірақ Хәрриге қатты ұнады: «нағыз бақша осында болса керек» деп ойлады. Вернон жезде мен Петуния апайға, керінше, ұнамасы анық: арамшөп басып кеткен,

көгал күзелмеген; бірақ Хәрри ешқашан көрмеген гүлдер өсіп тұр, ағаштардың пішіні әркелкі, үлкен тоғанда бақа толып жүр.

– Маглдардың бақшасында да гномдар бар, – деді Хәрри.

– Иә, көргенмін, – деді Рон тұтасып кеткен таушымылдықтың арасына кіріп бара жатып. – Гномға қай жері үқсайды? Қармақ ұстап түрған кішкентай, семіз Санта-Клаус сияқты...

Таушымылдықтың бұтағы тербеліп, әлдене шулап кетті. Рон басын көтерді.

– *Міне*, гном, – деді ол қабағын түйіп.

– Жіббер мен! Жіббер! – деп айғайлады гном.

Санта-Клаусқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мақұлық екен. Өзі кіп-кішкентай, денесіне тұтас тері қаптап қойғандай, картоп сияқты бұжыр, үлкен басы бар. Рон оны жерден жұлыш алдып, қол созымда ұстап түрді, анау болса бұлқынып, мүйізденген табанын сермен тебініп қояды. Рон гномды сирағынан алдып, басын төмен салбыратып ұстады.

– Енді былай істе...

Гномды салбыратып түрған қалпы («Жіббер!») арқан шиырғандай басынан асыра айналдыра бастады.

Хәрридің көзі бақырайып кеткенін кіріп Рон күліп жіберді:

– Бұдан еш жері ауырмайды, тек басы айналып, інге қайтар жолды таба алмай қалады.

Содан соң гномды сирағынан ұстаган қалпы басынан асыра шиырып лақтырғанда, ол қоршаудың сыртына барып топ ете қалды.

– Сол-ақ па? – деді Фред. – Қазір мен анау томарға жеткізем.

Сәлден соң Хәрри де гномдарды аяуды қойды. Бірінші гномын қоршаудан асыра лақтырмақ еді, бірақ өзін ұстаган адамның осалдығын байқаған мақұлық саусағын тістеп алды, тісі сондай өткір болар ма...

– Ой, Хәрри, он метрге ұшатын гном еді...

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Сәлден соң гномдар бірінен соң бірі әуеде топырладап үшіп жатты.

– Өздерінің шайнам ақылы жок, – деді Жорж бес-алтауын тыптыратып ұстап тұрган күйі. – Гном қуу басталғанда бірдеңеден құр қалғандай жер бетіне шығып алады. Үйінде қалу үшін ініне тереңірек кіріп кетуге санасты жетпейді.

Біраздан соң қоршау маңына жиналған бір топ гном басы салбырап, жауырыны қушиып кетіп бара жатты.

– Әлі-ақ қайтып келеді, – деді Рон гномдар көзден таса болғанда. – Біздің үйді жақсы көреді өздері... Әкем оларға қабак шытпайды, көнілімді көтереді деп мейіріммен қарайды...

Осы кезде алдыңғы есік ашылғаны естілді.

– Әкем келді! – деді Жорж.

Балалар бақшадан өтіп, үйге кірді.

Мистер Уизли асүйдегі орындықта көзәйнегін шешіп, көзін жұмып мұлгіп отыр екен. Арық денелі кісі екен, шашы ерте қашқан сыңайлы. Ал төбесінде қалған шашы балаларыніңдең жириен екен. Үстіндегі ұзын, жасыл мантиясы тоза бастапты.

– Ауыр тұн болды, – деді ол балалары қасына отырғанда шәйнекке қол созып. – Тоғыз жерден шақыру тусты! Тоғыз! Кәрі қақпас Мунгундус Флетчер теріс қарағанымда мені дуалап тастамақ болды... – Осыны айтып, шайынан ұрттады.

– Қызық заттар кезікті ме, әке? – деп сұрады Фред.

– Жоғалып кететін кілттер мен тістейтін шәйнек, – деді мистер Уизли есінеп. – Тағы бір жағымсыз жағдай болды, бірақ ол біздің бөлімге қатысты емес. Біртүрлі күзендер шығыпты, соған орай Мортлейк тергеуге алынды. Әйтеуір, ол іспен Тәжірибе жасау комитеті айналысадын болды...

– Кілттің жоғалып кеткені кімге қызық? – деп сұрады Жорж.

– Маглдарды ыза қылу үшін ғой! – Мистер Уизли күрсінді. – Оларға жоқ бол кететін кілт сатады, олар қажет кезде кілтін таба алмай дал болады... Ешкімді айыптай алмайды, маглдар

ешқашан кілтім көз алдында жоқ боп кетті демейді, «өзім жоғалтып алдым» деп ойлайды. Құдай тілеуін бергірлер, көз алдында сиқыр болып жатса да елемеуге тырысады... біздікілердің де сиқырламайтын заты қалмай барады...

– МАШИНАНЫ СИҚЫРЛАЙТЫНДАРДЫ ДА АЙТСАНШЫ!

Бөлмеге көсөуді қылыш сияқты білеп ұстаған миссис Уизли кірді. Мистер Уизлидің әйеліне қараған жанарынан кінәсін мойындағаны байқалады.

– Молли, жаным, қайдағы ма-машина?

– Иә, Артур, кәдімгі машина. – Миссис Уизлидің жанарынан от ұшқындарды. – Бір сиқыршы бар екен, тот басқан ескі машинаны сатып алып, әйеліне оның қалай жұмыс істейтінін білгім келеді депті де, шынында өзі көлікті ұшатын етіп сиқырлап қойыпты.

Мистер Уизлидің көзі жыптылықтап кетті:

– Ммм... қымбаттым... оның еш занды бүзбағанына көзің жетер еді... әлбетте, ммм... әйеліне шынын айтқаны абзал еді... Занда мынадай ескерту бар... сиқыршы ұшуды *ниет* етпесе, машинаның ұша алғаны ешқандай...

– Артур Уизли, занды жазғанда ескертуді әдейі қалдырағансың ғой! Соның арқасында сарайға кіріп ап, маглдардың қоқысын қопарып жүрсің! Ал сенің ұшуға арналмаған машинацмен таңертең балаларың Хәрриді алып келді!

– Хәрри? Қайдағы Хәрри? – деп сұрады мистер Уизли аң-таң болып. Жан-жағына қарап, Хәрриді көрді де, орнынан атып тұрды:

– О, Құдайым, мынау Хәрри Поттер ме? Келгенің жақсы болды, Рон сен туралы көп айтатын...

– *Түнде ұлдарың машинамен Хәрридің үйіне ұшып барып келді!* – деп айғайлады миссис Уизли. – Бұған не дейсін?

– Шынымен ұшып бардындар ма? Еш қыындық тумады ма? – деп қызыға сұрады мистер Уизли. Миссис Уизлидің

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

көзі алая бастағанын байқап, қатулана қалды: – Иә, балалар, бұларың дүрыс болмаған... бекер...

Анасы жарылғалы отырғанын байқаған Рон кетуге асықты:

– Жүр, кеттік, – деді Хәрриге сыйырлап. – Жатын бөлмені көрсетейін.

Олар асүйден шықты да, тар дәлізден өтіп, ирек баспалдақпен жоғары көтерілді. Үшінші қабатта бір есік ашиқ түр екен. Ол тырс етіп жабылғанша Хәрри өзіне тесіле қараган жарқыраған қоңыр көзді байқап қалды.

– Жинни ғой, – деді Рон. – Әншнейінде аузы жабылмайтын, енді үяла қалыпты...

Тағы екі қабат көтерілген соң бояуы оңған, сыртына «Роналдтың бөлмесі» деген тақтайша ілінген есікке жетті.

Бөлме тар әрі төбесіне басың тиердей аласа екен. Кіре сала лапылдаған жалынның ортасында қалғандай әсерде болды: Ронның бөлмесіндегі заттың бәрі – төсек жапқышы, қабырға, тіпті тәбе де жалқын түсте екен. Қозі үйренген соң Хәрри оның себебін түсінді: Рон бөлменің әр бұрышына, бос орын қалдырмай, жеті қыз-жігіттен күралған команданың суреттерін іліп тастапты. Олардың бәрі қызыл-сары мантия киген, сыпypyтқыға мініп, қолын ары-бері сермен жүр.

– Куидич командасты ма? – деп сурады Хәрри.

– Қәдли Кәннәнс, – деді Рон төсегіндегі қызыл-сары жамылғыны нұсқап. Онда ЧК таңбасы мен зеңбіректің добы бейнеленіпті. – Лигада төртінші орында түр.

Ронның мектеп окулықтары бұрышта үйіліп жатыр, қасында «*Eсуас магл Мартин Миғстің басынан өткен шытырман оқиғалар*» комиксінің барлық сериясы жиналып түр. Терезе алдында Ронның сиқыр таяқшасының қасында семіз егеуқүйрық Қаспақ бұйырып, үйқыны соғып жатыр.

Хәрри өздігінен ойналатын картаның үстінен аттап өтті де, кішкене терезеден сыртқа қарады. Қоршаудың ар

жағында гномдар қаздай тізіліп, қайтадан Уизли бақшасына кіріп келе жатыр екен. Досына қарап еді, үкім күткендей қолапайсыз ыржып тұрғанын көрді.

– Кіп-кішкентай. Маглдардың үйіндегі бөлмеңе жетпейді, әрине. Дәл тәбемізде, шатырда мысттан отыр, арасында ұлып, құбырды ұратыны бар...

Хәрри оған қарап тұрды да, ағынан жарылды:

– Бұрын-сонды осындей тамаша үйге кіріп көрмеппін. Рон құлағына дейін қызыарып кетті.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Үзли отбасы мен Дурслилердің өмір салты мүлдем ұқсамайды екен. Дурслилер үйінде әр зат өз орнында, жыпжинақы тұрады, ал «Інде» күн сайын бір тосын жағдай болады, үйдің астан-кестеңі шығып жатады. Хәрри пештің үстінде ілулі тұрган айнаға қарай салғанда «Жейдеңді жөнде, ұқыпсыз неме!» деген дауысты естіп, шошып кетті. Үйде сәл тыныштық орнай қалса, шатырдағы мыстан құбырларды даңғырлатып, ұли бастайтын. Фред пен Жорждың бөлмесінде ылғи бірдене тарсыладап, атылып жатады, оған ешкім селт етпейді де. Сөйлейтін айна мен ұлитын мыстаннан бөлек Хәрриді қайран қалдырганы – отбасы мүшелері өзін бірден жақын туысындағы қабылдағаны болды.

Миссис Уизли шүлгін жіңі ауыстырғанын қадағалап, күнде тазасын беретін; тамағын тауысса, қайта үстемелеп салып қоятын. Мистер Уизли Хәрриді қасына отырғызып, маглдардың өмірі жайлы сұрақ жаудыратын, әсіресе электр тоғы мен пошта қызметі туралы білуге күмар еді.

– *Гажап!* – деді телефон туралы естігенде бас шайқап. –

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Енді, сиқырдан мақұрым болғасын, бір амалын жасайды ғой.

Хәрри «Інге» келгеніне бір апта өткенде Хогуартстан хат келді. Рон екеуі таңғы асқа барғанда Жинни мен ата-анасы дастархан басында отыр екен. Хәрриді көрген бетте алдындағы жеп отырған ботқасын ыдысымен қоса аударып алды. Әйтеуір, Хәрриді көргендеге істеген ісі кері кетіп, есі шығатын. Едендегі ыдысын алмаққа үстелдің астына еңкейіп, қайта тұрғанда беті алмадай қызыарып кетіпті. Хәрри оны байқамаған болып орнына отырды да, миссис Уизли берген тамақты алды.

— Мектептен хат келді, — деді мистер Уизли Хәрри мен Ронға сары қағазға жасыл сиямен жазылған хатты ұсынып:

— Дамблдордан ештеңе жасыра алмайсың ғой, Хәрридің осында екенін біледі.

Асүйге пижамасын шешпеген Фред пен Жорж да кірді. Оларға да әкесі хат берді.

Біраз уақыт бәрі хатқа үңіліп, тыныштық орнады. Хатта әдеттегідей қыркүйектің бірінде Киңз-Кросстан Хогуартс экспресске мінүі керек екені айттылыпты. Биыл сабаққа қажет кітаптар тізімі де беріліпті.

Екінші сыйнып оқушыларына керегі:

«Сиқырсөздер жинағы» (2-сынып), **Миранда Гускоук**

«Баншимен тайталас», **Гилдерой Локхарт**

«Албастыны жеңгенім», **Гилдерой Локхарт**

«Мыстанмен бірге өткен демалыс», **Гилдерой Локхарт**

«Трольмен бірге өткен саяхат», **Гилдерой Локхарт**

«Қансорғышпен сапарлас болғаным», **Гилдерой Локхарт**

«Құбыжық қасқырмен бірге әлемді аралаганым», **Гилдерой Локхарт**

«Йетимен бірге өткен бір жыл», **Гилдерой Локхарт**

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хатын оқып болған Фред Хәрридің қағазына көз жүгіртті:

– Саған да Локхарттың бүкіл кітабын алсын депті! Зұлым сиқырдан қорғанудан сабақ беретін оқытушымыз оның фанаты болса керек, әйел адам екеніне бәс тігемін.

Анасының қаһарлы көзқарасын байқады да, мармелад жеген бола қалды.

– Мұның бәрі арзан емес. – Жорж ата-анасына қарады. – Локхарттың кітаптары әжептәуір қымбат...

– Бұйырганы болар, – деді миссис Уизли уайымын жасақта болып. – Жинніге киілген киім ала тұрармыз, арзанға түседі...

– О, сен биыл мектепке баrasың ба? – деп сұрады Хәрри Жинніге қарап.

Кыз басын изеді, дереу құйқасына дейін қызырып кетіп, сасқалақтап, шынтағын май салынған ыдысқа матырып алды. Абырой болғанда бәрінің назары бөлмеге кірген Персиге ауып, қыздың жағдайын ешкім байқамады. Перси мектеп формасын толық киіп, жемпіріне серке тәсбелгісін қадап алышты.

– Қайырлы таң! – деді даусын көтеріп. – Aya райы тамаша бол тұр.

Бос тұрған орындыққа отыра бере атып тұрды. Қолындағы нәрсені Хәрри қапелімде бір уыс қауырсынға ұқсатып еді, бажайлай қарағанда әлгі нәрсе тыныс алыш жатқанын байқады.

– Эррол! – деп Рон Персидің қолынан ақсақ үкіні жаңушыра жұлып алды. Үкінің қанатына хат байланып тұр екен. – Хәрмионаның хаты жетті-ау. Оған сені құтқару үшін Дурслилерге барамыз деп жазғанмын.

Эрролды үкіге арналған сырыққа апарып отырғызбақ еді, құс тікесінен отыра алмай, жығыла берді. «Байғұсым-ай» деп күбірлеген Рон оны ыдыс жаятын тақтайға жатқызды. Содан соң Хәрмионаның хатын ашып, дауыстап оқыды:

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Кымбатты Рон! Харри үйінде болса, оған салем айт.

Барі дұрыс шығар, Хәрриді құтқарам деп заңға қайшы әрекет жасамаған боларсың, деп үміттенемін. Эйтпесе екеуіне де жақсылық болмайды. Қатты алаңдап отырмын, Хәрридің жағдайы жақсы болса, дереу хат жазып жібер. Бірақ мына үкіні жұмса-машы, тағы бір сапарды көтере алмайтын сияқты.

Өзіме келсек, көп сабак қарауға тырысып журмін...

[– Не дейді, каникулда сабак оқығаны несі? – деді Рон көзі бақырайып].

Алдағы сәрсенбі кітап алуға Лондонға барамыз. Қиғаш көшеде жолығуға қалай қарайсың?

Маған болған жағдайдың барін тездетіп жазып жібер.

Хәрмиона

– Бұл бір жақсы ой екен, біз де барып сендерге зат алуымыз керек, – деді миссис Уизли дастархан жинап жатып. – Бүгін не істейсіндер?

Егіз Уизли, Хәрри мен Рон Уизлилерге тиесілі шағын алаңқайға барып, куидич ойнағалы отырған. Алаңқайды қоршай ағаш өскен, тым қатты шығандап ұшпаса, төмендегі ауыл жұртының көзіне түсе қоймас. Куидичке арналған доптарды қолданбай, оның орнына алысқа ұшып кетіп, біреудің көзіне түссе де күмән тудырмайды деп алма лақтырып жаттықты. Хәрридің «Нимбус-2000» сыпыртқысына (соңғы үлгіде шыққан ең ұшқыр сыпыртқы) кезектесіп мінеміз деп келісті, Ронның «Метеоры» әбден тозыпты, одан тіпті көбелек озып кетеді.

Бес минуттан соң балалар сыпыртқысын иғына асып, жотаға беттеді. Персиді де ойынға шақырған, бірақ ол «қолым тимейді» деп бас тартты. Хәрри Персиді түскі астағана көретін, қалған уақытта ол бөлмесінен шықпайды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Ойында не барын кім білсін, – деді Фред қабағын түйіп. – Соңғы кездері адам танымастай өзгеріп кетті. Сен келер алдында емтихан қорытындысын алды, СМД-дан 12 ұпай алыпты! Соған да былқ етпеді.

– Сиқыр менгеру деңгейі, – деді Жорж Хәрридің түсінбей тұрғанын байқап. – Билл да он екі ұпай алған. Отбасымыздан тағы бір мектеп серкесі шығатын сияқты. Жүрттың көзіне қалай көрінеміз десенші.

Билл – Уизлилердің тұңғышы. Одан кейін Чарли бар, екеуде Хогуартсты әлдеқашан тәмамдаған. Хәрри оларды көрмеген. Естуінше, Чарли – Румынияда айдаһар үйретуші, ал Билл Мысырда, сиқыршылардың банкі Гринготста жұмыс істейді.

– Анам мен әкем биыл мектепке керек-жарагымызды қалай түгендер екен, – деді Жорж сәлден соң. – Локхарттың барлық кітабын бесеумізге де алу керек! Жинніге мантия, сиқыр таяқша, тағы басқа дүниелер қажет...

Хәрри үндемеді. Іштей ыңғайсыздынып-ақ тұр. Лондондағы Гринготс банкінің жерасты қоймасында әке-шешесі қалдырған біраз алтын бар. Әрине, оны тек сиқыршылар әлемінде жұмсай алады. Галлеон, сиқыл мен қынат маглдардың дүкенінде саудаға жүрмейді. Ол Дурслилердің көзінше банкте ақшасы барын айтқан емес. Сиқырға қатыстының бәрінен ат-тонын ала қашатын туыстары алтынға келгенде шоши қоймас деп ойлады.

Сәрсенбі куні миссис Уизли балаларды ерте оятты. Әрқайсы бекон қосылған сендуичтің бірнешеуін жеп алған соң сырт киімін киіп дайындалды.

Миссис Уизли пештің ішінен қыш құты шығарып, ішіне ұңғліді:

– Азғантай қалыпты, Артур, – деді курсініп. – Бүгін көп нәрсе алу керек... мм... жарайды, алдымен қонақты жіберейік! Хәррижан, сен бара ғой!

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Құтыны Хәрриге ұсынды. Хәрри жан-жағына қарады. Үй иелері бірдеңе күтіп тұргандай.

- Н-не істеуім керек? – деді ыңғайсызданып.
- Ол бұрын ұшыратын ұнтақпен барып көрмеген, – деді Рон жұлып алғандай. – Кешір, Хәрри, есімнен шығып кетіпті.
- Шын айтасың ба? – деп таңданды мистер Уизли. – Былтыр мектеп заттарын алуға Қиғаш көшеге қалай бардын?
- Метромен...
- Рас па? Онда эскалатор бар дей ме? Ол өзі қалай...
- Қоя тұр, Артур, – деді миссис Уизли. – Ұшыратын ұнтақпен тез жетесің, жаным. Бірақ оны бұрын қолданып көрмесең...
- Үйреніп алады, мама, – деді Фред. – Хәрри, бізге қара.
- Құтының түбінде жылтырап жатқан ұнтақтан бір уыс көсіп алды да, пештің ішіне кіріп тұрып, ұнтақты отқа шашты.
- Жалынның түсі көк-жасылға боялып, гүрілдеп көкке көте-рілді. Фред «Қиғаш көшे» деп айтып ұлгермей, көзден ғайып болды.
- Әр сөзінді анық айт, – деді миссис Уизли Хәрриге қарап. Бұл кезде құты Жорждың қолына тиген. – Торды шатас-тырып алма...
- Нені шатастырма дейсіз? – деп сұрады Хәрри қобалжып, алайда оттың гүрлінен ештеңе ести алмады. Жорж да ұшып кетті.
- Сиқырлы жалын түрлі жерге апаруы мүмкін, негүрлым нақты айтсан...
- Ол адаспайды, Молли, уайымдама, – деді мистер Уизли өзіне деп ұнтақ көсіп алып жатып.
- Қымбаттым, ол жоғалып кетсе, апай-жездесіне не дейміз?
- Олар қайғыра қоймас, – деп жұбатты Хәрри. – Мұр-жаның ішінде жоғалып кеткенімді Дадли естісе, күлкіге қарық болар.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жарайды... онда... Артурдан кейін сені жіберейік.
Пештің ішіне кіргенде қайда баратыныңды айт...

- Шынтағыңды жиып тұр, – деді Рон.
- Көзінді жұм, – деді миссис Уизли. – Қүйе...
- Жыбырлама, – деді Рон. – Әйтпесе басқа жерден шығасын...
- Иә, аландама, Фред пен Жоржды көргенде ғана шық.

Осы ақылдың бәрін жадына тоқып алуга тырысқан Хәрри ұшыратын ұнтақтан уыстап алып, пешке кірді. Терен тыныстыады да, ұнтақты отқа таstadtы. Жалын гүр етті де, жылы жел соққандай үйіткі баstadtы. Аузын ашқаны сол – көмейіне күл толды.

- Қ-қи-ғаш көше, – деді жөтеліп.

Бір терен ұнгірге түсіп келе жатқандай... Шыр көбелек айнала жөнелді... гүлден құлағы бітіп қалды... көзін ашайын десе, жасыл жалынның құйынынан басы айналып, жүрегі айныды... бір сәт шынтағы әлденеге тиіп, зырқ ете қалды. Айналып келеді, айналып келеді... Бір сәт біреудің сұық қолы бетіне тиген сияқты... Көзәйнектің ар жағынан пештер мен олардың артындағы бөлмелер бұлдырап көрінеді... таңғы аста жегені көмейіне келіп тірелгендей... Қайтадан көзін жұмды да, «тезірек бітсе екен» деп тіледі. Бір кезде гұрс етіп сұық тас еденге етпетінен түскенде, көзәйнегінің шынысы шытынап кетті.

Басы айналып, денесі ауырып тұрды. Күйелеш болған бетіне сынған көзәйнегін жақындастып, жан-жағына қарады. Бөлmede өзі ғана екенін байқады. Сиқыршының дүкеніне ұқсайтын үлкен жайдың күнгірт тас алауошағының ішінде тұр екен. Бірақ Хогуартсқа керек заттарды сататын жерге ұқсамайды.

Әйнекпен қоршалған сөреде кептірілген қол, қанға былғанған карта мен шыныдан жасалған көз жатыр. Қабырғаға құбыжық бейнелі маскалар ілініпті, үстел үстінде адам

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

сүйектері шашылып жатыр, ал тәбеден тот басқан үшкір аспаптар салбырап тұр.

Хәрри дүкеннің шаң басқан терезесінен сыртқа қарап, Қиғаш көшеге түспегеніне анық көзі жетті. Бұл жерден неғұрлым тезірек кеткені өзіне абзал болмағын түсінді. Пешке соғылған мұрны өлі ауырып тұрганын да елемей есікке беттеді.

Тұтқаға қол соза бергенде әйнектің ар жағынан екі адамның сұлбасы байқалды. Хәрри біреуін дереу таныды. Үсті-басы күйе, көзәйнегі сынған, адасып журген күйі оның көзіне түскісі келмеді. Эрине, ол Драко Малфой еді.

Хәрри жан-жағына қарап, сол жақта тұрган үлкен қара шкафты байқады да, лып етіп соның ішіне кіріп, есігін жауып алды. Шкафтың сығалап қарауға болатын саңылауы бар екен. Есіктің қоңырауы сынғырлап, Малфой ішке кірді.

Ілесе кірген адам оның әкесі екені күмәнсіз. Бозарған өңі, үшкір иегі мен сүйк қарайтын өткір, сүр көзіне дейін аумай қалыпты. Мистер Малфой сөредегі заттарға немқұрайлы қарап, дүкеннің төр жағына өтті де, қоңырауды басты.

– Ештеңеге тиме, Драко, – деп ескертті ұлына.

Шыныдан жасалған көзге қол созған Малфой:

– Маған сыйлық әпересің деп ойлагам, – деді.

– Саған ең үшқыр сыпypyтқы әперемін, – деді әкесі саусағымен үстелді тықылдатып.

– Әлі командаға қосылғам жоқ, оны қайтем? – деді Малфой ыза болып. – Былтыр Хәрри Поттерге біреу «Нимбус-2000» сыйлады. Грифиндор құрамында ойнауға Дамблдордан рұқсат алды. Керемет ойыншы ғой деймісің... танымал болғаны үшін ғана... шекесінде әлті жексүрін тыртығы бар...

Кіжіне сөйлеп журіп бассүйектер тұрган сөрені жағалады:

– ... жұрт оны ақылды деп ойлайды, шекесінде тыртығы бар, сыйыртқысына мініп құстай үшатын Поттер балақай неткен керемет...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Мұны жүз рет айттың, – деді мистер Малфой ұлының сөзін жақтырмай. – Есінде болсын, Хәрри Поттерді мақтан тұтатын сыңай танытуымыз керек... Түнек лордының жоғалуына себепкер болған сол ғой... Амансыз ба, мистер Боргин.

Үстелдің ар жағынан май басқан шашын артқа қайырған, бүкірейген ер адам шықты.

– Мистер Малфой, қайта жүздескеніме қуаныштымын, – деді мистер Боргин мәймәңкелеп. – Ұлыңызды көргеніме де қуанып тұрмын. Қандай көмек керек? Мына бір затқа қаралызышы, бүтін келді, бағасы да жақсы...

– Бүтін ештеңе алмаймын, мистер Боргин, керісінше, сатамын, – деді Малфой.

– Сатам деймісіз? – Мистер Боргин қапаланып қалғанын жасыра алмады.

– Сиқыр министрлігі тексеру жүргізgelі жатқанын естіген боларсыз, – деді Малфой. Жанқалтасынан бүктеулі пергамент шығарып, орауын жазды. – Министрліктегілер келе қалса, бетіме салық қылатын біраз дүние бар...

Мистер Боргин мұрнына пенсне қойып, қағазға үңілді:

– Сізді тексеруге қалай дәті бармақ, сэр?

Мистер Малфой сыйдана қалды:

– Элі ешкім келе қоймады. Малфой әuletі сый-құрметінен айырыла қойған жоқ, бірақ министрлік көрінген жерді тіміскіләйді де жүреді. Маглдарды қорғау туралы жаңа заң қабылданбақ деген сыйбыс бар; бит талаған есуас, маглдар десе ішкен асын жерге қоятын Артур Уизлидің әлегі болар... Мына удың кейбірі күмән тудыруы мүмкін...

– Түсіндім, сэр... Қарап шығайын...

Хәрридің қаны басына шапты

– Мынаны алсам бола ма? – деді Драко кептірілген қолды көрсетіп.

– Данқ қолы! – Мистер Боргин Малфой берген тізімді қоя

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

салды да, Драконың қасына жетіп барды. – Бұл қолға шырақ қыстырсаңыз, ол оны ұстап тұрған адамға ғана жарық береді. Ұры-қарыға ең керек құрал! Сәр, ұлыңыздың талғамы керемет!

– Менің ұлым ұры-қары деңгейіне түспесе керек, Боргин, – деді Малфой ызғар шаша.

Мистер Боргин дереу ақтала бастады:

– Гафу етініз, сәр, ренжітейін деген ойым болған жоқ...

– Бірақ мектептегі үлгерімі жақсармаса, ұрының деңгейіне түсіү де ғажап емес...

– Не жазығым бар? – деп күйінді Драко. – Мұғалімнің бәрі әлгі Хәрмиона Грейнджерді жақсы көреді...

– Бойында сиқыршы қаны жоқ қайдағы бір тексіз қыздан жаман оқығанға үялсаң етті, – деп зекіді әкесі.

«Ха» деді Хәрри ішінен, Драконың ызаланып әрі намыстаннып тұрған түріне қарап айызы қана.

– Иә, қазір жағдай мәз емес... – Мистер Боргин жағымпазданып-ақ бақты. – Сиқыршы қаны есепке алынбай қалды...

– Маған бұл сөздің қатысы жоқ, – деді мистер Малфой үшкір мұрнын дедлітіп.

– Әрине, сәр, еш қатысы жоқ, сәр... – Мистер Боргин басы жерге жеткенше иілді.

– Олай болса, тізімге оралайық. Асығыспын, шаруам көп.

Екеуі күбірлеп саудаласа бастады. Драко әр нәрсені бір түртіп, қызыға қарап жүріп, Хәрри жасырынған шкафқа жақындал қалды. Төбеден салбыраған жендеттің арқанына біраз қарап тұрды. Жылтыр тастан тізілген көркем алқаның жанындағы жазуды дауыстап оқыды:

Ескерту: Қол тигізбеңіз.

Қарғыс өткен: он тоғыз маглдың басын жүтқан.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Кекете күлді де, Хәрри жасырынған шкафтың дәл алдына келді. Алға бір қадам жасап, қолын тұтқаға созды... Осы кезде мистер Малфойдтың даусы шықты:

– Келістік! – Баласына бұрылды: – Жүр, Драко!

Драко кері бұрылғанда, Хәрри жеңімен маңдайының терін сүртті.

– Саудаңыз сәтті болсын, мистер Боргин, ертең үйден тауарды алып кетерсіз.

Есік жабылған бетте мистер Боргиннің жағымпаз мәне-рінен жұрнақ қалмады.

– Сенің де күнің жақсы өтсін, мистер Малфой, мен білсем, сарайыңда жасырған затыңның жартысын да көрсеткен жоқсын...

Мистер Боргин күнкілдеп, түкпірдегі бөлмеге кетті. Хәрри қожайын қайта келіп қала ма деп біраз күтті, содан соң шкафтан шығып, әйнек сөрелердің жанынан өтіп, сыртқа шықты.

Сынық көзәйнегін көзіне тақап, айналасына қарады. Бір қараңғы көшеде тұр еken, айналадағы дүкеннің бәрінде зұлым сиқырға арналған заттар сатылатын сияқты.

Жаңа ғана шыққан дүкені «Боргин мен Бөркс» деп аталады еken, осы маңдағы ең үлкен сауда орнына ұқсайды; қарсы дүкеннің терезесінен кепкен бас сүйектер көрінеді. Екі есік арыда алып қара өрмекшіге толы үлкен тор тұр. Дүкен маңында тұрған кәрі, ұсқынсыз екі сиқыршы бұдан көз алмайды, өзара күбірлеп сөйлескені де күмәнді. Бойын үрей билеген Хәрри тездетіп жол табуға бекініп, сынық көзәйнегін түзеп қойып, алға жүрді.

Улы шырақ сататын дүңгіршектің төбесіне ілінген тақтайда «Құңгірт көше» деп жазылған. Хәрри мұндай көше барын бұрын-сонды естімепті. Пеште тұрғанда аузына күл толып, көше атын қате айтқан-ау. Енді қалай жүруі керек?

– Адасып жүрсің бе?

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Дәл құлагының түбінен қарлыға шыққан дауысқа селк ете қалды. Қарсы алдында тұрған сиқыршы кемпірдің қолындағы табаққа қарағаннан-ақ Хәрридің тұла бойы тітіркеніп кетті: уыс-уыс адам тырнағы сияқты! Кемпір қарайып шіріген тісін ақситып құлді. Хәрри шегіне берді.

- Жо-жоқ, адасқам жоқ... Рахмет. Жай өшейін...
- ХӘРРИ! Мұнда неғып жүрсін?

Таныс дауыс естілді. Кемпір шошып кері шегінгенде табақтағы тырнақтар жерге шашылды. Бұларға қарай Хогуартстың қорықшысы – алып Хәгрид келе жатыр екен. Қалың қасының астынан кішкене көзі жылтырайды.

– Хәгрид! – Хәрри қуанып кетті. – Адасып қалдым...
Ұшыратын ұнтақ...

Хәгрид Хәрриді бас салып бауырына тартқанда кемпірдің қолындағы табағы аударылып қалды. Екеуі бұралаң жолмен жүріп, күн жарқырап тұрған көшеге түскенше кемпірдің барқыраған даусы естіліп тұрды. Хәрри ақ мәрмәрдан соғылған таныс ғимаратты алыстан байқады. Гринготс банкіне келіпті. Хәгрид оны Қигаш көшеге жеткізді.

– Әбден былғаныпсың! – деді Хәгрид Хәрридің үстіндегі құлді қағып жатып. Киімінен ұстап қатты сілкігені сондай – дәріханының алдында тұрған айдаһар тезегі салынған күбіні төңкере жаздады. – Құңгірт көшеге бекер бардың... Құдай үрған жер... біреу-міреудің көзіне түсіп қалсан...

– Оны байқадым, – деді Хәрри алып досы қайтадан киімін қақпақ болып төне бергенде бұл етіп. – Адасып кеттім деймін. Өзің ол жерде неғып жүрсің?

– Жыртқыш үлуга қарсы дәрі іздедім. Мектептегі қырық-қабатты қоймай жатыр. Жалғыз жүрмісің?

– Уизлилер отбасының үйінде қонақ болып жатқам. Бірге келмек болғанбыз, бірақ жолда адасып кеттім, – деді Хәрри түсіндіріп. – Енді оларды тауып алуым керек...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Екеуі тәмен қарай жүрді.

– Хатыма мұлдем жауап бермедің ғой, – деді Хәгрид жанында мұның бір аттағанын үш аттап, дедектеп келе жатқан балаға қарап. Хәрри досына Доббидің әңгімесі мен Дурслидердің қорлығы туралы айтып берді.

– Оңбаған маглдар! – деп кіжінді Хәгрид. – Ертерек білгенімде ғой...

– ХӘРРИ! Хәрри! Мұнда кел!

Хәрри дауыс шыққан жаққа қарап, Гринготс баспалдағының ең жоғарғысында тұрған Хәрмиона Грейнджерді көрді. Хәрмиона толқынды қоңыр шашы желбіреп бұларға қарай жүтірді.

– Көзәйнегіңе не болған? Сәлем, Хәгрид... Жаз бойы сендерді қалай сағындым десенші... Гринготсқа бара жатырмысың, Хәрри?

– Алдымен Уизлилерді табу керек.

– Іздегенің алдыңдан шықты, – деп құлді Хәгрид.

Хәрри мен Хәрмиона көшени бойлап келе жатқан Рон, Фред, Жорж, Перси мен мистер Уизлиді көрді.

– Хәрри! – Мистер Уизли әбден алқынып кетіпті. Шашы қашқан тәбесіне дейін тершіген. – Бір-ақ тор жоғары кетті десек... Молли есінен адасып қала жаздады, қазір келеді...

– Сен қай пештен шықтың? – деп сұрады Рон.

– Құңгірт көше, – деді Хәгрид қабағын түйіп.

– *Керемет!* – Егіз Уизлидің таңырқаған даусы қатар шықты.

– Бізге онда баруға рұқсат еткен емес, – деді даусынан қызғаныш байқалған Рон.

– Ми жоқ сендерде... өлгелі жүрмісіндер, – деп бүркүлдады Хәгрид.

Алыстан безілдеп келе жатқан миссис Уизли көрінді, бір қолында сөмкесі, бір қолымен Жинниді жетектеп алған.

– Хәрри, балам-ау, қайда жоғалып кеттің...

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Ентігіп келіп сөмкесінен үлкен шөтке шығарып, Хәрридің үстіндегі құлді қаға бастады. Мистер Уизли Хәрридің көзәйнегіне қаратса сиқыр таяқшасын сермен қалып, жап-жаңа қалпына келтірді.

– Жарайды, мен кеттім, – деді Хәгрід «Күнгірт көшө! Хәгрід, сен жолықпағанда не болар еді!» деп шырылдаған миссис Уизлиден қолын әрең босатып. – Хогуартста жолығамыз!

Еңгезердей алып өзге жүрттың төбесінен төніп кетіп бара жатты.

– «Боргин мен Бәрксте» кімді көргенімді білемісіндер? – деді Хәрри Гринготтың баспалдағына шығып бара жатқанда Рон мен Хәрмионаға қарап. – Малфой мен әкесі келді,

– Люциус Малфой бірдене сатып алды ма? – деп сұрады мистер Уизли.

– Жоқ, өзі сатты.

– Тықыр таяғанын сезіп жүр, – деді мистер Уизли масаттанып. – Люциус Малфойды ұстап алсам ғой...

– Сақ бол, Артур, – деді миссис Уизли ізетпен иіліп түрған гоблиннің қасынан өтіп бара жатқанда. – Өте қауіпті адамдар, тісің батпайтын жерде тістеспе.

– Люциус Малфоймен тіресуге шамам жетпейді демек-пісің? – деп шамданды ері. Келушілерді қабылдайтын үстелдің жанында Хәрмионаның ата-анасы түр екен, танысатын сәтті күтіп, қобалжығаны байқалады. Мистер Уизли оларды көргенде қуанып кетті.

– *Магл достарым!* – деді мәз болып. – Отырып шай ішейік! Бұл жерде не істеп жүрсіздер? Аа, маглдардың ақшасын айырбастауға келдіңіздер ме? Молли, қараши! – Ол мистер Грейнджердің қолындағы он фунтты әйеліне көрсетті.

Уизлилер мен Хәрридің жер астындағы сейфіне ертіп апаруға бір гоблин келді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Осында жолығайық, Хәрмиона, – деді Рон.

Сейфтерге бару үшін рельс бойымен жүретін шағын арбаларға отыру керек. Гоблиндер осы арбамен жер астындағы үңгіржолды бойлай сиқыршыларды ары-бері тасиды. Хәрри арбаның төмөн қарай зырлаған жүрісінен рахаттанып қалды.

Арба Уизлилердің сейфінің алдына келіп тоқтап, сейф ашылғанда Хәрридің көңіл-күйі түсіп кетті. Тіпті Күнгірт көшеде адасып кеткенінде бұлай жабықлаған шығар. Сейфте бір уыс күміс сиқыл мен бір алтын галлеон ғана жатыр. Миссис Уизли бұрыш-бұрышты тінтіп қарап, ақырында бар ақшаны жылып-теріп сөмкесіне салып алды. Өз сейфіне жеткенде Хәрри тіпті ыңғайсызданды. Сейфтің аузын денесімен қалқалап тұрып былғары дорбасын ақшага толтырды.

Кейін қайтып, мәрмәр баспалдаққа келгенде әркім өз шаруасын реттеуге ыңғайланды. Перси «жаңа қауырсын алудым керек» деп бөлек кетті. Фред пен Жорж мектептегі досы Ли Жорданмен кездесіп, соған еріп кетті. Миссис Уизли мен Жинни бұрын ұсталған заттар сататын дүкенге бет алды.

Мистер Уизли Грейнджерлермен әңгімелесуте құмартып, «Тесік қазанға» шай ішуге шақырды.

– Бір сағаттан соң «Флориш пен Блотс» дүкенінде жолығайық, сол жерден окулықтар алымыз, – деді миссис Уизли. Содан соң егіз ұлына қарап: «Күнгірт көшеге аяқ басушы болмаңдар!» деп ескертті.

Хәрри, Рон мен Хәрмиона тас төсөлген бұралаң көшелерді бойлай серуенге кетті. Хәрридің қалтасындағы алтын, күміс, қола ақшасы сынғырлап, «бірдене сатып ал, бізді жұмсаши» деп қоймаған соң, құлпынай мен жержанғақ майы қосылған үш үлкен балмұздак алды. Достар балмұздак жеп, айналадағы сиқыр заттар сататын дүкен сөрелеріне қарап, әңгіме-дүкен құрып келе жатқан. Рон «Куидичке арналған жабдықтар» дүкенінің сөресінде тұрған Чәдли Кәннәнстің мантиясына

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

телміріп қарай беріп еді, Хәрмиона екеуін сия мен пергамент сататын дүкенге қарай сүйрей жөнелді. «Гамбол мен Жейпстің сиқырлы әзіл дуkenі» ішінде Ли Жордан мен егіз Уизли жүр екен. Олар доктор Филибустердің әйгілі дымқыл әрі салқын отшашуын сатып алуға ыңғайланған сияқты. Ал сынған сиқыр таяқша, бұзылған таразы мен жыртық мантия сияқты ескі-құсқы сататын жерде «Билікке жеткен серкелер» деген іш пыстырыар кітапты оқып тұрган Персиді көрді.

– *Хогуарts серкелері және олардың мектептен кейінгі өмірі...* – Рон артқы мүқабасын дауыстап оқыды. – *Керемет...*

– Ары жүріндер! – деді Перси бұрқылдал.

– Өзі тым мансапқор... бәрін жоспарлап қойған... Сиқыр министрі болғысы келеді, – деді Рон сыйырладап.

Бір сағаттан соң достар Флориш пен Блотстың дүкеніне кірді.

Мұндай қарбаластың үстінен түсеміз деп кім ойлаған? Есіктен кірген бетте адам құжынап жүргенін көріп таңғалды. Жұрт бірденеден күр қалардай бірін-бірі итеріп, сөреге жамырай үмтүлады. Үш дос терезенің үстіне ілінген тақтай-шадағы жазуды оқығанда себебін түсінді:

Тиідерой Локхарт

● МЕНИҢ ҒАЖАЙЫП СИҚЫР ӘЛЕМІМ ●

ғұмырбаян кітабын қолтаңба қойып таратады.

Бүгін 12:30–16:30 аралығында

– Оны көруім керек, – деді Хәрмиона шаттанып. – Біз оқитын кітаптың бәрін өзі жазған!

Дүкендегілердің басым көпшілігі миссис Уизли құралпы әйелдер екен. Кіреберісте тұрган сиқыршы мазасызданып: «Тыныш, ханымдар, тыныштық сақтаңыздар... кітапқа тимен-ніздер...» деп ескертумен болды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри, Рон мен Хәрмиона топ арасынан сығылыса өтіп ішке кірді. Жұрт Гилдерой Локхарт қолтаңба жазып отырған төрдегі үстелге дейін кезекке тұрыпты. Үшеуі «Баншимен тайталас» кітабының бір-бір данасын ала салып, Уизлилер мен Грейнжерлер тұрған кезектен орын алды.

– О, кеп қалдыңдар ма? – деді миссис Уизли. Шашын тарақтап, қобалжып тұр. – Қазір өзімен жұзбе-жұз көрісеміз...

Кезегі жеткенде танымал сиқыршыны әйтеуір көрді-ау. Гилдерой Локхарт өзі отырған үстелдің артындағы қабырғаны жағалай өз портреттерін аямай іліп тастапты. Оның бәрінде маржандай әппақ тісін ақсита күліп, жымың қағады. Өзі көзінің түсіне сай көкпеңбек мантия киіпті. Шошақ төбелі қалпағы бір жаққа қарай қисайып, толқынданған шашы көрінеді.

Аласа бойлы, ызақор фотограф сиқыршыны жан-жақтан шыртылдатып суретке түсіріп әлек бол жур, жарқыл шыққан сайын алқызыл тұтін бұрқ ете қалады.

– Былай тұр! – деп бұрқылдады ол артында тұрған Ронға. – «Күндізгі жарышыға» арнап суретке түсіріп жүргенімді көрмей тұрсың ба?

– Енді неғыл дейсің, – деді Рон фотограф басып кеткен аяғының басын сипалап.

Бұл сөзді құлағы шалып қалған Гилдерой Локхарт басын көтеріп қарады. Алдымен Ронға көзі түсті, содан соң Хәрриді көргенде көзі жайнап кетті. Орнынан атып тұрды да:

– *Мынау шынымен Хәрри Поттер ме?* – деп айғай салды.

Қаумалаған жұрт күбірлесіп, сиқыршыға жол ашты. Локхарт екпіндей келіп, Хәрриді қолынан ұстап, сүйрей жөнелді. Жұрт жапырлай қол соқты. Локхарт Хәрримен қол алысқан күйі фотографтың алдына тұра қалды. Фотоаппарат жарқылдаған сайын Хәрри ұяттан жерге кірердей болды.

– Қане, Хәрри, жымыып тұрайық, – деді Локхарт отыз тісін түтел көрсете. – Газеттің бірінші бетіне шығамыз.

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

Суретке түсіру біткенде Хәрри ұйып бара жатқан қолын арең тартып алды. Уизлилердің жаңына қарай кетпек еді, бірақ Локхарт оны иығынан қапсыра құшақтап, өзіне тартты.

– Ханымдар мен мырзалар! – Жиналған топтың тынышталғанын күтті. – Не деген естен кетпес сәт десенші! Бағанадан орнымда отырдым, енді алдарыңызға шығып сөз сөйлейтін уақыт келген сияқты!

Хәрри бүтін «Флориш пен Блотс» дүкеніне менің қолтаңбам қойылған кітапты сатып алуға келген еken, бірақ мен оған тегін беремін (жиналған қауым қол соқты). Ол мына есіктен кіргенде алдынан нендей тамаша жаңалық шығарын білген жоқ (Локхарт Хәрридің иығынан ұстап сілкіп қалғанда баланың көзәйнеті мұрнының ұшына қарай сырғып кетті). Иә, Хәрри, «Менің сиқыр әлемім» кітабыма қоса саған арнап тағы бір тосынсый әзірлеп қойдым! Енді ол және оның сабактас достары менің сиқырымды өз көзімен көріп, куә болады. Ханымдар мен мырзалар, қыркүйектен бастап Хогуартс сиқыр мектебінде Зұлым сиқырдан қорғану сабағын мен жүргізетінімді мақтана хабарлаймын!

Жиналған топ шулап, қол соғып жатқанда Хәрри Гилдерой Локхарттың бар кітабына ие болып шыға келді. Ауыр кітаптарды әрен көтеріп топты жарып өтті де, жаңа қазанын ұстап түрған Жиннидің қасына келді.

– Мыналарды сен ал, – деді кітаптарды оның қазанына салып. – Өзіме сатып ала саламын...

– Бақыттан басың айналып түрған шығар, ә, Поттер?

Дауыс иесін Хәрри жазбай таныды. Басын көтергенде, әдеттегідей кекесін толы күлкімен сыйздана қараган Малфойды көрді.

– Әйгілі Хәрри Поттер. Дүкенге кіргені сол еken – суреті газеттің бірінші бетіне шығып үлгерді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Өзі сұранып түскен жоқ қой. Нең бар? – деді Жинни. Қасында Хәрри түрганда алғаш рет тіл қатуға шыдады. Малфойға ызалана қарап түр.

– Поттер, қызың бар екен гой, – деп кекетті Малфой.

Жинни нарттай қызарды. Сол сәт қастарына Локхарттың кітаптарын көтерген Рон мен Хәрмиона келді.

– А, сенбісің? – Рон Малфойды көргенде тезек басып кеткендей тыжырынды. – Хәрриді осы арадан көргеніңе таңғалып түрган шығарсың?

– Сені көргеніме одан бетер қайранмын, Уизли... Мына кітаптың ақысын төлеймін деп ата-анаң бір ай аш отыратын шығар.

Рон да қып-қызыл болып кетті. Қолындағы кітаптарды қазанға тастай сала Малфойға ұмтылды, бірақ Хәрри мен Хәрмиона екі жағынан жармасып, жібермей қойды.

– Рон! Не болды, оның не? – Егіз ұлын ерткен мистер Уизли бұларға қарай жүрді. – Мына жер тыншу болып кетті, далаға шығындар.

– Сабыр, сабыр, Артур Уизли.

Мистер Малфой да келе қалды. Ұлының иығына қолын қойып, дәл сол сияқты кекесінге толы құлқімен қарады.

– Люциус, – мистер Уизли салқын бас изеді.

– Министрлікте жұмыс қауырт деседі... Тексеріс көбейген...
Үстеме акы төлейтін шығар?

Ол Жиннидің қазанына қолын салып, Локхарттың жылтыр кітаптарының астында жатқан тым ескі, тозығы жеткен «Күбылтуға кіріспе» кітабын суырып алды.

– Төлемейтін анық... Ақынды дүрыстап алмасаң, сиқыршы атына кір келтіріп босқа әуре болудың не керегі бар?

Мистер Уизли балаларынан бетер қызарды:

– Сиқыршының абыройы жөніндегі пікіріміз бөлек, Малфой, – деді өні куренітіп.

ФЛОРИШ ПЕН БЛОТС

– Элбетте... – Мистер Малфой екі сиқыршының сөз таластырганын бақылап, көзі бақырайып тұрган Грейнджерлерге қарады. – Мынандайлармен бір жүрсөң... Абыройдан жүрдай болғаның көрініп тұр...

Мистер Уизли мистер Малфойдың жағасына жармасып, кітап сөресіне алып үрғанда Жиннидің қазаны сарт етіп жерге құлады. Сиқыр туралы кітаптар сатырлад жерге шашылды. «Әке, үрыңыз! Аяманыз!» деп Фред пен Жорж жанығып, қиқулап қояды. «Жоқ, Артур, босат!» деп миссис Уизли шырылдалп жұр. Дүкендердің жүрт сөрелерді қағып-соғып, кітаптарды құлатып, есікке жүгірді.

– Мырзалар, қойыңыздар, өтінемін! – деп шырылдауды сатушы. – Доғарыңдар, жетер енді...

Кітаптардың арасынан қорбандалп шыққан Хәгрид мистер Уизли мен мистер Малфойды ажыратып жіберді. Мистер Уизлидің ерні жырылған екен, ал мистер Малфойдың үстінен құлаған «Арамқұлақ энциклопедиясы» көзін көгертилті. Жиннидің құбылту кітабын әлі ұстап тұр. Оны қазандағы өзге кітаптардың жанына тастағанда көзінен бір зұлым үшкyn шашырады.

– Кітабыңды ал... әкең басқасын сатып әпере алмайды...

Хәгридтің уысынан қолын жүлкінып босатып алды да, ұлын ертіп дүкеннен шықты.

– Оған мән беріп нең бар еді, Артур, – деді Хәгрид мистер Уизлидің бір қолымен қолтығынан демеп түрғызып, мантаясын түзеп жатып. – Бұлар отбасымен пиғылды жаман екенін елдің бәрі біледі... Оның айтқанына құлақ асудың өзі артық. Қаны бұзылғандар ғой... Кеттік, далаға шығайық.

Сатушы олардың жолын бөгемек еді, Хәгридтің белуарына да жетпейтінін байқап, ойынан айнаңды. Көшеге шығып бір тыныс алғанда ерлі-зайыпты Грейнджер үрейден дірілдеп тұр еді, ал миссис Уизли ашудан жарылардай болды:

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Балаларыңа жақсы үлгі көрсөттің... жүртттың көзінше төбелесіп ... Гилдерой Локхарт не ойлады екен?

– Ол риза болды, – деді Жорж. – Біз кетіп бара жатқанда не дегенін естідің бе? Әлті «Күндізгі жарышыда» істейтін жігітке «мына төбелесті де мақалаға қосындар» деді.

«Тесік қазанға» қайтып келе жатқан топтың көңіл-күйі таңертеңгідей емес еді. Хәрри мен Уизлилер ұшыратын ұнтақпен үйге қайтуға ыңғайланды. Грэйнджерлер бұлармен қоштасып, пабтың басқа есігінен шығып, маглдарға арналған көшемен кетті. Мистер Уизли олардан автобус аялдамасы қалай жұмыс істейтінін сұрағысы келген, бірақ зайдының қаһарлық көзқарасын байқап, іркіліп қалды.

Ұшыратын ұнтақты көсіп алар алдында Хәрри көзәйнегін шешіп, қалтасына салды. Қиғаш көшеге енді бұлай келуте жүргегі дауаламас.

БЕСІНШІ ТАРАУ

ШАТАҚ ТАЛ

Xәрриге жаздың соңғы айы көзді ашып-жұмғанша өте шыққандай көрінді. Әрине, Хогуартсқа баратын күнді асыға күтті, бірақ досының үйінде қонақ болған уақыты – өміріндегі ең жарқын сәттердің бірі еді. Келер жылы Қынағаш көшесіне еріксіз қайта баратынын ойлап, Ронның өміріне қызығатын.

Қонақжай отбасымен қоштасар күні миссис Уизли көлкөсір дастархан жайып, Хәрридің сүйіп жетін асының бәрін әзірледі. Астан кейін тәтті сірне шарбатынан жасалған пудинг келгенде қонақтың көзі жайнап кетті. Кеш соңында Фред пен Жорж қызыл, көк түсті жұлдыздарды төбеде, қабырғада жартысағат жалт-жұлт билетіп, Филибустер отشاшуын шашты. Жатар алдында бәрі бір-бір шыны ыстық шоколад ішті.

Ертеңінде дайындыққа біраз уақыт кетті. Балалар тауық шақыра сала тұрды-ак, сонда да ештеңеге үлгермей. абыр-сабыр болды да қалды. Миссис Уизли күйгелектеніп таза шұлық пен қауырсын іздеді; қалай болса солай киінген балалар қытырлақ нанды асап, ары-бері жүгіріп, баспалдақта бір-біріне соғылды; мистер Уизли Жиннидің шабаданын көлікке сүйреп бара жатып қаңғырған тауыққа шалынып, мойнын үзе жаздады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри сегіз адам, алты үлкен шабадан мен екі үкі және бір тышқан кіп-кішкентай «Форд Англияға» қалай сыйар екен деп уайымдады. Әлбетте, мистер Уизли оның бәрін алдын ала ойластырып қойыпты.

Хәрри қасына келгенде «Молли біліп қоймасын» деп сыйбырлады да, жұксалғышты ашып, әлдебір түймешікті басқанда көліктің артқы бөлігі кеңейіп, шабадандар оп-онай сыйып кетті.

Бәрі жайғасып болған соң, миссис Уизли артына бұрылып, Хәрри, Рон, Фред, Жорж және Перси емін-еркін сыйып отырғанын көрді де: «Маглдар біз ойлағандай ақымақ емес екен. Сыртынан қарасаң, осынша адам сыймайтындаі көрінеді» деп таңданды. Жинни екеуі алдыңғы орындыққа отырды.

Мистер Уизли көлікті оталдырып, орнынан қозғалғанда, Хәрри артта қалған үйге қимай қарады. «Қайта көрем бе» деп ойлап үлгермеді, отағасы кері қайтуға мәжбур болды: Жорж оташағудың қорабын алмапты. Бес минуттан соң тағы оралды: Фред сыпыртқысын қалдырып кетіпті. Тасжолға шыққанда Жинни «қүнделігім үйде қалып кетті» деп бебеу-леді. Қүнделікті алып, көлікке қайта мінгенде пойызға кешігетіні анық болды. Бәрінің төзімі таусыла бастағанда мистер Уизли сағатқа бір, жұбайына бір қарады:

- Молли, қымбаттым...
- Жоқ, Артур.
- Ешкім көрмейді. Мына кішкене түймешікті бассам көзден таса боламыз, бүлттың үстіне шығып ұшамыз, ешкім байқамай қалады. Он минутта жетіп барамыз. Шын айтам, ешкім...

– Жоқ, Артур, тапа-тал түсте ұшпайсың!

Киңз-Кроссқа он бірге он бес минут қалғанда әрен жетті. Мистер Уизли жүк таситын арбаға ұмтылды да, сәлден соң бәрі бекетке қарай жүгіріп бара жатты.

ШАТАК ТАЛ

Хәрри Хогуартс экспресске былтыр бір мінген. Сиқыршылар маглдарға көрінбейтін $9\frac{3}{4}$ платформасына жетуі керек. Ол үшін тоғыз бен оныншы платформа арасындағы кірпіш дуалдан өту қажет. Одан жұтіріп өткенде еш жерің ауырмайды, бірақ маглдардың көзінше жоқ болып кеткенде асқан сақтық керек.

– Алдымен Перси өтсін, – деді миссис Уизли мазасы кете сағатқа қарағыштап. Он бірге бес-ақ минут қалыпты.

Перси бар күшін сала арбасын итеріп алға жұтірді де, жоқ болды. Одан кейін мистер Уизли мен егіз ұл кетті.

– Мен Жинниді алып өтемін, екеуің сонымыздан келіндер, – деді де, миссис Уизли қызын жетектеп жұтіре жөнелді. Дем арасында олар да жоқ болды.

– Бірге өтейік, бір минут қана қалды, – деді Рон Хәрриге.

Хәрри Хедуигтің торын шабадан үстіне жақсылап орналастырды да, дуалға қарай беттеді. Таң бөгеттен оп-оңай өтеріне еш күмәнданды, ұшыратын ұнтаққа қарағанда бұл әлдекайда оңай болатын. Екеуі арбаның тұтқасынан мықтап ұстаған күйі сәл алға ұмсына бере, жұтіре жөнелді. Міне, аз қалды...

ДҮНҚ ете қалды.

Екі арба тосқауылға соғылып, артқа ұшты. Ронның шабаданы арбадан түсіп қалып, Хәрридің аяғына соғылды, Хедуигтің торы ашылып, құс шаңқылдап ұшып кетті. Маңайдағы жұрт тегіс аңырып қарап қалыпты. Күзетшінің бірі «Әй, сендерге не көрінді?» деп айғайлады.

– Арбаға ие бола алмай қалдық, – деді Хәрри ауырған бүйірін сипалап. Рон Хедуигке ұмтылды, құс ұстаптай қашып, айналадағы жұрт балаларды құсқа жаны ашымайтын қатыгез атап, шулап кетті.

– Қалайша өте алмай қалдық? – деп сұрады Хәрри Роннан.

– Білмеймін.

Рон жан-жағына қарады. Талай адам бұлардан кез алмай қарап тұр.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Пойыздан қалатын болдық, – деді Рон сыйырлап. – Түсінбедім, өткел неге ашылмады?

Хәрри төбедегі сағатқа қарағанда жүрегі сыйдал кетті. Он секунд... тоғыз секунд... Арбасын қабырғаға тіреді де, бар күшін сала итерді. Жоқ, өте алмады. Үш секунд... екі секунд... бір секунд...

– Бітті... – деді Рон есенгіреп. – Пойыз кетіп қалды. Экем мен мамам бізben байланыса алмаса ше? Сенде маглдардың ақшасы бар ма?

Хәрри күліп жіберді:

– Қайдан болсын? Дұрслилер маған көк тының ұстаптайдын.

Рон тас дуалға құлағын төседі:

– Ештеңе естілмейді. Енді қайттік? Мамам мен әкем біз жоқ екенімізді байқап, тапқанша қай заман.

Екеуі жан-жағына қарады. Хедуиг қоймай шаңқылдай бергені жүрттың назарын аударып, бірен-саран жүргінші бұларға әлі қарап қояды.

– Машинаға барып отырайық, – деді Хәрри. – Әйтпесе елдің бәрі бізге қарап...

– Хәрри! – деді Рон көзі жанып. – Машина!

– Оған не болды?

– Хогуартсқа машинамен ұшып бара аламыз ғой!

– Бірақ...

– Басқа амалымыз бар ма? Мектепке қалай да жетуіміз керек қой. Кәмелетке толмаған сиқыршыларға аса қажет болғанда сиқыр қолдануға рұқсат етіледі, он тоғызыншы бап немесе Затқа шектеу...

Хәрридің уайымы қобалжұға ұласты:

– Жүргізе аламысың?

– Не қының бар дейсің, – деді Рон арбасын шығар есікке сүйреп бара жатып. – Тездет, Хогуартс экспрессті қуып же-тейік.

ШАТАК ТАЛ

Станциядан шығып, маглдардың таңдана қарағанынан күтүлді да, «Форд Англия» тұрған тұраққа келді.

Рон сиқыр таяқшасын сермел жүксалғышты ашты. Шабадандарын салды да, Хедуигті артқы орындыққа жайғас-тырып, өздері алдына отырды.

Сиқыр таяқшасымен көлікті оталдырған Рон Хәрриге біреу-міреудің көзіне түсіп қалмау үшін айналаны бақылап тұруды тапсырды. Хәрри терезеден қарады. Үлкен жолда көліктер кептеліп тұрғанымен, бұлардың көшесі бос екен.

– Жүре бер.

Рон басқару тақтасындағы кішкене күміс түймешікті басты. Сол сәт көлік ауаға сіңгендей гайып болды, демек, бұлар енді ешкімнің көзіне көрінбейді. Хәрри отырған орындығының дірілін сезді, қозғалтқыштың ғүрілін естіді, тізесінің үстінде жатқан қолын, мұрнының ұшына жетіп ілініп тұрған көзәйнегін де сезді. Бірақ мұның бірін де көрмеді, құдды бір көліктер кептеліскең көшениң үстінен ұшып бара жатқан қос қарашыққа айналғандай. Оң жағынан Ронның даусы естілді:

– Кеттік.

Көлік кекке көтерілді, төменде қалған сұргылт ғимараттар мен жер алыстай берді, сәлден соң тұтас Лондон оты жарқырап, тұтін жамылып, алақандағыдай болып қалды.

Кенет тарс еткен дыбыс шықты да, машина да, Хәрри мен Рон да қайтадан өз қалпына келді.

– Ал керек болса! – Рон түймешікті басып әуреленді. – Бұзылып қалды ма...

Екеуі түймешікті жанталаса кезек басты. Машина қайтадан көзден файып болды. Содан соң қайта көрінетін болды.

– Мықтап ұста! – деп айғайлады да, Рон бар күшін салып акселераторды басты. Көлік мамық бұлттың үстінен шыға келді, айнала түгел тұманданып, күңгірт болып, ештене көрінбей қалды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Енді қайттік? – деп сұрады Хәрри жан-жағынан қысып бара жатқан қалың үлт ішінде бірдене көрмек болғандай кезін жыптылықтатып.

– Қай бағытта жүретінімізді анықтап алу үшін пойызды табу керек, – деді Рон.

– Ендеше біраз төмендейік... Бол, жылдам...

Машина үлт арасынан шыққанда, ұлдар төменге телміріп, пойызды іздеді.

– Көрдім! – деп шаттана айғайлады Хәрри. – Әне, тұра алдымызда кетіп барады!

Хогартс экспресс төменде алқызыл жыланға үқсал ире-лендеп барады екен.

– Солтүстікке қарай, – деді Рон басқару панеліндегі компасқа қарап. – Жарты сағат, бір сағат сайын тексеріп отырайық. Мықтап ұста...

Көлік қайтадан үлтқа сұңгіп кетті. Сәлден соң жарқырап күн көрінді. Енді мүлдем жаңа әлемге кіргендей болды. Машина ақша үлт арасында жүзіп келеді, төбеде алтын күн сәуле шашып тұр, аспан көкпеңбек.

– Ұшаққа соғылып қалмасақ жарап еді, – деді Рон.

Екеуі бір-біріне қарап ыржиды, содан соң тоқтай алмай ұзақ күлді. Өздерін ертегі елінде саяхаттап жүргендей сезінді. Хәрри бұдан өткен тамаша саяхат болмас деп ойлады: үйілген мақтадай үлпа үлттүү кешіп келеді, күн шуағына малынған көліктің іші жып-жылы, жұксалғышты аш та, кәмпитетті аямай жей бер. Көзін жұмып, Хогартсқа жетіп, машинаны көгалға қойғанын, Фред пен Жорждың қызғана қарағанын елестетіп мәз болды.

Жарты сағат сайын сәл төмендеп, бағытты тексеріп отырды. Пойыз әлі солтүстікті бетке ұстап зымырап келеді екен. Әр төмен түскен сайын өзгеше бір көрініске куә болды. Лондон әлдеқашан артта қалған, шөбі біркелкі өскен жасыл

ШАТАҚ ТАЛ

алқаптан өтті, одан кейін мүк басқан батпақты алқап шықты, кішкентай шіркеуі бар ауылдар мен тұрлі-тұсті көліктері күжинаған үлкен қалалар көзге шалынды.

Бірнеше сағат осылай үшқан соң сапардың қызығы да басылайын деді. Ирис кемпитетті жеп-жеп күпті болды, шөл қысты, ал көлікте ішетін су жоқ. Рон екеуін жемпірін де шешіп тастады. Бірақ Хәрридің жейдесі орындықтың арқалығына жабысып қалғандай, ал көзәйнегі тершіген мұрнынан сырғи береді. Бастапқыдағыдай, бұлттың тұрлі-турлі пішінге енгенін де қызықтап қарамады, төменде зырылдап бара жатқан пойызда отырып, томпақ сиқыршы әйел сататын мұздай асқабақ шырынын ішкісі келді. Бұлар 9 $\frac{3}{4}$ платформага өте алмағаны қалай?

– Енді аз қалған шығар, қалай ойлайсың? – деп сұрады Рон бірнеше сағаттан соң. Күн еңкейіп, қызыл шапағын шашып, ұясына кіріп бара жатты. – Пойызды тағы бір тексеріп алайық.

Хогуартс экспресс дәл төменде, қар басқан жотадан асып барады екен. Күн көзі көрінбей, айнала күнгірт тартты.

Рон акселераторды басып, жоғары көтерілді, бірақ машина шайқалақтап, қозғалтқыштан шиқылдаған дыбыс шықты.

Балаларға бұл дыбыс ұнамады.

– Шаршаган шығар, – деп күбірледі Рон. – Бұрын бұлай алысқа жүріп көрген жоқ қой...

Айналаны тұтас қараңғылық басты. Машинаның шиқылы үдей тұсті, екеуі оны естісе де не істерін білмеді. Аспанда жұлдыздар жымынадады. Хәрри жемпірін киіп алды. Терезе тазалағыш қол бұлғаған адамша ары-бері теңселіп тұр екен – әлденеге наразы ма дерсін. Хәрри оны да елемеуге тырысты.

– Жақыннадық, – деді Рон. Хәрриге емес, машинаға айтып келе жатқан сияқты. – Шыда, енді аз қалды, – деп басқару тақтасын сипап қояды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Қайтадан төмен құлдилап, өздеріне таныс белгілерді іздеді.

– *Mine!* – деп Хәрри айғай салғанда Рон мен Хедуиг селк етті. – Тура жүр!

Төменде көл беті айнадай жалтырайды, одан биік тұрған жартаста Хогуартс қамалының мұнаралары меммұндалайды.

Бірақ машина қатты дірілдеп, баяулай бастады.

– Шыда, – деп жалынды Рон рөлді ұрғылап, – таяп қалдық...

Қозғалтқыш гүрілдеді. Қақпақтан бүркырап бу шықты. Көлдің үстінен өтіп бара жатқанда Хәрри орындықтың жақтауын шенғелдеп алғанын байқады.

Машина қатты шайқалды. Хәрри терезеден қарағанда тегіс қара айна тәрізді жалтырап жатқан суды көрді. Рөлді тас қып ұстаған Ронның саусағының ұшына дейін бозарып кетіпті. Машина тағы тербелді.

– Қойшы енді, – деді Рон.

Көлдің үстінен ұшып өтті.... дәл алда қамал көрінді... Рон тепкіні басты. Даңғырлаған дыбыс шықты да, қозғалтқыш мүлдем өшті.

– Ал керек болса....

Машина жерге құлдилады. Қамалдың тас қабырғасына қарай ұшып келеді.

– *Жооооқ!* – деп шыңғырды Рон рөлді айналдырып.

Қабырғаға сәл қалғанда биік арқага өтіп кетті, жылыштады мен бақшаның үстінен өтті. Көгал көрінді. Машина әлі төмендеп келеді.

Рон рөлді жібере салып, жалма-жан қалтасынан сиқыр таяқшасын шығарды.

– ТОҚТА! ТОҚТА! – деп айғайлады ол, басқару тақтасы мен терезенің әйнегін таяқшасымен сабалап. Бірақ машина құлдырай берді...

ШАТАҚ ТАЛ

– АҒАШТЫ БАЙҚА!

Хәрри рөлге жармасқанымен, үлгермеді...

ТАРС!!!

Машина ағашқа соғылды да, бар салмағымен дүңк етіп жерге құлады. Қисайып кеткен қақпағынан будақтап бу шығып жатыр. Хедуиг ашы үн шығара уілдеді, әйнекке басын соққаннан Хәрридің шекесі шодырайып ісіп шыға келді. Жанынан Ронның ыңқылдаған даусы естіледі.

– Рон, не болды?

– Сиқыр таяқшам... – Ронның даусы дірілдеп шықты. – Таяқшама қараши...

Сиқыр таяқшасы екі жерден сыныпты.

Хәрри «мектепте жөндөтіп аласың» демек болып аузын аша бере, үлгермей қалды. Машинаның өзі отырган қапталидан ашулы бұқаның сүзгеніндей бір қатты соққы тиді. Көзінің оты жарқ етіп, Ронның үстіне құлады. Екінші соққы да көп күттірмеді.

– Не бол жатыр?

Рон терезенің алдыңғы әйнегіне қарап, aһ үрдь. Абжыландай шиаратылған алып бұтақ иіріліп келіп машинаны үрдь. Бұлардың көлігі үстіне құлаған ағаш енді өздерін сабауға кірісіпті. Ағаштың діңі адам сияқты еңкейіп алған, ал бұтақтары машинаның сау-тамтығын қалдырмауға бекінген тәрізді.

– Аaaa! – деп айғайлады Рон.

Тоқтаусыз сабағаннан көліктің есігі майысып, ішке кіріп кеткен; сансыз бұтақ сабалағанда терезе әйнегі діріл қақты, төбеден қошқардың мүйізіндей иірілген бір бұтақ тарсылдатып жатыр...

Рон «Қашайық!» деп айғайлады да, бар салмағын қарсы есікке сала ұмтылды, бірақ ішіне тиген соққыдан екі бүктеліп, Хәрридің тізесіне құлады.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Күрыңдық! – деді ол көліктің төбесі майысып қалғанын көріп. Осы сәтте қозғалтқышқа жан бітіп, машина гұр етті.

– Артқа жүр! – деп айғай салды Хәрри, көлік кері бұрылды. Ағаш бұларды оңайлықпен жібергісі келмеді, иір бұтақтарымен қармап, уысына алуға тырысып бұлқынғанда тамырынан жұлына жаздады.

– Бір ажалдан қалдық, – деді Рон. – Жарайсың, көлігім.

Ал көліктің төзімі таусылса керек. Екі есік тырс етіп ашылғанда Хәрриге орындығы қисайғандай көрінді, бір қараса, сыз жерде жатыр. Дүңкілдеген дыбысқа қарап, машина шабадандарды лақтырып жібергенін аңғарды. Хедуигтің торы ұшып түсіп, ашылып кетті, құс артына бұрылып та қарамастан, ашулы үн шығарып шаңқылдап қамалға қарай ұшты. Мыж-мыжы шыққан, сырылған, тутіндең кеткен машина ызалы екенін бар болмысымен көрсетіп, қараңғыға сұнгіп жоғалды.

– Кері қайт! – деп айғайлады Рон сынық таяқшасын желліп. – Экем жанымды шығарады!

Бірақ машина тұтінін бір бұрқ еткізді де, көрінбей кетті.

– Мандайымыздың соры бес елі екен, – деп қынжылды Рон Қаспақты көтеріп алып. – Көп ағаштың ішінен дәл қуалап жүріп сабайтынына құлағанымызды айтсаңы.

Артына бұрылып, көрі ағашқа қараса, ол әлі де өш алуға ынтығып, бұтақтарын шайқап қояды.

– Жүр, мектепке барайық, – деді Хәрри. Даусынан әбден қалжырағаны сезіледі. Өкінішті-ак, қиялында елестеткендей сән-салтанатпен келу бүйірмалты. Әбден шаршаған, тоңған, таяқ жеп денесі көгерген балалар шабаданын сүйреп, емен есікке жақындалды.

– Салтанатты шара басталған шығар, – деді Рон. Шабаданын баспалдаққа қоя салды да, терезеден қарады. – Хәрри, қара, факультетке бөлу жүріп жатыр!

ШАТАҚ ТАЛ

Екеуі бірігіп Үлкен залда өтіп жатқан шараны терезеден тамашалады.

Ұзыннан-ұзақ жайылған төрт үстелдің үстінде сансыз шырақ жарқырай жаңып тұр, олардың сәулесімен алтын түстес ыдыстар да жалт-жұлт етеді. Мектеп залының сиқырланған төбесі даладағы аспанды айнадағыдай көрсетеді; окушылар әркез жұлдызды аспанды көріп отырады.

Хогартс мектебінің төбесі шошақ қалпағын киген бірінші сынып окушылары Үлкен залға үрпіп кіріп келе жатты. Хәрри Жинниді бірден таныды, Уизли әuletіне тән жирен шашты байқамау мүмкін емес. Көзәйнек таққан, шашын төбесіне түйіп алған профессор Макгонагал жаңа келген окушылардың алдына Білгіш қалпақты әкеліп қойды.

Жыл сайын осы тозған, жыртылып-жамалған, кір қалпақ бірінші сынып окушыларын Хогартстың төрт факультетіне (Грифиндор, Хафлпаф, Рәвенклө және Слизерин) бөлетін. Хәрри бір жыл бұрынғы жағдайды – қалпақты басына киіп, оның шешімін күткенде қатты қобалжып, толқығанын есіне алды. Өзін Слизеринге жібере ме деп қорықты (басқа факультетке қарағанда одан зұлым сиқырды жетік менгерген сиқыршылар көп шығады), Білгіш қалпақ ойланып-толғанып, мұны Хәрмиона, Рон және басқа Уизлилер оқитын Грифиндорға бөлді. Соңғы тоқсанда Рон екеуі Грифиндордың Мектеп біріншілігінде женіске жетуіне көмектесті. Жеті жылда алғаш рет Слизерин факультеті женістен күр қалды.

Шынашақтай ғана, сүр шашты бала қалпақ киүгө шықты. Хәрри оқытушыларға арналған дастархан басында отырган мектеп директоры профессор Дамблдорды көрді. Балаларды факультетке бөлу рәсімін тамашалап отырган қарияның күмістей ақ сақалы белуарына тұскен, жарты ай пішінді көзәйнегі шыраққа шағылысып жалт-жұлт етеді. Оған жақынырақ көгілдір мантия киген Гилдерой Локхарт отыр.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Үстелдің ең шетіне шашы мен сақалы өнірін жапқан алып Хәгрид жайғасыпты, өзі алдындағы тостаганнан жиі-жійі сіміріп қояды.

– Қара, – деп сыйырлады Хәрри Ронға. – Оқытушылар үстелінде бір орындық бос тұр...

– Снейп қайда?

Оқытушылардың арасында Хәрри профессор Северус Снейпті ұнатпайтын. Оның да Хәрриге елжірей қойғаны шамалы. Қatal, міншіл, езуінен кекесін арылмайтын, өз факультетінде (Слизерин) оқитындардан өзге ешкімге сүйкімі жоқ Снейп ішірткі жасаудан сабақ береді.

– Ауырып қалған шығар! – деді Рон үміттеніп.

– Әлде жұмыстан кетті ме екен? – деді Хәрри. – Биыл да Зұлым сиқырдан қорғану сабағы оған бұйырмапты.

– Мүмкін жұмыстан шығарып жіберген шығар, – деді Рон көзі жайнап. – Оны бәрі жек көреді рой...

– Немесе... – деді арттан естілген ызбарлы дауыс. – Ол екеуініз не себепті пойызбен келмегенізді білу үшін қаста-рыңызда тұрган болар.

Хәрри жалт бұрылды. Қара мантиясы желге желбіреп Северус Снейптің дәл өзі артында тұр. Ол ақсүр өнді, имек мұрынды, қара шашы май жаққандай жылтырап иығына түсіп тұратын арық адам еді. Кекете жымиғанына қарап Хәрри мен Рон жағдай аса қыын екенін шамалады.

– Соңынан ерініздер, – деді Снейп.

Бір-біріне қараута батылы бармаған балалар Снейпке іlestі. Жарқыраған кіреберіс залда әр дыбыс жаңғырып естіледі. Үлкен залдан жеткен тамактың хош іісі мұрын қытықтайды, бірақ Снейп екеуін жарық әрі жылы бөлмеден алысқа, жертөлеге аппаратын баспалдаққа әкетті.

– Kірініздер!

Есікті жартылай ашып, сүйк дәлізді нұсқады.

ШАТАҚ ТАЛ

Хәрри мен Рон дірдектеп, Снейптің кабинетіне кірді. Жарық түспейтін қабыргаға жағалай қойылған сөрелердегі ұлken шыны ыдыстарда сүйкімсіз бірденелер жүзіп жүр. Басқа уақта қызыға ұмтылар ма еді, бірақ қазір олардың не екенін білуге Хәрридің құлқы болмады. Алауошактағы от әлдеқашан сөніп қалыпты. Снейп есікті жапты да, екеуіне бұрылып, сыйдана сөйледі:

– Сонымен... әйгілі Хәрри Поттер мен адал досы Уизли пойызды менсінбейтін болған ба? Сән-салтанатпен *дүркірете* келмек болдыңыздар ма?

– Жоқ, сэр, Кинз-Кросста дуалдан өте алмай...

– Тыныш! Машинаға не істедіңіздер?

Рон тамағына тас тұрып қалғандай әрең жұтынды. Хәрри бұрын «Снейп адам ойын оқи алады» деп ойлайтын, бүтін тағы көзі жеткендей болды. Бірақ бірер сәттен соң, Снейп болған жайттың бәрін «*Кешкі жаршы*» газетінен біліп алғанын түсінді.

– Көзге түсіпсіздер, – деп ысылдаған оқытушы газеттегі тақырыпты көрсетті:

«КӨКТЕ ҚАЛЫҚТАҒАН «ФОРД АНГЛИЯ» МАГЛДАРДЫ ҚАЙРАН ҚАЛДЫРДЫ»

Мақаланы дауыстап оқи бастады: «Лондонда тұратын екі магл пошта мұнарасының үстінен ұшып өткен ескі машинаны көргенін айтады... Норфолк тұрғыны миссис Хетти Бейлисс оны күндіз кір жайып жатқанда көріпті... Пиблз тұрғыны мистер Ангус Флит полицияға хабарлады».

– Осындаған алты-жеті хабарландыру бар. Әкеңіз «Маглдардың бүйімдарын жөнсіз қолданбау» бөлімінде істемеуші ме еді? Өз баласы не булдіріп жүргенін қарашы...

Хәрриге бұл сөз ағаштан таяқ жегеннен де ауыр тиді. Мистер Уизли машинаны дуалағанын біреу-міреу білсе... ар жағын ойлаудың өзі сүмдыш...

– Көгалды қарап шыққанымда біз үшін аса құнды Шатақ талға қатты зақым келгенін байқадым, – деді Снейп.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Ол бізді қалай сабағанын білсеңіз ғой, – деді Рон шыдамай.

– Тыныш! Әттең, менің факультетімде емессіздер, әйтпесе екеуінізді тап қазір окудан шығарып жіберер едім. Бірақ сондай мүмкіндігі бар бақытты жанды шақырып келейін. Осында күтіңіздер.

Хәрри мен Рон бір-бірінің шүберектей ағарып кеткен жүзіне қарады. Хәрри тіпті қарны ашқанын ұмытып кетті. Жүргегі айнып, локсыды. Устелдің артындағы сөреде тұрган құтыға, оның ішіндегі лайсан жасыл суда жүзіп журген жылбықсы нәрсеге қарамауға тырысты. Снейп Грифиндорың деканы профессор Макгонагалды ертіп келсе, жағдайы жақсара қойmas. Ол кісі әділ, бірақ қаталдығы Снейптен кем емес.

Он минуттан соң профессор Макгонагалды ерткен Снейп оралды. Хәрри факультет басшысының ашуланғанын бірнеше рет көрген, бірақ жұқа ернін жымқырып тістенген түрін көрмеген бе, әлде ұмытып қалған ба...

Бөлмеге кірген бетте Макгонагал таяқшасын сермен қалды. Хәрри мен Рон шошып ығыса берген, бірақ профессор тек алауошақтағы отты қайта жағу үшін серменті.

– Отырындар! – Балалар отқа жақын тұрган орындыққа отырды. – Ал, сейлемендер!

Рон екеуінің қақпадан өте алмай қалғанынан бастап баяндады:

– ...Еш амалымыз болмады, профессор, пойызга үлгермей қалдық.

– Неге үкіден хат беріп жібермедіндер? Үкің бар емес пе? – Профессор Макгонагал Хәрриге шүқшиды.

Хәрри не дерін білмеді. Шынымен, неғып ойламаған?

– Есімнен шығып кетті...

– Ол үшін данышпан болу шарт емес, – деді профессор Макгонагал әр сөзін шегелеп.

ШАТАҚ ТАЛ

Осы кездे біреу есік қақты да, жүзі бал-бұл жанған Снейп аша қойды. Мектеп директоры, профессор Дамблдор екен.

Хәрри кірерге тесік таппады. Дамблдор әдегегіден де салмақты көрінді. Имек мұрнын көтеріп балаларға қарағанда, Хәрри «бұл жерде отырганша, Шатақ талдан таяқ жегенім жақсы еді» деп өкінді.

Біраз уақыт ұнсіздік орнады.

– Ал... себебін тыңдалап көрейік, – деді Дамблдор бір кезде.

Одан да айғайладап ұрысқаны жақсы еді. Даусынан кеңілі қалғаны байқалады. Хәрри оның бетіне қарай алмады, болған жағдайды тізесіне айтып бергендей, басын көтермей отырып баяндап шықты. Бір нәрсені ғана бүгіп қалды: сиқырланған машинаның иесі мистер Уизли екенін айтпады, «Рон екеуміз тұрақтан ұшатын машина тауып алдық» дей салды. Дамблдор мұның сөзіне сенбегені анық, бірақ қазбалап сұрамады. Хәрри әңгімесін аяқтағанда, директор байсалды күйінен танбады.

– Барып затымызды жинайық, – деді Рон күрсініп.

– Не деп тұрсыз, Уизли? – Профессор Макгоналдың үні қатаң шықса да, ашуланғанға ұқсамайды.

– Мектептен шығаратын шығарсыздар, – деді Рон.

Хәрри Дамблдорға қарады.

– Бүгін шығара қоймаспыз, бір жолға кешіреміз, мистер Уизли, – деді директор. – Бірақ басбұзарлық жасағандарың естерінде болсын. Бүгін отбасыларыңа ескерту хат жіберемін. Тағы осындай жағдай қайталанса, мектептен шығарамыз.

Снейп думанының шырқы бұзылған адамдай тыржиды. Ол тамағын қырнап алды да, сөйлей бастады:

– Профессор Дамблдор, бұл балалар – Кәмелетке толмағандардың сиқыр жасауын шектеу заңын бұзды, көне әрі аса құнды ағашқа закым келтірді... әлбетте, мұндай әрекетке жаза қолданбау...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Оларды жазалауды профессор Макгонагалға тапсыра-
йық, – деді Дамблдор сабырға шақырғандай. – Грифиндордың
басшысы ретінде өзі шешім қабылдасын. – Содан соң про-
фессор Макгонагалға бұрылды: – Мерекелік шараға барайын,
Минерва, сөйлейтін сөзім бар ғой. Жүрініз, Северус, балқаймақ
кремі бар торттан ауыз тиейік.

Снейп екеуіне оқжыландаі қадалып бір қарады да, каби-
неттен шықты. Хәрри мен Рон енді ашуы әлі тарқамаған
профессор Макгонагалға телмірді.

– Уизли, сіз ауруханаға баруыңыз керек, шекенізден қан
ағып тұр.

– Кішкене ғана ғой, – деді Рон маңдайын жеңімен сүртіп. –
Профессор, қарындастым қай факультетке түскенін көрсем...

– Іріктеу рәсімі аяқталып қойды. Қарындастың да
Грифиндорға түсті.

– О, жақсы болды!

– Грифиндор демекші...

Хәрри профессордың сөзін аяқтатпай килігіп кетті:

– Профессор, сабақ әлі басталған жоқ қой, машинаны
рұқсатсыз айдағанымыз үшін факультеттен үпай шегермейтін
шығарсыз?

Профессордың қабағы әлі қату болғанымен, сәл-пәл күлім-
сірегендей көрінді. Әйтеуір, жымқырылған ерні жазылыпты:

– Грифиндордан үпай шегермеймін... – Балалар «үһ» деді. –
Бірақ екеуінізді жазасыз қалдырмаймын.

Хәрридің үстінен ауыр жүк түскендей болды. Дамблдор-
дың Дурслиерге хат жазғаны жанына батпайды. Бұл Шатақ
талдың астында жанышылып өлсе де, олардың қабырғасы
қайса қоймас.

Профессор Макгонагал таяқшасын Снейптің үстеліне қарай
сермел қалғанда сендуич толы тәрелке, асқабақ шырыны
қүйілған екі үлкен шыныаяқ *пайда* болды.

ШАТАҚ ТАЛ

– Тамақ ішіндер де, жатын бөлмеге барындар. Мен де мере-
келік шараға кеттім.

Есік жабылғанда Рон қиқу салды.

– Хогуартспен қоштастық па деп едім, – деді сендуичті
қомағайланған асап.

– Мен де солай ойладым.

Хәрри де қалыспай тамақты бас салды.

– Бізді қалай қырсық шалды? – деп таңырқады Рон тамақ
толы аузы балпылдаған. – Фред пен Жорж машинамен бес-алты
рет ұшқан шығар, бір де бір магл оларды көрген жок. – Тауық
етін қарбыта асады. – Қақпадан неге өте алмай қалдық?

Хәрри иығын қиқаң еткізді:

– Енді әр қадамымызды абайлап басу керек... – Мұздай
асқабақ шырынын рахаттана сімірді. – Мерекеден қалдық...

– Өзгелердің көзіне түскенімізді қаламады, – деді Рон. –
Мыналарды қара, машинамен ұшып келді деп қызығады ғой...

Тамақты орталаган сайын өздігінен толып қалатын табақ-
тағы сендуичтен жеп әбден тойған соң, екеуі Грифиндор
мұнарасындағы бөлмесіне беттеді. Қамал тып-тыныш екен,
мерекелік шара бітсе керек. Қабырғаға ілінген портреттер
сыбырласып, серілердің сауыты салдырлап тұр; тас баспал-
дақпен көтеріліп, Грифиндор мұнарасына апаратын есіктің
алдына келді. Есікті қызығылт жібек көйлек киген Дәу ледидің
портреті күзеттегін.

– Құпиясөз? – деп сұрады ол бұлар қасына жеткенде.

– Ммм...

Грифиндор серкесін әлі көрген жоқ, жаңа құпиясөзді бұлар
білмейді. Абдырап тұрғанында көмек келе қалды. Анадайдан
асыға басып келе жатқан Хәрмионы көрді.

– Осында екенсіндер ғой! Қайда жүрсіңдер? Ұшатын
көлікпен келіп, оны шағып тастаганы үшін мектептен шығып
кетті деген сөз тарап жатыр.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жо-жоқ, шығарған жоқ, – деді Хәрри.

– Неге жүрт қатарлы емес, ұшып келгендерінді айтамысындар? – Хәрмионаның даусы профессор Макгонагалдікінен аумай қалды.

– Тыңақтамай қоя түршы, – деді Рон. – Жаңа құпиясөзді айтып жібер.

– Қараторғай! Ал сендерге келсек...

Бірақ Хәрмиона сөгіс жариялад үлгермеді. Есік ашылғанда, шапалақтан құлақ тұнды. Грифиндор оқушылары түгел жиналғандай: ортақ бөлме балага толы, бәрі бұлардың келуін күтіп отырса керек. Бір топ бала қолын созып, Хәрри мен Ронды портреттің саңылауынан жұлдып алды. Хәрмиона әрең кірді.

– Тамаша! – деп айғайлады Ли Жордан. – Керемет! Саяхат деп осыны айт! Машинамен ұшып келген! Шатақ талға соғылған! Мұны жүрт жүз жыл аңыз қылып айтып жүреді!

– Жарайсың! – деп мақтады Хәрри бұрын сөйлесіп көрмеген бесінші сынып оқушысы. Енді біреу марафонда жеңіске жеткендей арқасынан қақты. Фред пен Жорж топты жарып өтіп қастарына келіп: «Бізді неге шақырмадындар?» деп сұрады. Рон қызыарып, тәмен қарады. Хәрри топ ішінен бұлардың әрекетіне титтей де қуанбаған бір адамды байқады. Бірінші сынып балаларының артында түрган Перси кимелеп алға шығып келеді. Бұлардың қасына келіп, біраз ақыл айттыны айдан анық. Хәрри Ронды тұртіп, ағасын көрсетті. Рон дереу жол тауып кетті:

– Шаршадық, бөлмеге барайық...

Екеуі жатын бөлмеге аппаратын баспалдаққа бетtedі.

– Қайырлы түн! – деді Хәрри Персиге ұқсап түнеріп түрган Хәрмионаға.

Баспалдаққа жеткенше оқушылар кезек-кезек бұлардың қолын алып, арқасынан қақты. Жоғары көтеріліп, есіктің алдына келгенде «Екінші сынып» деп жазылғанын көрді.

ШАТАҚ ТАЛ

Көзге ыстық шеңбер тәрізді дөңгелек бөлмеге кірді.
Шымылдық тұтылған биік тәсегіне жетті... Шабадандарын
әлдекім әкеліп, төсектің қасына қойыпты.

Рон Хәрриге қарап жымың-жымың етеді:

– Біздікі дұрыс емес, әрине, дегенмен...

Бөлменің есіргі ашылып, сыныптастары Симус Финиган,
Дин Томас пен Невил Ұзынбұт кірді.

– *Адам сенгісіз...* – деп тамсанды Симус.

– Күшті... – деді Дин.

– *Фажап!* – деп бас шайқады Невил.

Хәрри өзіне ие бола алмай, ыржындалап күле берді.

* * * * *

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

* * * * *

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

Ертеңінде Хәрридің құлуге мүршасы болмай қалды. Рон екеуінің жаза өтегі Улкен залға кіргеннен басталғандай. Ұзыннан-ұзақ қойылған төрт дастарханға сұлы ботқасы салынған шұңғыл тәрелкелер, қакталған балық, үйілген қытырлақ нан, жұмыртқа мен шұжық салынған ыдыстар қойылышты. Балалар төбеге қарағанда аспанды бұлт торлап, түнеріп тұрғанын көрді. Хәрри мен Рон «Қансорғышпен сапарлас болғаным» кітабын оқып отырған Хәрмионаның жанына жайғасты. Бұлардың сәлеміне Хәрмиона ернін әрең жыбырлатты, соған қарағанда реніші әлі басылмаған. Ал үнемі бір бәлеге үрынып жүретін ұмытшақ, торсық бет, томпақ бала – Невил Ұзынбұт екеуіне мәз болып қарады:

– Қазір пошта келетін шығар. Әжем ұмытып кеткен заттарымды салып жіберем деген.

Хәрри тамағын енді ала бергенде, залдың іші құсқа толып кетті. Үкілер үстелдерді айнала ұшып, балалардың алдына хат тастай бастады. Невилдің төбесіне ораулы үлкен бір зат құлады.

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

Хәрмионаның ішіп отырған сүтіне сұр түсті бір нәрсе құлап, балалардың үстіне сүт пен қауырсын шашырады.

– Эррол!

Рон үкіні ыдыстан шығарып алды. Екі аяғы көктен келіп, есінен танып қалған Эрролдың тұмсығына қысқан қызыл конверті бар екен.

– О, Құдайым...

– Тұқ етпейді, ол әлі тірі, – деді Хәрмиона Эрролды саусағының ұшымен түртіп.

– Ол емес, мынаны айтам...

Рон қызыл конвертті көрсетті. Хәрри үшін бұл хаттың өзгелдерден ерекшелігі жоқ еді, бірақ Рон мен Невил жарылатын бомба көргендей шошынды.

– Не болды? – деп сұрады Хәрри.

– Ол... анам... бақырауық жіберіпті, – деді Рон әрең сөйлеп.

– Жылдам аш, Рон, – деді Невил сыйырлап. – Ашпасаң тіпті жаман болады. Эжем бірде осындаи хат жіберген, ашпай қойғам ғой, соңында не болғанын көрсөн...

Хәрри олардың абыржыған түріне бір, конвертке бір қарады:

– Бақырауық деген не?

Рон жауап беруге шамасы келмей, бір шеті тұтіндей бастаған хаттан көз алмады.

– Ашсанышы, – деді Невил. – Әйтпесе қазір...

Рон қалтыраған қолын созып, Эрролдың тұмсығынан хатты алғып, аша бастады. Невил екі қолымен құлағын басты. Хәрри оның себебін сәлден соң түсінді. Үлкен залдың қабырғасын тітірете бір үн шыққанда бірдене жарылды ма деп ойлады.

– ... ДАМБЛДОРДАН ӨТКЕН ТУНІ ХАТ КЕЛДІ, ӘКЕҢ ҰЯТТАН ЖЕРГЕ КИРЕ ЖАЗДАДЫ. САҒАН ОСЫНДАЙ БОЛ ДЕДІК ПЕ? ХӘРРИ ЕКЕУІҢ ӨЛІП ҚАЛСАНДАР, ҚАЙТЕР ЕДІК?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри өз атын естуге іштей дайын еді, сонда да құлақты жаардай ашы дауысты естімеген адамға үқсап төмен қарап отыра берді.

– ...МАСҚАРА ЖАҒДАЙ... ЖҰМЫСЫНДА ӘКЕҢ ТЕРГЕУТЕ ТҮСТИ, ОНЫҢ БӘРІНЕ СЕН АЙЫПТЫСЫН... ТАҒЫ БІР ТӘРТІП БҰЗСАН – ДЕРЕУ УЙГЕ ҚАЙТАСЫН!

Шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнады. Қызыл конверт Ронның қолынан жұлынып шығып үстелге түсті де, лапылдан жанып, күлгे айналды. Хәрри мен Рон орнында қаққан қазықтай қатып қалды. Окүшылардың біразы бұларға қарап құлді, бірақ сәлден соң қайтадан өзара күбірлесіп кетті.

Хәрмиона «Қансорғышпен сапарлас болғаным» кітабын жапты да, Ронға қадала қарады:

- Онай құтылам деп пе едің?
- Сыбагамды алдым ғой, табаламашы, – деп бүркүлдады Рон.

Хәрридің тамағынан ас өтпей қалды. Өзін айыпты сезініп, көnlілі алай-дулей болды. Мистер Уизли жұмысында жазаға тартылмақ. Жаз бойы мұны тұған баласындай мәпелеген адамдардың басын бәлеге қалдырды...

Ары қарай ойлануға шамасы келмеді, профессор Макгонагал Грифиндор окүшылары отырған үстелге келіп, сабак кестесін таратты.

Хәрри кестеге қарап, алғашқы екі сабак қатарынан Хафлпафтықтармен бірге Өсімдіктануға баратынын көрді.

Хәрри, Рон, Хәрмиона ушеуі қамалдан шығып, бақшаны кесіп өтті де, сиқырлы өсімдіктер өсетін жылжайға қарай жүрді. Бақырауықтың бір пайдасы тиңді: Хәрмиона бұлар сазайын әбден тартты десе керек, қабағы ашылып, жүзі жадырай бастады.

Жылжайға жеткенде сыртта профессор Спраутты күтіп тұрған өзге окүшыларды көрді. Бұлар қатарға енді қосылғанда оқытуши да көрінді. Жанында Гилдерой Локхарт бар.

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

Профессор Спрауттың қолындағы дәкені көріп, кешегі оқиға есіне түскен Хәри алыстағы Шатақ талға қарады. Ағаштың зақым келген бұтақтары әр түсынан дәкемен шандып байланыпты.

Профессор Спраут дембелше келген, аласа бойлы, толық әйел еді; сиқыршылар киетін шошақ төбелі қалпағы әбден тозған, киіміне үнемі топырак, балшық жұғып жүреді. Ал тырнағының астындағы кірді көрсе, Петуния апай шалқасынан түсер. Оның қасында көгілдір ақық түсті мантия киген Гилдерой Локхарттың сән-салтанаты көзге ұрып тұр, сарғыш жіппен көмкерген көгілдір қалпағы астынан толқынданған сары шашы желбірейді.

– О, амансындар ма! – Локхарт окушыларға қарап мәз болды. – Профессор Спраутқа Шатақ талды емдеу жолын көрсетіп келе жатқан бетім. Әрине, бұл кісі Өсімдіктануды маған қарағанда нашар біледі деп ойлап қалмақыздар. Бар-жоғы, саяхат кезінде осындағы экзотикалық өсімдіктерді көп көргем...

– Бүтін үшінші жылышайға кіреміз! – деді оның сөзін бөле профессор Спраут. Әдеттегідей көнілді емес, қабагы солғын.

Балалар қуанып кетті. Бұрын олар сабакты тек бірінші жылышайда өтетін. Ал нағыз қызық әрі қауіпті өсімдіктер үшінші жылышайда өседі. Профессор Спраут белдігіне ілінген үлкен кілтпен есікті ашты. Хәри топырактың сыз иісін, тыңдайтқыштың, төбеден салбырап тұрған қолшатырдай алып гүлдердің исін сезді. Достарымен бірге ішке кіріп бара жатқанда Локхарт шынтағына жармасты:

– ХӘРРИ! Саған айттар сөзім бар. Профессор Спраут, ол сабакқа сәл кешігіп кірсе қарсы болмассыз?

Профессор Спрауттың түйілген қабағынан қарсы екені көрініп-ақ тұр, бірақ Локхарт «Көп раҳмет» деп, есікті жаба салды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Хәрри, – деді Локхарт, таңданған адамдай басын шайқап, маржандай тісін көрсете ыржиды. – Хәрри, *Хәрри*.

Хәрри не дерін білмей, ештеңе түсінбей, Локхарттың бетіне қарады.

– Иә, мұның бәріне мен кінәлімін. Естігенде жанымды қоярға жер таппадым.

Хәрри оның нені түспалдаپ тұрғанын ұқпай басы қатты. Сұрамаққа оқтала бергенде, Локхарт өзі сейлемеп кетті:

– Айран-асыр болғанымды жасыра алмаймын. Хогуартсқа машинамен ұшып келіпсің! Неге олай істегенінді бірден түсіндім. Ұқпайтын несі бар? Хәрри, *Хәрри, Хәрри!*

Сейлемей тұрсаң да маржандай тісінді түгел жарқыратып көрсете алу да бір өнер болса керек.

– Танымал болсам деген құлшынысыңды арттырдым ғой? Атақкүмарлық дертіне шалдықтың. Екеуміз бірге газеттің бірінші бетіне шыққан соң тағы атынды шығару жолын іздедің.

– Ой, жоқ, профессор, біз...

– Хәрри, Хәрри, Хәрри! – Локхарт мұны иығынан қапсыра құшақтады. – *Түсінем ғой*. Әлбетте, атақтың дәмін бір татқан соң тоқтау қыын... сені соған баулығаныма айыпптымын... Өзіңе ие бола алмай қалдың. Бірақ, досым, есінде болсын: машинамен ұшып келудің керегі жоқ еді, атақты болудың басқа әдісі де жетерлік. Енді абайлап жүр. Өскен сайын мүмкіндігің де артады. Иә, иә, басыңа қандай ой келгенін білемін! «Әрине, бұған оңай, бүкіл әлемге танымал сиқыршы ғой» деп тұрсың. Бірақ он екі жасымда мен де сен сияқты елеусіз ғана бала едім. Жоқ, сен ол кездегі менімен салыстырғанда әжептәуір танымалсың. Сен туралы естігендер көп шығар деп ойлаймын. Өзіміз-білетін-әлгімен кездескенінді айтам. – Хәрридің шекесіндегі найзағайға ұқсайтын тыртығына қарады. – Әрине, мендей,

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

«Сиқыршылар апталығының» «Ең тартымды құлкі» жүлдесін бес рет алғанға жетпейді, әйтсе де, *Хәрри*, бұл тек бастамасығана, *кіріспе десек болады*.

Хәрриге көзін қысты да, жөніне кетті. Хәрри біраз уақыт есенгіреп тұрды, содан соң сабак өтіп жатқаны есіне түсіп ішке кірді.

Профессор Спраут бөлме ортасындағы ағаш орындықтың қасында тұр екен. Орындықтың үстінде жиырма шақты түрлітүсті құлаққап жатыр. Хәрри достарының қасына кеп отырды.

– Бүгін мандрагора көшіреміз. Оның қандай өсімдік екенін кім біледі? – деп сұрады профессор Спраут.

Хәрмиона қол көтергенде ешкім таңғалмады.

– Мандрагора – денсаулықты қалпына келтіретін өте күшті дәрілік өсімдік, – деді Хәрмиона окулықты жаттап алған адамдай судыратып. – Ол құбылтуға ұшыраған немесе дуаланған адамды өз қалпына келтіру үшін қолданылады.

– Тамаша. Грифиндорға он үпай, – деді оқытушы. – Мандрагора уды тойтаратын көптеген дәрінің құрамына қосылады. Бірақ оның зияны да бар. Кім біледі?

Хәрмиона қолын шошаң еткізгенде шынтағы Хәрридің мұрнына тиіп, көзәйнегін ұшырып түсіре жаздады.

– Мандагораның шыңғырғанын естіген адам тіл тартпай кетеді.

– Дәл солай. Тағы он үпай иелендің. Ал біздің алдымызда жатқан мандрагоралар әлі тым жас.

Профессор алдында тұрган шұңғыл ыдысты нұсқады, балалар жақсырақ көру үшін жақынырақ барып тұрды. Әр қатарда жүзге тарта қызығылт-жасыл түсті ұсақ түйін қатарласа өсіпті.

Хәрриге олардың әдеттегі өсімдіктен еш айырмасы жоқ көрінді, Хәрмиона айтқан «мандрогораның шыңғырғаны» туралы ештеңе білмейді екен.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бәрің құлаққап тағындар, – деді профессор Спраут.

Қызылт түсті мамық тубіті барын ешкім таққысы келмей, балалар құлаққапқа таласып қалды.

– Құлаққап тағындар дегенімде, құлақтарың толық жабылғанына көз жеткізіндер, – деді профессор. – Шешуге болатын кезде саусағымды көтеріп, белгі беремін. Қане, құлаққап *тағындар!*

Хәрри құлағын бастыра құлаққап тағып алды. Тырс еткен дыбыс естілмейді. Профессор Спраут қызылт тубіт құлаққапты өзі тақты да, мантиясының жеңін түріп, бір өсімдікті топырақтан сурырып алды.

Топырақтан өсімдіктің тамыры емес, кішкентай, балшыққа былғанған, ұсқынсыз шақалақ атып шыққанда, Хәрри таң-тамаша болды. Тәбесінен шаш орнына жапырақ өсіп тұр. Теңбіл денесі ашық жасыл түсті, өңешін жырта шырылдал жатқаны түрінен көрініп тұр.

Профессор Спраут үстел астынан үлкен құмыра шығарып, мандрагораны соған салып, үстінен тыңайтқыш қосылған топырақпен бастырып тастады. Сәлден соң тек жапырағығана қылтиған өсімдік қалды. Профессор жұмысын бітіріп, бас бармағын көтергенде бәрі құлаққабын шешті.

– Біздің мандрагора әлі кішкентай, олардың шыңғырғаны адам өлтірмейді, – деді ол гүлге су құйған адамдай жайбарақат сөйлеп. – Дегенмен оның даусын естігендер бірнеше сағат керең болып қалады. Оқудың бірінші күні тұк ести алмай отырған жаман ғой. Сондықтан жұмыс кезінде құлаққапты дұрыс тағуға мән беріндер. Бәрің шаруанды бітіргендеге ғана шешіндер деп белгі беремін. Төрт адамнан бірігіп, бір құмыраға көшіріндер, топырақты мына қаптардан аласындар.

Соны айтты да, ұзын қармауышын жыбырлатып, иығына өрмелеп бара жатқан қою қызыл түсті өсімдікті қағып жібергенде, өсімдік қармауышын тартып алды:

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

– Улы тентакуладан сақтаныңдар, шағып алмасын.

Хәрри, Рон мен Хәрмиона бір құмыраға барды, оларға Хафлпафта оқитын бүйра шашты бала қосылды. Хәрри оны сырттай танитын, бірақ сөйлесіп көрмеген. Өзі бір жайдары бала екен.

– Жастин Финч-Флетчли, – деді Хәрридің қолын қысып. – Сені танимын, әйгілі Хәрри Поттер... ал сен барлық сабақтан үздік оқитын Хәрмиона Грейнджер (Хәрмионаның жүзі жайнап кетті) және Рон Уизли. Үшатын машина сенікі гой?

Рон бетін тыржитты. Бақырауық хатты әлі ұмытпаса керек.

Жұмысты бастағанша Жастиннің аузы жабылмады:

– Локхарт сүмдышқа екен, – деді айдаһар тезегін құмыраға толтырып жатып. – Неткен батыр адам! Кітаптарын оқыдыңдар ма? Телефон үйшігі қасында құбыжық қасқырга тап болсам, қорыққаннан жүрегім жарылып кетер еді, ол болса былқ етпеді... шайқаса кетті де, жеңіп шықты... *ғажап!* Негізі, ата-анам мені Итонға жібермек болған, бірақ Хогуартсқа шақырту алғанымға қуаныштымын. Басында анам біраз қапаланды... содан соң мен оған Локхарттың кітаптарын оқуға бердім. Бір отбасына жақсы білім алған бір сиқыршы керек екен деді...

Осы жерде оның әңгімесі үзілді. Бәрі құлаққап тағып, жұмысқа кірісті. Профессор Спраут көрсеткенде оп-оңай сияқты еді, шын мәнінде тым қыын екен. Мандрагоралар басында үйренген орнынан шыққысы келмей, шыққан соң басқа құмыраға көшіруге көнбей қырылыш салды. Бұлқынып, аяғын тырбындастып, өткір тісін батырып қалғысы-ақ келді. Хәрри балпанақтай біреуін құмыраға отырғызам деп он минут терледі.

Сабак соңында оқушылар ынқылданап, терлеп, үсті-басы топыраққа былғанып, шаршал шықты. Қамалға кіріп,

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

жылдам жуына сала, грифиндорлықтар Құбылту сабағына асықты.

Профессор Макгонагалдың сабағы онсыз да оңай болмаған, бірақ бүтін ерекше қызын көрінді. Хәрри былтыр үйренген дүниесінің бәрін бір жазда ұмытып қалған сияқты. Балалар қонызды түймеге айналдыруды үйренуі керек еді, бірақ Хәрридің қонызы сиқыр таяқшадан қашуды үйреніп жүргендей бұлт-бұлт етіп ұстаптай қойды.

Рон бұдан бетер қиналды. Сабак алдында біреуден сиқыр таспа алып, таяқшасын шандып қойған, бірақ жөндемін деп одан бетер бұлдіріп алған сияқты. Орынды-орынсыз шытырлап, жарқылдай береді, Рон қонызды түймеге айналдыру үшін сермен қалғанда қою тұтін шығып, шіріген жұмыртқаның иісі мұнқіп кетті. Тұтіннен ештеңе көрмей қалған Рон байқаусызда қонызды мыжып өлтіріп қойып, басқасын сұрап, профессор Макгонагалды бір ашуландырып алды.

Тұскі асқа шақырған қонырау соғылғанда Хәрри арқасынан ауыр жүк түскендей «уһ» деді. Сөлін сығып алған жемістей құр сүлдері қалды. Оқушылар сынныптан шығып кеткенде Хәрри таяқшасымен алысқан Ронды тосып бөгелді.

- Пайдасыз... ақымақ...
- Үйіңе хат жазсаңшы, басқасын жіберсін, – деді Хәрри таяқшадан шыққан үшқынға қарап.
- Иә, тағы бір бақырауық жіберер, – деді Рон таяқшаны сөмкеге тығып жатып. – «Өзіңнен көр!» – деп бақырауықтың даусын келтіре шиқылдады.

Үлкен залда Хәрмиона Құбылту сабағында жасап алған әдемі түймелерін көрсетіп мақтанғанда Ронның қабағы одан бетер түксиді.

- Түстен кейін қандай сабак? – деп сұрады Хәрри әңгімені басқаға бұрмақ болып.

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

– Зұлым сиқырдан қорғану сабагы, – деп тақ ете қалды Хәрмиона.

– *Неге Локхарттың сабагының түсінің жүрекше салып қойғансың?* – деп сұрады Рон оның кестесіне қарап.

Хәрмиона қызырып кетіп, кестесін тартып алды.

Түскі астан соң балалар даға шыққанда сүр бүлт торлаған аспан түнеріп түр екен. Хәрмиона баспалдаққа отыра қалып «*Қансорғышпен сапарлас болғаным*» кітабын ашып, бас көтермей оқи бастады. Хәрри мен Рон куидич туралы әңгімеге кірісті.

Сөлден соң Хәрри өзіне біреу көз алмай қарап түрғанын байқады. Басын көтерсе, бірінші күні Улken залға сығалап қарағанда Білгіш қалпақты киіп отырғанын көрген сүр шашты кішкентай бала бұдан көз алмай қадалып қалыпты. Қолында маглдардікі сияқты фотоаппараты бар. Хәрри оған қарағанда нарттай қызарды.

– Хәрри, ренжімеші... Есімім... Есімім – Колин Криви. Мен де Грифиндорда оқимын. – Даусы тұтығып шықты. Имене басып, бұларға жақыннады. – Суретке түсуге қарсы емессің бе? – Қолындағы камерасын меңзегендеге жүзінде үміт үшқыны қылаң берді.

– Суретке? – Хәрри түсінбегендей, қайталап сұрады.

– Сонда сені көргеніме ешкім күмәнданбайды. – Колин Криви шыдамсыздана тағы бір қадам жасады. – Сен туралы бәрін білемін. Осындағы достарым айтып берді. Өзің-білетін-әлгі сені өлтірмек болғанын, кейін оның жоғалып кеткенін, шекенде тыртық қалғанын (Хәрридің шекесіне қадалып қарады) білемін. Суретті арнайы ішірткіге салсам, ол қозғалады екен, бірге тұратын балалар айтты. – Колин масаттана сөйлемді: – Осында оқу деген керемет қой, иә? Үйде жүргенде өзім түсінбейтін әрекеттер жасайтынмын, сиқыршы екенімді Хогуартстан хат келгенде ғана білдім. Әкем – сүт сатушы, ол

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

әлі күнге сенбей жүр. Сондықтан оған жіберейін деп көп сурет түсіріп жүрмін. Сенің де бір суретің болса қатып кетер еді. – Колин Хәрриге өтіне қарады. – Екеуміз қатар тұрсақ, досың түсіріп жібере ме? Содан соң қолтаңба бересің бе?

– Фотосына қолтаңба қойып жатыр ма? Енді фотоға қолтаңба қоятын болғансың ба, Поттер?

Драко Малфойдың кекесінге толы даусы аулада жаңғырып естілді. Ол Колиннің артын ала келіп тұра қалды, қасында әдеттегідей түріне қарасаң қарақшы деуге лайық екі досы Креб пен Гойл бар.

– Кезекке тұрындар! – деп айғайлады Малфой. – Хәрри Поттер суретіне қолтаңба қойып береді.

– Қолтаңба қойып жатқам жок, – деді Хәрри кіжініп. – Малфой, үнінді өшір.

– Ішің күйіп бара ма? – деді Колин. Өзі алып Кребтің қасында шынашақтай ғана көрінеді.

– *Ішім күйіп?* – деп сұрады Малфой. Енді айғайламаса да болатын, маңына біраз адам жиналышп қалды. – Несін қызғанайын? Шекемде сүйкімсіз тыртық болғанын қалайды деймісің? Басым жарылса, елден ерекше боп кетем деп ойламаймын.

Кreb пен Gойl есуас адамша ыржалактады.

– Шырышты ұлу жұт, Малфой, – деді Рон ашуланып. Кreb күлкісін доғарып, добалдай қолының саусағын сыйырлатты.

– Абайла, Уизли, – деп мысқыллады Малфой. – Анаң келіп, мектептен алып кеткенін қаламайтын шығарсың. Даусын шиқылдатып, мазақтай бастады: – *Тағы бір тәртіп бұзсаң...*

Слизериндіктер бұған қарқылдап күлді.

– Уизли де қолтаңбасы бар сурет алғысы келеді, Поттер. Ондай бір суреттің бағасына оның үйі келетін шығар.

Рон сынық таяқшасын көтере беріп еді, Хәрмиона «Қансорғышпен сапарлас болғаным» кітабын жапты да, «Тыныш!» деп сыйырлады.

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

– Не болды, мұнда неғып тұрысндар? – Бұларға қарай көгілдір мантиясының шалғайы желбіреп Гилдерой Локхарт келе жатыр екен. – Кім суретке қолтаңба береді дейсіндер?

Хәрри аузын ашам дегенше Локхарт келіп иығынан құшақтап, өзіне тартты:

– Сұрамасам да болар еді! Хәрри, тағы жолықтық!

Локхарттың құшағынан шыға алмай, жерге кірердей үялған Хәрри Малфойдың мырс етіп кері бұрылғанын көрді.

– Мистер Криви, қысылмаңыз, – деді Локхарт ақсия күліп. – Бірден екі суретке ие боласыз, екеуміз де қолтаңба қойып береміз.

Колин фотоаппаратын реттеп, суретке түсіріп болғанда түстен кейінгі сабактар басталғанын білдіріп қонырау шырылдады.

– Сабаққа жүріндер, – деді Локхарт, өзі қамалға Хәрримен бірге аяңдады. Оның қолын ысырып тастаудың амалын таппаған Хәрри көзден ғайып болып кететін дуаны білмегеніне қапаланды.

– Хәрри, қандай дана шешім қабылдағанымды көрдің ғой, – деді Локхарт үнінен қамқорлық есіп, екеуі қапталдағы есіктен кіріп бара жатқанда. – Сыныптастарың алдында сені бір масқарадан алып қалдым, әйтпесе бәрі «Хәрри Поттер дандайсып кеткен» деп ойлаушы еді...

Хәрри мұрын астынан бірдене мінгірлегеніне Локхарт құлақ аспады. Екеуі дәлізден өтіп бара жатқанда бұларға тесілген көз көп еді.

– Даңқ жолына енді түстін, Хәрри, қолтаңба беретін денгейге әлі жеткен жоқсың. Досың ретінде соны ескерткім келеді. Уақыты келгенде мен сияқты бір бума суретінді алып жүретін боласың... – Әлі сампылдарап сейлеп келеді. – Әзірше ертерек...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Сынып бөлмесіне жеткенде Хәрри оның құшағынан әрең сыйылып шығып, ең артқы орындыққа барып отырды да, Локхарттың жеті кітабын алдына қойып, тасасына тығылды.

Басқа оқушылар да кіріп, Рон мен Хәрмиона Хәрридің қасына жайғасты.

– Бетің өрттен шыққандай алаулап түр, жұмыртқа қуырып жесе болар, – деп тиісті Рон. – Криви Жиннимен бірігіп алмасын, екеуі Хәрри Поттердің фан-клубын құрап.

– Тыныш! – деді Хәрри. Локхарт Ронның соңғы сөзін естіп қалмады ма деп зәресі үшты.

Оқушылар тегіс жиналғанда Локхарт жеткірініп еді, сынып іші тынши қалды. Ол алға бір қадам басты да, Невил Ұзынбүттың үстелінде жатқан «Трольмен бірге өткен саяхат» кітабын қолына алып, сондағы суретін көрсетті.

– Мен, Гилдерой Локхарт (кітаптағы портретіне ұқсан көз қысты), үшінші санатты Мерлин орденінің иегері, Зұлым қүшке қарсы курес лигасының құрметті мүшесі және «Сиқырышылар апталығының» «Ең тартымды күлкі» жүлдесінің бес мәрте иегері екенімді еске салайын... Бірақ қазір әңгіме ол туралы емес. Бандон Баншимен шайқасқанымда оны жъимиып жендім дей алмаймын!

Локхарт әзіліне бәрі мәз болып күледі деп күткенімен, екі-үш оқушы ғана езу қисайтты.

– Кітаптарымды бәрің сатып алғаныңды көріп тұрмын, жарайсындар. Бүгін шағын емтихан тапсырасындар. Қорықпандар... кітаптарды қаншалықты оқып, не үққандарынды тексерсем деймін...

Қағазды таратып болып, орнына отырды да:

– Жарты сағат уақыт беремін. Қанекей, *бастаңдар!* – деді. Хәрри қағазға қарап, сұрактарды оқи бастады:

1. Гилдерой Локхарт қай түсті үнатады?
2. Гилдерой Локхарттың ең асқақ арманы не?

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

3. Сіздің ойынызша, Гилдерой Локхарттың қазірге дейінгі ең ұлы жетістігі не?

Үш парақтың екі бетіне осындағы сұрақтар тізбектелген, ең соңындағы сұрақ мынадай екен:

54. Гилдерой Локхарттың туған күні қашан жөне оған үнайтын ең тамаша сыйлық не?

Жарты сағаттан соң Локхарт қағазды жинап алғып, көз жүгіртіп қарап шықты.

– Япырмай... сүйікті түсім ақшыл қулғін екенін ешкім білмегені ме? «*Йетимен бірге өткен бір жыл*» кітабында айтып едім. «*Құбызық қасқырмен бірге әлемді аралағаным*» кітабын да мұқият оқуларын керек – он екінші тарауда туған күніме қалайтын ең тамаша сыйлық «*сиқыршылар мен маглдардың бейбіт өмір сүргені*» деп бадырайтып жазғанмын. Әлбетте, Огденнің отты вискиінен бас тартпас едім!

Локхарт өзіне тән мәнермен тағы бір көз қысты. Рон енді Локхартқа күмәндانا қарай бастады; бұлардың алдында отырған Симус Финиган мен Дин Томастың жотасы бүлкіл-деп, күлкісін әрең тыйып отырғаны байқалады. Хәрмиона, керісінше, оқытушыны ынта-шынтастымен тыңдады, өз есімі аталғандаған есін жиды.

– ...Әйтеуір, мисс Хәрмиона Грейнжер ғана ең асқақ арманымды біледі екен – әлемді зұлым қүштен арылтып, шаш күтіміне арналған сусабын шығарғым келеді. Жарайсың! – Локхарт қолындағы қағазды парактады. – Ең жоғары үпай қоямын! Мисс Хәрмиона Грейнжер қайда?

Хәрмиона дірілдеп, қолын әрең көтерді.

– Тамаша! Керемет! Грифиндорға он үпай қостым! Енді сабағымызға оралайық.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ол еңкейіп, үстелдің астынан бетіне шүберек жабылған торшығарды.

– Абай болындар! Менің міндегі – сиқыр әлемінде кездесетін қаскөйлерге қарсы құресуді үйрету! Бүтін сондай албастының бірін көресіндер. Қорықпаңдар, мен барда ешкім сендерге зиянын тигізбейді. Сабыр сақтаңдар.

Хәрри алдындағы кітаптарды ысырып, тордағы нәрсені көруге ынтықты. Локхарт тордың бетіндегі жамылғысын сыпырыға ыңғайланды. Дин мен Симус құлкісін доғарды. Алдыңғы қатарда отырған Невилдің көзі үрейге толды.

– Тек айғайламаңдар, – деді Локхарт сыйырлап. – Әйтпесе бұлар құтырып кетеді.

Оқушылар демін ішіне тартып күтті.

– *Міне*, – деді Локхарт жамылғыны салтанатты түрде сыйырып. – *Жақындаған қолға түскен Корнуел шиқылдақтары*.

Симус Финиган өзіне ие бола алмай қалды. Оның құлкісі қорыққан адамға ұқсамай тұрғанын Локхарт та аңғарды:

– Не болды? – деп жымиды Симусқа қарап.

– Олар... тіпті де қауіпті емес қой, – деді Симус қулкіге бұлығып әрең сейлеп.

– Олай деме! – Локхарт саусағын безеді. – Бұларды осал жау көрмендер!

Шиқылдақтар қою кек түсті екен, әрқайсының бойы шамамен жиырма сантиметр болар; өздері жарысып шиқылдағанда балалардың құлағы тұнды, даусы сондай ашы екен. Олар торда айнала ұшып, ары-бері тәңкөріліп, тынымсыз қозғалып жүрді, кейбірі мойнын созып, алда отырған бала-ларға ұмтылды.

– Ал, қанекей, өнерлерінді көрейік!

Локхарт тордың қақпағын ашты.

Сол сәт балалар күтпеген сүмдүқ басталды да кетті.

ГИЛДЕРОЙ ЛОКХАРТ

Шиқылдақтар зымыран тәрізді жан-жаққа бейберекет бытырлап ұша жөнелді. Екеуі Невилге жармасып, құлағынан көтеріп жоғары алып ұшты. Тағы біразы оқтайды, тerezені шағып өткенде, артта отырғандарға әйнектің сынығы тиді. Қалғаны айналаның бәрін күл-талқан етіп жайпауга көшті, қас пен көздің арасында қирамаған зат қалмады. Олар дәуіттерді лақтырып, сынып ішіне сия шашты, кітап-дәптердің бәрін қидалап тастады, қабыргадағы суретті құлатты, қоқыс шелегін төңкерді, окулықтар мен сөмкені тerezеден лақтырды. Бес минуттан соң окушылардың бәрі үстел астында қалтырап отырды, тек Невил ғана аспашамға ілініп, төбеден аяғы салбырап тұрды.

– Неге қорқып қалдындар... әшейін шиқылдақтар емес пе? – деді Локхарт.

Білегін сыйбанып, сиқыр таяғын сермен:

– *Пексипикси пестерноми!* – деп айғайлады.

Бірақ сиқырсөздің дым әсері болмады. Шиқылдақтың бірі Локхарттың таяқшасын жұлып алып, тerezеден лақтырып жіберді. Локхарт сасқалақтап өзі де үстелдің астына сұнгіп кетті. Онысы ақыл болған екен: сәлден соң аспашам үзіліп, Невил дәл профессор тұрған жерге құлады.

Қоңырау соғылғанда балалар жанталасып шығар есікке жүгірді. Сәл тыныштық орнағанда Локхарт орнынан тұрып, есікке беттеген уш досты көрді де:

– Ушеуің мыналарды қайтадан торға кіргізіндер, – деп бұйырып, өзі зып беріп есіктен шығып кетті.

– Оған әлі сенесің бе? – деп сұрады Рон Хәрмионадан, шиқылдақ тістеп алған сырғалығын ауырсына сипап.

– Ол біздің өмірімізге жетер тәжірибе алғанымызды қалайды, – деді Хәрмиона.

Содан соң Мұздату сиқырын қолданып, екі шиқылдақты қатырды да, торға салды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– *Өмірімізге жетер тәжірибе?* – деп күйінді Хәрри, тілін шығарып билеп жүрген шиқылдақты ұстамақ болып ұмтыла бере. – Хәрмиона, ол не істеп не қойғанын өзі де білмейді.

– Бос сөз, – деді Хәрмиона. – Кітаптарын оқыдындар ғой... небір керемет сиқыр жасаған...

– Әйтеуір, өзі жасадым дейді ғой, анығын кім білсін, – деп күбірледі Рон.

ЖЕТИНШІ ТАРАУ

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР Дауыс

Хәрри енді Гилдерой Локхарттың көзіне түспеуге тырысып, оқытушыны көрген бетте тығыла қалатын болды. Ал Колин Кривиден құтылу оңай емес екен, ол тіпті мұның сабақ кестесін жаттап алған сияқты. Қайда барса да сопаң етіп шыға келеді де, жаңа көргендей «Хәрри, қал қалай?» деп амандасады, «Сәлем, Колин» деген немқұрайлы жауаптың өзіне төбесі көкке жеткендей қуанады.

Хедуиг машинамен ұшып кеп, талға соғылғалы бері Хәрриге ренжіп, қырын қарап жүрген. Ронның таяқшасы сол күйі жөнделмелді, кейінгі кезде иесіне бағынбай кететінді шығарды. Жұма күні Сиқырсөз сабагында Ронның қолында тұрып, өздігінен құйтақандай қарт профессор Флитуиктің маңдағына ата бастады. Ұшқын тиген жерде бүлкілдеп әлдебір жасыл нәрсе қалады. Осының бәрінен мезі болған балалар демалысты зарыға күтті: үшеуі сенбі таңертен Хәгридке барамыз деп келіскен.

Таңғы тәтті үйқысын бұзып біреу жұлқылап ояты. Грифиндор куидич командасының капитаны Оливер Ууд екен.

– Не болды? – деп сұрады Хәрри үйқысын аша алмай.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жаттығуға барамыз! Бол, тұр!

Хәрри терезеге қарады. Алқызыл таң шапағы әрек байқалады, көкжиекті жүқа тұман түмшалапты. Құстар жарыса сайрап, өн сайысын өткізіп жатқандай. Хәрри соған да оянбағанына таңғалды.

– Оливер... Күн енді шығып келеді ғой...

– Дұрыс айтасың!

Алтыншы сыныпта оқитын Оливер Уұд ұзын бойлы, мығым денелі бозбала. Қазір көзі оттай жанып, құлшынысы тасып тұр екен.

– Бүгіннен бастап жаңа бағдарлама бойынша жаттығамыз. Сыпыртқынды ал да, сыртқа шық. Басқа командалар ұйықтап жатқанда дайындыққа кірісеміз... Биыл міндетті түрде бірінші орын алудың мүмкіншілігін көрек!

Ұйқысын аша алмай маужырап, есінеген күйі Хәрри төсектен тұрып, куидичке киетін мантиясын іздеді.

– Жарайсың! – деді Уұд. – Он бес минуттан соң алаңға кел.

Команданың қызыл мантиясын киіп, тоңып қалмау үшін сыртынан далбагай жамылған Хәрри Ронға ескертіп хат жазып қалдырыды. Содан соң ортақ бөлмеге түсіп, «Нимбус-2000» сыртынан алды. Дәу ледидің портретінен шығуға ыңғайланған бергенде арттан бір сырдыр естілді. Фотоаппаратын мойнына асқан Колин Криви шырышқа баспалдақтан түсіп келеді екен, қолында бір заты бар.

– Хәрри, баспалдақта біреу сенің атынды атағанын естідім! Мынаған қарашиб! Суретті өндегем, саған көрсетуге әкелдім...

Хәрри көңілі соқласа да, Колиннің меселін қайтармай, суретке қарады. Локхарт жанталасып, біреуді қолынан тартқылап, суретке түсіп жатыр екен. Хәрри қол өзінікі екенін таныды. Суреттегі бейнесі Локхартқа барынша қарсыласып жатқанын байқап, көңілі көтеріліп қалды. Бұған шамасы жетпеген Локхарт шаршап, суреттің шетіне құлады.

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДАУЫС

– Қолтаңба қоясың ба? – деп сұрады Колин үміттене қарап.

– Жоқ! – Хәрри маңайда ешкім жоқ екеніне көз жеткізбек болып жан-жағына қарады. – Колин, кешір, куидич жаттығуына бара жатырмын.

Ол портреттегі саңылаудан өтті. Колин де соңынан қалмай жанталасып саңылаудан өтті:

– Рас па? Мен де барайыншы! Куидич ойынын ешқашан көрмегем!

– Жаттығудың еш қызығы жоқ, – деді Хәрри.

Бірақ Колин бұған құлақ аспады, көзі жайнап, есіл-дерпті ойынға ауғаны түрінен көрінеді:

– Хәрри, сен соңғы жүз жылдағы ең жас ойыншысың ғой? Солай ғой, иә? Керемет ойнайтын шығарсың. Мен әлі ұшып көрген жоқтын. Қын емес пе? Мынау өз сыпыртқың ба? Бәрінен мықты шығар?

Хәрри одан қалай құтыларын білмеді. Қөлеңкесі сейлеп келе жатқан сияқты.

– Куидичтің шартын әлі білмеймін. Төрт доппен ойналатыны рас па? Оның екеуі ұшып журіп, ойыншыларды сыпыртқыдан аударып түсірмек болады дейді ғой?

– Иә, – деді Хәрри күрсініп. Куидичтің күрделі ережесін тәптіштеп түсіндіріп жатқысы келмеді. – Олар бладжер деп аталады. Әр командада екі қорғаушы бар, олар ойыншыларды бладжердің соққысынан қорғайды. Грифиндордың қорғаушылары – Фред Уизли мен Жорж Уизли.

– Басқа доптар не үшін қажет? – деп сұрады Колин. Хәрридің аузына қараймын деп баспалдақта сүрініп, жығыла жаздады.

– Куофл деп аталатын үлкен қызыл доппен гол соғамыз. Әр команданың шабуылшылары куофлды бір-біріне өткізіп, шенбер қақпаға соғуға тырысады. Ұзын сырыйққа орнатылған сондай үш шенбер бар.

– Төртінші доп...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Ол – алтын снитч. Өзі кіп-кішкентай, өте жылдам үшады, оны қолға түсіру қыын. Қақпақылдың міндегі – снитчті қағып алу. Снитч қолға түспейінше ойын аяқталмайды. Қақпақыл снитчті үстап алғанда командасына жұз елу үпай әкеледі.

– Сен Грифиндордың қақпақылысың ғой? – Колин Хәрриге бұрынғыдан да тәнті болып қарады.

Екеуі қамалдан шығып, көгалға жақынады.

– Иә, – деді Хәрри. – Ойында қақпаши да бар. Ол қақпаны қорғайды. Бар болғаны осы.

Бірақ куидич алаңына жеткенше Колиннің сұрағы таусылмады, Хәрри одан киім ауыстыратын бөлмеге кіргенде ғана күтүлді.

– Жақсы орынға отырып, ойын тамашалаймын, Хәрри! – деп артынан мәз бола айғайлаған Колин трибунаға беттеді.

Грифиндор командасының өзге мүшелері киім ауыстыратын бөлмеде екен. Команда капитаны Уұдтен өзгесі әлі қалғып-мұлгіп, үйқысын аша алмай отыр. Фред пен Жорждың шашы үйпа-түйпа, көзі ісіп кеткен; олардың артында төртінші сынып окушысы Алиса Спиннет қабырғаға сүйеніп қалғып отыр. Оның қасындағы шабуышылдар – Кәти Белл мен Анжелина Жонсон есіней береді.

– Хәрри, қайда жүрсін? – деді Уұд даңғырладап. – Алаңға шықпай тұрып жаңа жаттығу бағдарламасымен таныстырайын. Жаз бойы әзірледім. Осы бағдарламамен жүрсек, жеңіске оңай жетеміз деп ойлаймын...

Уұд куидич ойыны бейнеленген үлкен тақтаны ілді, оны түрлі-түсті сиямен ары-бері сыйып, айқыштап тастапты. Таяқшасын алып, тақтаны түртіп қалып еді, сыйзбадағы сыйықтар жауынқұрттай жыбырлай бастады. Уұд жаңа әдісті түсіндіруге кіріскенде Фред Уизли басын Алиса Спиннеттің ишінән сүйеп, қорылға басты.

Бірінші тақтаға сыйылған әдісті түсіндіруге жиырма минут

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДаУЫС

кетті, бірақ оның астында тағы екі тақта бар екен. Капитан сейлеп жатқанда Хәрри үйқымен алсып отырды.

Таңғы ас туралы тәтті қиялға беріліп көзі жұмыла бергенде Уұдтің саңқылдаған даусынан оянып кетті.

– Сонымен... түсінікті ме? Кімнің қандай сұрағы бар?

– Менің сұрағым бар, – деді үйқысы ашылған Жорж. – Кеше сергек кезімізде неге түсіндірмедің?

Уұд сұрақты жақтырмады.

– Тыңдандар! – деді ашуланып. – Былтыр қуидич кубогында жеңіске жетпедік. Шынында өте мықты командаамыз. Өкінішке қарай, турлі кедергілер болды...

Хәрри төмен қарады. Былтыр шешуші матч ойналғанда бұл ес-түссіз ауруханада жатқан. Команда қақпақылсыз ойнап, үш жұз жылдағы ең сойқан жеңілістің дәмін татқан.

Уұд қанша сабырлы болуға тырысқанымен, сол сәтсіздікті намыс көретіні түрінен байқалып тұр:

– Биыл бұрынғыдан әлдеқайда жақсы дайындалуымыз керек... Сөзден іске көшетін кез жетті!

Уұд сыйыртқысын алды да, командасын бастап алаңға шықты. Басқалар әлі есінеп, аяғын санап басып келеді.

Бұлар киім ауыстыратын бөлмеде ұзақтау отырған сияқты, сол арада күн жарқырап шығып, тұман сейіліпті. Хәрри алаңға шыққанда орындықта отырған Рон мен Хәрмионаны көрді.

– Ойын әлі бітпеді ме? – деп таңданды Рон.

– Әлі басталған да жок, – деді Хәрри достарының қолындағы қытырлақ наң мен мармеладқа қызыға қарап (олар таңғы асын ішіп бір-ақ шықса керек). – Уұд ойынның жаңа ережесін түсіндірді.

Сыйыртқысына мінді де, ақырындан әуеге көтерілді. Таңғы салқын ауа бетін желпіп, үйқысы да ашылды. Қуидич алаңына қайта оралғанын сезіп, бойын қуаныш көрнеді.

Сыйыртқысын ызғытып Фред пен Жоржды қуып жетті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Шытырлаған дыбыс қайдан шығып тұр? – деп сұрады Фред жан-жағына қарап.

Хәрри көрермендер отыратын жаққа қарады. Колин жоғарыға шығып алып, сыртылдатып суретке түсіріп жатыр екен, бос стадионда фотоаппараттың шытыр-шытыр еткені жаңғырып естіледі.

– Хәрри, бері қара! Бері қарашы! – деп айғайлады ол мәз болып.

– Мынауың кім? – деп сұрады Фред.

– Білмеймін, – деді де, Хәрри Колиннен барынша алысырақ жүргүте тырысты.

– Не болып жатыр? – деп сұрады Уұд бұларды қуып жетіп. – Мына бірінші сынып оқушысы неге суретке түсіріп тұр? Бізге мұндай пысықайлар керек емес. Слизериннің тыңшысы шығар, жаңа жоспарды біліп алмақ қой...

– Жоқ, ол Грифиндорда оқиды, – деді Хәрри.

– Слизеринге тыңшы керек емес, Оливер, – деді Жорж.

– Оны қайдан білесін?

– Қара, өздері келе жатыр.

Жасыл мантия киген, сыпыртқысын сүйреткен бірнеше адам алаңға бет алды.

Уұдтің каны басына шапты:

– Бұл не сұмдық! Бүтін тек біз ойнайтын болып рұқсат алғанмын! Жүріндер, сөйлесейік бұлармен!

Бойын ашу кернеген капитан жерге шапшаң қонам деп құлап қала жаздады, қарсыластарына беттегендеге теңселіп бара жатқаны көрінді. Оған Хәрри мен егіз Уизли ілесті.

– Флинт! – Уұд Слизериннің капитанына айғайлады. – Бүтін аланда біз жаттығамыз! Сол ушін ерте тұрдық! Команданды ал да, қаранды батыр!

– Уұд, алаң бәрімізге жетеді, – деді Уұдтен әлдеқайда денелі Маркус Флинт кекете ыржыып, сол кезде түрі трольге үқсан кетті.

ҚАРАҚАН ЖӨНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДаУЫС

Капитанның жанына Анжелина, Алиса мен Кэти келіп қосылды. Слизерин командасында қыздар жоқ. Екі жақ бетпе-бет тұра қалды.

– Мен бүгін ойнауға аланды алып қойдым! – деді Уұд ашудан жарылардай болып. – Арнайы рұқсатым бар!

– Мейлі, – деді Флинт. – Бізге де профессор Снейп арнайы рұқсат қағаз жазып берді: «Мен, профессор Снейп, Слизерин командасының жаңа қақпақылын үйрету үшін куидич алаңында жаттығуға рұқсат беремін».

– Жаңа қақпақыл? Қане?

Ірі денелі алты бозбаланың тасасынан бозғылт өнді, сүйір иек бала суырылып алға шықты. Езуінде баяғы кекесін күлкі. Бұл Драко Малфой еді.

– Люциус Малфойдың ұлымысың? – деп сұрады Фред балаға жақтырмай қарап.

– Драконың әкесін атағаның дұрыс болды, – деді Флинт. Бұл кезде слизериндіктер түтег ыржындал қулді. – Ол бізге қандай сыйлық жасағанын қарашы.

Жетеуі бірдей қолын алға созды. Жап-жаңа сыпypyткылардың «Нимбус – 2001» деген алтын жазуы күн көзіне шағылышып жалтырайды. Флинт мақтанып, өз сыпypyткысын қарсыласының танауына тақады.

– Ең соңғы үлгі. Шыққанына бір ай ғана болды. Бұған дейін сатылған «Нимбус екі мыңнан» әлдеқайда мықты. Ал бұрынғы «Мұнтазсыпypyрға» келсек... («Мұнтазсыпypyр-5» сыпypyткысын ұстап тұрган Фред пен Жоржға менсінбей қарады) мұның қасында шаң сұртуге ғана жарайды.

Грифиндорлықтар табан астында ұтымды жауап қайтара алмай аңтарылып қалды. Езуі құлағына жетіп ыржиган Малфойдың көзі әрең жылтырайды.

– О, қарандар, – деді Флинт. – Қарсыластар көмек шақырып үлгеріпті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бұлардың тұрысынан сезіктенген Рон мен Хәрмиона алаңға шығыпты.

– Не болды? – деп сұрады Рон. – Неге ойнамайсындар? Мынау неғып жүр? – Слизериннің куидич мантиясын киіп алған Малфойға қарады.

– Слизериннің жаңа қақпақылымын, Уизли, – деді Малфой мұрнын шүйіріп. – Әкем әперген сыпypyтқыны тамашалап тұрмыз.

Рон жеті су жаңа сыпypyтқыға сұқтана қарады.

– Әдемі ғой, иә? – Малфой жаны ашыған адамдай көлгірсіп сөйледі. – Грифиндордан ақша жинап көрсөндерші, жаңа сыпypyтқа алуға жетіп қалар. Әйтпесе «Мұнтазсыпypyрды» аукционға шығарындар, музейлер таласып алатын шығар.

Слизериндіктер қарқылдай күліп, стадионды басына көтерді.

– Есесіне грифиндорлықтар ешқашан орынды сатып алған емес, – деді Хәрмиона әр сөзін шегелей айтып. – *Бұл командаға* әр ойыншы қабілетіне қарай қабылданады.

Малфойдың өңі бұзылып кетті:

– Саған кім сөз беріпті, қарақан неме!

Аяқ астынан бәрі шу ете қалғанда Хәрри Малфойдың ете жаман сөз айтқанын ұқты. Сол сәт тап берген Фред пен Жорждан қорғау үшін Флинт Малфойды денесімен қалқалады, Алиса «Қалай дәтің барды!» деп айғайлады; Рон таяқшасын сұрып, «Малфой, сазайынды ал!» деп сермен қалды.

Стадионды жаңғырта әлдене жарылғандай қатты дыбыс шықты да, таяқшаның ұшынан жасыл ұшқын бүрк етіп, Ронның өзінің ішіне тиіп, шалқасынан түсірді.

– Рон! Еш жерін ауырмады ма? – деп шынғырды Хәрмиона.

Рон жауап бермек болып аузын ашып еді, үні шықпады. Оның орнына локсып қалғанда аузынан бірнеше шырышты ұлу атып шықты.

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДаУЫС

Слизериндіктер күлкіден жарыла жаздады. Флинт екі бүктеліп, көзінен жас аққанша құлді, сыпыртқысы болмағанда жерге жата қалып домалағандай екен. Малфой жерге құлап, жұдырығымен жер тоқпақтап құлді. Грифиндорлықтар аузынан үлкен шырышты ұлулар бірінен соң бірі шығып жатқан Ронды қаумалай жиналды. Жақынырақ баруға ешкімнің батылы жетпеді.

– Оны Хәгридке апарайық, жақын ғой, – деді Хәрри Хәрмионаға. Екеуі Ронды қолтығынан сүйеп қорықшының үйіне бет алды.

– Хәрри, не болды? Не болды? Ауырып қалды ма? Сен оны емдей аласың ғой? – деп сұрағын жаудырып Колин де жетті. Үшеуінің ар жак, бер жағына шығып, фотоаппаратын көзделеп секендең жүр. Рон күшене лоқсып, бірнеше ұлу құсты.

– Оoo! – Колин мәз болып, камерасын көтерді. – Хәрри, оны тұра осылай ұстап түршы!

– Колин, жолдан былай түр! – деді Хәрри ашуланып. Хәрмиона екеуі Ронды сүйемелдеп, Тыйым салынған орманға қарай алып жүрді.

– Жақындал қалдық, Рон, – деді Хәрмиона қорықшының үйшігі көрінгенде. – Кішкене шыда... аз қалды...

Хәгридтің үйіне бес метрдей қалғанда есіктен біреу шықты, бірақ үй иесіне ұқсамайды. Көгілдір түсті мантия киген Гилдерой Локхарт екен.

– Тез, тығылайық! – Хәрри жанушыра, Ронды бұтаның түбіне қарай сүйреді. Хәрмиона құлықсыз сонынан ерді.

– Қалай істейтінің білсөніз түк қыындығы жоқ! – деп айғайлады Локхарт Хәгридке. – Көмек керек болса, шақырыңыз! Кітабымның бір данасын беріп жіберем, әлі оқымағаныңыз ұят екен! Бүтін қолтаңбамды қойып, беріп жіберейін. Сау болыңыз!

Соны айтты да, алшандай басып қамалға беттеді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Локхарт көзден таса болғанда Хәрри Ронды жетектеп Хәгридтің есігінің алдына келді. Балалар есікті қатты қақты.

Хәгрид қабагынан қар жауып түнеріп түр екен, бірақ бұларды көргенде дереу жадырап сала берді:

– Өй сендер ме... кіріндер... болындар... әлті профессор Локхарт тағы келді ме десем...

Хәрри мен Хәрмиона Ронды сүйемелдеп табалдырықтан өткізді. Алыптың үйшігі өзі бір бөлме ғана, оның жартысын дәу төсек алған. Алауошақта от жанып түр. Хәрри Ронды орындыққа отырғызып жатып, басынан өткен жағдайды тездетіп айтып шықты. Бұлар сияқты емес, Хәгрид үлудан шошынбады.

– Іште қалғанша сыртқа шыққаны жақсы, – деді де, Ронның алдына үлкен елеген қойды. – Бәрін шығар, Рон.

– Өзі тоқтағанша күткеніміз жөн болар, – деді Хәрмиона. – Мұндай қарғысты қайтару оңай емес, ал сыннық таяқшаның тіпті күші жетпес...

Хәгрид дастархан жаюға кірісті. Азу атты тәбеті Хәрриге еркелеп, үсті-басын жалай бастады.

– Локхарт неменеге келіпті? – деп сурады Хәрри иттің құлағының түбін қасып жатып.

– Құдықты су перісінен арылтуды үйретпек, – деді Хәгрид қабағын түйіп. Устелдегі жуні жартылай жұлынған әтешті алып, орнына шәугім қойды. – Мен соны білмейтіндей... Баншимен алысқанын айтып мақтанды. Бір сөзі шын болса, мұрнымды кесіп берейін.

Хәгрид ешқашан Хогуартс оқытушылары туралы теріс пікір айтқан емес, сондықтан Хәрри мына сөзге таңғалды.

Хәрмиона алыптың сөзін құптамады:

– Хәгрид, артық кетіп қалдың... Профессор Дамблдор оны оқытушы етіп алғаны бекер емес қой...

– Одан басқа *ешкім* келіспесе, тағайындалмай қайтсін, – деді Хәгрид балаларға ирис кәмпіт ұсынып жатып. Ронның

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР Дауыс

аузы әлі ұлудан босамады. – Тек сол ғана келісім берді. Зұлым сиқырдан қорғану сабагына оқытушы табу өте қын. Бәрі бас тартады. Қарғыс тиген пән санайды. Содан сабақ бергендер шетінен бірденеге ұшырап жатыр. Сонымен... – Хәгрид Ронға қарап басын изеді. – Мынаған не болған?

– Малфой Хәрмионаны тілдеді. Өте жаман сөз болса керек, бәрі қатты ашуланды.

– Сүмдық сөз, – деді Рон. Күшене бергеннен маңдайы терлеп, өні бозарып кетіпті. – Оны «қарақан» деп атады, Хәгрид...

Рон қайтадан елегенге еңкейді, аузынан бір уыс шырышты ұлу төгілді. Хәгридтің өні күренітіп кетті.

– Солай деді ме?

– Иә, – деді Хәрмиона. – Мағынасын түсінбедім.

– Өте ауыр сөз...

– Бұдан өткен қорлық сөз жоқ, – деді Рон. – Әкесі де, шешесі де сиқыршы емес, маглдан туған сиқыршыларды «қарақан» деп атайды. Малфойдың отбасы сияқты кей сиқыршылар өздерін «таза қандымыз» деп, сонысын мақтан тұтады. – Лоқсып қалғанда қолына бір ұлу тұсті. Оны елегенге тастады да, сөзін жалғады: – Біз үшін оның еш маңызы жоқ. Невил Ұзынбұтқа қарашы, ата-бабасынан бері таза қан сиқыршылар, ал өзі қазанды дұрыс орната алмайды.

– Ал біздің Хәрмионаның қолынан келмейтін сиқыр жоқ, – деді Хәгрид мақтанышпен. Хәрмиона қызырып, тәмен қарады.

– Жексүрындар ғана ондай сөз айтады, – деді Рон қолымен маңдайын сүртіп. – Қаны лас дейді! Адамның қаны бірдей. Ессіздік қой. Қазіргі сиқыршылардың көбі шалақан. Маглдарға үйленбесек, күрып бітер едік.

Соны айтты да, тағы елегенге еңкейді. Ұлудың шылпылдағ түсіп жатқан дыбысы естілді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Оны қарғамаң болғаның үшін айыптамаймын, Рон, – деді Хәгрид қаттырақ сөйлеп. – Бірақ таяқшаң сынық екені дұрыс болған да шығар. Әйтпесе Люциус Малфой мектепке келіп, басымызға әңгіртаяқ ойнатар еді. «Аш бәледен қаш бәле» деген.

Хәрри «ұлу жұтқаннан артық сүмдық жоқ шығар» деп айтқысы келген, алайда Хәгридтің ирисі тісіне жабысып, жағын аша алмады.

– Хәрри, – деді Хәгрид кенет, – саған аздап өкпелеп қалдым. Фотоңа қолтаңба қойып береді екенсің. Маған неге сондай біреуін бермедің?

Хәрри күйіп кетті. Жағын әрен ашып, ызалана сөйледі:

– Ешқандай суретке қолтаңба қойғам жоқ. Локхарттың шығарып жүргені...

Қараса, Хәгрид жымып отыр екен.

– Қалжындеймын... – Алып мейірлене арқасынан қақ-қанда, Хәрри етбетінен жығыла жаздады. – Сен олай істемей-тінінді білем ғой... Локхартқа да соны айттым. Оған үқсал тыраштанбасаң да танымалсың.

– Қаны қайнаған шығар, – деді Хәрри талып қалған жағын сипап.

– Солай сияқты... – Хәгрид түймедей қара көзін қулана сығырайтып. – Содан соң мен оған кітаптарын ешқашан оқымағанымды айттым... Бұлқан-талқан болды. Көмпіт жейсің бе, Рон? – деді елегеннен бас көтерген Ронға қарап.

– Жоқ, рахмет. – Ронның даусы әрен шықты. – Тағы бірдеңеге ұшырап қалармын.

– Жүріндер, қызық көрсетем, – деді Хәгрид балалар шай ішіп болған соң.

Хәгридтің үйінің артындағы шағын бақшада Хәрри бұрын-сонды көрмеген алып аскабақтар өсіп тұр екен. Әрқайсы бір дәү қойтас дерлік.

ҚАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДаУЫС

– Жақсы өскен ғой? – Хәгрид балаша қуанып тұр. – Хәллоуин мерекесіне дайындал жүрмін... Оған дейін тағы біраз үлкейеді...

– Түбіне не құйып жүрсің? – деп сұрады Хәрри.

Хәгрид бөгде ешкім жоғына көз жеткізгісі келгендей жан-жағына қарады.

– Мм... әлгі не... өзің білесің ғой... аздап көмектестім...

Хәрри қабыргаға сүйеп қойған қызылт қолшатырды байқады. Ол бұрын да қолшатыр бекер түрған жоқ-ау деп ойлайтын. Хәгрид мектепте ұстаған ескі сиқыр таяқшасының сынығын сонда жасырса керек. Өйткені оған сиқыр жасауға тыйым салынған болатын. Үшінші сыныпта оқып жургенде мектептен қуылыпты. Хәрри себебін сол күйі біле алмады: талай рет Хәгридтің өзінен сұрамақ болғанда ол күмілжіп, ештеңе естімегендей бола қалатын.

– Өсіру сиқыры ма? – Хәрмионаның даусынан сүйсіну мен кінәлау қатар байқалады. – Иә, жақсы жұмыс істепсің.

– Қарындасыңа да ұнады, – деді Хәгрид Ронға қарап. – Кеше келіп кеткен. Төңіректі шолып, табиғатты тамашалап жүрмін дейді, менің ойымша, әлдекім осында ма екен деп келді-ау... (Хәрриге қарап көзін қысты) Ммм... әлгі қолтаңбасы бар суреттен бас тартпаса керек...

– Ой, айтпашы соны, – деді Хәрри. Рон күліп жібергенде аузынан ұлулар атып шықты.

– Мәссаған! – Хәгрид Ронды бағалы асқабақтан алыс әкетуге тырысты.

Түскі ас уақыты болды. Оразасын ашпаған (Хәгридтің ирис кәмпитетінен басқа) Хәрри өзегі талып, қарны ашқанын сезді. Балалар Хәгридпен қоштасып, қамалға кетті.

Рон жолда бір-екі рет лоқсып еді, кішкентай ұлу шықты, сонымен таусылса керек.

Қамалға кірген бетте біреу аттарын атағанын естіді.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Поттер, Уизли, келдіңіздер ме? – Профессор Макгонагал екен, өні сұсты көрінді. – Екеуініз кешке жаза өтейісіздер.

– Не істейміз, профессор? – деп сұрады Рон лоқсып.

– Сіз Филч мырзамен бірге Құрмет залындағы күміс бүйімдарды тазалайсыз. Уизли, сиқыр қолдануға болмайды, бәрін қолмен істейсіз.

Ронның қабағы түсіп кетті. Хогуартс қараушысы Аргус Филчті оқушылардың бәрі жек көретін.

– Поттер, сіз профессор Локхартқа хаттарына жауап жазуга көмектесесіз, – деді профессор.

– Жо-жоқ... мен де Құрмет залын тазалауға барайыншы... – деді Хәрри жалынып.

– Болмайды, – профессор Макгонагал қасын керді. – Профессор Локхарттың талабы солай. Кешкі сегізде дайын тұрыңыздар.

Хәрри мен Рон Үлкен залға тұнеріп кірді. Хәрмиона «мектеп тәртібін бұзбау керек еді» дегенді айтпаса да түрінен танытты. Хәрри тіпті «бақташы бәлішін» де сүйсініп жей алмады. Локхарттың қасында отыру ол үшін ең сүмдүк жаза көрінді, ал Рон Филчтің маңына жолағысы келмеди.

– Филч мені тұнімен жұмысқа салады! Сиқыр қолдануға болмайды! Ол жерде жүзденген сауыт бар. Маглдар сияқты ыдыс жуып, тазалай алмаймын.

– Сол жұмысты маған берсе ғой, – деді Хәрри. – Дурслилердің үйінде оның бәріне төселгемін. Локхарттың фанаттарына жауап жазу... не деген азап...

Сенбі көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Сегізге бес минут қалғанда Хәрри аяғын сүйрете басып екінші қабаттағы Локхарттың кабинетіне беттеді. Тістене тұрып есік қақты.

Есік дереу ашылды. Локхарт әдеттегідей отыз тісін түгел көрсетіп ыржып тұр екен:

– А, міне, бұзакының өзі де келді! Кір, Хәрри, кіре ғой!

КАРАҚАН ЖӘНЕ ЖАН ТҮРШІГЕР ДаУЫС

Қабырға толы Локхарттың өзінің портреттері екен, жарқыраған шыраққа шағылысып жымың қағады. Кейбіреуіне тіпті қолтаңба қойыпты. Устел үсті толған хат.

– Мекенжайын айтып отыр! – деді Локхарт. Хәрриге бұл іс ұнайтынына еш күмәні жоқ еді. – Мынау Гладис Гаджен деген қыздың хаты, Тәнір жарылқағыр, мені ерекше жақсы көреді.

Хәрриге әр минут жылға татығандай көрінді. Ол Локхарттың көпірме сөзіне мән берmedі, тек «ммм», «иә», «дұрыс айтасыз» деумен шектелді. Арасында «Даңқ мәңгі жолдас емес», «Танымалдық дегеніміз – сенің іс-әрекетің» деген сияқты бірдеңелерді құлағы шалып қалады.

Шырақ жанып бітуге тақады, портреттердегі Локхарттың бейнесі де көмескі тартты. Хәрри мыныншы хатқа Вероника Сметлидің мекенжайын жазғанда қауырсын ұстаган қолы сырқырап, қақсал ауырды. «Қашан босатар екен... Құдайым-ау, тезірек...» деп жалынды іштей.

Осы кездे құлағы бір дыбысты шалып қалды. Локхарттың бөстекі сөзі емес, шырақтың сөніп бара жатқан жалынының лапылы да емес...

Сай-сүйегінді сырқыратып, тәбе-қүйқанды шымырлата-тын, қанынды мұздататын зәрлі дауыс...

«Кел... маған кел... бөлшектеп... шайнап... өлтірейін...»

Хәрри орнынан атып тұрғанда Вероника Сметли тұратын көшениң аты күлгін даққа айналды.

– Не?

– Солай, – деді Локхарт. – Алты ай бойы бестселлер тізімін бастап тұрды! Рекорд деп осыны айт!

– Ол емес! Жаңағы дауысты айтам!

– Түсінбедім, – Локхарт шын қайран қалды. – Қайдағы дауыс?

– Жаңа сөйледі ғой... Естімедіңіз бе?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Локхарт таңырқай қарады:

– Не деп тұрсың, Хәрри? Ұйқысырап отырмысың? Сағат қанша болды? Ал керек болса! Төрт сағат отырыппыш. Уақыт деген қалай зымырайды, ə?

Хәрри үндемеді. Әлгі дауысты тағы естімек болып құлағын тосты. Бірақ Локхарт «Бүтінгідей бақыт бүйірмас, жазаланғанның орнына менімен бірге хат жаздың...» деп тоқтаусыз сөйлеп, ештеңе естіртпеді. Хәрри оның кабинетінен есенгіреп шықты.

Грифиндордың ортақ бөлмесі бос екен, балалардың бәрі үйіктап қалыпты. Хәрри жатын бөлмеге барды. Рон әлі келменті. Киім ауыстырып алғып, досын күтті. Жарты сағаттан соң он қолын сол қолымен демеп ұстап Рон келді; тазалағыш құралдың иісі киіміне сіңіп қалыпты.

– Бұлшықетім сырқырап кетті, – деді ыңқылдан. – Куидич кубогын он төрт мәрте тазалатты. «Мектепке ерекше еңбегі сіңген» деген кубокты тазалап жатқанымда тағы ұлу құстым. Оның шырышын сұртіп алам деп тағы қанша уақыт кетті? Локхарттың қасында уақыт қалай өтті?

Невил, Дин мен Симусты оятып алмайын деп ақырын сөйлеген Хәрри Ронға бір дауыс естігенін айтты.

– Локхарт естімедім деді ме? Өтірік айтып тұрған жоқ па? – Ай сәулесі түсе қалғанда Хәрри Ронның қабақ шытқанын байқады. – Бірақ түсіне алар емеспін. Тіпті елес не көзге көрінбейтін басқа біреу болса есік ашар еді гой.

– Білемін, – деді Хәрри төсекке жатуға ыңғайланып. – Өзім де ештеңе түсінбедім.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ӨЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

Казан айы тұа, дымқыл тұман жерді бүркеп, қамалды да бауырына басты. Суық тиіп сырқаттана берген балалар мен ересектерді емдеймін деп Хогуартс дәрігері мадам Помфри тыным таппайтын болды. Ол әзірлеген Бұрыш ішірткі науқасты дереу айықтырып жібереді, бір жаманы – оны ішкен соң құлақтан бірнеше сағат бу шығып тұратын. Соңғы кездे жудеп, өні қашқан Жинни Уизлиді де Перси мадам Помфриге апарып, ішірткіні мәжбүрлеп ішкізді. Содан кейін Жиннидің құлағынан бу атқылағанда қалың жирен шашы бүркүрай көтеріліп, басы жалынға оранғандай көрінетін.

Баданадай ірі тамшылар күні бойы қамалдың терезелерін ұрғылайтын; қара көлдің суы көтеріліп, гүлзар батпаққа айналды; Хәгриттің асқабағы маядай дәу болып өсті. Оливер Үұдтің жеңіске деген құлшынысына толассыз жауған жауын да, құрғап үлгермеген жер де кедергі болмады. Күн құрғатпай командасын жаттығу алаңына шығарады.

Төпеп тұрган нөсерге еті өліп кетті дегеннің өзінде, Грифиндор командасының еңсесін түсіретін жайттар жетерлік. Слизерин командасының жаттығуын жасырын

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

бақылаған Фред пен Жорж «Нимбус-2001» сыйыртқысының шапшандығын аузының сұзы құрып айтып келді. Зымыран ұшақтай зулағанда ауда тек жеті жасыл бейне ғана көлбенде-гендей көрінеді дейді.

Хәллоуиннің алдындағы сенбі күні түстен кейін Хәрри үсті-басы балшық-балшық болып, киімінен су сорғалап, жаттығудан келе жатқан.

Бос тұрған дәлізді бойлай келе жатып, Хәрри дәл өзі сияқты уайымға батып отырған біреуді жолықтырды. Грифиндор мұнарасының елесі Жұлбасты Ник терезеге тесіле қарал: «Талапқа сай емессің дейді... бір сантиметрге бола... небәрі бір сантиметр...» деп күбірлеп тұр екен.

– Сәлем, Ник, – деді Хәрри.

– Сәлем, сәлем...

Жұлбасты Ник бұрылып бұған қарады. Қауырсын қадаған ашиқ түсті қалпақ астынан толқынды бүйра шашы иығына төгілген; киімінің раф жағасы шабылған мойнын жасырып тұрған жігіт ағасы. Елес тұтін сияқты құнғырт мәлдір еді, Хәрри оның ар жағынан бұлыштыр аспан мен нөсер жауынды көрді.

– Поттер балақай, көніл-күйің жоқ қой, – деді Ник. Қолындағы өзі сияқты мәлдір қағазды бүктеп, қалтасына салды.

– Сіз де солай көріндіңіз...

– Аа.... – Жұлбасты Ник қолын бір сілтеді. – Өзім де қосылғым келіп тұрғаны шамалы... Өтініш беріп көре салайын дегем... «талапқа сай келмейтін» болып шықтым... – Барынша немқұрайлы сейлеуге тырысқанымен, күйінішін жасыра алмады. – Өзің ойлап көрші... – Қалтасынан әлгі хатты шығарды. – Өтпес балта мойнымды қырық бес рет шапты! Бассыз аңшылар қатарына қосылуға сол жеткілікті емес пе?

– Эрине! – деді Хәрри елестің өзінен қолдау күтіп тұрганын аңғарып.

– Әлбетте, мен бәрі ойдағыдай өткенін қаладым... басым жерде домалап жатса керемет болар еді... ауырғаны да сезілмес еді, табаға да қалмас едім. Енді қараши...

Жұлбасты Ник хатты ашып, даусы дірілдеп оқи бастады:

«Біздің қатарымызға басы денесінен толық ажыраған елестер ғана қосыла алады. Әйтпесе ат үстінде шауып келе жатып, басты қақпақылдан ойнау немесе баспен поло ойнау сияқты аңышлар ойынына қатыса алмайсыз. Өкінішке қарай, біздің талабымызға сай келмейтініңізді мәлімдейміз. Ізгі ниетпен, сәр Патрик Делани-Подмор».

Бір күрсініп алып, Жұлбасты Ник хатты қалтасына салды.

– Басым болар-болмас тері мен сіңірге ілініп әрен тұр, Хәрри! Бассыз екеніmdі мойындастын адамдар жеткілікті, бірақ сәр Подмор сияқты «басы толық шабылған» мырза оны қанағат тұтпайды!

Жұлбасты Ник дүркін-дүркін ауыр күрсінді. Сәлден соң ақырын ғана:

– Ал сені не мазалап жүр? – деп сурады. – Менің көмегім керек пе?

– Жоқ... Жеті дана «Нимбус-2001» сыптыртқысын табу керек, слизер...

Хәрри сөзін аяқтап үлгермеді, дәл қасынан мысықтың миятулағаны естілді. Төмен қарағанда өзіне қарап шоқтай жанған екі сары көзді көрді. Хогуартс қараушысы, оқушыларды көрсө кірпідей жиырылатын Аргус Филчтің көтерем мысығы Миссис Норрис екен.

– Мына жерден кетіп қалғаның абзал, Хәрри, – деді Ник. – Филч қатты ашулы. Өзі сұық тигізіп алып, жағдайы болмай

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

жүрсе, үшінші сыйнып окушылары бесінші жертөлеге бақаның миын жағып кетіпті. Таң атқалы соны жинап шаршады, енді сен мына жерді лайлап тастағанынды көрсө...

– Жарайды.

Хәрри Миссис Норристің өткір көзқарасынан қаймығып, тезірек кетуге ыңғайланып еді, үлгермеді. Аргус Филч пен жексүрын мысықтың арасын жалғап тұрған тылсым күш бардай. Мысық қайда жүрсе, қожайыны сол жерге лездे жетіп келетін. Қазір де оң жақ қабырғаға ұсталған түкті кілемнің артынан атып шыққан Филч тәртіп бұзушыға кәрін төге төнді. Басына қалың жұн бөкебай тартып алыпты, мұрны қолақ-пандай бол ісіп, қызырып кеткен.

– Балшық! – деп бақырды, Хәрридің куидичке киетін мантисынан сорғалған лай сұға саусағын безеп. – Бәрін былғап тұрысың! Жетер енді! Поттер, ер соңымнан!

Хәрри Жұлбасты Никпен тұнжырай қош айтысып, Филчтің соңынан ерді. Баспалдақпен төмен түскенде артында айғыздалған ізі қалды.

Хәрри бұған дейін Филчтің кабинетіне кіріп көрмеген, тегінде окушылар одан аулақ журуге тырысатын. Терезесі жоқ бөлменің іші құнгірт екен, жалғыз шырапқа жана жанып тұр. Күрылған балық исі бөлмедегі бар затқа сініп қалғандай.

Қабырғаны жағалай қойылған ағаш шкафтың әр сөре-сіне окушылардың аты-жөні жазылыпты. Филч өзі жазалаған окушылар туралы бар мәліметті жазып отырады екен. Фред пен Жорж Уизлиге жеке сөре арнапты. Устелдің артынан жылтыратып тазаланған шынжыр кісен көрінеді. Филч тәртіп бұзған окушыларды сирағынан салбыратып іліп жазалау шарасын қайта қолдана бастауды өтініп, Дамблдорға қынқылдап жүргенін бәрі билетін.

Филч құтыдан қауырсын алды да, таза пергамент іздеп, қағаздарын қопарды.

ӘЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

– Тезек... айдаһардың дene күйдіретін терісі... бақаның миы... егеуқұйрықтың ішегі... Төзімім таусылды... біреуді жақсылау жазалау керек... өзгелерге сабак болсын... иә...

Шкафтан ұзын пергамент алды да, орауын жазып, қауырсынын сияға матырып жаза бастады:

– Аты... Хәрри Поттер. Қылмысы...

– Устімнен азғантай су сорғалағаны ғана ғой, – деді Хәрри шошынып.

– Сен үшін кішкене шығар, ал мен ол араны бір сағат сүртемін, – деп айғайлады Филч. Дөңкиген мұрнының ұшы тершіп кетті. – Қылмысы... қамалды былгады... Жазасы...

Мұрнының терін сүртіп, үкімді күткен балаға өңменінен өтердей өткір көзін қадады.

Филч қауырсынды қайта қолына алғанда, төбеден бірдене тарс ете қалды да, кішкентай аспашам теңселіп кетті.

– ПИВЗ! – деп айғай салды Филч. – Қазір қолыма түсесің, онбай кетейін!

Хәрриді жайына қалдырып, кабинеттен атып шықты, Миссис Норрис соңынан жөнелді.

Пивз – мектепте жүретін полтергейст, ол ұшып жүріп бәрін қиратып, бүлдіргеннен ләззат алатын. Хәрри оны ұнатпаса да, дәл қазіргі ісіне риза болды. Пивз осы жолы не істесе де (ал шыққан дыбысқа сенсек, үлкен бірденені қиратқаны анық), Филчтің назарын басқа жаққа аударып әкетті.

Сонда да кабинеттен кетпей, қараушыны күтіп отыруы керек. Хәрри күje жеген креслоға жайғасып, жан-жағына қарады. Филч толтыра бастаған қағаздың қасында құлғін түсті үлкен, бетінде күміс жазуы бар жылтыр конверт жатыр екен. Есікке қарады – ешкім көрінбейді. Конвертті қолына алып, оқи бастады:

❖❖❖ Күйкспел ❖❖❖

Жаңа бастауышыларға арналған
«Сиқырды сырттай оқу» курсы

Әуестігі жеңген Хәрри конвертті ашып, ішіндегі қағаздың бүктеуін жазды. Бірінші бетке күміс сиямен шырышықтап жазылыпты:

Сиқырдың жаңа тәсілдерін менгерге алмай қиналып жүрсіз бе?
Зарапайын дуаларды білмегенізге қысыласыз ба?
Сиқыр таяқша сізге бағынбай ма?
Нарсеннің де аманы бар!

Күйкспел - ең өңай, қауіпсіз, кең кеңең адам үйреніп алатын ең жылдам курс. Күйкспел әдісінің арқасында жүзделген сиқырши өмірін жаңа арнаға бұрды!

Поншам түрленін мадам З. Асеттіес билай дейді:
«Арбау сөздерді есімде сақтай алмайтынмын, дайындаған ішірткімді отбасым мазақ етіп күлетін. Күйкспел курсын аяқтаған соң, ортаның жұлдызына айналды, достарым
Жарқ-жүрқ еткізетін қоспамның рецебін сұрап,
мазамды алатын болды!»

Дидсбуфи түрғынын Д.Ж. Прод быттай депті:
«Әйелім арбауды нашар менгергенсің деп келеке қылатын, бір ай Күйкспел курсын оқыған соң, оны қодасқа айналдырып жібердім! Көп раҳмет, Күйкспел!»

ӘЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

Қайран қалған Хәрри конверттегі басқа жазбаларды да оқып шықты. Филчке мұндаидар курстың керегі не? Әлде ол сиқыр жасай алмай ма екен? Хәрри бірінші сабақты оқи бастады: «Сиқыр таяқшасын ұстau (қарапайым кеңестер)...»

Сырттан аяқ тықыры естілді. Филч келіп қалған сияқты. Пергаментті апыл-ғұпты конвертіне салып, үстел үстінен тастай бергенде есік ашылды.

Филчтің сапары сәтті болса керек.

– Жоғалып кететін шкаф өте бағалы! – деді Миссис Норрис-ке қарап. – Бұл жолы Пивзді қолға түсіреміз, қымбаттым.

Ол Хәрриге бір, үстелге бір қарады да, конверт өзі қойған орнында емес, үстелдің шетінде жатқанын байқады.

Филч күйген кірпіштей қызарды. Хәрри әуестігі үшін онбай таяқ жейтінін сезді. Филч үстелге жақындалап барып, конвертті алып, шкафқа салды.

– Оны... о-оқы-дың ба? – деп сұрады тұтығып.

– Жок, – деді Хәрри.

Филч қолын айқастырды.

– Егер... менің жеке хатымды оқыған болсаң... жоқ... бұл менікі емес... досымдікі... сонда да...

Хәрридің мазасы кетті, Филчтің осынша абыржып, абдырағанын бұрын көрген емес. Көзі шарасынан шығардай бадырайып тұр, кенет беті бұлкілдеп тарта бастады, басын ораган бөкебайдың да көмегі тимеді.

– Жарайды... бар... тісіңнен шықпасын... оны айтпаймын... оқымасаң болты... бар, кет... Пивздің үстінен шағым түсірем... бар...

Аман құтылғанына сенер-сенбесін білмей Хәрри бөлмеден құстай ұшып шығып, баспалдақпен жоғары өрледі. Филчтің кабинетінен жазасыз кеткен жан бар ма екен? Мектепте рекорд жасады десе болар.

– Хәрри! Хәрри! Пайдасы тиді ме?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Кабинеттің бірінен Жұлбасты Ник шықты. Хәрри ол шыққан бөлмеде қара мен сары аралас түсті шкаф кирап жатқанын көрді. Шкаф тым биіктен құлаған тәрізді.

– Пивзіді үтітеп, шкафты Филчтің кабинетінің үстіне тастатқызыдым, – деді Ник мәз болып. – Оның көнілін басқаға бұрайық деп...

– Сіз екенсіз ғой! Рахмет, көмегіңіз зор болды, жазасыз құтылып кеттім. Көп рахмет, Ник!

Дәлізде қатарласа келе жатып, Хәрри Жұлбасты Ник әлгі хатты әлі қолынан тастамағанын байқады.

– Бассыз аңшылар қатарына қосылуыңызға көмектесе аламын ба? – деп сұрады жаны ашып.

Жұлбасты Ник кілт тоқтай қалғанда Хәрри оның денесінен өте шықты. Устіне мұздай су құйғандай тітіркеніп кетті.

– Ниетіңе рахмет, расымен бір өтінішім бар, – деді Ник. – Хәрри... ай, жоқ, келісе қоймассың...

– Айтсаңызы!

– Быыл Хәллоуин күні менің өлгеніме бес жұз жыл толады, – деді Жұлбасты Ник мақтанып.

– Ааа... – Хәрри не мұңаярын, не қуанарын білмеді. – Жақсы екен...

– Соның құрметіне жертөледе үлкен той жасамақпын. Дүниежүзінен достарым келеді. Сені де шақырамын, қабыл алсаң, маган зор мәртебе болмақ. Мистер Уизли мен мисс Грейнжер де қонағым болса деймін. Бірақ... сендер мектептегі Хәллоуин мейрамына баратын шығарсындар?

– Жоқ, – деді Хәрри ойланbastan. – Сіздің тойыңызға барамыз.

– Тамаша! Өлген күнімнің құрметіне Хәрри Поттер келмек! – Содан соң Хәрриге өтіне қарады. – Айтпақшы... сәр Патрикке мен өте қорқынышты әрі тартымды екенімді айтсан қайтеді?

ӨЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

– Ааа... ммм... әрине...

Жұлбасты Ник ыржып құлді.

Хәрри киімін ауыстырып, ортақ бөлмедегі достарына қосылды.

– Өлген күнін тойламақ па? Тірілердің ешқайсы ондай тойға қатысып көрмеген шығар! Керемет қой! – деді Хәрмиона Жұлбасты Никтің өтінішін естігенде.

– Өлген күнін тойлайтындар да болады екен-ау, – деді Ішірткі жасау сабағынан берілген үй тапсырмасын орындалп отырған Рон басын шайқап. – Сұмдық көңілсіз болатын шығар...

Нәсердің соңы ақ жауынға ұласып, сырттағы дүниенің бәрін су мен балшық қана басқандай көрінгенімен, бөлменің іші жарық әрі көңілді болатын. Алауошақта лапылдан от жанып тұр. Оқушылар әңгімелесіп, сабақ қарап, кітап оқып отыр. Бір топ бала саламандраға Филибустер отшашуын жегізсе не болатынын анықтауға кіріскең Фред пен Жоржды қаумалап алған. Фред Сиқырлы мақұлықтарды құтіп-бағу сыныбындағы шоқтай қызыл-сары кесірткені «босатып алған» екен, енді ол өзін әуестене қоршап алған бір топ адамның ортасына қалыпты.

Хәрри Рон мен Хәрмионаға Филч пен Куикспел курсы туралы айтуда енді оқтала бергенде саламандра тыз етіп әуеге көтерілді де, шыркөбелек айнала ұша жөнелді. Байғұс кесірткенің аузынан түрлі-түсті жұлдыздар жарқ-жұрқ етіп төгілді. Сәлден соң ұшқын шықты да, кесіртке жоқ болып кетті. Перси егіз інісінің қылығына күйіп кетіп, тамағын жырта айғайлады. Осының бәрін тамашалап тұрған Хәрри Филчті де, оның кабинетінде көрген конвертті де ұмытып кетті.

Хәллоуин жақындаған сайын Хәрри «Өлілер мейрамына» баруға келіскеніне іштей өкінді.

Қамал тұрғындары мерекеге бір кісідей дайындалды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Улken залға тірі жарқанаттар ілінді; Хәгридтің алып асқа-бақтары ішіне үш ересек адам еркін сыйып кететін үлken шамдалға айналды! Дамблдор кешке көңіл көтеруге биши қаңқаларды шақырыпты деген сөз тарады.

– Уәденің аты – уәде, – деді Хәрмиона Хәрридің айнып жүргенін көріп. – Айтқан екенсің – бару керек!

Сонымен, кешкі сағат жетіде Хәрри, Рон мен Хәрмиона жылтыраған Улken залға қызыға қарап (сөүле шашқан шырақтар мен дастархандағы дәмді тағам қол бұлғап түрғандай), жертөлеге аппаратын баспалдақпен төмен түсті.

Жұлбасты Никтің «тойына» аппаратын жолға да шырақтар қойылған екен, бірақ олар көнілге қуаныш сыйламай, керісінше, еңсенді езеді. Ұзын, қара шырақтан шыққан қою көк түтін тірі адамның өзін елес сияқты қылып көрсетеді. Балалар төмен түскен сайын бөлме суи берді. Хәрри қалтырап, қымтансып алды. Кенет мындаған адам қабырғаны тырнап жатқандай жайсыз үн шықты.

– Мынау олардың музыкасы ма? – деп сыйырлады Рон.

Бұрышты айнала бере, қара барқыт шымылдық тұтылған кіреберісте түрған Жұлбасты Никті көрді.

– Қымбатты достарым, – деді ол қаралы жиында сөйлеп түрғандай. – Келгендеріңе қуаныштымын... қош келдіндер... төрлетіндер...

Кауырсын қадалған қалпағын көтеріп, басын иді де, бұларды залға кіргізді.

Бұл бір керемет көрініс еді. Інжудей ақ сағымға ұқсайтын жүздеген адам ары-бері көлбендеңеп жүр. Ортадағы би аланы қара матамен оралған саҳнадағы оркестрдің ағаш кесетін отыз арадан шығарған жан түршігер музыкасына билеп жүрген елестерге толы. Төбеге ілінген алып аспашамнан мыңға жуық қара шырақ салбырап түр. Балалар мұздатқышқа кіргендей болды, дем алған сайын ауыздан бу шығады.

ӘЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

– Аралап қайтамыз ба? – деді Хәрри ары-бері жүрсө сәлжылынармын деген үмітпен.

– Байқандар, біреудің денесінен өтіп кетпейік, – деді Рон. Ушеуі би алаңының шетіне кеп тұрды. Бір топ тұнерген монах әйелдің қасынан өтті, киімі жұлым-жұлым, шынжырын сүреткен ер адамды көрді; Хафлпаф елесі – көңілді Дәу монах мандайына жебе қадалған серімен сөйлесіп тұр екен. Хәрри Слизерин елесі Қан-жоса баронды басқа елестер айналып өтетінін байқады, киіміне күміс түстес қан жүққан түрі де өзгелерге қарағанда қорқынышты еді.

– Ой, жоқ... – Хәрмиона кілт тұра қалды. – Кері бұрыл, тез, кері жүрейік. Жылауық Миртлмен сөйлескім келмейді...

– Ол кім? – деп сұрады Хәрри.

– Бірінші қабаттағы қыздардың дәретханасын күзеттін елес.

– Не? *Дәретхана* күзете ме?

– Иә. Дәретханаға кіру мүмкін емес, себебі Миртл көз жасын көл етіп жылап, ішін суға толтырып тастайды. Аса қажет болмаса, ол жерге кірмеуге тырысамын... қашан көрсөн, Миртл еңіреп жылап, мұн шағып отырады...

– Қарандар, ас әзірлеп қойыпты, – деді Рон.

Қабырганы жағалай қойылған үстелге де кара дастархан жабылған екен. Қарны ашқан балалар ұмтыла бере, тосылып қалды. Дастиарханнан сүмдық күлімсі иіс шығады. Әдемі күміс ыдыстарға үлкен шіріген балық, қап-қара болып күйіп кеткен бәліштер салынған; құрты быжынаган ішек-қарын, көгерген ірімшіктің үлкен тілімі бар; ең көрнекті жерге құлпытас пішінді, қарамай жағылған сүр торт қойылыпты, бетінде мынадай жазуы бар:

**Сәр Никодас де Шимси-Порпинтон
1492 жылғы 31 қазанда дүниe салған.**

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри дастарханға көзі бақырайып қарап тұрғанда толық денелі бір елес аузын апандай ашып келіп, шіріген балық тұрған жерден өте шықты.

– Оның үстінен өткенде дәмін сезесіздер ме? – деп сұрады Хәрри.

– Аздап, – деді елес жабығып.

– Тамақтың иісі қаттырақ шықсын деп әдейі шірітіп, көгертіп жейтін шығар, – деді Хәрмиона білгішсініп. Саусағымен мұрның басқан күйі шіріген бауырга жақындал қарады.

– Кетейікші. Жүрегім айнып кетті, – деді Рон.

Олар кері бұрылғанда үстел астынан кішкентай біреу шыға келіп, бұлардың алдында қалықтап тұра қалды.

– Сәлем, Пивз, – деді Хәрри ақырын.

Полтергейст Пивз өзге елестер сияқты мәлдір, бозғылт емес еді. Басына сарғыш қалпақ киіп, мойнына айналып тұратын көбелек галстук таққан. Балаларға қарап қулана құлімдеді.

– Шағасындар ма? – Көгеріп кеткен жерjanға ұсынды.

– Жоқ, рахмет, – деді Хәрмиона.

– Байғұс Миртл туралы айтқаныңды естідім, – деді Пивз көзін ойнақшытып. – Ол туралы өте жаман сөз айттың! – Терең тыныс алды да, айғай салды: – ЕЙ! МИРТЛ!

– Жоқ, Пивз, айта көрме, ол ренжіп қалады, – деп жалынды Хәрмиона. – Мен ол туралы жаман ештеңе... айтқым келмеді... ой, Миртл, сәлем!

Қастарына толық денелі, аласа бойлы қыздың елесі ұшып келді. Хәрри бұрын-соңды мұндай мұнды адам көрмепті: ұзын шашын жайып жіберген, шынысы қалың, жиегі інжу түстес көзәйнек таққан.

– Не? – деді ол бұртиып.

– Қал қалай, Миртл? – деп сұрады Хәрмиона жорта көңілденіп. – Дәретханадан басқа жерде көргеніме қуаныштымын.

Миртлдің мұрны пысылдады.

ӨЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

– Мисс Грейнджер жаңа ғана сен туралы айтты, – деп Пивз Миртлдің құлағына сыйырлады.

– Иә, бүтін сондай әдемі болып кетіпсін, – деді Хәрмиона Пивзге алая қарап.

Миртл Хәрмионага күмәндانا қарады.

– Мені мазақтап тұрың ғой, – дегенде көзінен күміс моншақтай жас сорғалай жөнелді.

– Жок, шын айтам! Айтындаршы, Миртл бүтін сондай әдемі дедім ғой? – Хәрмиона екі ұлды бүйірінен нұқып қалды.

– А, иә...

– Айтты...

– Алдама! – деді Миртл қорсылдаپ, көзінен аққан жасы бетін жуып. Пивз оның тасасында тұрып тілін шығарды. – Жұрт сыртымнан қалай аттайтынын білмейді деймісің? Семіз Миртл! Ұскынсыз Миртл! Байғұс, жылауық, жабырқау Миртл!

– Безеу бет дегенді ұмыттың, – деп сыйырлады Пивз.

Жылауық Миртл бақырып жылап, жертөледен ұшып кетті. Пивз артынан көгерген жаңғақ лақтырып, қуалап барады:

– *Безеу бет! Безеу бет!*

– Сұмдық-ай, – деді Хәрмиона қапаланып.

Жұлбасты Ник қалың елесті жарып өтіп қастарына келді.

– Кеш ұнады ма?

– Иә, керемет, – деді үшеуі риза болған сыңай танытып.

– Қонақтар жақсы жиналды, – деді Жұлбасты Ник мақтап. – Кент қаласынан Қаралы жесір де келді... Сөз сөйлейтін уақыттым таяп келеді. Оркестрге ескертейін...

Бірақ оркестр оның ескертуін күтпей-ақ ойынын додарды. Жертөле ішінде бір сәт тыныштық орнап, елестердің бәрі алыстан жеткен ат тұяғының дүбіріне елең ете қалды. Аңшы кернейінің үні естілді.

– Міне, өздері де келді, – деді Жұлбасты Ник. Даусынан қызығаныш пен күйініш сезіледі.

Жертөленің қабырғасынан бассыз елестер мінген елес аттар шауып өтті. Үшегі жиналған көпшілік қауымның құрмет көрсете шапалақ үрганына қосылған болды, бірақ Хәрри Никтің қамығып түрғанын байқап қалды.

Аттар би алаңына дейін шауып келді де, жер тарпып, тіке-сінен тік тұра қалды. Сақалды басын қолтығына қысып алған алып елес кернейін үрлеп, атынан секіріп түсті де, басын жоғары көтеріп жүрттүң үстінен қарады (жиналғандар күлді), содан соң басын мойнына қойып, Жұлбасты Никке қарай жүрді.

– Ник! – деп гүрілдеді ол. – Қалың қалай? Басың әлі ілініп тұр ма?

Қарқылдалап күліп, Никті арқасынан қақты.

– Қош келдің, Патрик, – деді Ник салқын сөйлеп.

– Тірілерді қара! – Сәр Патрик Хәрри, Рон мен Хәрмионаға қарады, қатты таңданған адамға ұқсап басын шайқағанда онысы жерге домалап кетті (елестер тағы ду күлді).

– Неменеге мәз боласындар, – деді Жұлбасты Ник түнеріп.

– Қапаланба, Ник! – деді жерде жатқан бас айғайлап. – Аңшылар қатарына қоспағанымызға ренжіп журмісің? Бірақ өзіңе қарашы...

– Сәр, қараңызшы, – деді Хәрри Никтің өзіне белгі бергенін байқап. – Ник өте қорқынышты және...

– Ха-ха! – деді сәр Патриктің басы. – Солай айт деп сені үгіттегеніне бәс тігем!

– Бір ауыз сөз айтайын, көніл қойып тыңдасаныздар екен...

Жұлбасты Ник сахнаға ұшып барып, көгілдір сәуленің астына тұра қалды.

– Марқұм болған достарым, ханымдар мен мырзалар, мұның бәрі өте қайғылы...

Бірақ оны ешкім тыңдамады. Сәр Патрик пен бассыз аңшылар бастарын қақпақылдалап, хоккей ойнай бастады,

ӘЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

жүрт ойын тамашалап, назар соларға ауып кетті. Жұлбасты Ник жиналған қауымның назарын өзіне аударуға тырысып-ақ бақты, алайда сәр Патриктің басы жанынан домалап өтіп бара жатып қулана көз қысқанда, амалсыз сахнадан түсті.

Хәрри қатты тонды, қарны да шұрылдап кетті.

– Бұдан әрі шыдауға шамам жоқ, – деді Рон тісі тісіне тимей қалшылдап. Бұл кезде оркестр қайтадан жан түршігер музықаға басып, елестер биге шыққан еді.

– Кетейік, – деді Хәрри.

Алдынан шыққан елестің бәріне бас изеп, жымиып жүріп есікке беттеді.

– Пудинг таусылып қалмаған шығар, – деді Рон тым құрыса тәттіге ілігіп қалармыз деген үмітін жасырмай. Үшеуі кіре беріс залға аппаратын баспалдаққа жетті.

Кенет әлгі құйқаны шымырлатар дауыс тағы естілді:

«...бөлшектеп... жұлмалап... өлтірейін...»

Локхарттың кабинетінде отырғанда естіген үн, мұздай сүйік, жан түршігер дауыс.

Ол қалт тұра қалды да, тас қабырғаны қарман, жан-жағына қарады, дауыс кімнен шыққанын табуға тырысты...

– Хәрри, не болды?

– Тағы да әлгі дауыс, жаңа ғана естідім...

«...әбден ашықтым... тым ұзақ...»

– Тындандар!

Рон мен Хәрмиона оған қарап қатып қалды.

«...өлтірем... өлтіретін уақыт жетті...»

Дауыс естілмей кетті. Хәрри оның жоғары қарай қозғалып бара жатқанына сенімді еді. Үрей мен әуестік бойын билеп, тәбеле тесіле қарады, сонда ол қалай жылжиды? Әлде тас төбеден өте алатын елес пе екен?

– Мына жаққа кетті, – деп айғайлады да, баспалдақты үш-төртеуден аттай, кіреберіс залға қарай жүгірді. Бірақ бұл

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

жерден ештеңе есту мүмкін емес еді, Үлкен залдан Хәллоуин тойлап жатқандардың жарқын даусы ғана естіледі. Хәрри мәрмәр баспалдақты жағалап екінші қабатқа көтерілді, достары соңынан ерді.

- Хәрри, біз нені іздеп...
- ТЫНЫШ!!!

Хәрри құлақ түрді. Алыстан талып жеткен үн сыйырлай сөйледі:

- ...Қан иісін сеземін ...ҚАН ИІСІН СЕЗЕМІН!
- Жүргегі аузына тығылды.
- Ол біреуді өлтірмек!

Рон мен Хәрмионаның абдыраған түріне қарамай, тағы жоғары өрледі. Бір секіргенде үш баспалдақты аттап өтіп, тағы да дыбысты естүге күш салды.

Хәрри екінші қабатты айналып шыққанда Рон мен Хәрмиона соңынан жүгіреміз деп әбден ентікті. Олар енді ең соңғы, ешкім жүрмейтін сүрлеуге түсті.

- Хәрри, не болып кетті? – деп сұрады Рон шумектеп аққан терін суртіп. – Мен ештеңе естігем жоқ...

- Кенет Хәрмиона ішегін тартып тұра қалды.
- Қараңдар!

Алдарында тұрған қабырғада әлдене жылтырайды. Олар ақырын алға жүрді. Қабырғага, екі терезенің арасына үлкен әріптермен әлдене жазылыпты, шамның жарығымен жылтырап көрінген сол екен.

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ АШЫЛДЫ. МУРАГЕРДІҢ ДУШПАНДАРЫ, САҚТАНЫНДАР!

- Тәменде салбырап тұрған не? – деп сұрады Рон даусы дірілдеп.

ӨЛІЛЕР МЕЙРАМЫ

Жақындағанда Хәрри еденді алып кеткен сұға тайып жығыла жаздады. Рон мен Хәрмиона оны демеп қалды, үшеуі жазудың астында салбырап түрған затқа қарады. Бірден таныды.

Мектеп қараушысы Филчтің мысығы Миссис Норрис екен, құйрығынан шырақтың тұтқасына ілінген күйі салбырап тұр. Көзі бақырайған қалпы сеспей қатыпты.

Балалар үндемей біраз тұрды.

– Болды, тез кетейік, – деді Рон сәлден соң.

– Көмектеспейміз бе? – деді Хәрри.

– О не дегенін? Бұл арадан бізді біреу көріп қойса...

Бірақ қашып үлгермеді. Біреулер шулап бері қарай келе жатыр, мереке біткен сияқты. Дәліздің екінші басындағы баспалдақтан көтерілген аяқ дыбысы естілді; қарны тоқ, қызыққа батқан қуанышты қауым мәзмейрам болып дабырладап келе жатыр екен.

Құйрығынан ілінген мысықтың қасына келгенде айғай-шу да, дабыр да басылды, бәрі тына қалды. Хәрри, Рон мен Хәрмиона шулы топтан бөлек тұрды. Балалар бірін-бірі итеріп, не болғанын көруге тырысты. Сәлден соң бәрі жағдайға қаныққанда, сөйлеуге ешкім батпады.

Кенет біреу айғай салды:

– Мұрагердің дүшпандары, сақтанындар! Қарақан немелер, ендігі кезек сендердікі!

Драко Малфой топты жарып алға шықты. Жанары суық өткір көзі шоқтай жанады, әдетте бозарып тұратын бетіне қан жүтіріпті. Салбырап түрған мысыққа қарап кекете күлді.

* * * * *

ТОФЫЗЫНШЫ ТАРАУ

* * *

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

— **Н**е болып жатыр? Негып жиналып тұрсындар? — Малфойдың айғайын естіген Аргус Филч бала-ларды итеріп, кимелеп келе жатыр екен. Салбырап тұрған жансыз мысықты көргенде көзі шарасынан шығып, кері шегінді.

— Мысығым! Миссис Норрис! Оған не болды? — деп бақырды.

Бақшиған көзімен топты тінткілеп келе жатып Хәрриге қарап тоқтады.

— *Сен!* — деп шыңғырды. — Мұны сен істедің! Мысығымды өлтірдің! Әдейі істедің! Сені өлтіремін! Мен сені...

— *Аргус!*

Дәліздің арғы басынан қасында бір топ оқытушы бар Дамблдор көрінді. Директор Хәрри, Хәрмиона, Рон ушеуіне бір қарады да, Миссис Норристі тұтқадан ағытып алды.

— Аргус, сонынан ерініз. Мистер Поттер, мистер Уизли, мисс Грейнджер, сіздер де жүріңіздер.

Локхарт суырылып алға шықты:

— Директор, менің кабинетім бәрінен жақын, сәл жоғары көтерілсек болғаны, мархабат...

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

– Раҳмет, Гилдерой, – деді Дамблдор.

Жиналған топ үнсіз ысырылып жол берді. Локхарт масаттанып, кеудесін керіп Дамблдорға іlestі, профессор Макгонагал мен Снейп артынан журді.

Локхарттың қараңғы кабинетіне кіргенде қабырғадағы суреттер жыбырлап кетті. Хәрри Локхарттың шашын бүйралап тұрған бейнесі қашып бара жатқанын байқады. Ал Локхарттың өзі үстелдегі шыракты жағып, Дамблдорға жол берді. Дамблдор Миссис Норристі үстелге жатқызып, тексерे баставы. Хәрри, Рон мен Хәрмиона бір-біріне қарады да, шеткегі тұрған орындықтарға отырып, директордың әрекетін бақылады. Үшеуінің де көзінен уайым мен үміт байқалады.

Дамблдор мысыққа ұзын әрі қисық мұрнының ұшы тие жаздал төніп қарады. Жарты ай пішінді көзәйнегінің ар жағынан тесіліп, ұзын саусағымен мысықтың денесін ақырын тұртіп шықты. Профессор Макгонагал да жақында, көзін сығырайтып қарады. Снейп олардың артында, көлеңкеде қаққан қазықтай қақайып тұрды, күліп жібермейін деп, өзін күштеп ұстап тұрған адамға ұқсайды. Локхарт бөлмені ары-бері кезіп, түрлі жорамалдар айтумен болды.

– Мысықты қарғыспен өлтірген, Трансмогрифиян қарғысы болса керек. Оны қолданған талай сиқыршыны көрдім, дәл сол жерде болмағаным-ай... қарсы дуа айтып, аман алыш қалар едім...

Бұрышқа тығылып, мысыққа қарауға дәті жетпей, бетін басып өксіп отырған Филчке Локхарттың әр сөзі инедей қадалды. Филчті суқаны сүймесе де, Хәрри қазір оны аяп кетті. Бірақ өз тағдырын ойлағанда көкірегі қарс айырылады. Дамблдор Филчтің сөзіне сенсе, мұны оқудан шығарып жібереді.

Дамблдор түсініксіз сөздер айтып, Миссис Норристі сиқыр таяқшасымен тұрткілеп көрді, бірақ мысық қозғалмады, сілейіп жатты да қойды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– ...Уагадутуде дәл осындай жағдайды көрдім, – деді Локхарт самбырлап. – Ол туралы өмірбаянымда толық жазғанмын. Қала тұрғындарына тұмар тараттым, соның арқасында қарғыстың күші қайтты...

Қабыргадағы портреттер ол сөйлегенде мақұлдалап, бас изеп тұрды. Біреуі шашын баstryған торын шешуді ұмытып кетіпті.

Дамблдор басын көтерді.

– Аргус, мысық тірі, – деді ақырын.

Қанша адамды ажалдан аман алып қалғанын санамалап жатқан Локхарт қапаланып қалды.

– Tipi me? – Филч саусағының арасынан мысыққа сығалап қарады. – Онда неге сіресіп қатып жатыр?

– Оған Тас бол қарғысы тиғен, – деді Дамблдор («Иә, мен де солай ойлағам» деп қостай жөнелді Локхарт). – Кім жасағанын өзірге білмеймін...

– Мынадан сұраңыз! – деп бажылдады Филч, көз жасы айғыздаган бетін Хәрриге бұрып.

– Жоқ, екінші сынып оқушысының қолынан келетін іс емес, – деді Дамблдор. – Зұлым сиқырды менгерген сиқыршығана...

– Осы, осы істеді! – деп бақырды Филч, ашудан қып-қызыл болып тұтігіп кетті. – Қабыргаға жазған сөзін көрдініздер ғой. Ол менің кабинетімде болды... ол біледі... – Филч тәмен қарады. – Ол менің скриб екенімді біледі...

– Миссис Норриске саусағымның ұшын да тигізгем жоқ! – деді Хәрри елдің бәрі өзіне қараганға ыңғайсызданып. Тіпті қабыргадағы Локхарттар да бұған қадала қалыпты. – Скриб деген кім екенін де білмеймін.

– Отірік! – деп ысылдады Филч. – Куикспелден келген хатты көрдін ғой!

– Директор мырза, бір ауыз пікір қосайын, – деді Снейп көлеңкеден шығып.

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

Хәрридің жотасы мұздап кетті, Снейп бұларды қорғай қоймас.

– Поттер мен достары әлгі жерге аяқ астынан келіп қалды делік, – деді ол мысқылдап. – Одан басқа да күмәнді жайттар бар. Дәліздің жоғарғы бөлігінде не іздеп жүрді? Хәллоуин мерекесіне неге қатыспады?

Хәрри, Рон мен Хәрмиона Жұлбасты Никтің мерейтойы туралы айта бастады: «...ол жерде жүзденген елес болды, солардан сұраныздар...»

– Ал одан шыққан соң неліктен Үлкен залға бармадызыздар? – Снейптің қара көзі ұшқын атты. – Неге жоғары шығып кеттіңіздер?

Рон мен Хәрмиона Хәрриге қарады.

– Себебі, себебі... – Хәрридің жүргегі атқаңтап соғып кетті, дауыс туралы айтса да, ешкім сенбейтінін білді. – Қатты шаршадық, бөлмеге барып үйіктайық деп...

– Кешкі ас ішпей ме? – Снейп «өтірігің қыыспай қалды» дегендей мырс етті. – Білуімше, елестердің дастарханында тірі адамға лайық тاماқ болмайды.

– Аш емеспіз, – деді Рон, алайда қарнының шұрылдағаны бәріне естілді.

Снейп жылмиып күлді.

– Директор мырза, Поттер шынын айтқан жоқ деп пайымдаймын, – деді ол. – Өзі мойындал, шынын айтқанша, біраз артықшылықтан айыра түрганымыз жөн болар деп ойлаймын. Өз басым, ол бәрін мойындауға әзір болғанға дейін Грифиндордың куидич командасынан шығаруды ұсынамын.

– Қойыңыз, Северус, – деп шап ете қалды профессор Макгонагал. – Куидич командасынан шығарайық дегенінз тым артық. Мысықтың басынан сыпыртқымен ұрған жоқ қой. Поттер айыпты екенін растайтын еш дәлеліміз жоқ.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Дамблдор Хәрриге бажайлай қарады. Көгілдір көз тесіле қарағанда оның шуағы өне бойын саралап, рентгеннен өткізгендей әсер етті.

– Айыбы дәлелденбеген адам – айыпсыз, Северус, – деді Дамблдор.

Снейп пен Филч жауар бұлттай түнерді.

– Мысығымды қатырып таstadtы! – деді Филч даусы қалтырап. – Оның жазаланғанын көргім келеді!

– Аргус, мысықты емдейміз, – деді Дамблдор жай ғана. – Профессор Спраут мандрагора есіріп жатыр. Олар пісіп-жетілгенде Миссис Норристі тірлітетін ішірткі жасаймыз.

– Оны мен жасаймын, – деді Локхарт құлшынып. – Бұған дейін жүз рет жасағанмын... Мандрагорадан тірлітетін ішірткінің көзімді жұмып тұрып ала берем...

– Айып етпеніз... – деді Снейп даусынан ызғар шаша. – Бірақ бұл мектепте Ішірткі жасау маманы мен болсам керек.

Қолайсыз үнсіздік орнады.

– Бара беріңдер, – деді Дамблдор балаларға.

Үшеуі кабинеттен атып шықты. Жүтірген бойы бос сынып бөлмесіне кіріп, есігін жауып алды. Хәрри достарының абыржыған жүзіне қарады.

– Әлгі дауыс туралы айтудым керек пе еді?

– Жоқ, – деді Рон ойланбастан. – Ешкім естімейтін дауысты естіген жақсы емес... Тіпті сиқыршылар әлемінде ол жаманырым.

Хәрриге Ронның даусында күмән бардай сезілді.

– Бірақ сен маған сенесің ғой, солай ма?

– Эрине, сенемін! Бірақ мұның бәрі біртүрлі...

– Иә, оның рас, – деді Хәрри. – Адам сенгісіз... Қабырғада не деп жазылып тұрды? «Жасырын бөлме ашылды»... Бұл не дегені?

– Бұл сөзді естіген сияқтымын, – деді Рон ойланып. – Хогуартста жасырын бөлме бар деп біреу айтқан... Билл ме еді?..

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

– Содан соң әлгі... Скуиб деп кімді айтады?

Рон мырс етіп күлгендे достары таңғалды.

– Енді бұл қүлетін нәрсе емес... Бірақ Филчті кім ойлаған...

Скуиб – сиқыршылар отбасында туған, бірақ сиқыр жасау қабілеті жоқ адамдар. Маглдан туған сиқыршылар көп қой, ал скуибтер өте сирек кездеседі. Филч Куикспел курсын оқып, сиқыр жасауды үйренбек болса, скуиб екені анық. Оқушыларды неге жек көретіні түсінікті болды, – деді Рон ыржып. – Іші күйеді екен ғой.

Сағаттың соққаны естілді.

– Тұнгі он екі, – деді Хәрри. – Жатайық. Снейп көрсө оңдырмайды.

Мектепте Миссис Норристі біреу өлтірмек болғаны туралы сыйыр-құбір толастамады. Филч те оны ұмыттырмай, айыпты өзі келіп қолға түсер деп күткен адамша оқиға болған жерге айналып бара берді. Хәрри бір көргенде ол қабырғадағы жазуды «Миссис Скоуердің әмбебап сиқырлы дақ кетіргішімен» ысқылап жатқан, бірақ оның пайдасы тимеген сияқты, жазу бұрынғыдай жарқырап тұрды. Қылмыс болған жерді торуылдамаған кезде Филч көзіне қан толып дәлізді андып, алансыз журген окушыларды ұстап алып, «қатты дем алды», «қуаныштан жузі жайнап жүрді» деген айып тағатын.

Жинни Уизлиге Миссис Норристің қайғысы қатты батқан сияқты. Ронның айтуынша, ол мысық десе ішкен асын жерге қояды екен.

– Миссис Норриспен таныстырың шамалы еді ғой, – деп жұбатты Рон қарындасын. – Шынымды айтсам, оның қатып қалғаны бір жағынан жақсы болды. (Жиннидің ерні дірілдеді). Хогуартста мұндай жағдай сирек болады. Көресің, қылмыскер жақында қолға түседі де, мектептен шығарылады. Бірақ алдымен Филчті де қатырып кетсе жақсы болар еді.

Жиннидің бозарып кеткенін көрген Рон:

– Жай, әзілдеп айтам, – деп ақталды.

Мысыққа жасалған қастандық Хәрмионаға да ерекше әсер етті. Ол бұрын да қолынан кітабын тастандаушы еді, енді тіпті бас алмай оқитын болды. Хәрри мен Рон қанша тергесе де, жүмған аузын ашпады. Сәрсенбі күні ғана достар оның қандай мәлімет іздеп жүргенінен хабардар болды.

Ішірткі жасау сабағы аяқталған соң Снейп Хәрриді алып қалып, үстелге жабысқан түтік құрттарды қырғызды. Түскі асын асығыс ішті де, Ронмен кездесу үшін кітапханаға бара жатқан, алдынан Хафлпаф факультетінде оқитын, өткенде Өсімдіктануда бірге жұмыс істеген Жастин Финч-Флетчли шыға келді. Хәрри амандасуға ыңғайланған бергенде, Жастин мұны көре сала кері бұрылып, қаша жөнелді.

Рон кітапхананың бір бұрышында Сиқыр тарихынан жасалған үй тапсырмасына жазғанын өлшеп отыр екен. Профессор Бинс «Ортағасырдағы Еуропа сиқыршылары ассамблеясы» тақырыбына үш футтық шығарма жазып келуді тапсырган еді.

– Мәссаған... әлі сегіз дюйм жетпей тұр... – деп бұрқылдады Рон пергаментін орап жатып. – Хәрмиона азғантай ғана жазды, бірақ сонысы төрт фут жеті дюйм болып шыға келді.

– Өзі көрінбейді ғой, қайда отыр? – деп сұрады Хәрри өзінің жазғанын өлшеп жатып.

– Осы манда, – деді Рон кітап сөресін нұсқап. – Кітап қарап жур. Крисмасқа дейін кітапхананы түтел оқып тауыспақ.

Хәрри Ронға Жастин Финч-Флетчлидің өзінен қашқаны туралы айтты.

– Е, оған мән берме... нақұрыс біреу сияқты, – деді Рон барынша үлкен әріппен жазып жатып. – Локхартқа табынатын адамнан не күтесің...

Кітап сөрелері арасынан Хәрмиона шықты. Қапаланып тұрғаны байқалады.

ҚАБЫРҒАДАРЫ ЖАЗУ

– «Хогуартс тарихы» кітабы түгел қолға тарап кетіпті. Енді екі апта құту керек! Үйде бар еді, Локхарттың кітаптары шабаданға әрен сыйған соң, тастап кеткем!

– Оны қайтпексің? – деп сұрады Хәрри.

– Жүрттың бәріне сол неге қажет болды дейсің? Жасырын бөлме туралы аңызды білгім келеді.

– Қандай аңыз? – деп сұрады Хәрри аң-таң болып.

– Сондай аңыз бар. Есіме түспей тұр, – деп Хәрмиона ернін тістеді. – Басқа кітаптардан оны таппадым.

Рон сағатқа қарады да, тықырышып кетті:

– Хәрмиона, шығарманда берші...

– Жоқ, бермеймін! – деп шап ете қалды Хәрмиона. – Он күн бойы не қарап жүрдің?

– Екі дюйм ғана жетпей тұр, өтінемін...

Қоңырау соғылды. Сиқыр тарихы сабағына жеткенше Рон мен Хәрмиона дауласып барды.

Сиқыр тарихы ең көңілсіз, іш пыстыратын сабақ еді. Бұл сабактан беретін профессор Бинс оқытушылар арасындағы жалғыз елес болатын; оның тақта артынан шыға келетінінен басқа еш қызық жоқ. Әбден қартайған, қалт-құлт етіп әрен журген профессор қалай өлгенін де байқамай қалыпты. Бір күні ол сабаққа бармақ болып орнынан тұрғанда, денесі оқытушылар бөлмесіндегі алауашақтың алдында қалып қояды; содан бері өмірінде еш өзгеріс болмаған сияқты.

Бүгін де сол сұрқай көрініс қайталанды. Профессор қолжазбасын ашты да, ескі шаңсорғыш сияқты біркелкі дауысы гүілдеп дәріс оқи бастады. Оқушылар маужырап, есінеуге көшті, сәлден соң бәрі үстелге жантайып, қолын жастанып ұйықтап қалды, арасында оянып, әлдебір датаны немесе біреудің атын жазады да, қайта қалғып кетеді. Профессор Бинс жарты сағат сөйлеген соң таңғаларлық жағдай болды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрмиона қол көтергенде 1289 жылғы Сиқыршылардың халықаралық конвенциясы туралы дәрістің ортасына келген профессор абыржып қалды.

– Мисс...

– Грейнжер, профессор. Жасырын бөлме туралы қандай да бір дерек айтып берсеңіз еken, – деді Хәрмиона тақ-тақ етіп.

Аузын ашып, терезеден далаға қарап бейжай отырған Дин Томас селк ете қалды, қолын жастанып жатқан Лаванда Браун басын көтерді, Невилдің шынтағы партадан сырғып кетті.

Профессор Бинс көзін жыптылықтатты.

– Менің сабағым «Сиқыр тарихы» деп аталады, – деді ол даусы қарлыға. – Мисс Грейнжер, мен болған оқиғаны ғана баяндаймын, аңыз бен ертегіге қатысым жоқ.

Профессор жөтелді (борды бөліп жатқандай дыбыс шықты), ары қарай дәрісін оқи бастағы: «Сол жылы қыркүйекте Сардиния сиқыршылар комитеті...»

Сөйлемді аяқтамай кідіріп қалды. Хәрмиона тағы қол көтеріп отыр еken.

– Мисс Грант?

– Сәр, өтінемін... «Аңыз түбі – ақиқат» демей ме?

Профессор Бинс Хәрмионага ерекше таңдана қарағаны соңша – Хәрри «тірісінде де, өлген соң да ешкім сөзін бұлай бөлмеген шығар» деп ойлады.

– Жарайды, – деді профессор Бинс шаrasы таусылғандай. – Сөзіңіздің жаны бар... – Хәрмионаны алғаш көргендей тесіле қарады. – Дегенмен... сіз сұрап отырған аңыз тым қысынсыз, тіпті *ақылға сыймайтын* ертегі...

Бүкіл сынып профессордың аузына телміріп, әр сөзін қалт жібермеуге тырысты. Елес балаларға қарады, бәрінің көзі өзіне қадалыпты. Мұндай қызығушылықты күтпеген профессор сасқалақтап қалды.

ҚАБЫРҒАДАРЫ ЖАЗУ

— Иә, жарайды... Ммм, ойланып алайын... Жасырын бөлме... Өздеріңіз білесіздер... Осыдан мындаған жыл бұрын (нақты уақыты белгісіз) өз заманының ең мықты төрт сиқыршысы Хогуартс мектебін ашты. Мектептегі төрт факультет солардың атымен аталады: Годрик Грифиндор, Хелга Хафлпаф, Роуена Рөвенкло және Салазар Слизерин. Олар бірлесіп, маглдар көрмейтін жерге осы қамалды салды. Ол заманда қарапайым адамдар сиқырдан қорқатын, сиқыршыларды түсінбей, кудалайтын.

Профессор сәл үзіліс жасап, бөлмені көзімен бір шолып шығып, сөзін жалғады:

— Ұзақ уақыт мектептің негізін қалаушылар жұбы жазылмай, тату-тәтті жұмыс істеді; сиқыр жасауға қабілетті жастарды тауып, оларды қамалға әкеліп, оқытты. Бірақ кейін арасында түсінбестік туындағы. Слизерин өзге сиқыршылардың үстанышына қарсы шықты. Ол Хогуартсқа түсетін оқушыларды қатаң іріктеуді ұсынды. Оның ойынша, мектепте таза сиқыршы отбасынан шыққан балалар ғана оқуы керек екен. Маглдан туған оқушыларды қабылдағысы келмеді, оларға сенбейтінін айтты. Жағдай ушыққан соң Слизерин мен Грифиндор керісіп қалып, содан кейін Слизерин мектептен кетеді.

Профессор Бинс тағы үзіліс жасап, ернін шүршиткенде түрі кәрі тасбақадан аумай қалды.

— Сенімді дереккөз осылай дейді... Бірақ осы шындық жасырын бөлме туралы әпсананың тасасында қалды. Ол аңызға сенсек, Слизерин қамалдың ішінен жасырын бөлме жасап алған, өзгелері ол туралы білмеген. Жасырын бөлменің есігін ешкім аша алмайтындағы етіп жапқан, бөлмені оның шынайы мұрагері ғана аша алады-мыс. Мұрагері бөлмені ашады да, онда қамалып жатқан құбылжықты сыртқа шығарады, соның күшімен қамалды сиқыршы болуға лайық еместерден тазартады деседі.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ол әңгімесін аяқтағанда балалар тым-тырыс отыр еді, бірақ бұл әдеттегі маужыраған үнсіздікке үқсамады. Оқушылар оқиғаның жалғасы бар болар деп күтті. Олардың үмітке толы көзіне қарап профессор ашулана бастады.

– Әлбетте, оның бәрі бос әңгіме. Небір мықты, білікті сиқыршылар мектептің асты-үстін тінтіп, жасырын бөлмені іздеді. Ондай бөлме жоқ. Аңқауларды алдау үшін ойдан шығарылған ертегі ғой.

Хәрмиона тағы қол көтерді:

– Сәр, жасырын бөлмеде жатқан құбыжық деп нені айтады?

– Ммм... хикаяга сенсек, сондай құбыжық бар еken, ол тек Слизериннің мұрагеріне бағынады-мыс, – деді профессор Бинс.

Оқушылар көзі бағызып, бір-біріне қарады.

– Ондай бөлме жоқ еkenін тағы да қайталап айтамын! – деді профессор қағазын парақтап. – Жасырын бөлме де, құбыжық та жоқ!

– Дегенмен, сәр, – деді Симус Финиган, – жасырын бөлмені Слизериннің шынайы мұрагері ғана аша алса, оны басқа ешкім таба алмайды ғой, солай ма?

– Мұның бәрі бос сөз, О'Флаерти, – деді профессор қабағын шытып. – Қашшама жылдан бері Хогуартс директорлары таппаған нәрсені...

Оның сезін Парвати Патилдің жінішке даусы бөліп жіберді:

– Профессор, оны ашу үшін зұлым сиқырды қолдану керек шығар...

– Сиқыршы зұлым сиқыр жасамаса, жасырын бөлмені аша алмайды деп ойлауыңыз бекер, мисс Пеннифизер, – деді профессор Бинс. – Қайталап айтамын, Дамблдордай сиқыршы...

– Ол адам Слизериннің туысы болуы керек шығар, ал Дамблдор оған туыс емес, – деді Дин Томас.

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

Профессор Бинстің төзімі таусылғандай:

– Болды, жетер! Мұның бәрі аңыз, ертегі! Ондай бөлме жоқ! Слизерин сыпыртқы тығатын шкаф жасады десе сенемісіндер? Бұл да дәл сондай өтірік! Осындағы далбаса оқиғаны сендерге айтқанымға өкініп тұрмын. Енді *тарихқа*, салмақты, шынайы, тексерілген мәліметтерге көшейік!

Бес минуттан соң окушылар қайтадан маужырап, үйқыға кетті.

*

– Салазар Слизерин есуас екеніне күмәнім болмаған, – деді Рон кешкі асқа барап алдында сөмкелерін бөлмеге тастауға келе жатқанда. – Бірақ әлгі «тазақан» деген шатпақты ол бастағанын білмеппін. Тіпті ақы төлесе де, оның факультетіне бармас едім. Білгіш қалпақ Слизеринге бар десе, заттарымды жинап, пойызбен кері қайтар едім...

Хәрмиона оны қолдап, бас изеді, ал Хәрри үндемеді. Біртүрлі өне бойы мұздап, тітіркеніп кетті.

Білгіш қалпақ әу баста өзін Слизеринге жібермек болғанын достарына айтпаған. Бір жыл өтсе де, қалпақтың жұмсақ үні дәл кешегідей құлағына келді:

– *Білемісің, онда барсаң, ұлы адам боласың. Мұны сенің басыңнан көріп тұрмын. Ал Слизерин болса, осы ұлылыққа барап жолда саған жәрдемдеседі...*

Бірақ Слизерин факультетінен зұлым сиқырды менгерген сиқыршылар көп шығатынын естіген Хәрри қарсыласып бақты. Аяғында Білгіш қалпақ:

– *Жарайды, өзің біл... олай болса Грифиндорға бар ...* – деген.

Олар бір топ оқушының қасынан өткенде Колин Кривиді көрді.

– Сәлем, Хәрри!

– Сәлем, Колин, – деді Хәрри күндеғідей.

– Хәрри, Хәрри! Біздің сыныпта бір бала сені...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бойы бір қарыс Колин Улкен залға қарай ығыстыра итерген топқа қарсы тұра алмады, қаңғалақтап ішке кіріп кетті, әйтеуір «Сау бол, Хәрри!» деп айғайлап үлгерді.

– Оның сыныптасы сен туралы не деді екен? – деп таңданды Хәрмиона.

– Мені Слизериннің мұрагері деген шығар.

Салқынқанды айтса да, Хәрридің іші мұздап кетті, Жастин Финч-Флетчли өзінен үркіп қашқаны есіне түсті.

– Осы жұрт жоқтан өзгеге сенеді, – деді Рон күйініп.

Окушы қарасы азайып, келесі баспалдаққа оңай көтерілді.

– Жасырын бөлме бар дегенге шынымен сенесің бе? – деп сұрады Рон Хәрмионадан.

– Білмеймін. Дамблдор мысыққа жан бітіре алмады ғой, демек, оған тап беріп, дуалаған адам емес сияқты...

Олар сөйлесіп келе жатып, Миссис Норриске қарғыс тиген дәліздің түкпіріне жеткенін байқады. Тұра қалып жан-жаяна қарады. Дәл сол түнгі көрініс... Тек шырақтың тұтқасына ілінген мысық жоқ. «Жасырын бөлме ашылды» деген жазуы бар қабырғаға қарсы бос орындық тұр.

– Филчтің орындығы, осы жерден шықпай күзетіп жүр, – деді Рон кубірлеп.

Балалар бір-біріне қарады. Дәл қазір дәлізде ешкім көрінбеді.

– Тексеріп көрейік, мүмкін бір із қалған шығар...

Хәрри сөмкесін жерге таstadtы да, жүрелеп отырып, еденге үңіліп қарады:

– Әлдене күйген сияқты... Міне, мына жерде, мында да...

– Бері келіндерші! – деп шақырды Хәрмиона. – Мына қызықты қараңдар...

Хәрри орнынан тұрып, жазуы бар қабырғаға жақын тerezенің алдына келді. Хәрмиона терезенің ең жоғарғы әйнегін көрсетті.

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУ

Жиырма шақты өрмекші әйнектегі кішкентай тесіктен шығуға ұмтылып, жанталаса безіп барады еken. Олардың сонында арқандай ұзын, күмістей өрмек жібі шұбатылып жатыр, сыртқа асыққан өрмекшілер сонымен өрмелеп шығып жатқан сияқты.

– Өрмекшілердің мұндай қылығын бұрын көріп пе едіңдер? – деп сұрады Хәрмиона таңданып.

– Жоқ, – деді Хәрри. – Рон, сен ше? Рон?

Досы үн қатпаған соң артына бұрылды. Рон бұлардан алыстап кетіпті, қаша жәнелейін десе – ұялып тұрган тәрізді.

– Не болды? – деп сұрады Хәрри.

– Мен... өрмекшілерді жақтырмаймын... – деді Рон даусы дірілдеп.

– Шын айтасың ба? – Хәрмиона қайран қалды. – Олардан сан рет ішірткі жасадық қой...

– Кепкен өрмекшіден зиян жоқ, – деді Рон терезеге қарамауга тырысып. – Бірақ мына... жыбырлап жүргендерді көрсем денем түршігеді...

Хәрмиона сыйылықтап күлді.

– Несі күлкілі, – деді Рон ыза болып. – Уш жасымда ойыншық сыптықсын сындырғаным үшін Фред ойыншық аюымды үлкен, сүр өрмекшіге айналдырып жіберген. Ойлаши, жұмсақ аюынды құшақтай аласын, ал оның жыбырлаған аяғы көп...

Түрі бұзылып, сөзін аяқтай алмады. Хәрмиона күлкісін тежеп бақты.

– Сол күні еденді су басып жатқаны естерінде ме? – деді Хәрри сөзді басқа жаққа бұрып. – Ол қайдан келді? Кейін оны біреу сүртіп тастады.

– Мына жерде болатын, – деді Рон Филчтің орындығы тұрган жердің маңын нұсқап. – Мына есіктің жанында...

Есіктің мыс тұтқасын үстап, ашуга ынғайлана бере, кенет қолын тартып алды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

- Не болды? – деп сұрады Хәрри.
 - Мұнда кіре алмаймыз. Қыздардың дәретханасы той.
 - Ой, Рон, бұған ешкім кірмейді, – деді Хәрмиона. – Жылауық Миртл осында тұрады. Жүріндер, көрейік.
- «Дәретхана істемейді» деген жазуға мән бермей, есікті ашты.

Бұл бір тозығы шыққан, сұрқай бөлме еken. Қай заманнан сұртілмеген үлкен, сынық айнаның алдында шытынаған, сынған қолжуғыштар тұр. Құңгірт еденге төгілген суға тебедегі шырактың әлсіз сәулесі шағылады, дәретхананың ағаш есіктепері сыннып, сырылған еken, біреуі топсасына ілініп әрен тұр.

Хәрмиона сұқ саусағын ерніне басып, үлдарға белгі берді де, ең соңғы есікке қарай барды.

- Миртл, сәлем, қалың қалай? – деді акырын.

Хәрри мен Рон да келіп қарады. Жылауық Миртл дәретхананың суагарына шығып алып, бетіндегі безеуін шұқып отыр еken.

– Бұл – қыздарға арналған орын, – деді ол Хәрри мен Ронға күдіктене қарап. – Мыналар қыз емес қой.

– Жоқ, – деді Хәрмиона. – Мен оларға... мmm... бұл жер қандай әдемі еkenін көрсеткім келді.

Ол қолымен айғыз айна мен дымқыл еденді нұсқады.

– Сұраши, бірдене көрмеді ме еken, – деп сыйырлады Хәрри Хәрмионаға.

– Неге сыйырласып тұрсындар? – деп сұрады Миртл екеуіне тесіліп.

– Жай әшейін, – деді Хәрри, – бірдене сұрағымыз келіп...

– Көзімді бақырайтып қойып сыйырласқанды жек көрем, – деді Миртл даусы дірілдеп, көзінен жас парлап кетті. – Өлі болсам да, сезімсіз емеспін!

– Миртл, сені ренжіткіміз келген жоқ, – деді Хәрмиона. – Хәрри әшейін...

ҚАБЫРҒАДАРЫ ЖАЗУ

– Ешкім ренжіткісі келген жоқ! Бұған да шүкір! Тірі кезімде ешкімнен жақсылық көрмедім, енді өлген соң тыныштық берсендерші!

– Соңғы күндері айрықша ештеңе көзіңе түспеді ме? – деп сұрады Хәрмиона асығыс. – Хәллоуин күні мына есіктің алдында біреулер мысықты қатырып кетіпті.

– Сол түні ешкімді көрмедің бе? – деп сұрады Хәрри.

– Ешкімге мән бермедім, – деді Миртл күніреніп. – Пивз мені қатты мазақтады... күйінгеннен өзімді өлтірмек болдым. Содан соң есіме түсті, мен баяғыда-ақ... әлдеқашан...

– Өліп қалғансың, – деді Рон көмектескісі келіп.

Миртл ауыр күрсінді де, өксіп барып суағарға сұңғіп кеткенде, балалардың үстіне су шашырады. Суағардың астынан оның өксіп жылағаны естілді.

Хәрри мен Рон аузы ашылып аңқылып қалды, ал Хәрмиона иығын қиқаң еткізді:

– Бұдан да зоры бар... Қазіргісі еркелік десе болады... Жүріндер, кеттік.

Үшеуі дәретханадан шығып, есікті жаба бергенде, әлде-кімнің зекіген даусынан шошып кетті.

– РОН!

Кеудесіне серке тәсбелгісін жарқыратып тағып алған Перси Уизли баспалдақтың жоғарғы жағында тұр екен, өні бұзылып кетіпті.

– Ол – қыздардың дәретханасы! – деді жекіп. – Сен неменеге кірдін?

– Әшейін... көріп шығайық деп... – Рон иығын қиқаң еткізді. – Айғақ ізден жүрміз...

Перси ашуга мінді, оған қарап тұрып Хәрри миссис Уизлиді еске алды.

– Қане, зытыңдар бұл жерден! – деді қастарына жақын-дап. – Тағы не балеге ұрынайын дедіндер? Жүрттың бәрі кешкі ас ішіп отырғанда сенделіп жүрсіндер...

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Рон қалт тұра қалып, ағасына шүйлікті:

– Мұнда келсек не болады екен? Біз ол мысыққа саусағы-мыздың ұшын да тигізген жоқтыз!

– Жинніге де солай дедім, – деді Перси. – Ол сен мектептен шығып қала ма деп уайымдап таусылды, жылай-жылай көзі ісіп кетті. Сен оны ойладың ба? Бірінші сыныптағылардың аузынан түспей жүрсіндер...

– Жинниді уайымдап тұрганың шамалы-ау, – деді құлағына дейін қызарған Рон. – Сен менің кесірімнен мектеп серкесі бола алмай қаламын ба деп уайымдап жүрсің!

– Грифиндордан бес үпай шегерем! – Перси тепсініп, соны айтқанда серке төсбелгісін сипалады. – Саған сабақ болсын! Тыңшылық жасағанды қойындар, әйтпесе анама хат жазамын!

Кері бұрылып кетіп бара жатқанында балалар оның желкесі тұра Ронның құлағындай қызарып кеткенін көрді.

*

Сол тұні ортақ бөлмеге жиналғанда үшеуі Персиден барынша алыс отыруға тырысты. Рон әлі ашулы еді, қабағын ашпай тунерген күйі Сиқырсөз сабағынан үй жұмысын жазып отыр. Қауырсыннан тамған сияны өшірем деп таяқшасын сермен қалғанда пергамент жанып кетті. Үзасы келген Рон екінші сыныпқа арналған «Сиқырсөз жинағы» кітабын жаба салды. Хәрриді қайран қалдырып, Хәрмиона да сабакты ысырып қойды.

– Ол кім екен? – деді ол жаңа ғана үзілген әңгімені жалғағандай. – Хогуартста скуибтер мен маглдан туған сиқыршылар болмағанын кім қалауы мүмкін?

– Қане, ойланып көрейік, – деді Рон жорта аңқаусып. – Маглдан туғандарға тісін қайрап жүретін кімді білеміз?

Ол Хәрмионаға қарады. Хәрмиона артына бұрылып қарады да, ойланып қалды:

– Малфойды айтамысың?

ҚАБЫРҒАДАРЫ ЖАЗУ

– Эрине! – деді Рон. – Оның сөзі есінде ме: «*Қарақан немелер, ендігі кезек сендердікі!*» демеп пе еді? Тышқан сияқты жылміған түріне қарашы, сол екені айдан анық...

– Қайдам... Малфой – Слизериннің мұрагері дегенге сену қыын, – деді Хәрмиона күмәнданып.

Хәрри де оқулықтарын жауып, әңгімеге араласты:

– Оның отбасына қарашы. Олардың бәрі Слизерин факультетінде оқыған, ылғи соны айтып мақтанады. Слизериннің үрпагы болса болар. Әкесі зұлым сиқырды менгерген сиқыршы екені түрінен көрініп тұр.

– Жасырын бөлменің кілтін ғасырлар бойы сақтап келе жатқан шығар! – деді Рон. – Әкеден балаға мирас қылышп...

– Мүмкін, – деді Хәрмиона даусынан күмән кетпей. – Ол да мүмкін...

– Бірақ оны қалай дәлелдейміз? – деді Хәрри.

– Оның бір жолы бар, – деді Хәрмиона сыйырлап, содан соң алыста отырған Персиге бір қарап алды. – Бірақ оны жасау үшін жүрек керек. Өте қауіпті, қыын әдіс. Мектептің кем дегенде елу ережесін бұзамыз.

– Еее... бір-екі айда жүргегің дауалап қалар, сол кезде айтартсың, – деді Рон кекетіп.

– Жарайды, – деді Хәрмиона салқын ғана. – Слизериннің ортақ бөлмесіне кіріп, Малфойдың өзінен сұрау керек. Бірақ ол бізді танымауы керек.

Рон қарқылдалап күліп жіберді.

– Ол мүмкін емес қой, – деді Хәрри.

– Мүмкін, – деді Хәрмиона. – Айналдыратын ішірткі жасау керек.

– Ол не? – деп сұрады Рон мен Хәрри жарысып.

– Снейп өткен сабактың бірінде айтты ғой...

– Оның сөзін тыңдаған біреу бар ма екен, – деп күнкілдеді Рон жақтырмай.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Айналдыратын ішірткіні ішкен адам басқа біреуге айналады. Тамаша емес пе? Біз Слизеринде оқытын үш оқушыға айнала аламыз. Біз екенімізді ешкім білмей қалады. Малфой шынын айтып береді. Дәл қазір Слизериннің ортақ бөлмесінде бөсіп отырган шығар, бірақ оған кіре алмаймыз.

– Айналу деген сөзден денем тітіркеніп кетті, – деді Рон қабағын түйіп. – Өз қалпымызға келмей, Слизериннің оқушысы болып қалмаймыз ба?

– Жоқ, уақыты жеткенде өз бейнене ораласың, – деді Хәрмиона қолын сермеп. – Ең қыны – ішірткіні жасау. Снейп оның рецебін «Ең күшті ішірткілер» кітабынан табуга болады деген, демек, ол кітапхананың Тыйым салынған бөлімінде шығар.

Тыйым салынған бөлімнен кітап алудың бір жолы ғана бар: оқытушының арнайы рұқсат қағазы керек.

– Кітапты жай оқимыз дегенге кім сенеді? – деді Рон. – Сұраган бетте ішірткі жасағалы жүргенімізді сезіп қояр.

– Ишірткі жасау теориясын білгіміз келіп, құмартып журміз деуге болар, – деді Хәрмиона.

– Оған илана қоятын оқытушы бар ма? – деді Рон. – Накұрыс біреу болмаса...

ОНЫНШЫ ТАРАУ

ҚҰТЫРҒАН БЛАДЖЕР

Шиқылдақтарды арбауды көрсетем деп масқара болған соң профессор Локхарт енді сыныпқа тірі мақұлық әкелмейтін болды. Оның орнына өзінің кітаптарынан үзінді оқып, кейбір әсерлі тұстарын рөлге бөліп ойнатып көрсететін. Әдette көрініс қойғанда қарсылас ретінде Хәрриді таңдайды; сөйтіп, Хәрри біресе Көпіру қарғысына ұшыраған Трансильвания шаруасын, біресе сұық тиген йетиді, енді бірде Локхартпен кездескен соң, көкөністен басқа азыққа қарай алмай қалған қансорғыштың рөлін сомдайтын.

Бүтінгі Зұлым сиқырдан қорғану сабағында оқытушының қалауымен Хәрри құбыжық қасқырдың рөліне енді. Бас тартқысы келген-ақ, бірақ Локхарттың көңілін аулау аса маңызды болған соң амалсыз көнді.

– Ұлығанын айнытпай келтірдің, Хәрри... тұра осылай болған... содан соң оған тап бердім де, жерге алып ұрдым... бір қолыммен басып тұрып, екінші қолыммен алқымына таякшамды тақадым... міне, былай... өздерің білесіндер, Адамға айналдыру сиқыры аса қын... соны айттыйм... байғұстың жан

даусы шықты... иә, Хәрри, қаттырақ... аянба... тамаша! Жүн басқан терісі мен ақсиган азуы көз алдында жоқ болды да, көдімгі адамға айналды. Қарапайым әрі тиімді әдістің арқасында сол ауыл тұрғындарының есінде өздерін құбыжық қасқырдан құтқарған қаһарман ретінде қалдым.

Коңырау соғылып, Локхарт орнынан тұрды:

– Үйге тапсырма: Уагга-Уагга құбыжық қасқырды қалай жеңгенімді өлең қылып жазып келіндер! Үздік шығармаға «Мениң сиқыр әлемім» кітабыма қолтаңба қойып сыйлаймын!

Окүшылар затын жинап, сыныптан шыға бастады. Хәрри Рон мен Хәрмиона отырған үстелге барды.

– Дайынсыңдар ма?

– Тұра тұр, бәрі шығып кетсін, – деді Хәрмиона қобалжып. – Ал, кеттік...

Ол уысына қағазды сыйымдап қысқан күйі Локхарттың үстеліне жақындалды, Хәрри мен Рон соңынан ерді.

– Мм... профессор Локхарт, кітапханадан бір кітап алып, оқығым кеп жур. – Қағазды ашып көрсеткенде, колы аздал дірілдеп тұрды. – Бірақ ол Тыйым салынған бөлімде тұр екен, оқытушиның арнайы рұқсаты керек дейді... «Албастыны жеңгенім» кітабында біргіндеп әсер ететін у туралы айтасызғой, сол жайында жан-жақты білгім келеді...

– Ее, «Албастыны жеңгенім» бе? – деді Локхарт Хәрмионадан қағазды алып жатып ыржыып күліп. – Ең сүйікті кітабым десем болар. Саған үнай ма?

– Иә, иә! – деді Хәрмиона желпілдеп. – Даналыққа толы, әсіресе әлгібіреуді шай сұзгімен ұстап алғаныңыз...

– Ең үздік шәкіртім көмек сұрап келгенде бетін қайтарғаным күнә болар, – деді Локхарт жайрандап, қолына тауыстың үлкен қауырсынын алды. Ронның түрі бұзылып кеткенін Локхарт өзінше жорыды. – Өте әдемі, солай ма? Кітапқа қолтаңбаны осы қауырсынмен қоямын.

Қағазға өрнектеп қол қойды да, Хәрмионаға берді.

Хәрмиона қағазды ала сала, асығыс сөмкесіне сұңгітті.

– Айтпақшы, Хәрри, – деді Локхарт. – Ертең осы маусымдағы ең бірінші куидич матчы өтеді еken ғой? Грифиндор Слизеринге қарсы ойнайды ғой? Сені жұрттың бәрі мақтайды. Кезінде мен де қақпақыл болғам. Ұлттық құрамаға шақырту да алдым, бірақ өмірімді зұлым күштермен куресуге арнайын деп үйғардым. Оңаша дайындық қажет болса, көмегімді аямаймын. Тәжірибесі аздау ойыншыларға жол көрсетуге өзірмін...

Хәрри алғыс білдірген сыңай танытып, бірдене міңгірлеп айтқандай болды да, достарының артынан кетті.

– Ал керек болса! – деді ол қағаздағы қолтаңбаға шұқшиып. – Кітаптың атауына қараған да жоқ.

– Мисыз әңгүдік қой, – деді Рон. – Мейлі, бізге де жақсы, керегімізді алдық.

– Ол мисыз әңгүдік емес, – деді Хәрмиона күйіп-пысып.

Ушеуі кітапханага бет алды.

– Иә, сені ең керемет оқушы деп мақтаса болғаны...

Кітапханада қатты сөйлеуге рұқсат етілмейтін, ушеуі сыйырға көшті.

Кітапханашы мадам Пинс арық, аш құзғын сияқты, оқушыларды көзімен ішіп-жеп тұратын қытымыр адам еді.

– «Ең күшті ішірткілер»? – Даусынан күмән байқалды. Қағазды қолына алып көрмек еді, Хәрмиона оны бергісі келмей тартыншақтады.

– Өзімде қалсыншы? – деді қыила.

– Ой, қойшы, – деп Рон қағазды жұлып алып, мадам Пинске ұсынды. – Саған басқа қолтаңба алып береміз. Мақтауын асырсан, Локхарт кез келген нәрсеге қол қойып бере салады.

Мадам Пинс қолтаңбаның рас екенін тексермек болып, жарыққа тосып қарап алды да, түкпірдегі бөлімге кетті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Содан соң биік сөрелерді айналып кетіп, сәлден кейін шеті көгерген үлкен кітапты алғып шықты. Хәрмиона оны сөмкесіне салып алды да, ұшеуі кітапханадан түк болмағандай, жайбарақат, сабырлы кейіпте шығуға тырысты.

Бес минуттан соң олар Жылауық Миртл мекендейтін дәретханаға қайта барды. Рон онда барғысы келмеген, бірақ Хәрмиона одан өткен ынғайлы жер жок, ешкім бөгет жасамайтын мұндай оңаша орын табу қыын екенін дәлелдеді. Бір құыста еңіреп отырған Жылауық Миртлға мән бермеуге тырысты.

Хәрмиона «Ең күшті ішірткілер» кітабын еппен ашты, ұшеуі кітаптың дым тартып көгерген парагына телмірді. Оқулық неге Тыйым салынған бөлімде сақталғаны бірден түсінкті болды. Кейбір ішірткінің әсері қандай болатынын ойлаудың өзі қорқынышты екен, ал суреттері қандай десенші: бір адамның ішін сыртына айналдырып тастаған, енді бір сиқыршы әйелдің төбесінен бірнеше қол шығып кетіпті.

– Міне, – деді Хәрмиона «Айналдыратын ішірткі» деген тақырыпты нұсқап.

Ішірткінің сипаттамасының жанына бір адамның өзге біреуге айналып бара жатқан суреті салыныпты. Хәрри суреттегі адамның жүзінен байқалған сүмдық азап суретшінің қиялыш болар деп үміттенді.

– Бұл мен көрген ішірткілердің ең қыныны, – деді Хәрмиона рецепті оқып отырып. – Ұзылдақ шыбын, сүлік, қыша мен таран... Жарайды, оларды ішірткі шкафынан алуға болады. Қосмұйіздің ұнтақталған мүйізі... Оны қайдан табамыз? Бумсләңүң ұнтақталған терісі деген де оңай емес... Өзің айналғың келетін адамның шашы не тырнағы...

– Не дейді?! – Рон баж ете қалды. – Шашы не тырнағы деген не сүмдық? Кребтің тырнағы салынған ішірткіні өлсем ішпесспін...

Хәрмиона оны естімегендей сөзін жалғастыра берді.

– Оны әзірге ойламай тұра тұр, ең соңында қосады екенбіз...

Рон көзі бақырайып Хәрриге қарады, бірақ досының уайымы басқа көрінді.

– Хәрмиона, сонда қанша нәрсе үрлауымыз керек? Бумсләнның ұнтақталған терісі дегенді оқушыларға арналған шкафтан таппасымыз анық. Сонда Снейптің шкафына үрлыққа түсуіміз керек пе? Оған кімнің жүрегі дауалайды...

Хәрмиона кітапты тарс еткізіп жапты:

– Жарайды! Қорықсандар, осы жерден тоқтайық! – Бетінің ұшы қызыарып кетті, көзі шоқтай жанып тұр екен. – Мен де ереже бұзғым келіп тұрғаны шамалы. Бірақ қауіпті ішірткі жасағаннан маглдан туғандарға тиіскен жаманырақ деп санаймын. Малфойдың бетпердесін сыптыруға ынталарың болмаса, дәл қазір мадам Пинске кітапты апарып бере салайын...

– Дәл сен ереже бұзуға айдалып салады деп кім ойлаған, – деді Рон. – Жарайды, келістім. Бірақ, әйтеуір, тырнақ жүтпайықшы.

Хәрмиона көнілденіп, кітапты қайта ашты.

– Сонымен, мұны жасауға қанша уақыт кетеді? – деп сұрады Хәрри.

– Қышаны ай толғанда териу керек, ал ызылдақ шыбынды жиырма бір күн бұқтыру қажет... Қоспаның бәрін таба алсақ, бір айда дайындаш шығамыз.

– Бір ай? – деп ішегін тартты Рон. – Бір айда Малфой маглдан туған оқушылардың жартысына соқтығып үлгерсе ше? – Хәрмионаның көзі қайтадан ұшқын ата бастағанын көріп сабасына тұсті. – Иә, бұдан жақсырақ жоспарымыз жоқ, болды, іске кірсейік.

Хәрмиона дәретханадан шықпас бұрын айналаны барлап көруге кеткенде, Рон Хәрриге: «Ертең Малфойды сыпыртқыдан аударып түсіре салшы, әуреміз азаяды» деп сыйбырлады.

*

Хәрри сенбі күні таңертең ерте оянып алып, куидич матчы туралы ойланды. Грифиндор жеңіліп қалса, Уұд қалай ашууланатынын ойлап уайымдады. Бәрінен бұрын қарсыластары ең жылдам әрі жаңа сыпыртқыға мінгенін ойлағанда жүрегі ауырды. «Слизеринді қалай да жену керек» деген ой жанын жегідей жеді. Жарты сағат дәнбекшіп жатқан соң орнынан тұрып, киінді де, таңғы асқа барды. Грифиндор командасының өзге мүшелері ұзын үстелді жағалай отырыпты, ешкімнің сейлесуге құлқы жоқ тәрізді.

Сағат он бірді соққанда бәрі куидич өтетін стадионға қарай шұбырды. Аспан түнеріп, сәлден соң наизағай ойнап, әнеміне жауын күя салардай болып тұр екен. Рон мен Хәрмиона киім ауыстыратын бөлмелеге келіп, іске сәт тіледі. Команда мүшелері алқызыл мантиясын киді де, капитанның жарыс алдындағы жігерлендіру сезін тыңдады.

– Слизериннің сыпыртқысы мықты екенін ешкім теріске шығара алмас, – деп бастады ол. – Бірақ біздің сыпыртқыларымызға мінген адамдар оларды он орап алады. Дайындығымыз да олардікінен жақсырақ. Ая райының қолайсыздығына да әбден үйрендік («Оның рас, – деп күбірледі Жорж Уизли. – Тамыздан бері киімім құрғап көрмепті»). Енді олар Малфой сияқты жабысқақ шырышты ақысына қызығып командаға қосып алғанына өкінеді.

Өз сезіне өзі шабыттанып, делебесі қозған Уұд Хәрриге бұрылды:

– Хәрри, қақпақыл болу үшін қалтасы қалың әке емес, дарын керек екенін дәлелде. Жан алып, жан берсен де, снитчті

Малфойға жеткізбей қағып ал! Бүтін қалай да жеңбесек болмайды!

– Байқа, шындал жан беріп жүрме, – деп Фред Хәрриге көзін қысты.

Бұлар алаңға шыққанда көрермен шулап қарсы алды. Рәвенкло мен Хафлпаф та Слизериннің жеңілгенін тілеп, Грифиндорға қошемет көрсетті. Слизериндіктер де өз командасына қолдау көрсетіп, ысқырып, айғайлады. Куидичтен сабақ беретін мадам Хуч Флинт пен Уұдті қол алысуға шақырды. Команда капитандары бір-біріне ызбарлана қарап, қарсыласының ұсынған қолын сындырып жіберердей тым қатты қысқандай көрінді.

– Мен ысқырғанда бастаңдар, – деді мадам Хуч, – бір... екі... үш...

Көрермен шулап қол соқты, сыйыртқы мінген он төрт ойыншы әуеге көтерілді. Хәрри шығандап ұшып шығып, жан-жағына қарап, снитчті іздеді.

– Тыртықбас, жағдайың жақсы ма? – деп айғайлады Малфой су жаңа сыйыртқысын зулатып бара жатып.

Хәрри үндемеді. Сол кезде ауыр қара бладжердің бірі өзіне қарай зымырап келе жатқанын байқады. Жалт бермегендеге бетіне тиер еді.

– Абай бол, Хәрри, – деді қасына жетіп келген Жорж, содан соң бладжерді бар күшін сала қағып, қарсылас командаға бағыттап жіберді. Хәрри Жорждың бладжерді шірене ұрып, Эдриан Пьюзиге қарай ұшырып жібергенін көрді, бірақ доп бағытын өзгертіп, қайтадан Хәрриге қарай зымырады.

Хәрри одан жалтарып, тәмен құлдилады, ал Жорж бладжерді Малфойға қаратса ұрып жіберді. Бірақ доп біраз ұшқан соң қайтадан жалт бүрүліп, Хәрридің мандаудың көздей атылды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри жылдамдығын үдетіп, алаңның екінші бетіне өтті. Бладжер артынан зымырап келеді. Не болып кетті? Бладжер әдетте бір адамның соңына түспейді, неғұрлым көп ойыншыны құлатуға тырысады...

Қарсы алдында Фред Уизли бладжерді күтіп тұрды. Хәрри бұға қалғанда Фред допты бар күшін сала ұрып, бағытынан адастырып жіберді.

– Миңе, саған!

Фред мақтана айғай салды, бірақ ерте қуанған сияқты: бладжер біреу дуалап қойғандай кері бұрылып, қайтадан Хәрриге бет алды. Хәрри жан-дәрмен қашуга тырысты.

Жаңбыр жауа бастады, Хәрридің бетіне тамшы тиіп, көзәйнегін айғыздады. Ойын қалай өрбіп жатқанын бақылай алмай қалды. Бір кезде ойын комментаторы Ли Жорданның:

– Слизерин алпыс та нөл есебімен басым келеді, – деген даусын естіді.

Слизериндіктердің сыптыртқысы бәрінен шапшаң екенін ескерсек, оған таңғалтуға болмас. Ал есалан бладжер Хәрриді қуалауын қояр емес. Фред пен Жорж енді бұдан бір елі ажырамай, бладжерді жасқаумен болды. Хәрриге олардың ары-бері сермеген қолынан өзге ештеңе көрінбеді, снитчті анду жайына қалды.

– Біреу... мына допты... дуалаған... – деп бүркүлдады Фред ентіккен күйі доптың бетін қайтарып жатып.

– Бізге тайм-аут керек, – деді Жорж, сөйтті де, Уұдке белгі бере сала, Хәрриге қарай зулап келе жатқан бладжерді қағып жіберді.

Уұд бұл ұсынысқа деруе келісті. Мадам Хүчтің ысқырығы шыққанда Хәрри мен егіз Уизли доппен алысып жүріп жерге түсті.

– Не болып жатыр? – деп сұрады Уұд. Ар жақтан слизериндіктердің мәз-мәйрам болған даусы естілді. – Тас-талқан

ҚҰТЫРҒАН БЛАДЖЕР

болов жеңілгелі тұрмыз. Фред, Жорж, Анжелина, ұпай ашқалы жатқанда бладжерді неге тоқтатпадындар?

– Біз одан жиырма фут биікте болдық, есуас бладжер Хәрриді өлтіріп қоймасын деп көз жазбадық, Оливер, – деді Жорж ашуланып. – Біреу жадылап қойған, Хәрриді ғана үрады, басқа ешкімге қарамайды. Слизериндіктер істеген шығар!

– Соңғы жаттығуда доптың құтырғанын байқамадым, одан соң бладжерлерді мадам Хүчтің кабинетіне апарып, есігін жауып кеттік емес пе... – деді Уұд ойланып.

Мадам Хүч бұларға қарай келе жатыр екен. Оның артынан Хәрри Слизерин командасы өзіне саусағын шошайтып күліп жатқанын байқады.

– Тыңдандаршы, – деп бастады Хәрри оқытушы жақындағанда қалғанда. – Екеуің екі жақтан қаумалап жүргенде снитч өзі қолыма ұшып келмесе, басқаша ұстай алмаймын. Команданың өзге мушелерін қорғандар, мен әлгі есуас доппен өзім алысайын.

– Есірме, – деді Фред. – Басыңды жұлышп түсер.

Уұд біресе Хәрриге, біресе егіз Уизлиге қарады.

– Оливер, ақылға кел, – деді Алиса Спиннет ашуланып. – Хәрри жалғыз өзі төтеп бере алмайды. Тексеріс жүргізууді талап етейік...

– Қазір ойынды тоқтатсақ, жеңіс аналарға бұйырады, – деді Хәрри. – Қайдағы бір құтырған бладжерге бола Слизериннен жеңілмекпіз бе? Оливер, мына екеуі мені жайыма қалдырысын!

– Бәріне сен кінәлісің, – деді Жорж Уұдке қарап. – «Өлсең де, тірілсең де снитчті ұста» деген кім? Айтылған сөз – атылған оқ.

Мадам Хүч қастарына келді:

– Ойынды жалғастырамыз ба?

Уұд Хәрриге қарап, айтқанынан қайтпасын көрді:

– Жарайды... Фред, Жорж, Хәрридің сөзін естідіңдер, бладжермен өзі алыссын.

Жауынның арты нөсерге айналды. Мадам Хуч ысқырғанда Хәрри әуеге көтерілді, есуас бладжер де артынан жетті. Хәрри барынша жоғарылауға тырысты. Ары-бері тенселіп, бағытын тез өзгертіп отырды: біресе ирек жасап үшады, біресе кері айналады. Басы айналып тұрса да, көзін жұмбай, сергек отыруға күш салды. Жаңбыр көзәйнегін айғыздап, мұрнынан төмен ақты, оны сұртуге шамасы келмей бладжерден қашып, сыптыртқыдан төмен салбырай қалды. Жиналған топтың күлкісін естіді, шамасы сырт көзге мұның бәрі ерсі көрінсе керек; бірақ есірік бладжердің салмағы ауыр болатын, бұл сияқты бағытын тез ауыстыру оған қыын тиді. Ол стадионды жағалай үшып, сырғанақ тепкен адамша ары-бері тенселумен болды; Грифиндор қақпасына қараса, Эдриан Пьюзи Уұдті алдап өтіп кетпек болып жатыр екен...

Құлақ тұсынан бірдене зу ете қалды. Дәл қасынан жанап өткен бладжерден жалтара қалды да, онға бұрылып, қарсы бетке зулап үшты.

– Поттер, балетке дайындалып жүрсің бе? – деп кекетті Малфой, Хәрридің құтырған доптан құтылмақ болып шыр айналғанына қарап.

Хәрри бладжерден қашып, шүғыл бұрылды да, Малфойға оқты көзін қадай қалды, сол сәтте алтын снитчті көрді. Ол Малфойдың сол жағында, дәл құлағына тиердей қалықтап түр, Хәрриге қарап мысқылдаумен әуре Малфой оны байқамады.

Малфой басын бұрып, снитчті көріп қоя ма деп қылпылдаған Хәрри бір сәт бөгеліп еді.

– ТАРС!

Бір орнында тұрып қалғаны бекер болыпты. Бладжер келіп шынтағынан соққанда Хәрри қолы сынғанын сезді.

Көзі қарауытып, басы айналды, жаңбырдан шылқып су болған сыпыртқыдан аударылып түспей әрен отыр, бір тізесі одан бетер бүгіліп, жан кеткен оң қолы салбырап қалды. Енді бладжер қайта айналып келіп бетінен ұрға ыңғайланды. Хәрри жалт бұрылды, есендіреп тұрса да, санасынан *Малфойға жету керек* деген бір ой кетпеді.

Қолы сырқырап ауырғанын елемей, қарсыласына ұмтылды, сіркіреген жаңбыр арасынан Малфойдың үрейленген жүзін көрді: Хәрри өзін ұрғалы төніп келе жатыр деп ойласа керек.

– Есің дұрыс па?! – деп айғайлады да, жалт берді.

Хәрри сыпыртқыны ұстап отырган сау қолын созды, саусақтары мұздай снитчке жақындағанын сезді. Сыпыртқыны тек тақымымен басқарып отырган, енді құлап бара жатқанын сезді, стадиондағы жұрттың жанұшыра шыңғырғанын естіді, тек талып қалмасам еken деп тіледі.

Жерге топ етіп құлады да, сыпыртқыдан аударылып түсті. Қолы біртурлі ерсі салбырап қалыпты. Ауырсынғаннан көз алды тұманданып, дәл тұсындағы көрерменнің шулап, шыңғырғаны алыстан талып жеткендей естіледі. Сау қолының уысына қысып алған снитчке көз тоқтатып қарады.

– Жендік... – деп сыйырлауга ғана шамасы келді де, талып қалды.

Есін жиғанда әлі себелеп тұрған жаңбырдың арасынан біреу үстіне төніп тұрғанын байқады. Отыз тісін түгел көрсетіп жымияды.

– Ой, жоқ, жоқ... – деп ыңғырсыды.

– Сандырақтап жатыр, – деді Локхарт қаумалаған Грифиндор жанкүйерлеріне айғайлап. – Уайымдама, Хәрри. Қолыңды емдеймін.

– *Жоқ!* – деді Хәрри. – Осылай қала берсінші, рахмет...

Басын көтеріп отырмақ болып еді, ауруы жанына батып, қайтадан шалқалай жатты.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Жақыннан камераның шыртылдатып суретке түсіргені естілді.

- Колин, бұл күйімді түсірмеші, – деді бар даусымен.
- Жатағой, Хәрри, – деді Локхарт даусын жұмсақта. – Бұл оп-оңай сиқыр, жүз рет жасағанмын.
- Одан да мені ауруханаға апарыңыздар, – деді Хәрри тістеніп.

– Иә, профессор, апаратық, – деді Уұд. Қақлақылы жаралы болса да, женіске қуанып тұрғанын жасыра алмады. – Хәрри, тамаша үстадың! Бұрынғыдан да керемет болды!

Қаумалаған жұрттың арасынан есуас бладжерді қобдиға салмақ болып алысып жатқан Хәрри Фред пен Жоржды көрді. Доп әлі бұлқынып, қарсылық көрсетіп қояды.

– Ары тұрындар, – деді Локхарт жасыл мантиясының жеңін түріп.

- Мен қарсымын, – деді Хәрри әлсіз ғана.

Локхарт оның қарсы болғанын елемей, таяқшасын шығарып, Хәрридің қолына қаратса сермел қалды.

Иығынан бастап саусақ ұшына дейін тоқ соққандай біртүрлі сезімде болды. Тіпті қолы жоғалып кеткендей. Не болғанына қарауға дәті шыдамады, кезін жұмып, теріс қарады. Күмәні бекер болмаған сияқты: жұрт шулап, Колин Криви сартылдатып суретке түсіріп жатыр. Қолы бұрынғыдан ауырмады, ең сүмдіғы: қолынан жан кетіп қалды.

– Ойбу! – деді Локхарт. – Жарайды... Ондай-ондай болып тұрады. Ең бастысы, сынған сүйектен құтылдың. Жағдайың жеңілдеді. Хәрри, енді ауруханаға бар... Мистер Уизли, мисс Грейнджер, сүйемелдеп апаратындар... Енді мадам Помфри... көмектессін...

Хәрри орнынан тұрғанда денесінің бір бөлігі жоқ сияқты күй кешті. Терен тынысы алды да, бұрылып оң жағына қарады. Қайтадан есінен танып қала жаздады.

Мантияның жеңінен резеңке тәрізді тері қапталған бірдене салбырап шығып тұр. Саусағын қымылдатып көрмек еді, икемге келмеди.

Локхарт сынған сүйегін салмаған. Мулдем жоқ қылып жіберген.

Мадам Помфри мұның еті мен терісі ғана қалған қолын көріп, басын шайқады.

– Дереу маған келуің керек еді! – Содан соң қол деуге келмейтін былқылдақ затты айналдырып қарады. – Сынықты бітіру оңай, ал жаңа сүйек өсіру...

– Истей аласыз ғой, иә? – деп сұрады Хәрри.

– Өсіремін, бірақ жаңынды көзіңде көрсетіп ауырады, – деп, мадам Помфри Хәрриге ауыстыратын киім берді. – Бүгін осында қонасын...

Хәрмиона тәсекті қалқалаған перденің сыртына шықты, Рон Хәрриге киім ауыстыруға көмектесті. Сүйексіз қолды киімнің жеңіне кіргізудің әуресі көп екен.

– Енді осыдан соң Локхартты қалай қорғайсын, Хәрмиона? – деп сұрады Рон, Хәрридің «саусақтарын» жеңінен шығарып жатып. – Хәрри сүйегімді алып тасташы деген жоқ қой.

– Қателеспейтін адам бар ма? – деді Хәрмиона. – Есесіне қолың ауырмайды ғой, Хәрри?

– Ауырмайды ғой, – деді Хәрри. – Бірақ ауыратын қол да қалмады ғой.

Тәсекке жатқанша «қолы» былқ-сылқ сүйретіліп жүрді.

Хәрмиона мен қолында бір құты Сүйек өсіргіш ішірткі бар мадам Помфри кірді.

– Бүгінгі түн ауыр болмақ, – деді ол буы бүркүраған кесені Хәрриге ұсынып. – Сүйек өсіру – қын жұмыс...

Сүйек өсіргішті ішу де оңай емес екен. Хәрридің аузы мен тамағы тызылдап кетті, көзінен жас парлап, қақалып-шашалып отырып әрең тауысты.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Қауіпті спорт пен қабілетсіз оқытушыларға кіжінген мадам Помфри шығып кетті, достары Хәрриге дәрінің артынан су ішуге көмектесті.

– Бәрібір жендік қой, – деді Рон ыржиып. – Снитчті қалай үстадың десенші! Малфойдың түрін көрсөн... сені түтіп жеуге дайын еді!

– Ол әлгі бладжерді қалай дуалап қойды екен? – деді Хәрмиона қабағын түйіп.

– Айналдыратын ішірткіні жасап болған соң, Малфойдың өзінен сұрап аламыз, – деді Хәрри. – Оның дәмі мынау сияқты сүйкімсіз болmas...

– Әй, қайдам... Ішінде слизериндіктердің тырнағы не шашы жүрсе, қайдан оңсын, – деді Рон.

Аурухананың есігі сарт етіп ашылды. Шылқылдан су болған, былғанған киімін шешіп үлгермелеген Грифиндор командасының басқа мүшелері екен.

– Оқтай зымырадың, Хәрри, – деді Жорж. – Маркус Флинттің Малфойға бақырғанын көрсөң ғой. Дәл төбесінде тұрған снитчті көрмей қалды, бейшара. Енді сутке тиген күшіктей болып жүр.

Олар торт, тәттілер мен асқабақ шырынын ала келіпті, бәрі Хәридің тәсегінің маңына жиналып, думандатпақ еді, осы кезде мадам Помфри кіріп келіп, айғай салды:

– Бала тынығуы керек, ол әлі отыз үш сүйек өсіреді!
Шығындар! БАРЫНДАР!

Хәрри жанына батқан сырқатымен оңаша қалды.

Бірнеше сағаттан соң тас қараңғыда Хәрри кенет оянып кетті. Қолына жан біте бастағанын сезді: сүйектің өскені ине шанышғандай дызылдан сезіледі екен. Содан оянған шығармын деген. Бірақ сәлден соң қорыққаннан тұла бойы дір етті: біреу қараңғыда маңдайын сұлықпен сүртіп отыр.

ҚҰТЫРҒАН БЛАДЖЕР

– Жоғал әрі! – деп айғай салды да, кенет шақырылмаған қонақты таныды. – Добби!

Үй тірлігін атқаратын эльфтің теннис добына ұқсайтын домалақ көзін танымай мүмкін емес. Эльфтің ұзын, үшкір мұрнының ұшынан бір тамшы жас үзіліп түсті.

– Хәрри Поттер мектепке оралды, – деді ол үнінен аяу мен өкініш қатар есіп. – Добби Хәрри Поттерге ескертті ғой, ескертті. Ах, сәр, Доббидің тілін алғаныңызда ғой... Хәрри Поттер пойыздан қалып қойғанда неге үйіне қайтпады?

Хәрри жастыққа шынтақтап басын көтерді де, сулықты мандайынан алып тастады.

– Мұнда неғып жүрсің? – деп сұрады эльфтен. – Пойыздан қалып қойғанымды қайдан білесің?

Доббидің ерні дірілдегеніне қарап Хәрри бәрін түсінді.

– Сен екенсің ғой. Қабыргадан өткізбей тастаған сен ғой! Неге олай істедің?

– Дұрыс айтасыз, сәр, – деп Добби басын изегенде салпаң құлағы қоса тербелді. – Добби тығылып қалды да, Хәрриді андып тұрып, қабырганы дуалап тастады. Сол үшін Добби қолын үтікке басты (дәкемен таңылған саусақтарын көрсетті). Добби оған өкінбейді, сәр, ол Хәрри Поттердің амандығын ойлады. Добби Хәрри Поттердің мектепке басқа жолмен жетіп алатынын білмеді.

Эльф ұсқынсыз басын шайқап, теңселе берді:

– Хәрри Поттер Хогуартсқа келіп алғанын естігенде Добби шошып кеткені сонша – тіпті қожайынның асын күйдіріп алды! Добби сол күні қатты таяқ жеді, сәр...

Хәрри қайтадан жастыққа жатты.

– Сенің кесіріңнен Рон екеуміз мектептен шығып қала жаздадық, – деді ол ызаланып. – Сүйегім өсіп болғанша кетіп қал, әйтпесе сені буындырып тастармын.

Добби жымиды:

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Добби ондай сөздерге үйренген, сәр. Қожайындары күніне сан рет өлтіреміз дейді.

Устіндегі кір сіңіп, өңі кеткен жастыққаптың бір бұрышына сіңбірді, сол кездегі түрі аянышты болғаны сондай – Хәрри райынан қайтты.

– Добби, мына затты неге киіп жүрсің?

– Мынау ма, сәр? – деп сұрады Добби жастыққабын нұсқап. – Бұл үй тірлігін атқаратын эльфтің құл екенін көрсетеді. Доббиге қожайындары киім сыйласа ғана азат болады. Олар Доббиге шұлық та бермеуге тырысады, сәр, әйтпесе ол үйден мүлдем кетіп қалады деп қорқады.

Добби көз жасын сұртті де:

– Хәрри Поттер үйіне кетуі керек! – деп айғай салды.

– Доббидің ойынша, бладжер...

– Оны да сен дуаладың ба? – Хәрри қайтадан ашуланды.

– Бладжер мені өлтірмек болғаны да сенің арқаң ба?

– Жок, сәр, ол сізді өлтірмес еді! – деп шыр-шыр етті Добби. – Керісінше, Добби Хәрри Поттерді ажалдан арашалап қалғысы келеді! Мұнда қалғанша, ауыр жарапанып, үйге қайтқаныңыз жақсы, сәр! Добби Хәрри Поттердің жарапанып, үйіне қайтқанын қалады!

– Е, бар болғаны сол ма? – деді Хәрри бүркүлдап. – Сүйегімді құл-талқан етіп шағып, үйге қайтарудағы мақсатың не?

– Ех... Хәрри Поттер білсе гой! – деді Добби күрсініп, жыртық күіміне көз жасы тырс-тырс тамды. – Сиқыр әлеміндегі байғұс құлдар үшін өзі қаншалықты маңызды екенін білсе гой! Добби Өзіміз-білетін-әлгі билік құрганда жағдайы қандай болғанын үмытпайды, сәр! Біз сияқты үй тірлігін атқаратын эльфтердің көрген күні құрысын! Доббидің жағдайы қазір де мәз емес, сәр...

Добби кемсөндең, үстіндегі жастыққабының бұрышымен көзін сұртті:

– Дегенмен, сәр, сіз Өзіміз-білетін-әлгіні женгелі эльфтердің

әмірі біраз жақсарды. Хәрри Поттер аман қалды, Түнек әміршісі күшінен айырылды, бізге жарық сөуле көрінді, сәр... Түнектен ешқашан шықпаспыш деп ойлаған біз сияқты міскіндердің үміті оянды... Енді, міне, Хогуартста тағы бір сұмдық болмақ, оның белгілері де білініп келеді, ал Добби Хәрри Поттердің осында қалуына, баяғы оқиға қайталануына жол бермейді. Жасырын бөлме қайта ашылғанда...

Добби тұрған орнында сілейіп қалды, содан соң су құйылған құмыраны алып, өз басын аямай ұрып, жерге дұңқ етіп құлады. Сәлден соң төсекке қайта шықты. Көзі алайып кетіпті:

– Добби ақымак, Добби өте жаман...

– Сонымен, жасырын бөлме расымен бар ма? – деп сыйырлады Хәрри. – Ол бұрын ашылған ба? Айтши, Добби!

Доббидің құмыраға қайтадан ұмтылғанын көріп, қолына жарасты:

– Ата-анам магл емес, маған қандай қауіп төнүі мүмкін?

– О, қымбатты сәр, сұраманыз, сұрай көрменең, байғұс Доббиді қинамаңыз, – деп жалынды эльф. – Зұлым күштер жауыздық жасамақ, сол кезде Хәрри Поттер осында болмауға тиіс. Хәрри Поттер, үйіне қайт. Үйіне бар. Хәрри Поттер оған араласпасын, тым қауіпті іс...

– Оның атын айтши, Добби, – деп өтінді Хәрри өзін тағы ұрмасын деп эльфті қолынан мықтап ұстап алып. – Бөлмені кім ашты? Соңғы рет ашқан кім?

– Добби айтпайды, сәр, айта алмайды, Добби оны айтпауға тиіс! – деп безек қақты эльф. – Үйіне қайт, Хәрри, үйіне қайт!

– Ешқайда да бармаймын, – деді Хәрри ашуланып. – Ең жақын досымның бірі магл боп туған, жасырын бөлме шынымен ашылса ол да жапа шегеді...

– Хәрри Поттер достары үшін өзін құрбан етуге өзір! – деп тандай қақты эльф. – Ол нағыз бескоз! Қаһарман! Бірақ ол өзі де өлмеудің қамын ойлауы керек. Хәрри Поттер...

Добби кілт тына қалып, құлақ түрді. Хәрри де естіді. Сыртта біреулер келе жатты.

– Добби кетуі керек! – деді эльф қалтырап, содан соң саусағын шырт еткізіп, көзден ғайып болды. Хәрри төсекке ыңғайланып жатып, аяқ дыбысы жақындаپ қалған есікке қарады.

Сәлден соң есіктен ұзын жүн халат пен тұнгі қалпағын киген Дамблдор кірді. Оның артынан профессор Макгонагал көрінді. Ескерткіш сияқты әлденені біреуі бас жағынан, біреуі аяғынан ұстап, теңдей көтеріп әкеледі. Әлгі нәрсені төсекке жатқызды.

– Мадам Помфриге хабарлаңыз, – деп сыйырлады Дамблдор.

Профессор Макгонагал Хәрридің қасынан өтіп, бөлмеден шығып кетті. Хәрри өтірік ұйықтаған болып, тырп етпей жатты. Дәлізден сыйыр естілді, профессор Макгонагал іш көйлектің сыртынан жемпір киген мадам Помфриді ертіп келді. Төсектегі нәрсені көрген мадам Помфри ішегін тартты.

– Не болды? – деп сұрады ол төсекке үніліп.

– Тағы бір қастандық, – деді Дамблдор. – Минерва оны баспалдақтың қасынан тауып алды.

– Жанында бір шоқ жүзім жатыр екен, – деді профессор Макгонагал. – Поттерге келе жатса керек.

Хәрридің іші солқ ете қалды. Ақырын ғана көзін ашып, төсекте қатып жатқан бейнеге қарады. Ай сәулесі бетіне түсіп тұр екен.

Колин Криви көзі бақырайып, фотоаппаратын қысып ұстаған күйі серейіп қалыпты.

– Тас бол қарғысы ма? – деп сұрады мадам Помфри.

– Иә, – деді профессор Макгонагал. – Ойласам аза бойым қаза болады... Албус ыстық шоколад құйып алайын деп төменге түспегендеге не болар еді...

ҚҰТЫРҒАН БЛАДЖЕР

Үшеуі Колиннің үстіне төнді. Дамблдор еңкейіп, Колиннің уысынан фотоаппаратты сұрырғап алды.

– Қастандық жасағанның суреті сақталды ма еken? – деп сұрады профессор Макгонагал.

Дамблдор үндемей, фотоаппараттың қақпағын ашқанда сыйзықтап түтін шықты. Хәрридің мұрнына күйген пластиктің исі келді.

– Мұнысы несі?! – деді мадам Помфри шошына бас шайқап.

– Балқып кетіпті. Түк қалмай балқып кеткен...

– Албус, бұл нені *білдіреді?* – Профессор Макгонагал ойындағы күмәнді сейілтер дегендей Дамблдорға қарады.

– Жасырын бөлме қайта ашылғаны рас еken, – деді Дамблдор.

Мадам Помфри ішегін тартып, аузын басты. Профессор Макгонагал Дамблдорға қадала қарады.

– Албус... шынымен ... ол *кім* сонда?

– Мәселе *кім* еkenінде емес, – деді Дамблдор Колинге қарап тұрып. – *Қала*й еkenінде...

Хәрри профессор Макгонагалдың айран-асыр жүзіне қарап, ол да дәл өзіндей ештеңе үқпаганын аңғарды.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

Хәрри жексенбіде үйқыдан тұрғанда терезеден күн шуағы төгіліп тұр екен. Қолының сүйегі өсіпті, бірақ әлі икемге келмеген. Колиннің төсегіне қарап еді, қалқалап қойған ұзын перденің ар жағынан ештеңе көре алмады. Мұның оянғанын байқаған мадам Помфри таңғы асын әкелді де, қолының әр буынын бүтіп көрді.

— Тәуір болдың, — деді қасықты сол қолына ұстап сұлы ботқасын жеп отырған Хәрриге қарап. — Тамақ ішіп болған соң кете берсең болады.

Хәрри барынша жылдам киініп, Грифиндор мұнарасына қарай зымырады. Рон мен Хәрмионаға түнде көрген-білгенін айтуга асықты, бірақ достары ортақ бөлмеде жоқ екен. Хәрри олар қайда кеткенін білмек болып, іздеп кетті. Мұның жағдайы қалай екен деп уайымдамаған достарына аздаған өкпесі де бар.

Кітапхананың қасынан өтіп бара жатып, Перси Уизлимен кездесіп қалды. Көңіл-күйі әдеттегіден жақсы сияқты.

— О, Хәрри, сәлем! — деді ол. — Кеше тамаша ойнадың, айтары жоқ! Сенің арқанда Грифиндор елу үпай алды, енді чемпионатта көш бастап келеміз!

— Рон мен Хәрмионаны көрмедің бе? — деп сұрады Хәрри.

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

– Жоқ, байқамадым... – Персидің жүзінде күлкінің ізі де қалмады. – Рон тағы да қыздардың дәретханасында жүрмеген шығар деп үміттенем...

Хәрри зорлана күлімсіреді. Перси кеткен соң Жылауық Миртлдің дәретханасына қарай тартты. Рон мен Хәрмионаны ол жерден таба қоярына сенбесе де, жақын маңда Филч пен серкелер жоғына көз жеткізген соң дәретханаға кірді. Есігі жабық құystan достарының даусы естілді.

– Мен ғой, – деп дауыстады есікті жауып жатып. Құystan бірдененің тарс етіп құлаған дыбысы естілді, Хәрмиона тесіктен сығалап қарады:

– *Xәrri!* Шошытып жібердің ғой! Қолың жазылды ма?

– Иә, тәуір болдым, – деді Хәрри қуысқа кіріп келе жатып. Суағардың түбінде ескі қазан жатыр екен, астынан шытырлаған дыбыс шығады, соған қарап от жанып жатқанын аңғарды. Хәрмиона су ішінде от жағудың шебері болатын.

– Саған бармақ болғанбыз, бірақ Айналдыратын ішірткіге тезірек кірісе берейік деп шештік, – деді Рон. – Осы жерден ыңғайлышы жоқ сияқты.

Хәрри оларға Колин туралы айта бастап еді, Хәрмиона сөзді бөліп жіберді:

– Білеміз, профессор Макгонагал профессор Флитуикке айтып түрғанын естідік. Сондықтан ішірткіні тездетіп жасауымыз керек...

– Малфойға неғұрлым ертерек шынын айтқызысақ, согұрлым жақсы, – деді Рон. – Менің ойымша, ол куидичтен кейін іші күйіп, Колинді дуалап өш алды.

– Тағы бір жаңалық бар, – деді Хәрри, Хәрмионаның тарапанды үзіп, қазанға тастағанына қарап отырып. – Тұнде маган Добби келді.

Рон мен Хәрмиона таңдана қарады. Хәрри оларға Доббидің сөзін қаз-қалпында жеткізді. Достары аузын ашып тыңдады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жасырын бөлме бұрын ашылған ба? – деді Хәрмиона.

– Түсінбейтін несі бар? – деді Рон. – Люсиус Малфой мектепте оқып жүргенде бөлмені ашқан, енді Дракоға үйреткен. Солай болғанына күмәнім жоқ. Добби онда қандай құбыжық отырғанын айтқанда ғой... Оны ешкім көрмегеніне таңғалам, арасында мектепті кезіп жүретін шығар.

– Кеңгір көрінбейтін қасиеті бар шығар, – деді Хәрмиона сүліктерді қазанға тастап жатып. – Немесе сауыт сияқты басқа затқа айнала алар... Құбылғы жалмауыз туралы оқығанмын...

– Тым көп оқисын, Хәрмиона, – деді кепкен ызылдақ шыбындарды сүліктердің үстіне салып жатып Рон. Босаған ыдыстың түбін қағып, Хәрриге қарап, басын шайқады.

– Сонымен, Добби пойызға мінуімізге кедергі жасады, сенің қолынды сындырды... Бұлай жалғаса берсе, бір күні сені өлтіріп тынар...

Дүйсенбіде оқушылардың бәрі беймәлім жауыз Колин Кривиге қастандық жасағанын, енді оның жансыз денесі ауруханада жатқанын естіп алды. Әр бұрышта сыйыр-күбір, күмәндана қарау, аңду көбейді. Бірінші сыныптың оқушылары топтасып жүретін болды, жалғыз-жарым жүргуге ешкімнің жүрегі дауаламайтын.

Сикырсөз сабағында Колиннің қасында отыратын Жинни Уизли есі ауған адамдай мәңгіріп қалды. Оның көңілін ауламақ болған Фред пен Жорждың әзілі адам шошырлық еді. Екеудің кезек-кезек біресе денесін түк басқан адамға айналады, біресе бетіне шиқан қаптатып алады. Кейде әлдебір мұсіннің артынан шыға келеді. Мұны естіген Перси ашудан жарылардай болып, анасына хат жазып, Жинни жаман тұс көретінін айтам деп, егіз бауырын әрен тыйды.

Оқытушылардан жасырын түмар саудасы қызды. Невил Үзынбұт иісі мүнкіген үлкен жасыл пияз бен қызығылт үшкір кристалл және тритонның шіріген құйрығын сатып алды.

Грифиндор окушылары оның тазақан сиқыршы екенін, оған еш қауіп жоғын айтып, сендірге тырысқанымен, Невилдің үрейін сейілте алмады.

– Олар алдымен Филчке қастандық жасады, – деді Невил үрей толы көзін бағжита қарап. – Мені де скуиб десе болады емес пе.

Желтоқсанның ортасында профессор Макгонагал әдеттегідей Крисмаста мектепте қалатын окушылардың тізімін жасады. Малфой каникулда үйіне кетпейтінін естіген Хәрри, Рон мен Хәрмиона да сол тізімге қосылды. Айналдыратын ішірткі дайын болса, каникулда Малфойдың құпиясын ашады.

Бірақ өздері ойлағандай емес, ішірткіні дайындаپ үлгермеді. Әлі қосмуйіздің мүйізі мен бүмсләңгің ұнтақталған терісі керек еді, оларды тек Снейптің жекеменшік сөресінен алуға болады. Хәрри Снейптің кабинетіне үрлыққа түсіп ұсталғанша, Слизериннің атышулы құбыжығымен бетпе-бет келгендей мақұл көретін.

– Оның көнілін басқа нәрсеге аударуымыз керек, – деді Хәрмиона бейсенбіде қатарынан екі рет Ішірткі сабагы болатын кезде. – Біреуіміз Снейптің кабинетіне кіріп, керек заттарды алып шығамыз.

Хәрри мен Ронның көзі бақырайып кетті.

– Үрлықты мен жасаймын, – деді Хәрмиона алған бетінен қайтпайтынын көрсетіп. – Енді бір рет қолға түссендер, сендер окудан шығып кетесіндер, ал мен әлі тәртіп бұзғам жоқ. Бес-ақ минутқа Снейптің көнілін басқаға аударатындаш шу шығару керек.

Хәрридің күлкісі келді. Снейптің сабагында шу шығару – ұйықтап жатқан айдаһардың көзін шұқығанмен бірдей ғой.

Ішірткі сабагы үлкен жертөледе өтетін. Бейсенбіде де сабак әдеттегідей басталды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ағаш үстелдердің арасында он екі қазан бұрқылдап қайнап жатыр, үстелде жez таразы мен ішірткіге қажет қоспалар тұр. Снейп үстелдерді аралап жүріп, грифиндорлықтардың жұмысын сынағанына слизериндіктер мәз болады. Снейптің сүйікті шәкірті Драко Малфой Рон мен Хәрриге кепкен балықтың көзін лақтыра бастады. Бұлар оған есе қайтармақ болса, міндепті түрде жазаланады.

Хәрри жасаган Іситетін ерітіндісі тым сұйық болып шыққанына мән бермеді. Хәрмионадан белгі күтіп отырғанда, Снейп қасына келіп «сылдыр су жасапсың» деп кекеткенін әрең естіді. Снейп Невилге бұрылғанда Хәрмиона Хәрриге бас изеді.

Хәрри қазанның астына кіріп, қалтасынан Фредтен алған Филибустер отшашуын шығарды да, таяқшасын сермен қалды. Отшашу жарқылдап, атыла бастады. Хәрри оны ақырын көтеріп, Гойлдың қазанын көздеп тұрып атып жіберді.

Гойлдың ішірткісі жарылып, жан-жаққа шашырады. Іситетін ішірткі тиіп кетеді деп қорыққан окушылар айғайлап қашты. Малфойдың бетіне ішірткі тиіп, мұрны үрлеген шар сияқты үлкейе бастады; Гойл апалақтап, айналасына қарап, табақтай бол үлкейген алақанымен бетін басты. Снейп сыныпты тәртіпке шақырып, не болғанын анықтауға кірісті. Бәрі у-шу болып жатқанда Хәрри Хәрмионаның зып беріп шыға жөнелгенін байқады.

– Тыныш! Тыныш! – деп айғайлады Снейп. – Жапа шеккендер, бері келіндер, ісінуді басатын сусын беремін. Айыптыны табайын осыдан...

Хәрри қауындағы тырсыған мұрның әрең көтеріп бара жатқан Малфойдың түрін көргенде күлкісін әрең тежеді. Снейптің үстелінің қасына сыныптың жартысы жиналды: біреуінің қолы шоқпардай, енді бірінің добалдай ерні икемге

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

келмейді. Хәрри сыныпқа ақырын Хәрмиона кіргенін көрді, жанқалтасына бірдеңе салып алған сияқты, бұлтиып түр.

Окушылардың бәріне у қайтаратын сусын ішкізіп болған соң Снейп Гойлдың қазанын қарап, ішінен отшашудың қалдығын шығарды. Сынып жым-жырт бола қалды.

– Мұны істеген адамды тапсам, – деді Снейп. – Оны мектептен шығарамыз, күмәндарың болмасын.

Хәрри түрім таңданған адамға ұқсап тұрған шығар деп үміттенді. Снейп оны көзімен ішіп-жеп тұрғанда қоңырау соғылып, «үй» деді.

– Мен екенімді сезіп тұр, – деді Хәрри үшеуі Жылауық Миртлдің дәретханасына бара жатқанда. – Біліп қойды.

Хәрмиона қажет заттарды қазанға тастап, ішірткіні араластыруды.

– Екі аптада бәрі дайын болады, – деді ол қуанып.

– Снейп сен екенінді дәлелдей алмайды, – деді Рон Хәрриді жұбытап. – Қалай дәлелдейді?

– Снейп екені рас болса, ондырmas, – деді Хәрри бұлкілдеп қайнап жатқан ішірткіге қарап.

Бір аптадан соң Хәрри, Рон мен Хәрмиона дәлізде келе жатып, кіреберісте окушылар топталып, қабырғаға ілінген пергаменттегі жарнаманы оқып тұрғанын көрді. Симус Финиган мен Дин Томас бұларды қол бұлғап шақырды.

– Дуэль клубы ашылады! – деді Симус қуанып. – Бүтін кешке бірінші сайыс өтеді! Жақсы болды, пайдасы тиер...

– Слизерин құбыжығын дуэльге шақырмақпышың? – деді Рон күліп.

– Расымен пайдалы, – деді ол кейін кешкі асқа бара жатқанда. – Баралық ба?

Достары мақұлдалап, үшеуі сағат сегізде Улкен залға бет алды. Ұзын үстелдерді жинап тастап, орнына алтындағы жарқыраған

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

үлкен сахна қойыпты, төбеде мындаған шырақ жалт-жұлт етіп сәуле шашып тұр. Төбе барқыт қара түске еніпті, таяқшасын ұстаған оқушылар қызық күтіп елеңдесіп тұр.

– Кім жүргізеді екен? – деді Хәрмиона. – Жас кезінде Флитуик дуэльден чемпион болды деп естігем, сол болар.

Хәрри:

– Әзір ешкім көрінбейді... – дей беріп еді, оқытушыларды көрген бетте көңіл-күйі түсіп кетті: сахнаға қара қек түсті мантия киген Гилдерой Локхарт шықты, қасында қара мантиясын тастамайтын Снейп бар.

Локхарт қолын көтеріп, тыныштық орнауын талап етті:

– Қане, бері жиналышындар, бері келіндер! Бәрің мені көріп тұрсындар ма? Естіп тұрсындар ма? Тамаша! Профессор Дамблдор әлдекандай күн туса керек болады, оқушылар өз басын қорғай алуды үйренсін деп, осы шағын дуэль клубын ашуға рұқсат етті. Өзім сондай сынақтан сан рет өтіп, қорғаныс тәсілдерін неше рет қолданғанмын... оны еңбектерімнен оқып алындар. Енді менің көмекшім, профессор Снейпті таныстыруға рұқсат етініздер, – деді Локхарт аксия күліп. – Өзінің айтудынша, дуэльден аз-маз хабары бар, сондықтан көмектесуге куана-куана келісті. Алаң болмандар, достарым, ішірткі шеберінің бір тал шашына закым келтірмеймін, қорықландар!

– Екеуі бір-бірінің көзін құртып жіберсе, тамаша болар еді, – деп сыйырлады Рон Хәрридің құлағына.

Снейп езуін қисайтты. Хәрри Локхарттың әлі мәз болып тұрғанына қайран қалды, Снейп өзіне осылай қараса, алдыартына қарамай, көз көрмес, құлақ естімес жерге қашар еді.

Локхарт пен Снейп бір-біріне қарап, ізетпен иілді; жок, дұрысы Локхарт тәжім етті, Снейп ызбарлана бас изеді. Екеуі таяқшасын семсер ұстағандай кезеді.

– Көріп тұрғандарындей, таяқшаны сермеуге әзірміз, – деді Локхарт тыныштала қалған балаларға қарап. – Ушке дейін

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

санаймыз да, сиқырсөзді айтамыз. Әлбетте, бір-бірімізді өлтірмек ойымыз жоқ.

– Күмәнім бар, – деп қубірледі Хәрри Снейптің тісін ақсит-қанына қарап.

– Бір, екі, үш...

Екеуі бірдей таяқшасын жоғары көтерді. Снейп:

– Экспеллиармус! – деп айғай салғанда, жарық жарқ ете қалды да, Локхарт ұшып кетті: сахнаның ар жағындағы қабырғаға соғылып, сырғып барып жерге түсті.

Малфой мен өзге слизериндіктер сыйылықтап құлді. Хәрмиона мойнын созып, аландай қарады.

– Аман ба өзі? – деді уайымдап.

– Өлмесе өмірем қапсын, – деді Хәрри мен Рон жарыса.

Локхарт қалт-құлт етіп орнынан түрдү. Қалпағы басынан ұшып, толқынды шашы жалбырап кетіпти.

– Иә, өздерің де көрдіңдер, – деді сахнаға қарай тәлтірекtep бара жатып. – Қаруды жұлдып алу сиқырын қолданды, міне, каруым қолымнан түсіп кетті... мисс Браун, иә, рахмет... Иә, профессор Снейп, соны көрсеткеніңіз жақсы болды... тамаша идея... Әлбетте, мен оны жасағалы тұрғаныңызды бірден білдім. Қаласам, дереу тоқтатар едім. Бірақ окушылар оның қалай орындалатынын көруі керек қой...

Снейптің қар жауған қабағына қарасаң, енді өлтіруден тайынбайтындаі. Локхарт та соны байқаса керек, әңгіме ауанын өзгертуі:

– Міне, біз үлгісін көрсеттік. Енді өздерің жұпқа бөлініп, шайқасындар. Профессор Снейп, көмектесіп жіберсөніз...

Олар окушыларды жұптаіп бастады. Локхарт Невилге Жастин Финч-Флетчlidі қарсылас етті, ал Снейп Хәрри мен Ронға жақындағы.

– Жұбы жазылмайтын достарды ажырататын кез жетті, – деді тістеніп. – Уизли, Финиганға қарсылас боласың. Поттер...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри ойланбастан Хәрмионаға қарсы тұра қалды.

– Бұлай болмайды, – деді Снейп мырс етіп. – Мистер Малфой, бері келіңіз. Әйгілі Поттермен қалай шайқасатыныңызды көрсетіңізші. Мисс Грейнджер, сіз мисс Булстроудпен қарсылас боласыз.

Малфой мысқылдай күліп, Снейп көрсеткен жерге тұрды. Оған ілесе келген слизериндік қыздың түріне қараған Хәрри «Мыстанмен бірге өткізген демалыс» кітабынан көрген суретті еске алды. Ұзын бойлы, төртбақ денелі, шықшыты шығыңқы, қабагы тұксиген шомбал қыз екен. Хәрмиона оған қарап күлімсіреп еді, қарсыласы қабағын ашпады.

– Серіктеріңе қараңдар! – деп бұйырды Локхарт. – Иіліндер!

Бір-біріне тесіліп қараған Хәрри мен Малфой ырымын жасады.

– Таяқшаларың дайын тұрсын! – деп айғайлады Локхарт. – Үшке дейін санаған соң, қарсыластың таяқшасын қолынан жұлып алатын сиқырсөзді айтындар, тек қаруын жұлып алу керек! Бір, екі, үш...

Хәрри таяқшасын сермел қалды, бірақ Малфой үшке дейін санағанды күтіп тұрмай, «екі» дегенде сиқырсөзді айтып үлгеріп: Хәрри біреу басынан табамен үргандай есенгіреп қалды. Орнында ары-бері теңселіп тұрып, жан-жағына қарады: бала-лардың бері қызу шайқасқа кіріспіті. Көп ойланбастан таяқшасын Малфойға қаратса сермел қалды:

– Риктусемпра!

Қарын тұсына күміс түсті жарқыл тиген Малфой бүктетіліп қалды.

– Қаруын тартып алсаңдар жетеді дедім ғой! – деді Локхарт көзі бақырайып. Бірақ Хәрри Қытықтау қарғысын айтқан еді, күлкіден ішегі қатқан Малфой орнынан тұра алмай қалды. «Жығылғанға жұдырық жүмсамас болар» деген оймен Хәрри

таяғын төмен түсірді, онысы қателік болғанын кеш түсінді.
Тыныстап алған соң Малфой таяқшасын Хәрриге бұрды да:

– *Таранталлегра!* – деп сермеп қалды. Енді Хәрридің аяғы
еркіне көнбей қозғалып, биге басты.

– **ТОҚТА!** Тоқта! – деп айғайлады Локхарт, одан түк
шықласын түсінген Снейп іске өзі араласты:

– *Фините инкантатем!* – дегенде Хәрридің биі,
Малфойдың күлкісі тоқтай қалды. Екеуі айналасына қарады.

Сахнаның үсті көк түтінге ораныпты. Невил мен Жастин
ыңқылдаپ жерде жатыр; Рон көгеріп кеткен Симусты
орнынан түрғызып, таяқшасы сынық екенін айтып ақталып
әлек; Хәрмиона мен Милисент Булстроуд жұлысуға көшіпті.
Милисент Хәрмионаның шашына жармасып алған, екеуінің
де сиқыр таяқшасы жерде жатыр. Хәрри оларға ұмтылып
барып, әрең ажыратып алды. Хәрмионаның қайратына
таңғалды, Милисентке өзінің шамасы әрең жетті.

– Ойпырмай, ойпырмай... – деді Локхарт у-шу болған
тобырдың арасында жүгіріп жүріп. – Макмиллан, тұрыңыз...
Мисс Фосетт, абайланыз! Бут, қаттырақ қыссасызыз, қан
тоқтайды...

– Дұрысы, теріс сиқырға қарсы түруды үйрену керек
шығар, – деді Локхарт залдың ортасында анырып тұрып.
Снейпке қарап, көзінен кекесін байқады да, есін жиып
алды. – Қане, кім өз еркімен шығады? Ұзынбұт пен Финч-
Флетчли, қарсылас боласыздар ма?

– Қажеті жоқ, профессор Локхарт, – деді алып қара жарға-
ннтан аумайтын Снейп. – Ұзынбұт түкке түрғысыз сиқырдың
өзінде бірденені қиратады. Финч-Флетчлиді сірінке қорабына
салып, ауруханаға тасып жүрерміз. – Невилдің дөңгелек жүзі
алмадай қызарды. – Малфой мен Поттерді шығарайық.

– Тамаша идея! – Локхарт Хәрри мен Малфойды залдың
ортасына шақырды, оқушылар екеуіне жол берді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Қанекей, Хәрри, – деді Локхарт, – Драко таяқшасын көтергенде *былай істе*. – Өз таяқшасын көтеріп, ары-бері бұлғап, күрделі қымылдар жасап жатыр еді, онысы жерге түсіп кетті. – Ой... менің таяқшам тым ерке...

Снейп оның әрекетіне қуле қарады. Содан соң Малфойға жақыннады да, құлағына әлдене деп сыйырлады. Малфой жылмып күлді. Хәрри оларға қарап уайымдай бастанды.

– Профессор, әлгі қорғанатын сиқырды тағы көрсетесіз бе? – деді Локхартқа.

– Корқып қалдың ба? – деп сұрады Малфой Локхартқа естіртпей.

– Армандаңсың, – деді Хәрри тіс арасынан сыздықтатып.

Локхарт Хәрриді иығынан қақты:

– Бар, Хәрри, солай істе!

– Нені? Таяқшамды лактырайын ба?

Локхарт оның айтқанын елемеді:

– Уш, екі, бір, бастандар!

Малфой таяқшасын көтерді де:

– *Серпенсортиа!* – деп айғай салды.

Таяқшасының ұшы жарқ етті. Хәрри дәл алдында шира-тыла серпіліп, басын кегжитіп, атылғалы түрған үлкен қара жыланды көріп шошып кетті. Ентелей қаумалаған окушылар шошына шыңғырып, шегінді.

– Қозғалмаңыз, Поттер, – деді Снейп Хәрридің жыланға қарап сілейіп қалған түрінен ләzzат алғандай. – Қазір, оның көзін құртамын...

– Мен құртайын! – деп айғайлады Локхарт. Ол таяқшасын жыланға қаратса сермегендеге тарс еткен дыбыс шықты; жылан ширатыла әуеге көтерілді де, қайтадан еденге құлады. Әбден ызаланған жылан дәл Жастин Финч-Флетчлидің алдына түсіпті, енді оған тап беруте әзірленіп, аузын арандай ашты.

Осы сөтте істеген әрекетін Хәрри түсіндіре алмайды.

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

Тіпті шешімге келіп те үлгермеді. Біреу жетелегендей алға қарай жүгіріп шықты да, жыланға қарап:

– Оған тиме! – деп айғай салды.

О, ғажап! Жылан сылқ етіп жерге түсті, Хәрриге мойын-сұна, бағына қарады. Хәрри бойын билеген үрейден арылғанын байқады. Неге екенін өзі де білмейді, бірақ енді жылан ешкімге тимейтініне сенімді еді.

Жастинге қарағанда оның алғысқа толы (немесе таңданған, көңілі орнына түскен) жүзін көрермін деп ойлаған, бірақ оның қабағы түсіп, түнеріп кетіпти. Ол:

– Саған осы ойын қызық па? – деп айғай салып, залдан жүгіріп шығып кетті.

Снейп бір қадам алға шығып, таяқшасын сермеді. Жылан қара тутінге айналып, жоқ болды. Снейптің қабағын түйіп, ойлы кейіппен сынай қарағанынан Хәрри тітіркеніп кетті. Айналадағылар сыйырласып, күбірлесіп кеткенін әрен аңғарды. Біреу жеңінен тартты.

– Жүр, – деді Рон құлағына сыйырлап. – Жүр, кеттік...

Рон оны залдан сүйреп әкетті, Хәрмиона екеуінің соңынан ілесті. Бұларды көрген оқушылар теріс қарап, аулақ жүруге тырысты. Хәрри мұның себебін түсіне алмай басы қатты. Грифиндордың ортақ бөлмесіне жеткенше Рон мен Хәрмиона жұмған аузын ашпады. Рон Хәрриді орындыққа отырғызды да, сөз бастады:

– Демек, парсeltіл екенсің ғой... Неге айтпай келдің?

– Кім дейсін? – Хәрри ештеңе түсінбеді.

– Парсeltіл! – деді Рон. – Жыланның тілін білесің!

– Иә, – деді Хәрри. – Баяғыда бір сейлескем. Хайуанаттар бағына бөлеммен бірге барғанда айдаһар жыланды босатып жіберген. Ол Бразилияны ешқашан көрмегенін айтты. Тіпті қалай босатқанымды өзім түсінбей қалдым. Ол кезде сиқыршы екенімді білмеуші едім ғой...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Айдаңар жылан саған Бразилияны көрмедім деді ме? – деп сұрады Рон өні қашып.

– Иә, – деді Хәрри. – Сиқыршылардың көбі жыланмен сөйлесе алады гой.

– Жоқ, олай емес... Ол екінің біріне берілмеген қасиет. Хәрри, бұл жақсы емес.

– Несі жаман? – деді Хәрри ашуланып. – Бәріңе не көрінген? Әлгі жылан Жастинді шағып ала жаздады, мен оның бетін қайтардым...

– Сонда сен оны тиіспе деп көндірдің бе?

– Енді ше? Өзің де сол жерде болдың, естідің ғой...

– Парсeltілде сөйлемдің, – деді Рон. – Бізше емес, жылан тілінде сөйлемдің. Ешкім үқпайтын бірдене айттың. Жастинің қорқып кеткені бекер емес, жыланды айдал салып жатқандай көріндің. Менің өне бойым дірілдеп кетті.

Хәрри естігеніне сенбеді:

– Мен... басқа тілде сөйлемдім бе? Қалайша? Ол тілді білмесем қалай сөйлеймін?

Рон басын шайқады. Хәрмиона екеуі жаман хабар естігендей қайғырганына таңданып, Хәрри соншалықты не бұлдіргенін үқпай дал болды.

– Әлгі жексүрын жылан Жастинге атылайын деп тұрганда бетін қайтардым, оның несі теріс? – деп сұрады күйініп. – Жастин байғұс Бассыз аңшылар сапына қосылар еді, сондықтан оны қалай тоқтатқаным маңызды ма?

– Маңызды, – деді Хәрмиона үнін бәсендетіп. – Салазар Слизерин ғана жыланмен сөйлесе алатын. Сондықтан Слизерин факультетінің байрағына жыланның суреті салынған.

Хәрридің аузы ашылып қалды.

– Дәл солай, – деді Рон. – Енді бүкіл мектеп сені Слизеринің үрпағы деп ойлайды...

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

– Мен оның үрпағы емеспін, – деді Хәрри шошынып.

– Оны қалай дәлелдейсің? – деді Хәрмиона. – Ол мындаған жыл бұрын өмір сүрген, мүмкін бойында оның қаны бар шығар.

Хәрри түнімен көз ілмеді. Төбеге қарап жатып, саңылаудан қар жауып тұрғанын байқады. Басына неше түрлі ой келді.

Расымен, Салазар Слизериннің үрпағы болса ше? Әулетінің шежіресін білмейді, ата-бабасы кім болған? Дурслилер сиқыршы туыстары туралы сұрағанды ұнатпайды.

Хәрри парсeltілде сөйлеп көрмек болып еді, ештеңе айта алмады. Ол тілде сөйлеу үшін жыланмен бетпе-бет келу керек сияқты.

«Грифиндорда оқимын ғой, – деп ойлады іштей. – Бойымда Слизериннің қаны болса, Білгіш қалпақ мұнда жібермес еді».

«Әй, есіне түсірші, – деді тағы бір ой. – Білгіш қалпақ сені Слизеринге жібермек болды ғой, ұмытып қалдың ба?»

Хәрри дөңбекши берді. Осыдан таң атсын... Өсімдіктануда Жастинге бәрін түсіндіреді. «Жыланды саған айдал салған жоқпын, тиіспе деп бүйірдым» деп айтады; «есуас болмаса өзі де соны ұқса болар еді» деп күйініп, жастықты ұрып-ұрып жіберді.

*

Тұнде жауған қардың арты бүрқасынға ұласып, Өсімдіктану сабағы болмай қалды. Профессор Спраут мандрагораларға жылы киім кигізуді ешкімге сеніп тапсыра алмай, өзі атқармақ болды. Оларды баптап-құтіп өсірмесе, Миссис Норрис пен Колин Кривиді қалпына келтіру қыын болмақ.

Грифиндордың ортақ бөлмесінде Рон мен Хәрмиона сиқырлы шахмат ойнап отырғанда, Хәрри соңғы жағдайың бәрін ойлап уайымдады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрмиона бүған жалтақтап отырғанда, серісін Ронның пілі тақтадан лақтырып жіберді.

– Хәрри, құдай үшін, – деді Хәрмиона бұрқылдалап. – Бар да, Жастинді *тауып*, бәрін түсіндірші.

Хәрри орнынан тұрды да, бөлмeden шығып, Жастинді іздеп кетті.

Күні бойы жауған қар терезені басып қалыпты, қамалдың іші әдеттегіден күңгірт. Суық дәлізді бойлай дірілдеп келе жатып Хәрри сабақ өтіп жатқан сынып бөлмелеріне көз салды. Профессор Макгонагал қасындағы жолдасын борсыққа айналдырып жіберген біреуге ұрысып жатыр екен. Хәрри есіктен сығалап қарағызы келді де, ойынан айнып, кері қайтты; алдымен Жастинді тауып алуы керек. Ол қайда болуы мүмкін? Кітапханадан қарапай керек шығар.

Өсімдіктанудан босаған Хафлпаф окушылары кітапханың арт жағына жиналып отыр екен, бірақ сабақ оқығанға ұқсамайды. Биік кітап сөресінің артынан Хәрри олардың бас түйістіріп алып, әлденені қызу талқылап отырғанын байқады. Арасында Жастин көрінбейді. Оларға тақай бере әңгіменің шет жағасын құлағы шалып қалды да, тасадан тыңдады.

– Сондықтан, – деді бір толық бала, – Жастинге біздің бөлмеде тығылып жата түр дедім. Поттердің келесі құрбаны сол болса, біраз уақыт көзге түспегені дұрыс. Өзіне де обал жоқ, Поттерге маглдан туғанын бекер айтты. «Негізінде Итонда окуым керек еді» деген гой. Слизериннің мұрагеріне сондайды айта ма екен?

– Оның мұрагері Поттер екеніне сенімдімісің, Эрни? – деп сұрады сары шашты қыз күмәнданып.

– Ханна! – деді томпақ бала сенімді екенін көрсеткендей. – Ол – парсeltіл. Зұлым сиқырды менгерген сиқыршығана жыланның тілін біледі. Ізгі ниетті сиқыршы жыланмен

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

сөйлескенін естіп пе едің? Слизериннің өзі жыланның тілін білген деседі.

Содан соң олар тағы өзара күбірлесті, аяғында Эрни:

– Қабырғадағы жазу естерінде ме? «Мұрагердің жаулары, сақтанаңдар!». Поттер Филчті жақтырмайтын. Содан соң оның мысығына тиісті. Бірінші сыныптағы Криви Поттердің жерде балшыққа былғанып жатқан түрін суретке түсірді. Содан соң Криви де қарғысқа ұшырады, – деді.

– Бірақ ол сондай сүйкімді, мінезі де жақсы, – деді Ханна әлі иланбай. – Өзіміз-білетін-әлгінің көзін құртқан Поттер ғой. Сен айтқандай онбаган емес шығар?

Хафлпафтықтар күбірге көшкен Эрниге қарай еңкейіп, бастарын түйістіріп тыннады. Хәрри оның сөзін есту үшін жақынырақ барды.

– Өзіміз-білетін-әлгімен кездескенде қалай аман қалғанын ешкім білмейді. Ол кезде сәби ғой, ондай шабуылдан дымы қалмаса керек еді. Зұлым сиқырды менгерген жауыз сиқыршылар ғана ондай қарғыстан аман қалады. – Тағы сыйырға көшті: – Сондықтан да Өзіміз-білетін-әлгі оны бәрінен бұрын өлтірмек болған. Тағы бір жауыз лорд шығып, өзімен бәсекеге түспесін деген. Поттер тағы қандай кереметін жасырып жүр екен?

Хәрри бұдан әрі шыдамады. Қатты жеткірінді де, сөренің тасасынан шықты. Ашуға булығып түрмағанда қарқылдан күлер еді: хафлпафтықтар Қатыру қарғысына ұшыраған адамдай сілейіп қалды, Эрnidің бетінде бір тамшы қан қалмапты.

– Сәлем! – деді Хәрри. – Жастин Финч-Флетчлиді іздеп жүр едім.

Хафлпаф оқушылары талып қала жаздады. Үні шықпай Эрниге қарады.

– Оны қайтесің? – деді Эрни даусы дірілдеп.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Дуэль клубындағы әлгі жыланға қатысты шындықты айтқым келеді, – деді Хәрри.

Эрни бозарған ернін тістелеп, терең тыныстады да, сөйлеп кетті:

– Бәріміз сонда болдық. Не болғанын өз көзімізben көрдік.

– Олай болса, менің сөзімнен жыланның қашқанын көрдіндер ғой?

– Менің көргенім, – деді Энни қатуланып, – сен парселтілде сөйлемдің де, жыланды Жастинге айдал салдың.

– Олай емес! – деді Хәрри ашудан жарылардай болып. – Мен оған саусағымның ұшын тигізбес едім!

– Кім білсін, – деді Эрни. – Енді маған тісінді қайрасаң, есіңе сақта, тоғыз атама дейін шежіремді қарап шықсаң болады, ата-бабам түгел тазақан сиқыршы болған...

– Сенің қанында шаруам жоқ! – деді Хәрри зығырданы қайнап. – Маглдан туғандарға неге қастасуым керек?

– Өзінді бала кезінен бақсан маглдарды жек көреді деп естідім, – деді Эрни.

– Дурслилермен бірге тұрсан, оларға емешегің езілгенін көрер едім, – деді Хәрри.

Соны айтты да, кері бұрылып, кітапханадан атып шықты. Сарғыш түсті қалың кітаптың мұқабасын сүртіп жатқан мадам Пинс көзін аларта қарады.

Ызаға булықтан күйі басы ауған жаққа жүре берді. Кенет үлкен әрі қатты нәрсеге соғылып, шалқасынан түсті.

– О, Хәгрид, сәлем, – деді жоғары қарап.

Хәгрид жүннен тоқылған дулығаға ұқсайтын бас киім киіпті, беті мүлдем көрінбейді, бірақ көртышқан терісінен тон киген алышты басқа деп ойлау мүмкін емес. Өлі әтешті сирағынан ұстап алышты.

– Хал жақсы ма, Хәрри? – деп сұрады ол бас киімін шешіп. – Неғып сабаққа кірмедің?

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

– Сабақ болмады, – деді Хәрри орнынан тұрып. – Сен мүнда негып жүрсің?

Хәгрид әтешті көрсетті:

– Осымен екінші рет... Тұлкі келді ме... қансорғыш құбыжық па... Директорға барайын, тауық қораны сиқырлауға рұқсат керек. – Қырау қатқан қабағын түйіп, көзін сығырайтып Хәрриге қарады. – Шынымен хәлің жақсы ма? Мазаң жоқ сияқты, қызырып кетіпсің.

Хәрри Хафлапф оқушылары мен Эрнидің сезін қайталауға аузы бармады:

– Жоқ, ештеңе болған жоқ. Мен кетейін, Хәгрид, қазір Құбылту сабағы, оқулығымды алайын.

Бөлмесіне бара жатқанда Эрнидің сезі құлағынан кетпеді.

«Жастиннің өзіне де обал жоқ, Поттерге маглдан туғанын бекер айтты, осындаи бірдене болатынын білді...»

Хәрри баспалдақпен жоғары көтеріліп, келесі дәлізге өтті. Ол жақ қаранды екен, терезенің саңылауынан соқкан желдің ызғары шырақтарды өшіріп тастапты. Дәлізге өте бергенде еденде жатқан бірденеге шалынып қалды.

Орнынан тұрып жердегі нәрсеге көзі түскенде журегі тас төбесіне шықты.

Еденде жатқан Жастин Финч-Флетчли екен, аяқ-қолы серейіп, тастай қатып жатыр, төбеге тесірейген көзінен сүмдық үрей байқалады. Ол жалғыз емес екен.

Бұл енді Хәрри бұрын-сонды көрмеген сүмдық көрініс еді. Жастиннің қасында әдеттегідей мөлдір, аппақ емес, түтін сияқты қап-қара боп кеткен Жұлбасты Ник жатыр. Денесіне жартылай ілініп тұрган басындағы көзі бақырайып, тіпті елес болса да қорыққанын байқау қыын емес.

Хәрри орнынан әрең тұрды. Тынысы жиілеп, журегі кеудесіне сыймай атқақтап соқты. Жан-жағына қарады, дәлізді бойлай жыбырылаған өрмекшілердің ұзын тізбегін көрді, қатып

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

жатқан денеден барынша аулаққа қашып кеткісі келетіндей. Дәліздің екінші басындағы сынып бөлмелерінен оқытушылардың даусы естілді.

Бұл арадан тезірек кетуі керек... Мұнда болғанын ешкім білмеуге тиіс. Бірақ мыналарды осылай қалдырып кете ала ма? Көмек шақыру қажет. Ал осының бәрін өзі жасамағанына кім сенеді?

Не істерін білмей абдырап түрганда қасындағы есік тарс етіп ашылды да, полтергейст Пивз атып шықты.

– Өй, тырбиган Поттер! – деп қарқылдады ол. Хәрридің қасынан өтіп бара жатып көзәйнегін қағып жіберді. – Мұнда неғып жүрсін? Кімнен тығылдың?

Пивз қалықтап келді де, басын төмен қаратып тұра қалды. Төменде жатқан Жастин мен Жұлбасты Никті көрді. Қайтадан бойын тіктеп алып, өкпесіне ауа толтырып, бар күшін салып айғайға басты (Хәрри тоқтатып үлгермеді):

– ҚАСТАНДЫҚ! ҚАСТАНДЫҚ! ТАҒЫ Да ҚАСТАНДЫҚ!
ТИРІЛЕРГЕ ДЕ, ЕЛЕСТЕРГЕ ДЕ ҚАУІП ТӨНДІ! АМАН ҚАЛАМ
ДЕСЕНДЕР – ҚАШЫНДАР! ҚАШЫНДАР!

Тарс-тарс етіп есіктер ашылып, оқушылар жүгіріп келді. Топырлаған қауым жерде қатып жатқан Жастинді басып кете жаздады, ал Жұлбасты Никті таптап етті.

Оқытушылардың балаларды тәртіпке шақырған дауысы шыққанда Хәрри қабырғаға жаншылып қалған. Профессор Макгонагал да келді. Қасына сабак өтіп жатқан оқушылары еріпті, біреуінің шашынан әлі ақ-қара аралас жолағы кетпеген. Макгонагал қолындағы таяқшасын сермен бәрін тыныштандырып, қайтадан сынып бөлмесіне кіруге бүйірді. Осы кезде хафлпафтық Эрни ортаға шығып:

– Қолға түстің бе?! – деп айғай салды. Бетінде бір тамшы қан жоқ Хәрриге саусағын шошайтты.

– Тынышталыңыз, Макмиллан! – деді профессор Макгонагал.

ДУЭЛЬ КЛУБЫ

Осындаі аласапыранды жаны сүйетін Пивз мәз-мәйрам болып тәбеде асыр салды. Оқытушылар Жастин мен Жұлбасты Никке үңілгенде, Пивз әндете жөнелді:

– *Ox, Поттер, оңбаған! Қанға әлі тоймаған,*

Оқушыларды өлтіресің, соны қызық көресің...

– Жетер енді, Пивз! – деп айғай салды профессор Макгонагал. Пивз Хәрриге қаратып тілін шығарды да, ұшып кетті.

Профессор Флитуик пен астрономия кафедрасының оқытушысы профессор Синистра Жастинді ауруханаға әкетті. Ал Жұлбасты Никті қалай көтеретінін ешкім білмеді. Аяғында профессор Макгонагал аудан үлкен желдеткіш жасады да, соның күшімен Жұлбасты Никті жоғары көтеруді Эрниге тапсырды. Эрни желдеткішпен желпіп, елесті әкетіп бара жатқанда ол ауда қалқыған қара кемеге үқсады. Дәлізде Хәрри мен профессор Макгонагал ғана қалды.

– Жүріңіз, Поттер...

– Профессор, мен емеспін, ант етейін...

– Оны мен шешпеймін, – деп профессор қысқа қайырды.

Біраз жүріп, бір бұрышты айналған соң, үлкен әрі ұсқынсыз тас горгульяның алдына кеп тоқтады.

– Лимон кәмпіт, – деді профессор.

Бұл құпиясөз болса керек, горгульяға жан бітіп, ыршып түсті, артындағы қабырға екі жарылды. Уайымы жанын жегідей жеп келе жатса да, Хәрри таңданбай тұра алмады. Қабырғаның артында жеделсатыға үқсайтын жоғары көтерілетін шиыршық баспалдақ бар екен. Профессор Макгонагал екеуі оған барып тұрғанда арттағы қабырға өздігінен жабылды. Олар айналып, жоғары көтеріліп болғанда Хәрри ақбас құмай пішінді жез балғасы бар жылтыр емен есіктің алдында тұрғанын байқады.

Қайда келгенін түсінді. Дамблдордың мекені екен.

* * * * *

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

* * * * *

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

Тас баспалдақпен жоғары шығып барып, профессор Макгонагал есікті қақты. Есік ақырын ашылғанда екеуі ішке кірді. Профессор Макгонагал «осында күт» деді де, өзі шығып кетті.

Хәрри жан-жағына қарады. Был оқытушылардың бәрінің кабинетін көріп шықты ғой, соның бәрі Дамблдордың бөлмесіне жетпейді еken. Мектептен шығып қалам-ау деген уайым жанын жемегенде, директордың кабинетін көргені үшін төбесі көкке жеткендей қуанар еді.

Бұл бір дөңгелек пішінді үлкен әрі әдемі бөлме еken. Ана тұс, мына тұсынан түрлі дыбыстар естіледі. Сирағы иретіле келген үстелдерде түрған ғажайып күміс аспаптардан бүрк-сарқ етіп тутінге қоса қызық дыбыс шығады. Қабырға жағалай ілінген портреттердегі бұрынғы директорлардың бәрі жақтауға сүйеніп, қалғып кетіпті. Құстың тырнағы тәрізді тырбиған сирағы бар үлкен үстелдің ар жағындағы сөреде әбден ескіріп, тозған *Білгіш қалпақ* жатыр.

Хәрри ойланып қалды. Қабыргадағы үйиқтап отырған сиқыршыларға қарады. Қалпақты қайтадан киіп көрсө ше? Ештеңе бұлдіріп қоймай ма екен? Жай ғана... факультеттен қателеспегеніне көз жеткізсе болғаны.

Үстелді айналып өтіп, сөреден қалпақты алды да, еппен киді. Әлі де тым үлкен екен, былтырғыдай көзіне түсіп кетті. Хәрри жауап құтіп қобалжып түрғанда құлағына бір дауыс жетті:

– Бұл ой сені әлі мазалап жүр ме, Хәрри Поттер?

– Ее... иә, – деді Хәрри мінгірлеп. – Мм... мазаңызды алсам кешіріңіз, білгім келгені...

– Саған факультет таңдағанда қателеспедім бе дейсің ғой, – деді Білгіш қалпақ. – Иә, сенің қабілетінді анықтау оңай болмады. Алдыңғы айтқан пікірімнен қайтпаймын (жүрегі атқақтай жөнелді), Слизеринде көп көрім жүрер едің.

Хәрридің кеудесі қысылды. Қалпақты шешті де, қолына алып қарады. Кір басқан, өні кеткен көдімгі қалпақ. Хәрри оны сөредегі орнына қойғанда өні сынық еді.

– Қателесесің! – деді қалпаққа қарап. Қалпақ үнде меді, қозғалған да жоқ. Хәрри одан көз алмай, ақырындалп шегіне берді. Кенет біргүрлі дауыстан селт етіп, артына бұрылды.

Бөлмеде жалғыз емес екен. Есіктің артындағы алтын сырғауылда жүні шала жұлынған күркетауыққа ұқсайтын бір көрі құс отыр. Хәрри оған тесіле қарағанда құс тағы да қырылдаған әлсіз дыбыс шығарды. Өзі ауру сияқты. Шел басқан көзі әлсіз сығыраяды. Хәрри қарап түрғанда құйрығынан екі тал қауырсын түсті.

«Енді жетпегені осы еді. Бөлмесінде жалғыз түрғанымда директордың сүйікті құсы көз алдында өліп қалса қайттім?» деп ойлап үлгергенше, құс лапылдалп жана бастады.

Хәрри ішегін тартып, кері шегінді. Айналасына қарап, отты сөндірмекке бір шыны су болса да іздел еді, ештеңе

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

таппады. Ал құс лапылдаш жанған шарға үқсанап, бар даусымен шынғырды да, бір уыс күлге айналып шашылып түсті.

Кабинеттің есігі ашылып Дамблдор кірді. Қабағы қату екен.

– Профессор... құсыңыз... ештеңе істей алмадым... жанып кетті...

Хәрриді қайран қалдырып, Дамблдор жымылып күлді.

– Уақыты келген екен ғой... – деді ол. – Соңғы күндері әлсіреп кеткен соң, көп созба дегенмін.

Хәрридің айран-асыр болған түріне қарап жымылып күлді.

– Хәрри, Фоукс – феникс қой. Өлер уақыты жеткенде олар отқа оранады, сәлден соң құлден қайта тіріледі. Міне, қараши...

Хәрри құл арасынан кішкентай, бұжыр-бұжыр құстың балапаны пайдада болғанын көрді. Ол да кәрі құс сияқты үскінсіз екен.

– Дәл өлетін күні көргенің өкінішті-ак, – деді Дамблдор орындығына отырып. – Күш-қуаты бойында тұрғанда ол өте әдемі: өзі қып-қызыл, қауырсыны сарғыш, жалқынға үқсайды. Феникс деген ерекше макұлық. Олар өзінен әлдешне есе ауыр жүкті көтере алады, көз жасы қандай жара мен сырқатқа шипа, ал өзі иесіне өте адад.

Фоукстің отқа оранғанына қарап тұрып, Хәрри мұнда неге келгенін ұмытып кеткен еді. Бірақ Дамблдор биік арқалы жұмсақ орындығына жайғасып, өткір көзін қадай, сынай қарағанда бәрі есіне түсті.

Дамблдор аузын ашып, сөйлеуге ыңғайланғанда кабинеттің есігі ашылып, Хәгрид атып кірді. Қолындағы өлі әтешті әлі тастамапты, басындағы дұлығаға үқсайтын бас киімі бір самайына қисайып кеткен, есі ауысқан адамша көзі алақ-жулақ етеді.

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

– Оны істеген Хәрри емес, профессор Дамблдор! – Ентігін баса алмай тұр. – Оны әлгі бала дуаланбай тұрып... алдындағана көргем... тіпті үлгермес те еді...

Дамблдор бірдене айтпақ еді, Хәгрід бастырмалата жөнелді, қолындағы әтешті ары-бері сілкіп, жан-жағына қауырсынын шашты.

– Кепіл болам... Сиқыр министрлігі алдында ант етейін... керек десеніз...

– Хәгрід, мен...

– ...Шатасып тұрсыз, сэр, ант етейін, *расымен* Хәрри ешқашан...

– *Хәгрід!* – деді Дамблдор даусын қатайтып. – Мен де қастандық жасаған Хәрри деп ойламаймын.

– Ааа... – деді Хәгрід әтеш ұстаған қолын төмен түсіріп. – Солай ма? Онда мен сыртта күтейін, директор.

Оз ісіне ыңғайсыздандандай қипақтап тұрды да, қорбандаш шығып кетті.

– Профессор, шынымен менен күдіктенбейсіз бе? – деді Хәрри үстелден әтештің жүнін сыпрып жатқан Дамблдорға үміттене қарап.

– Жок, Хәрри, сен деп ойламаймын. – Солай десе де, Дамблдордың жүзі әлі қату еді. – Бірақ сенімен сөйлескім келеді.

Дамблдор ұзын саусақтарын түйістіріп, өзіне үңіле қарағанда, Хәрри абыржып қалды.

– Хәрри, маған бірдене айтқың келетін шығар, – деді директор даусын жұмсағып. – Мазанұы алып жүрген жай бар ма?

Не дерін білмеді. Ол Малфойдың «Қарақан немелер, ендігі кезек сендердікі!» деп айғайлағанын еске алды, Жылауық Миртл тұратын дәретханада қайнап жатқан Айналдыратын ішірткі туралы ойлады. Содан соң ешкімге көрінбейтін

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

тіршілік иесінің даусын екі рет естігенін және Ронның: «Ешкімге естілмейтін дауысты естіген жақсы емес... Тіпті сиқырышылар әлеміндегі ол жаман ырым» деген сөзін еске түсірді. Елдің бәрі сыртынан сөз қылып жүргенін, Салазар Слизеринге қатысым бар шығар деп қорқатынын ойлады...

– Жоқ, – деді Хәрри. – Ештең мазаламайды, профессор.

Жастин мен Жұлбасты Никке жасалған қастандық бұрын жай қорқып жүрген балалар арасында нағыз үрей туғызды. Бәрінен бұрын Жұлбасты Никке қарғыс тигені көптің көке-йінде сан сауал тудырды. «Елестен қандай зиян келмек? Онсыз да өлген адамға тиісудің не керегі болды?» деген сұраққа жауап табылмады.

Крисмаста қамалда ешкім қалмайтын сияқты, оқушылардың бәрі жанталасып Хогуартс экспреске билет алып жатты.

– Олай болса, мұнда жалғыз өзіміз қаламыз, – деді Рон Хәрри мен Хәрмионаға. – Біз, Малфой және Креб пен Гойл. Керемет қызық демалыс болмақ.

Малфойдың көлеңкесі сияқты жанынан бір елі қалмайтын Креб пен Гойл да каникулда үйлеріне қайтпайтын болыпты. Хәрри өзгелердің кетуге асыққанына қуанбаса, ренжімеді. Ол оқушылардың дәлізде кезіге қалса, бұл бір сол сәтте улы тісін көрсетіп, уын шашардай теріс айналып қашқанынан шаршады; өзара сыйырласып, сыртынан саусақ шошайтқанынан мезі болды.

Фред пен Жорж тіпті осы жағдайды да ойынға айналдырып алды. Олар Хәрри келе жатқанда оның алдынан жүгіріп шығып: «Слизериннің мұрагеріне жол беріндер, жауыз сиқырышыны өткізіп жіберіндер...» деп айғайлайтын.

Перси інілерінің әрекетіне қатты қапаланды.

– Құлетін нарсе емес, – деді ол ызбарланып.

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

- Перси, жолға тұрма, – деді Фред. – Хәрри асығып барады.
- Иә, жасырын бөлмеде мыстан күтіп отыр, екеуі бір кесе шай ішіп, жоспар құрады, – деді Фред қарқылдап.

Жинни де агаларының қылжағын жақтырмады. Фред Хәрриден «Келесі құрбаның кім?» деп сұрағанда немесе Жорж Хәрридің қасына барып дәү сарымсақты бұлғап, сиқырдан қорғанған сыңай танытқанда, ол «Өтінемін, қойыңдаршы» деп жалынатын.

Хәрри егіз Уизлидің әзіліне ренжімеді, олар шынымен мұны Слизериннің мұрагері деп ойласа, бұлай қылжақтамас еді. Бірақ екеуі Хәрриді «Слизериннің мұрагері» деген сайын Драко Малфойдың өні бұзылып, терісіне сыймай кететін.

- Шың мұрагер өзі екенін айта алмай әрең жүр, – деді Рон білгішсініп. – Өзінен біреудің атағы асқанын қаламайды; қара жұмысты ол істеп, атақты сен иеленіп кеттің гой.
- Сәл шыдаңдар, – деді Хәрмиона. – Ішірткі дайын болып қалды. Жақында шындықты өз аузынан естіміз.

Тоқсан аяқталды, қалың қар жамылған даладағыдай, қамалда да мұлгіген тыныштық орнады. Хәрри бұл тыныштық-қа рахаттанып қалды. Хәрмиона және ағайынды Уизлилермен бірге Грифиндор мұнарасын жеке жайлады. Сиқыршылар картасын алаңсыз ойнап (картаның аяқ астынан жарылатын әдеті бар), өзара дуэль үйымдастырып, сайысуға да болады. Фред, Жорж бен Жинни де ата-анаымен бірге Египетте жұмыс істейтін ағасы Биллге барғысы келмей, мектепте қалатын болды. Перси «бала-шағаның» ойынын ойнағанды жақтырмайтын, соңдықтан Грифиндордың ортақ бөлмесіне сирек кіретін. Ол Крисмasta мектепте қалғына «қыын кезенде оқытушыларға көмектесу – серкелердің міндегі» екенін сұлтауратты, соны айтқанда «ұсақтарға» мұрнын шүйіріп қарады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Крисмас таңы атқанда дала түгел ақ қарға оранып, шыңылтыр аяз буып тұр еді. Шыттай киініп алған, қолында Хәрри мен Ронға арналған сыйлығы бар Хәрмиона кіріп келгенде ұлдар әлі үйкітап жатқан (бөлмеде екеуі ғана). Таң енді атқан, ерте тұруға себеп жоқ. Үйқысын бұзғанды екеуі де жақтырмады.

- Тұрындар! – деді Хәрмиона терезенің пердесін ысырып.
- Хәрмиона, саған мұнда кіруге болмайды, – деді Рон жарықтан көзін көлегейлеп.
- Крисмас құтты болсын! – Хәрмиона оның төсегіне сыйлық тастады. – Бір сағат бұрын тұрып, ішірткіге ызылдақ шыбынды салдым. Ол дайын.

Хәрридің үйқысы дереу ашылды:

- Сенімдісің бе?
- Күмәнсіз, – деді Хәрмиона кереуеттің шетіне отырмақ болып Қаспақты итеріп жатып. – Дайын болсандар, бүтін түнде іске кірсеміз.

Сол кезде бөлмеге тұмсығына шағын орама қыстырған Хедуиг ұшып кірді.

- Сәлем! – деді Хәрри мәз болып. – Қайтадан дос боламыз ба?

Үкісі еркелеп, иығына қонып, сырғалығын тістеді, бұл Хәрри үшін ең қымбат сыйлық болды. Тұмсығындағы орамада Дурслилердің сәлемдемесі бар екен. Олар Хәрриге тісшүкірыш жіберіпті, ал хатта мұның жазғы каникулда да Хогуартста қалғанын өтініпті.

Басқа сыйлықтарды көрген Хәрри қуанып кетті. Хәгрид бір қорап сірне кәмпіт салыпты, Хәрри оны жер алдында отқа ұстап алғаным аbzал болар деп ойлады.

Рон өзінің сүйікті қуидич командасты туралы жазылған «Кәннәнспен бірге ұшу» кітабын сыйлады, Хәрмиона өте көркем бүркіт қауырсының сыйға тартты. Хәрри соңғы

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

сыйлықты ашқанда миссис Уизлиден екенін бірден білді: ішінен жаңа тоқылған жемпір мен үлкен қара өрік бәліші шықты. Миссис Уизлидің құттықтау хатын оқып отырғанда мистер Уизлидің Шатақ талға соғылған соң көрінбей кеткен көлігі есіне түсіп, ар-ұжданы қинады. Ол аз болғандай бүтін түнде Рон екеуі тағы тәртіп бұзбақ.

Хогуартстағы Крисмас құрметіне жайылған дастарханға көзің қарап, көнілің тояды. Үш дос сәлден соң Айналдыратын ішірткі ішетінін ойлап, қобалжып отырса да, ас мәзіріне таңдай қақпай тұра алмады.

Үлкен залдың іші бұрынғыдан да құлпырып кеткен. Бірнеше жерге қарға оранған шырша ағашы қойылған, сүйір жапырақ пен ақ жидекті бұта моншақ тәрізді қабырға мен төбені бойлай ілінген, ал төбеден жып-жылы әрі құрғақ сиқырлы қар жауып тұр. Дамблдор сүйікті әндерінің бірнешеуін айтып шықты, оқушылар оған қосыла шырқады; жұмыртқа коктейлін үсті-үстіне ішкен Хәгритдің даусы барған сайын ашыла түскендей. Фред Персидің төсбелгісіндеңі жазуды сиқырлап, «әңгүдік» дегенге өзгертіп қойыпты. Перси жұрт неге өзіне қарап құле беретінін түсінбей басы қатты. Хәрри миссис Уизли сыйлаган жаңа жемпірін киіп келген. Драко Малфой оны да мазаққа айналдырып отырғанын естіді, бірақ елең қылмады. Сәтін салса, сәлден соң Малфойдың құпиясын ашады.

Хәрри мен Рон Крисмас тортынан үш тілім жеп болғанда Хәрмиона екеуін асықтырып, дастарханнан тұрғызыды: «уақыт тығыз, ақылдасу керек».

– Өзіміз айналатын адамдардың тырнағы не шашын алу керек, – деді ол дүкенге кір жуатын ұнтақ алута бару керегін айтқандай жайбарақат. – Екеуің Креб пен Гойлға айналасындар, олар Малфойдың жан досы, бар сырын соларға

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

айтады. Ол арада ана екеуін бір жерге жасыра тұру керек. Мен бәрін ойластырып қойдым.

Мұны естіген Хәрри мен Ронда өң қалмады, ал Хәрмиона еш сасатын емес. Ол қалтасынан екі шоколад тоқаш шығарды:

– Ішіне үйіктататын ұнтақ салдым. Креб пен Гойл көретін жерге қойындар. Екеуді де тамақ көрсө талғамай жұта береді, мұны да жей салар. Үйіктаган соң шашын жұлып алындар да, өздерін сыптырқы сақтайтын қоймаға сүйреп апарындар.

Хәрри мен Рон жоспардың жүзеге асатынына сене қоймады.

- Хәрмиона, меніңше...
- Мұның бәрін қалай істейміз...

Хәрмиона көзінен ұшқын шашып, қатулана қарағанда профессор Макгонагалдан аумай қалды.

– Креб пен Гойлдың шашын салмасақ, ішірткінің пайдасы болмайды, – деді әр сөзін нығыздап. – Малфойдың шынын білгілерің келе *ме*, жоқ па?

– Жарайды, жарайды, – деді Хәрри. – Өзің ше? Сен кімнің шашын аласың?

– Менің дайын! – деді Хәрмиона жайрандап. Қалтасынан кішкене құты шығарды, ішінде бір тал шаш бар еken. – Дуэль клубында Милисентпен жұлысып едім *ғой*? Алқымыма жармасып, бұындырмақ болғанда шашы қалтама түсіпті. Ол үйіне кетіп қалды, бірақ мен слизериндіктерге ойымнан айнып, кері қайттым дей саламын.

Хәрмиона Айналдыратын ішірткіні тексеруге кеткенде Рон Хәрриге тағдырына мойынсұнған адамдай қарады:

– Осыншама тәртіп бұзудан құралған жоспарды бұрын-сонды естіп пе едің?

Хәрри мен Ронның бағына орай, жоспардың бірінші бөлігі Хәрмиона сипаттағандай оп-оңай өтті. Крисмас шайын ішіп

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

болған соң дастарханнан тұрмаган Креб пен Гойлды кіре берісте күтті. Ол екеуі трайфлдың төртеуін асамайынша тұrmайтын. Хәрри шоколад тоқаштарды баспалдақтың таянышына қойды да, Креб пен Гойл Үлкен залдан шыққанда Рон екеуі есіктің қасындағы сауыттың артына тығылды.

Креб пен Гойл тоқаштарды көре сала бас салып, апылғұпты асап жатқанына қарап тұрған Рон Хәрриге:

– Неткен семіз болғалы тұрсың! – деп сыйырлады.

Креб пен Гойл ыржындал, тоқашты қылғыта салды. Біраз уақыт мәз-мәйрам болып шайнаңдал тұрды. Сәлден соң тұрған бойы дүңқ етіп жерге құлады.

Ең қының өзінен әлдекайда ірі ұлдарды Үлкен залдан сыпypyтқы сақтайтын қоймаға сүйреп апару болды. Екеуін сыпypyтқы мен шелектер арасына жақсылап жатқызған соң Хәрри Гойлдың кекілінен, Рон Кребтің төбе шашынан бірнеше тал жұлып алды. Бұларға айналған соң, өз аяқиімі тар боп қалатынын ойлап, екеуінің бәтіңкесін де шешіп алды. Өз әрекетінен өздері шошыған күйі Жылауық Миртл мекендейтін дәретханаға кірді.

Хәрмиона қазандағы ішірткіні араластырса керек, құystan қара тұтін будақтап тұр. Мантияның шалғайымен бетін бүркеген Хәрри мен Рон ақырын есік қақты:

– Хәрмиона?

Хәрмиона есікті ашты, турінен қобалжып тұrғаны байқалады, өзі терлеп кетіпті. Артындағы қазанда бұлкілдең ішірткі қайнап жатыр. Үш шыныаяқ дайындал қойыпты.

– Алдыңдар ма?

Хәрри Гойлдың шашын көрсетті.

– Жақсы. Кір жуатын жерден мына мантияларды алып кеттім, – деді Хәрмиона жердегі орамды көрсетіп. – Креб пен Гойлға айналғанда үстеріндегі сыймай қалады.

Үшеуі қазанға үңілді. Жақыннан қараганда ішірткі көпіршігендегі қара лайға ұқсайды екен.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бәрін дұрыс жасаған сияқтымын... – деді Хәрмиона «Ең қуатты ішірткілер» кітабының ашық түрған бетіне қарап. – Кітаптағы суретке ұқсап түр... Ишken соң күші бір сағатқа жетеді, содан соң қайтадан өз қалпымызға келеміз.

– Бастаймыз ба? – деп сұрады Рон сыйырлап.

– Мынаны үшке бөлейік те, шашты салайық.

Хәрмиона ішірткіні үш шыныаяққа бөліп құйып шықты. Содан соң қолы дірілдеп тұрып Милицент Булстроудтың шашын бірінші шыныға салды.

Ішірткі шәугімдегі қайнап жатқан суга ұқсап бүркүлдап, көпіршіп кетті. Сәлден соң сұргылт сары түске боялды.

– Туф, Милицент Булстроудтың табиғатына сай түс екен, – деді Рон жиіркене қарап. – Дәмі де сүйкімсіз шығар.

– Сендер де салындар, – деді Хәрмиона.

Хәрри ортадағы ыдысқа Гойлдың шашын таставды, үшінші-сіне Рон Кребтің шашын салды. Екі шыны да қайнап, көбіктенді: Гойлдың шашы салынғаны сарғыш жасыл түске енсе, Кребтікі қара қоңыр болып шықты.

– Тоқтандар! – деді Хәрри достары шынысын енді көтере бергенде. – Ушеуіміз де мұнда отырып ішпейік, Креб пен Гойлға айналған соң мына жерге сыймай кетеміз. Милицент Булстроуд та түймеқызы ұқсамайды.

– Дұрыс, – деді Рон есікті ашып. – Бөлек-бөлек қуысқа барайық.

Айналдыратын ішірткіні төгіп алмайын деп ақырын қозғалып Хәрри ортадағы қуысқа кірді.

– Дайынсындар ма?

– Дайынбыз, – деді Рон мен Хәрмиона.

– Бір, екі, үш...

Хәрри мұрнын басып тұрып ішірткіні екі ұрттап жұта салды. Қайнауы өтіп кеткен қырыққабаттың дәміне ұқсайды екен.

Дереу іші бүріп ала жөнелді, тірі жылан жұтып алғандай киналды («ауырып қалмадым ба» деген ой келді); асқазанынан бастап саусағының ұшына дейін күйдіріп барады. Бұдан соң ауа жетпей тұншығып, жерге тізерлей құлады; терісі қыздырылған балауыз сияқты балқып бара жатқандай; кенет көз алдында қолы үлкейіп, саусақтары жуандады, әр қолы кетпендей болып шыға келді. Бұғанасы кенеңгені білініп, ауырсынды, маңда-йна кекіл шаш тұсті, кеудесі жуандаганда киімі жыртылып кетті, төрт өлшем кіші аяқтім киген аяғы сырқырап ауырды...

Сәлден соң бәрі бітті. Хәрри салқын тас еденде жатып, Миртлдің бірдене деп күңкілдегенін естіді. Аяғындағы бәтің-кені әрең шешіп, орнынан тұрды. Гойлға айналғаны анық сияқты. Дәү қолы дірілдеп тұрып мантисын, балағы тобығына да жетпей қалған шалбарын шешті; Гойлдың қайықтай үлкен бәтіңкесі мен Хәрмиона дайындаған киімді киіп алды. Әдетінше көзіне түсіп тұратын шашын қайырмақ еді, қолына тікірейіп өсетін қатты шаштың тұқылы тиді. Содан соң көзәй-нектен айналаның, бәрі тұманданып көрінетінін байқап, Гойл көзәйнек тақпайтыны есіне тұсті. Көзәйнегін шешті де:

– Екеуінде бәрі дұрыс шықты ма? – деп еді, көмейінен қырылдаған жуан дауыс шықты.

– Иә, – деді Рон он жақ қуыстан Кребтің даусымен.

Хәрри қуыстың есігін жапты да, шытынаған айнаның алдына барды. Айнадан Гойлдың мәнсіз қарайтын шүңірек кезін көрді. Хәрри құлағын қасыды. Гойл да сөйтті.

Көрші қуыстан шыққан Рон екеуі бір-біріне қарады. Бозарған түрі мен үрейге толы көзі болмаса, Рон Кребтен айырып алғысыз еді, топы кигендей дәңгелете қиган шашынан бастап горилланың алдыңғы аяғындай ұзын, жуан қолына дейін аумай қалған.

– Сену қыын, – деді Рон. Айнаның алдына барып Кребке тән добалдай мурның шымшып көрді. – Адам сенгісіз...

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри Гойлдың жуан білегіне сыймай үзілгелі тұрган сағатының бауын босатып, уақытты қарады:

– Тездетейік! Слизериннің ортақ бөлмесін тауып алу керек, жолда солардың біреуі кезігіп қалар...

Рон Хәрриге қуақыланған қарады:

– Гойлдың ойлы жүзін көрген біртүрлі екен... – Содан соң Хәрмиона кірген құыстың есігін ұрды: – Болсаңшы, кеттік...

Ар жақтан шырылдаған жіңішке дауыс шықты:

– Мен... бара алмайтын сияқтымын. Өздерің кете беріңдер.

– Хәрмиона, Милисент Булстроудтың түрінен адам шошитының білеміз, қысылма.

– Жоқ, шын айтам, шықпаймын. Екеуің тездетіндер, уақыт өтіп барады.

Хәрри аң-таң болып Ронға қарады.

– *Міне*, осы турің Гойлға үқсан тұр, – деді Рон. – Оқытушы сұрақ қойғанда осылай аспаннан тускендей аңқияды.

– Хәрмиона, не болды? – деп сұрады Хәрри бер жақтан.

– Ештеңе, бәрі жақсы... Бара беріңдер...

Хәрри сағатқа қарады. Баға жетпес бір сағаттың бес минуты өтіп кетіпті.

– Онда осы жерде кездесеміз, жарай ма?

Хәрри мен Рон дәретхананың есігін ашып, маңайда ешкім жоғына көз жеткізді.

– Қолынды ары-бері бұлғаңдатпа, – деді Хәрри Ронға.

– Не дейсің?

– Креб қолын екі бүйіріне қабыстырып жүреді...

– Былай ма?

– Иә, осылай.

Олар мәрмәр баспалдақпен төмен түсті. Енді бір слизериндік оқушыны тауып, сонымен бірге ортақ бөлмесіне кіру керек, бірақ маңайда ешкім көрінбеді.

– Не істейміз? – деді Хәрри.

АЙНАЛДЫРАТЫН ИШІРТКІ

– Слизериндіктер таңғы асқа ылғи ана жақтан келе жатушы еді ғой, – деді Рон жертөлеге апаратын кіреберісті нұсқап. Сол кезде кіреберістен толқынды ұзын шашты қыз шыға келді.

– Кешірініз. – Рон қызға жетіп барды. – Ортақ бөлмемізге баратын жолды ұмытып қалдым.

– Кешірерсіз, – деді қыз жақтырмай қалғанын даусынан сездіріп. – *Ортақ бөлмеміз дейсіз бе? Менің факультетім – Рәвенклө.*

Екеуіне күмәндана қарап тез кетіп қалды.

Хәрри мен Рон жертөлеге қарай төмен түсті, Креб пен Гойлдың қолақпандай аяққиімі гұрс-гұрс етіп жаңғырып келеді. Іс өздері ойлағандай оңай бітпейтінін аңғарды.

Төменгі қабаттың өзі бірнеше тарам жолға бөлінеді екен, онда да ешкім жок. Төмендеген сайын қайта-қайта сағатқа қарап, қанша уақыт қалғанын тексеріп қояды. Он бес минут құр сенделуге кеткенін көріп, іші ашыды. Үміт үзілуге таяғанда біреудің қарасы көрінді.

– О, әйтеуір біреуі көрінді ғой! – деп қуанды Рон.

Әлгі адам бүйірдегі есіктен шықты. Қасына алыш-ұшып жетіп барған ұлдардың қабағы түсіп кетті. Слизерин факультетінің окушысы емес, Перси екен.

– Мұнда неғып журсін? – деп сұрады Рон таңданып.

Перси қорланып қалды:

– Онда шаруаң болмасын, – деді тістеніп. – Есімің... Креб пе еді?

– Ой... иә, – деді Рон.

– Жатақтарыңа барындар, – деді Перси бүйіра сөйлеп. – Қаранғы дәлізді кезіп жүрген қауіпті екенін білетін шығарсындар.

– Өзің ше? – деп сұрады Рон.

– Мен (Перси кеудесін көтерді) – серкемін. Маған ешкім тиісе алмайды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри мен Рон арт жақтан шыққан дауысқа жалт қарап, Драко Малфойды көрді. Хәрри Малфойды кезіктіргеніне қуанғаны алғаш шығар.

– Мұнда екенсіндер ғой, – деді Малфой өзіне тән мәнермен сыйдана сөйлеп. – Үлкен залдан енді шыққанбысындар? Бағанадан сендерді іздеп жүрмін, бір қызық нәрсе көрсетемін. – Персиге қарап мұрнын шүйірді: – Уизли, сен мұнда не іздеп келдің?

Перси ызадан жарыларға шақ қалды:

– Мектеп серкесіне құрмет көрсету керек! Бұл қылышың мұлдем жарамайды!

Малфой мырс етіп, Хәрри мен Ронға белгі беріп, алға түсті. Хәрри Персиден кешірім сұрауға оқталған, бірақ өзін дер кезінде тежеп үлгерді. Рон екеуді Малфойдың соңынан ерді.

– Әлгі Петер Уизли... – деп бастады Малфой.

– Перси, – деп түзетті Рон дереу.

– Мейлі, кім болса да... Ылғи осы манды торып жүретінін байқадым. Ойында не барын білесіндер ме? Слизериннің мұрагерін өзі жалғыз қолға түсірмек қой.

Малфой мырс-мырс құлді. Хәрри мен Рон бір-біріне қарады. Дым тартқан тас дуалдың қасына кеп тоқтағанда:

– Жаңа құпиясөз қалай еді? – деп сұрады Малфой.

– Ммм...

– Есіме түсті, тазақан! – деді Малфой.

Дуалмен бірдей бол байқалмай тұрған есік ашылды. Хәрри мен Рон Малфойға еріп ішке енді.

Слизериннің ортақ бөлмесі қабырғасы мен тәбесі тастан қаланған, алласа, енді бөлме екен. Тәбеден шынжырға ілінген жасыл шамдар салбырап тұр. Қолдан ойып жасалған алау-ошақта лаулап от жанып жатыр, оның ар жағынан жұмсақ орындықта отырған окушылардың сұлбасы байқалады.

– Осында күтіндер, – деді Малфой алауошақтың қасындағы бос орындықтарды нұсқап. – Қазір әкем жіберген затты көрсетейін...

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

Малфойды күткен Хәрри мен Рон бұл бөлмеге алғаш кіргенін білдірмеуге тырысып бақты.

Малфой сәлден соң газет қыындысына үқсас бірдене алып келді. Оны Ронның алдына тастай салып:

– Күлкіден жарыласың, – деді.

Хәрри Ронның көзі шарасынан шыға шошығанын байқады. Ол газетті жылдам оқып шықты да, күшене құлді. Содан соң оны дереу Хәрриге берді. «Құндізгі жаршы» газетінің беті екен:

СИҚЫР МИНИСТРЛІГІ ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗБЕК

**«Маглдардың бүйімдердің женсіз қолданбау»
белімінің басшысы Артур Үзэлдік бүгін маглардың машынасын сиқырлағаны үшін 50
галлеон айыппул салынды.**

Хогуартс сиқыр мектебінің Қамқоршылар кеңесінің басшысы Люциус Малфой бүгін мистер Үзэлдік жұмыстан кетуін талап етті. Құзде мистер Үзэлдік сиқырланған көлігі мектептің ауласына құлаған болатын.

«Үзэл міністрлік атына кір желтірді, – деді мистер Малфой біздің тілшімізге. – Ол заң шығаруға қабілетті емес және маглдарды қорғауды көздейтін күлкін заңның күшін жою керек».

Мистер Үзэлдік пікірін ести алмадык, әжелі тілшілерді үйде тұратын мыстанды айдал саламын деп қорқытып күшп ышқыты.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Ал? – деді Малфой сабырсызданып. – Қызық қой?

– Ха, ха, – деді Хәрри еріксіз.

– Артур Уизли маглдарды жақсы көретіні сондай – сиқыр таяқшасын сындырып, солармен бірге тұруға әзір, – деді Малфой тістеніп. – Іс-әрекетіне қарасан, Уизлилер тазақан сиқыршы екеніне сену қын.

Рон емес Кребтің түрі бұзылып кетті.

– Креб, не болды? – деді Малфой тыжырынып.

– Ішім ауырып тұр, – деді Рон ыңыранып.

– Онда ауруханаға бар, сонда жатқан қарақандардың бәрін менің орныма сабай салшы, – деді Малфой шиқылдай күліп. – Айтпақшы, «Құндізгі жарыш» мектептегі қастандық туралы әлі жазбаған, соған таңғалып журмін. Шамасы, Дамблдор сыртқа жаймай отыр фой. Осының бәрін тоқтатпаса, орнынан айырылады. Экем ылғи да Дамблдор ең нашар басшы дейді. Өзі маглдан туғандарды жақсы көреді. Әйтпесе есі дұрыс директор әлгі Колин сияқты жабысқақтарды мектепке жолатпас еді.

Қолына камера ұстаған кейіпке еніп, Колинді әжуалады (дөрекі болса да, айнытпай салғанын айта кету керек):

– Поттер, сені суретке түсірсем бола ма? Қолтаңба қойып бересің бе? Аяқкиімінді жаласам бола ма, Поттер? – Қолын түсірді де, Хәрри мен Ронға қарады. – Екеуіңе не болған?

Хәрри мен Рон қате жібергенін аңғарып, зорлана құлді. Бірақ Креб пен Гойл онсыз да әзіл түсінбейтін топас болғандықтан, Малфой ештеңе байқамай қалған сияқты:

– Әулие Поттер, қарақан сиқыршылардың досы, – деді ашынып. – Оның бойында да асыл тұқымды сиқыршыға тән қасиет жоқ, әйтпесе әлгі Грейнжер сияқты шошақай қарақан немемен бірге жүрмес еді. Біреулер фой оны Слизериннің мұрагері санайды!

Хәрри мен Рон демін тартып, тына қалды: қазір Малфой шындықты айтады. Бірақ ол:

АЙНАЛДЫРАТЫН ИШІРТКІ

– Кім екенін білсем ғой, – деді өкінгендей. – Оған көмек-тесер едім.

Ронның аузы аңқайып кетті, мұндай «Кребке» қараған адам оның топас екеніне еш күмән келтірмес еді. Бір жақсысы, Малфой оған мән бермеді. Хәрри оның тамырын басып көрмек болды:

– Оны кім айдал салып жүргенін білетін шығарсың...

– Гойл, саған білмеймін деп жүз рет айттым ғой! – деп зірк етті Малфой. – Экем де жасырын бөлме соңғы рет ашылғаны туралы ештеңе айттай қойды. Елу жыл бұрын болған екен. Ол кезде әкем мектепте оқымаитын, сонда да бәрін біледі. Оның бәрі үлкен құпия дейді. Ал мен шындықты білсем, өзгелердің күдігін оятады екенмін. Бір нәрсені анық білемін: соңғы рет жасырын бөлме ашылғанда қарақан сиқыршының біреуі өлген. Сәл шыдасақ тағы бір құрбан шалынар... әлгі білгіш-сінген Грейнжер болса жақсы еді...

Рон Кребке тән балғадай жұдырығын түйді. Рон Малфойды ұрып жіберсе, құпиясы ашылып қалуы мүмкін екенін ойлаған Хәрри Ронға көзін алартып бір қарады да, Малфойдан:

– Жасырын бөлмені соңғы рет ашқан адам ұсталған ба? – деп сұрады.

– Иә... оны оқудан шығарып жіберген, – деді Малфой. – Элі күнге Азкабанда жатқан шығар.

– Азкабан? – деп сұрады Хәрри түк түсінбей.

– Азкабан – сиқыршылардың түрмесі, Гойл, – деді Малфой оған күмәндانا қарап. – Есектің миындаған ми қалмаган ба өзінде?

Ол креслосында ары-бері тенселді:

– Экем маған «Тыныш жүр, Слизериннің мұрагері шаруасын өзі тындырысын» деді. Мектепте қаңғыған қарақан сиқыршылар көбейіп кетті, олармен бірге оқыған сүйегі-мізге таңба, бәрінің көзін құрту керек. Әрине, қазір оған да

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

оңай тиіп жатқан жоқ. Өткен аптада Сиқыр министрлігі біздің жекежайды тінткинің айтып па едім?

Хәрри Гойлдың ойсыз кейпіне аяушылық үстеуге тырысты.

– Иә... – деді Малфой. – Көп ештеңе таба алмады. Әкемнің зұлым сиқырга қажет біраз дүниесі бар. Оның бәрін қонақ бөлменің еденінің астындағы жертөледе сақтаймыз...

– Ох! – деді Рон.

Малфой мен Хәрри оған жалт қарады. Рон қызыарып кетті. Шашы да жирен түске ене бастапты. Мұрны біртіндеп ұзарып келе жатты. Бір сағат өтіп кеткенін байқамапты. Рон өз кейпіне орала бастағанын сезіп, Хәрриге үрейлене қарап еді, ол да қайтадан өз-өзіне айналып барады екен.

Екеуі де орнынан атып тұрды. Рон:

– Іш ауырғанға дәрі керек! – деп айғайлады да, екеуі алды-артына қарамай, Слизериннің ортақ бөлмесінен атып шықты. Тас дуалдағы есіктен өтіп, дәлізді бойлай жүтіріп бара жатқанда бар ойы «Малфой ештеңе байқамаса екен» болды. Хәрри мантиясының етегі жерге шұбатылып, аяғындағы Гойлдың дәү бәтіңкесін әрен сүйреп келеді. Қараңғы кіреберіс залға жете бергенде Креб пен Гойл қойманың есігін тарсылдатып ұрып жатқанын естіді. Олардың аяқкимін есіктің алдына тастай сала, жалаңақ зымырап отырып Жылауық Миртлдің «бөлмесіне» жетті.

– Жарайды, уақыттымыз текке кетті деуге болмас, – деді Рон дәретхананың есігін жауып жатып. – Сонша адамды қатырып тастаған кім екенін біле алмадық, бірақ ертең әкеме хат жазып, Малфойдың үйінде еденінің астында тығылған заттар барын айтамын.

Хәрри сынық айнаға қарады. Толық қалпына келіпті. Бұл көзәйнегін тағып жатқанда Рон Хәрмиона жасырынған күйісқа қарап әңгімесін айта бастады:

– Хәрмиона, шықсанышы, айтатын нәрсе көп...

АЙНАЛДЫРАТЫН ІШІРТКІ

– Кетіңдер! – деді Хәрмиона жыларман болып.
Хәрри мен Рон бір-біріне қарады.
– Не болды? – деді Рон. – Қалпыңа келген шығарсың, біз сияқты...

Кенет күстістан Жылауық Миртлдің елесі көрінді. Хәрри оның қуанған кейпін алғаш көріп, таңғалды.

– Оооох, қазір көресіңдер... – деді ол. – Сүмдық қорқынышты!

Есік сырт етіп ашылды да, мантиясын бүркеніп алған Хәрмиона еңіреп жылап шықты.

– Не болды? – деді Рон тызақтап. – Милисенттің қолақ-пандағы мұрнынан құтыла алмай қалдың ба?

Хәрмиона мантиясын ысырганда Рон суғарға отыра қалды.

Қыздың бетін қара түк басып кетіпті. Сарғыш көзі шоқтай жанып тұр, төбесінде тікірейген екі құлағы бар.

– Мысықтың жүні екен! – деді солқылдан. – Милисент Булстроудтың мысығы бар болса керек. Ішірткі адамды жануарға айналдырығанымен, жануарды қайтадан адамға айналдырмайды!

– Мәссаған! – деді Рон.
– Енді жүрт саган әжуда ат қойып, мазақтайды, – деді Миртл шаттанып.

– Ештеңе етпейді, Хәрмиона, – деді Хәрри. – Ауруханаға барайық. Мадам Помфри басы артық сұрақ қоймайды...

Екі жақташ Хәрмионаны сыртқа шығуға көндірмек болды. Жылауық Миртл бұлардың соңынан қалмай, сықылықтап күле берді.

– Тұра тұр, біраздан соң жүрттың бәрі сенің құйрығың бар екенін біледі!

* * * * *

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

* * *

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ ҚҮНДЕЛІК

Xәрмиона ауруханада бірнеше апта жатты. Крисмас мейрамында үйіне кеткен оқушылар мектепке оралғанда Хәрмионаның жоқ болып кеткені туралы алыпқашпа сөз желдей есті. Әлбетте, жұрттың бәрі ол да беймәлім жауыздың қаһарына ұшырады деп жорыды. Хәрмионаны көрмек болып ауруханаға ағылған оқушылардан қорғау үшін мадам Помфри оның төсегін шымылдықпен қоршап қойды. Хәрмиона түк басқан бетін өзгелерге көрсеткенді өлімге тең көретін.

Хәрри мен Рон ғана күнде кешке қасына барып қайтатын. Тоқсан басталған соң күнделікті үй тапсырmasын апарып тұрды.

– Сенің орнында болсам, демалып жатар едім, – деді Рон бір келгенде кітаптарды төсегінің бас жағындағы үстелге қойып.

– Жындының сөзін айтпа, Рон, сабакқа үлгермей қалмауым керек, – деді Хәрмиона шамданбай.

Бір барғанында бетіндегі түгі кетіп, көзі қайтадан өзінің қоныр түсіне енген Хәрмионаның көңілі едәуір көтеріңкі екен.

– Жаңалық бар ма?

Мадам Помфриге естіртпей сыйырлап сұрады.

– Жоқ, – деді Хәрри кіржиіп.

– Малфой екеніне сенімді едім, – деп кіжінді Рон жүз рет айтқан сөзін қайталап.

– Мынау не? – Хәрри Хәрмионаның жастығының астынан жылтырап көрінген алтын жалатқан қағазды нұсқады.

– Жай, саулық тілеген хат қой...

Хәрмиона қағазды жасырып үлгермей, Рон зып еткізіп сүзырып алды. Орауын жазып, дауыстап оқыды:

«*Үшінші дәрежелі Мерлин орденінің иегері, Зұлым сиқырдан қорғану лигасының құрметті мүшесі, «Сиқыршылар апта-лығының» «Ең тартымды құлқі жүлдесінің» бес мәрте иегері, ұстазыңыз Гилдерой Локхарт мисс Грейнджерге шын жүректен саулық тілейді».*

Рон Хәрмионаға тыжырына қарады:

– Мынаны жастаңып жатырмысың?

Хәрмиона жауап беруге оқталғанда мадам Помфри кіріп келді. Кешкі дәрісін ішетін уақыт болған екен.

– Локхарт соншалықты ақылды ма, қалай ойлайсың? – деп сұрады Рон, екеуі Грифиндор мұнарасына қайтып келе жатқанда.

Снейптің үйіп-төгіп берген үй тапсырмасын салмақтап көрген Хәрри «мынаның бәрін орындал болғанша алтыншы сыныпқа жетіп қалармын» деп ойлады. Рон «Шаш тікі-рейткіш ішірткіге егеуқүйрық қүйрығын қанша қосу керегін Хәрмионадан сұрап алмаппайыз» деп өкініп отырғанда, жоғарғы қабаттан біреудің ашулы даусы естілді.

– Филч қой, – деді Хәрри. Екеуі баспалдақпен көтеріліп, жасырынып тындаі қалды.

– Әлгі тағы біреуге тиіскен бе? – деді Рон өңі қашып.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Екеуі бұға қалып, Филчтің ашулана бүркүлдап сөйлеп жүргеніне құлағын тіге қойды:

...Жұмыс тауып береді де жүреді! Басқа шаруасы жоқ дей мекен, енді түні бойы осыны жууым керек! Болды, шыдамның да шегі бар! Дамблдорға бәрін жеткіземін...

Филч бүркүлдаған күйі алыстап кеткенде Хәрри мен Рон бұрыштан шықты. Филч Миссис Норриске қастандық жасалған жерде қарауылдап отырса керек. Достар оның неге күйінгенін бірден ұқты: дәлізді су алыпты. Жылауық Миртл тұратын дәретхананың есігінің астындағы саңылаудан әлі су ағып жатыр. Филчтің айғайы алыстап кеткенде Миртлдің дәретхананың қабырғасын жаңғырта өксіп жылағаны естілді.

– Бұған тағы не болды екен? – деді Рон.

– Жүр, барып көрейік, – деді Хәрри. Екеуі мантиясының шалғайын көтеріп, суды кешіп өтіп, «Істемейді» деген жазуды елемей, дәретханаға кірді.

Миртлдің бұл жылағаны бұрынғысының бәрінен асып түскендей, зардана, солқылдай өксігені естіледі. Әдеттегідей қуысында тығызып отырған сияқты. Дәретхананың іші қаранғы, атқылаған су қабырға мен еденді шылқылдатып, шырақтарды сөндіріп тастапты.

– Миртл, саған не болды? – деп сұрады Хәрри.

– Не керек? – Миртлдің жыламсыраған даусы естілді. – Сен де мені бірдене лақтырып ұруға келдің бе?

Хәрри қуысқа жақындал барып:

– Неге саған бірдене лақтыруым керек? – деп сұрады.

– Қайдан білейін? – Миртл суағардан атып шыққанда еденге тағы лақылдап су төгілді. – Өзіммен өзім отырғам, ешкімде шаруам жоқ... біреу кеп маған кітап лақтырып ойнағанды қызық көреді...

– Сені немен ұрса да еш жерің ауырмайды ғой, – деді Хәрри таңданып. – Дененден өте шығады...

ҚҰПИЯРГА ТОЛЫ КҮНДЕЛІК

Аңдамай сөйлегенін кеш ұқты. Миртл тәбесінен төніп шаңқылдай жөнелді:

– Онда бәрің Миртлға кітап лақтырындар, ол ештең сезбейді ғой! Ішінен өткізсөндер – он үпай! Басынан өтсе – елу үпай! Неткен қызық десенші!!! Керемет ойын, солай ма? Есінде болсын, маған ондай ойын ұнамайды!

– Сені кім үрды? – деп сұрады Хәрри.

– Білмеймін... Суағарға кіріп алып, өлім туралы ойлап отырғам, кенет басыма бірдене дүңк етіп тиді. Эне, әлі сонда жатыр.

Хәрри мен Рон Миртл көрсеткен жерге қарады. Суағардың түбінде қара мұқабалы, жуқа, шағын кітап жатыр екен. Хәрри оны көтермек болып еңкейе бергенде, Рон қолына жармasti.

– Не болды?

– Есің дұрыс па? – деді Рон. – Қауіпті кітап шығар.

– Несі қауіпші? – деп құлді Хәрри. – Жай кітаптан келіп-кетер не қауіп бар?

– Ой, білмейсің ғой, – Рон кітапқа шоши қарады. – Министрлік тәркілеген кейбір кітаптардың арасында «оқыған адамның көзін күйдіріп жіберетіні бар» дейді әкем. Ал «Сиқыршының сонеті» деген кітапты оқыған адам өмір бойы үйқас куып сөйлейтін қарғысқа ұшырайды екен. Батта тұратын сиқыршы кемпірдің үйінде бір кітап бар, оны ашсан, бас алмай кітап оқитын боласың дейді! Қайда барсан да қолыңнан кітап түспейді, қалған шаруаның бәрін бір қолмен істеуің керек. Содан соң...

– Болды, түсіндім, – деді Хәрри.

Кітапша суда қалқып әлі жатыр... шынымен қауіпті ме?

– Ашып көрмейінше қандай кітап екенін білмейміз ғой, – деп, Хәрри кітапты қолына алды.

Күнделік екенін бірден ұқты, мұқабадағы күніне қарап елу жыл бұрын жазылғанын білді. Асығып ішін ашты. Бірінші бетінде «Т.М. Реддл» деген жазу бар екен.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Тұра тұр, – деді Рон Хәрридің иығынан күнделікке сыйгалаі қарап. – Аты таныс сияқты... Т.М. Реддл елу жыл бұрын мектепке сіңірген ерекше еңбегі үшін марапатталған.

– Оны қайдан білесін?

– Оның аты жазылған тақтаны Филч елу рет сүрткізді, – деді Рон мұрның тыржитып. – Мен соның алдына барып ұлу құстым ғой. Бір сағат бойы біреудің аты жазылған тақтаны жусаң, еріксіз есінде қалар.

Хәрри дым тартқан беттерді парактады. Ештеңе жазылмаган. «Мейбл апайымның туған күні», «Үш жарымда тіс дәрігеріне бару керек» деген сияқты ескертпелер де жоқ.

– Тұқ жоқ, – деп қапаланды Хәрри.

– Оны кім лақтырды екен? – деді Рон ойланып.

Хәрри кітапты айналдырып, артқы мұқабасынан Лондондағы Воксхолл Роуд көшесіндегі дүкеннен сатып алғанғанын көрді.

– Маглдан туған сиқыршы болса керек, – деді ол ойланып. – Күнделікті Воксхолл Роудтан алышты...

– Одан бізге не пайда? – деді Рон. Содан соң Хәрриге сыйбырлады: – Миртлдің мұрнына тигізсөң, елу ұпай беремін.

Хәрри досының сөзін елемей, күнделікті қалтасына салып алдды.

Ақпанның басында мұрты, тікірейген құлағы мен қүйрығы кетіп, адам қалпына келген Хәрмиона аурұханадан шықты. Грифиндор мұнарасына оралған күні Хәрри оған Реддлдің күнделігін көрсетіп, оны қалай тапқанын баяндал берді.

– Охо, мұның бір құпиясы болса керек, – деді Хәрмиона күнделікті айналдыра мұқият қарап жатып.

– Құпиясы болса, жақсылап-ақ жасырған. Ұялуга тұрарлық нәрсе шығар, – деді Рон. – Хәрри, неге сақтап жүрсің?

ҚҰПИЯРА ТОЛЫ КҮНДЕЛІК

– Оны неге біреу *сұға тастаған?* – деді Хәрри. – Реддл қандай еңбегі үшін марапатталды екен? Соның бәрін білгім келеді.

– Марапаттауға себеп аз ба? СМД-дан отыз үпай алған шығар немесе оқытушыны алып кальмардан құтқарған болар, – деді Рон. – Әлде Миртлді өлтірді ме екен, ол да марапаттауға тұрарлық іс...

Хәрри Хәрмионаға қарағанда оның көзінен екеуінің ойы бір жерден шыққанын байқады.

– Не болды? – деді Рон екеуіне кезек қарап.

– Жасырын бөлме елу жыл бұрын ашылды ғой, – деді Хәрри. – Малфой солай деді.

– Иә...

– Мына күнделік те елу жыл бұрын жазылған, – деді Хәрмиона көзі жанып.

– Болса ше?

– Рон, ойлансаныш! Соңғы рет жасырын бөлмені ашқан адам елу жыл бұрын оқудан шығарылған. Ал Т.М. Реддл елу жыл бұрын мектепке сіңірген ерекше еңбегі үшін *марапатталған*. Бәлкім, Реддл *Слизериннің мұрагерін ұстап алғаны* үшін *марапатталған шығар?* Күнделікте бәрі жазылса керек: жасырын бөлменің орны, оны ашу жолы мен онда мекендейтін құбыжық туралы айттылған болар. Қастандық жасап журген кім болса да, шындықты ешкім білмегенін қалайды емес пе?

– Хәрмиона, *керемет* теория, – деді Рон. – Бірақ бір кемшилігі бар. *Күнделікте ештеңе жазылмаған.*

Хәрмиона сәмкесінен сиқыр таяқшасын шығарды.

– Көзге көрінбейтін сия шығар... – Күнделікті үш рет тұртты де: – *Anapесиум!* – деді.

Ештеңе болмады. Хәрмиона қайтпады, сәмкесінен қызығылт өшірігішке үқсас бір зат алды.

– Көрсеткіш қой, Қигаш көшеден сатып алғанмын, – деді ол.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

«1 қаңтар» деген жазуы бар жерді қатты ысқылады. Ештеңе өзгермеді.

– Ой, бұған ештеңе жазылмаған дедім ғой, – деді Рон. – Реддлге біреу Крисмаста күнделік сыйлаған, бірақ өзінің толтыруға құлқы болмаған шығар.

*

Хәрри Реддлдің күнделігін неге лақтырып жіберменегенін тіпті өзіне де түсіндіре алмады. Күнделіктің ішіне ештеңе жазылмағанын білсе де, оны күніне бір параптап шығатын. Әйтеуір, бір құпия сырды жасырып тұрган сияқты, бұл оқиғаның жалғасын өзі жазғысы келетіндей. Хәрри Т.М. Реддл деген есімді бұрын естімегеніне сенімді болғанымен, өзіне бір жақындығы бар адамдай сезініп жүрді... Кішкентайында бірге ойнап, кейін ұмытып кеткен ескі досы сияқты елестейді. Олай болуы мүмкін емес қой. Дадлидің «арқасында» Хогуартсқа түскенше ешкіммен дос болмаған.

Қалай болғанда да, Хәрри Реддл туралы көбірек білгісі келіп, достарын ертең бір үзілісте жүлделер тұрган залға баруға көндірді. Хәрмиона қуана келісті, ал «ол жерде өткізген жарты күнім өміріме жетерлік» деп бүркүлдаған Рон құлықсыз ілесті.

Реддлдің аты жазылған тақтайша бұрышта тұр екен. Онда не үшін марапатталғаны туралы ештеңе айтылмаған («Құдайға шүкір, әйтпегенде оны биыл тазалап бітпеуші едім» деді Рон). Дегенмен достар Реддлдің есімін ертеде шыққан «Сиқырлы еңбегі үшін» медалінен және Мектеп серкелері тізімінен тапты.

– Туу, Персидей болған ғой, – деді Рон мұрнын тыржитып. – Серке, мектеп серкесі... бәрінен жақсы оқыған шығар.

– Жақсы оқыған жаман қасиет сияқты айттың ғой, – деді Хәрмиона ренжінкіреп.

Хогуартс қайтадан күн шуағына бөленді. Қамалдағылардың көңіліндегі алаң сейіліп, үміт оты тұтанды. Жастин мен

Жұлбасты Ник Қатыру қарғысына ұшырағалы ешкімге қастандық жасалмады. Мадам Помфридің Филчке айтуынша, мандрагоралар ұялшақ әрі өкпешіл болып алған, демек, бала-лықпен қоштасатын кезі жеткен.

– Безеуі кеткен соң оларды қайта көшіеміз, – деп жатқанын Хәрридің құлағы шалды. – Содан кейін көп өтпей кесіп, бұқтырамыз. Миссис Норриспен көрісетін кезіңіз алыс емес.

Хәрри «Слизериннің мұрагері ызаланып жүрген шығар» деп ойлады. Мектептің бар тұрғыны тыңшыға айналып, әркімге қудікпен қарап жүргенде Жасырын бөлмені ашу оңай емес. Әлгі белгісіз құбыжық тағы елу жыл ұйықтауға дайындалып жатқан шығар...

Хафлпафтық Эрни Макмиллан ғана көппен бірге қуанбады. Ол бәріне айыпты Хәрри екеніне әлі сенімді еді: дуэль клубында сыры ашылып қалды емес пе. Пивз де отқа май құюдан жалықпайды, дәлізде адам толы кезде сап етіп жетіп келіп, топтың арасына кіре сала: «Ох, Поттер оңбаған...» деп әндептіп, билей жөнеледі.

Гилдерой Локхарт қастандықты өзі тоқтатқанына сенімді сияқты. Профессор Макгонагал грифиндорлықтарды Құбылту сабағына ертіп апара жатқанда Хәрри еріксіз екеуінің әңгімелісіне күа болды.

– Минерва, ол енді ешкімді мазаламайды, – деді Локхарт көзін қысып әрі саусағымен мұрнының ұшын тұртіп. – Жасырын бөлме мәңгі жабылды. Қылмыскер менен құтыла алмасын сезсе керек. Қаһарыма ұшырамай тұрғанда ойынды тоқтатқаны аbzал болды. Қазір мектепке бір серпін керек, оқушылардың көніл-күйін көтерейік. Алдыңғы тоқсандағы жағымсыз естеліктерден арылайық! Қазір ештеңе ашып айтпаймын, бірақ бір нәрсе ойластырып жүрмін...

Ол мұрнының ұшын тағы бір тұртті де, жөніне кетті.

Он тәртінші ақпан – ғашықтар күні Локхарттың не ойлағаны белгілі болды. Ымырт үйірілгенше куидич жаттығуына қатысқан Хәрри ертеңінде кешірек оянып, Үлкен залға таңғы асын ішуге жүтірді. Залға кіріп келгенде «есіктен шатастым ба» деп ойлап қалды.

Қабырға толы өрескел үлкен, сүйкімсіз қызығылт гүлге оранған. Одан да сұмдығы, ақшыл көк төбеден жүрек пішінді конфети тәгіліп тұр. Хәрри грифиндорлықтардың үстеліне келгенде Ронның жүргегі айныған адамдай түрі бұзылып отырғанын байқады, ал Хәрмиона, керісінше, көңілді екен.

– Не болып жатыр? – деп сұрады Хәрри алдындағы тамағына тәгілген конфетиді сиырып.

Рон аузын ашса лоқсып қоярдай түрі бұзылып, оқытушылар отыратын үстелді нұқсады. Залдың келбетіне сай қызығылт мантия киген Локхарт қолын көтеріп, тынышташыға шақырды. Екі қапталында отырған оқытушылар сазарып алыпты. Өз орнынан қарағанда Хәрриге профессор Макгонагалдың беті жыбырлағандай көрінді. Снейп болса дәмі жаман Сүйек өсіретін ішірткіні еріксіз ішуге мәжбүр адамға үқсан қалыпты.

– Валентин күні құтты болсын! – деп айғайлады Локхарт. – Алдымен маған құттықтау хат жіберген қырық алты адамға алғыс айтамын! Сіздерге шағын тосынсый әзірлегеніме айып етпессіздер деп ойлаймын... иә, дайындағаным бұл ғана емес!

Локхарт шапалак үрганда кіреберіс залға аппаратын есік ашылып, он шақты ұсқынсыз гном кірді. Тұксиген турінен бөлек, гномдардың «сән-салтанаты» да келісіпті: әрқайсының алтын түстес қанаты мен қолына ұстаған арфасы бар.

– Бұлар – бүтін ғашықтардың хатын таситын ақжарқын купидондар! – деп лепірді Локхарт. – Мектепті шарлап, валентин хатын жеткізеді! Мұнымен қызық бітпейді! Қымбатты әріптестерім де атаулы күнге үлес қосса деймін!

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ ҚҮНДЕЛІК

Профессор Снейптен Махаббат ішірткісін өзірлеу әдісін сұрап алайық. Ал профессор Флитуик Жадылау сиқырын жасауды айтсын! Көрі қасқырдың білмейтіні бит астында, солай ма?

Профессор Флитуик бетін басты. Снейптің түріне қарасан, Махаббат ішірткісінің құрамын сұраған адамның көмейіне у қуюға дайын отырғанға үқсайды.

– Хәрмиона, әлгі қырық алтының біреуі сен емес шығарсын, ә? – деді Рон бірінші сабакта бара жатқанда. Хәрмиона аяқ астынан сөмкесін ақтарып, кестесін іздеген болып, жауап бермеді.

Күні бойы гномдар хат тасып, сыныптан сыныпқа кіріп, оқытушылардың мазасын алды. Кешке қарай грифиндорлықтар Сиқырсөз сабагына бара жатқанда олардың бірі Хәрридің жолына тұра қалды.

– Әй, сен! Ари Поттер! – деп айғайлады ерекше ұсқынсыз гном, топты жарып Хәрриге қарай ұмтылып.

Арасында Жинни Уизли бар, бірінші сынып оқушыларының алдында ғашықтық хатын аламын деген ойдан жотасын сұық тер жауып кеткен Хәрри қаша жөнелмек еді. Бірақ гном жолындағыларды киіп-жарып, кимелеп қасына жетіп келді:

– 'Ари Поттерге бетпе-бет табыстайтын музыкалық сәлем бар.

Гном арфасын барылдата бастады.

– *Бұл жерде айтпаши*, – деді қалай қашып кетерін білмей сасқалақтаған Хәрри сыйырлап.

– *Тыныш тұр!* – деп барқылдаған гном Хәрридің сөмкесіне жармасты.

– *Жібер!* – деп бұлқынды Хәрри.

Ары-бері жүлқығанға шыдамай сөмкесі дар етіп айырылды. Кітаптары, таяқшасы мен пергаменті жерге шашылды, дәуіттегі сия төгіліп, жер-көктің бәрін былғады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Гном әнін бастағанша бәрін жинап алмақ болып жанталсты. Ары-бері өткен оқушылар тоқтап, мұны айнала қоршап тұра қалды.

– Не болып жатыр? – Драко Малфойдың сызданған даусы естілді. Хәрри жанталасып, жыртылған сөмкесіне шашылған заттарын сала бастады, Малфой музыкалық сәлемді естімей түрғанда бұл жерден қарасын батыруы керек.

– Неғып бәрін үймелеп тұрсындар? – деген тағы бір таныс дауыс естілді. Перси Уизли де жетіп келіпті.

Есі шыққан Хәрри қаша жөнелгісі келген, бірақ гном тізесінде жармасып, шалқасынан түсірді. Аяғына мініп алды да:

– Енді өзіңе арналған әнді тында! – деп бүйірдь.

Оның көзі тұздалған бақадай жап-жасыл,

Шашы мектеп тақтасы тәрізді қап-қара.

Мендік болғанын қалаймын, өзі сондай гажайып,

Тұнек лордың жеңген қаһарманым.

Хәрри буға айналып, жоқ болып кету үшін Гринготс банкіндеңі бар ақшасын беруге өзір еді. Енді үялғанын білдірмей, өзгелермен бірге күлген болды, гном мініп отырған аяғы үйіп қалыпты, орнынан әрең тұрды. Перси Уизли көзінен жас аққанша күлген балаларды әрең таратты.

– Барындар, барындар, қонырау соғылғалы бес минут өтті, – деп кішкентайларды сынып бөлмесіне қуды. – Малфой, сен де бар.

Хәрри Малфойдың жерден бірдене алғанын, оны Креб пен Гойлға көрсетіп, ыржындағанын байқады: Реддлдің күнделігі.

– Бері әкел! – деді Хәрри ақырын ғана.

– Поттер бұған не жазады екен? – деп кекетті Малфой. Мұқабадағы жазуды оқымай, күнделік Хәрридікі деп ойласа керек. Ентелеп түрған оқушылар тына қалды. Күнделікке бір, Хәрриге бір қараған Жиннидің өні құп-қу болып кетті.

– Малфой, күнделікті қайтар, – деді Перси зілдене.

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ КҮНДЕЛІК

– Алдымен қарап шығайын, – деді Малфой күнделікті желліп.

Перси:

– Мектеп серкесі ретінде... – деп бастай беріп еді, Хәрридің төзімі жетпеді. Снейп Локхартты қарусыз қалдырығандағы сиқырсөз есіне түсті де, таяқшасын алып:

– Экспелиармұс! – деп сермен қалды. Малфойдың қолынан жұлнынып шығып, әуеде қалықтаған күнделікті Рон тосып алды.

– Хәрри! – деді Перси қатуланып. – Дәлізде сиқыр жасауга болмайды! Устінен шағым түсірем!

Хәрри оның сөзін елең қылмады, ең бастысы (Грифиндор бес үпайдан айырылса да), Малфойға есесін жібермеді. Ашуға булыққан Малфой қасынан өтіп бара жатқан Жинниге қарап:

– Поттер сенің махаббат жырынды ұнатқан жоқ! – деп айғай салды.

Жинни бетін басып, сынып бөлмесіне жүгіріп кетті. Ыза болған Рон сәмкесінен таяқшасын шығармақ еді, Хәрри қолына жармасты. Сабак бойы ұлу құсып, азаптанғаны ғана жетпей түр еді.

Профессор Флитуиктің сабагына кіргенде Хәрри Реддлдің күнделігіне қарап таңданып қалды. Кітаптың бәріне қызығылт сия төгілген. Ал күнделік болса сол қалпы тап-таза, сия мұлдем жұқпаған. Оны Ронға көрсетпек еді, таяқшасының бір ұшынан шыққан күлгін көбікпен әуре болып отыр екен, бұған қарайтын шамасы жоқ.

*

Сол күні Хәрри жатын бөлмеге өзгелерден бұрын кетіп қалды. Фред пен Жорждың «Оның көзі тұздалған бақадай жап-жасыл» деп әндептің мазақтағанынан құтылғысы келді. Оның үстіне Реддлдің күнделігіне сынақ жасап көрмек болды. Рон мұның бәрін босқа уақыт шығындау деп санағандықтан, досына ештеңе айтпады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри шымылдыққа кірді де, күнделікті параптап қарап шықты, бетінің бәрі тап-таза, сия жүқпеган. Содан соң төсегінің басындағы қуыстан басталмаған сиясауыт шығарып ашты да, қауырсынын малып алғып, күнделікке жазу жазды.

Жазу қағазда сәл ғана тұрды да, кенет құмға сіңген судай жоғалып кетті. Таңданысында шек болмаған Хәрри қауырсынын тағы сияға малды да, күнделіктің бірінші бетіне «Менің атамы – Хәрри Поттер» деп жазды.

Тағы да жазу сәл тұрды да, бетке сіңіп жоқ болды. Кенет ол күтпеген бір жағдай болды.

Күнделіктің бетіне Хәрри жазбаган жаңа сез жарқ етіп шыға келді.

«Сәлем, Хәрри Поттер. Мен Том Реддлмін. Күнделігім сенің қолыңа қалай тұсті?»

Хәрри жауап жазуға ыңғайланғанда бұл сөздер де жоқ бол кетті.

«Біреу оны дәретханага тастанап кетіпті».

Ол Реддлдің жауабын асыға күтті.

«Естелікті сиямен емес, сенімді әдіспен жазғаным дұрыс болыпты. Оnda жазылған хикаяны взгелер оқығанын қала-майтын адамдар бар екенін білдім».

«Ол не дегенің?»

Әуестік жеңгендегі Хәрридің қолы қалтырап, сиясын төгіп алды.

«Бұл күнделіктің сүмдік оқиға жайында естелік бар. Ол туралы ешкім білмейді. Хогуартс сиқыр мектебінде болған жағдай баяндалған».

«Мен қазір сол жердемін» деп жазды Хәрри асығып. «Хогуарста тағы да сүмдік жайттар болып жатыр. Жасырын бөлме туралы білесің бе?»

Жүргегі атқақтап кетті. Реддл көп күттірмеді, болған жайтты баяндауға асыққандай шимайлап жаза бастады.

«Әрине, жасырын бөлме туралы білемін. Мен оқып жүргендे оның бәрі аңыз, ондай бөлме жоқ делінетін. Бірақ олар бізді алдады. Бесінші сыныпта оқып жүргенімде жасырын бөлме ашылып, құбыжық біrnеше окушыға тап беріп, біреуін өлтірді. Жасырын бөлмені ашқан адамды ұстап бердім, ол окудан шығарылды. Алайда мектеп директоры, профессор Дипет Хогуартста осындай жағдай болғанына намыстанып, маған шындықты айтқызбады. Әлгі қыз жазатайым жағдайдың құрбаны болды деп жариялады. Басшылық менің атымды тақтайға жазып, марапаттады да, ешкімге сыр ашпауды талап етті. Бірақ мен ол жағдай қайталанатынын білдім. Құбыжық тірі қалды, оны еркіндікке шығара алатын адам қамалған жоқ».

Жауап жазуға асыққан Хәрри сиясауитты төңкеріп ала жаздады.

«Оқиға тағы қайталанып жатыр. Үш рет қастандық жасалды, кім істегенін ешкім білмейді. Соңғы рет жасырын бөлмені ашқан кім?»

«Қаласаң, көрсетейін. Сөзіме сенбеуің мүмкін. Ол адамды ұстап алған кездегі естелігімді көрсетейін».

Хәрри жауап жазуға асықпай, ойланып қалды. Реддл нені меңзеп тұр? Біреудің естелігін көзben көруге бола ма? Ол қараңғы бөлменің есігіне үрейлене қарады. Күнделіктек жаңа жазу пайда болды.

«Жүр, көрсетейін».

Хәрри тағы бір сәт ойланды да, жауап жазды.

«ЖАРАЙДЫ».

Күнделіктің парактари қатты жел соққандай судырай жөнеліп, маусымның ортасына келгенде тоқтай қалды. Аузын ашып, көзі бақырайып қарап отырған Хәрри 13 маусым күнгі парап кішкентай теледидар экранына айналғанын көрді.

Колы дірілдеп, кішкентай терезеге үңіліп қарау үшін кітапты көзіне тақады, сол сәт не болғанын өзі түсінбей

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

қалды: терезе үлкейе бастады, денесі төсектен көтерілгенін сезді, басы құнделіктің ішіне кіріп, тұс пен көлеңке аралас бір иірімге сұнгіп кетті...

Дік етіп қатты жерге тұскенін сезді, дірілдеп орнынан тұрып, айналадағы заттардың сұлбасын ажырата бастады.

Қайда келгенін бірден аңғарды. Ұйықтал отырған адамдардың портреттері жағалай тізілген дөңгелек бөлме – Дамблдордың кабинеті. Алайда үстел басында отырған адам Дамблдор емес. Жағы суалған, бетін әжім торлаған, азғантай селдір шашы бар қарт сиқыршы шырақтың жарығымен хат оқып отыр. Хәрри бұл адамды бұрын көрмеген.

– Кешіріңіз... Бөгет жасайын демеп едім...

Сиқыршы басын көтермеді. Қабағын түйген қалпы хатын оқи берді. Хәрри үстелге жақындалап:

– Мм... кете берейін бе? – деп міңгірледі.

Сиқыршы тағы үн қатпады. Тіпті мұның сөзін естімеген тәрізді. Қарияның құлағы нашар естітін шығар деп ойлаған Хәрри қаттырақ сейледі.

– Мазаңызды алғаныма кешіріңіз, енді мен кетейін, – деді айғайлап.

Сиқыршы курсініп, хатты үстелге қойды да, Хәрриге назар аудармaston, қасынан өтіп барып, терезенің пердесін ысырды.

Аспан жалқынданып тұр екен, құн ұясына батып бара жатса керек. Сиқыршы орнына келіп отырды да, екі қолының саусағын түйістіріп, есікке қарады.

Хәрри кабинетке барлап қарады. Дамблдордың құсы Фоукс көрінбейді, ызындалап тұратын жәндіктер де жоқ. Сонда ғана түсінді. Бұл – Реддлдің заманындағы Хогуартс. Мына бұл танымайтын сиқыршы – сол кездегі мектеп директоры, ал Хәрри – елу жыл бұрынғы адамның көзіне көрінбейтін жай ғана елес.

Біреу есік қақты.

– Кіріңіз, – деді сиқыршы ақырын ғана.

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ КҮНДЕЛІК

Он алты жас шамасындағы үл бала кіріп, шошақ төбелі қалпағын шешті. Тесінде серкелер тағатын құміс тәсбелгі бар екен. Бойы Хәрриден әлдеқайда ұзын, ал шашы тура мұның кіндей қап-қара, қайратты екен.

– А, Реддл, – деді директор.

– Профессор Дипет, шақырыдыңыз ба? – деді Реддл. Өнінен қобалжып тұрғаны байқалады.

– Отыр, – деді Дипет. – Дәл қазір сенің хатынды оқыдым. – Орнына отырды да, қолын түйістіріп, қатты қысты. – Балам... – деді Дипет даусын жұмсаңта. – Жаз бойы мектепте қалуға рұқсат берे алмаймын. Каникулда үйіне барғың келмей ме?

– Жоқ! – деді Реддл жұлып алғандай. – Аналарға барғанша...
Хогуартста қалғаным артық.

– Каникулды маглдардың балалар үйінде өткізіп журмісің? – деп сұрады Дипет таңдана.

– Иә, сәр... – Реддл сәл қызарды.

– Маглдан туған сиқыршысын ба?

– Шалақанмын, сәр. Экем – магл, анам – сиқыршы.

– Екеуі де...

– Анам туыттан кеткен, сәр. Балалар үйінде естігенімше, маған ат қойып үлгерген: әкемнің құрметіне Том, атамның құрметіне Морволен деп атаған.

Дипет жаны аштынын байқатып, басын изеді.

– Әлбетте, Том... – Директор күрсінді. – Жағдайынды түсініп, қалуға рұқсат етуге болар еді... бірақ қазір мектепте болып жатқан жайттар...

– Қастандықты айтасыз ба, сәр? – деп сұрады Реддл. Хәрри жүргегі тарсылдап, бір сөзді қалт жібермеу үшін үстелге жақындалды.

– Иә, – деді директор. – Балам, тоқсан біткенде сені қамалда қалдырысам, үлкен қателік жасауым мүмкін. Әсіресе соңғы

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

болған қайғылы жағдайдан соң... байғұс қыздың қазасынан кейін... Балалар үйі саған қауіпсіз болар. Сиқыр министрлігі тіпті мектепті жабу мәселесін қарастырып жатыр. Өкінішке қарай, осы... келенсіздіктің себепкерін еш анықтай алмай отырмыз...

Реддл директорға бажайтай қарады:

– Сәр... әлгі адам ұсталса... сүмдықтың бәрі бітсе...

– Бұл не дегенің? – Директор қипақтап қалды. – Реддл, қастандық туралы бірдене білесің бе?

– Жоқ, сәр, – деді Реддл іле-шала.

Хәрри өзінің Дамблдорға «ештеңе білмеймін» дегенін есіне алды, Реддл де сырын бүтіп қалғанын аңғарды.

Дипет қапаланып қалды:

– Бара ғой, Том...

Реддл орнынан тұрып, бөлмеден шығып кетті. Хәрри соңынан ерді.

Олар шиыршық баспалдақтан түсіп, горгулья тұрган қараңғы дәлізге шықты. Реддл тоқтай қалды, Хәрри де сөйтті. Мандалай жиырылып, ернін тістелегеніне қарап, Реддл қатты ойланып тұрганын байқады.

Кенет бір шешімге келгендей жүгіре жөнелді, Хәрри үнсіз ілесті. Кіреберіс залға жеткенше оларға ешкім жолықпады. Залда алдарынан ұзын бойлы, ұзын жириен шашты, жириен сақалды сиқыршы шықты.

– Том, түн ортасында неғып журсің?

Хәрри сиқыршыға қарады. Елу жыл бұрынғы Дамблдор екен.

– Директорға жолықтым, сәр, – деді Реддл.

– Жарайды, бөлмене барып жат, – деді Дамблдор Хәрриге жақсы таныс өткір көзін Реддлге сынай қадап. – Қазір дәлізде жүрген қауіпсіз емес... Әлгі оқиғадан бері...

Ол ауыр күрсініп, Реддлге түн тыныштығын тіледі де, жөніне кетті. Реддл оның көзден таса болғанын күтті, содан соң тас баспалдақпен төмен түсті, Хәрри бір елі қалмай ілесіп отырды.

Хәрри енді жасырын жолға түсеміз немесе құпия түннельмен өтерміз деп жобалаган, бірақ Реддл Снейптің Ішірткі сабагы өтетін жертөлесіне әкелгенін байқап, қапалып қалды. Бөлменің іші қаранды екен, Реддл есікті жауып қойды. Хәрри оның артынан сығалап қарағанда Реддл есікке жабысып, дәлізге телміре қарап тұрганын көрді.

Хәрриге екеуі осылай сағаттап тұргандай көрінді. Есікке жабысып, саңылаудан сығалап тұрган Реддл бейне мүсін дерсің, қыбыр етпейді. Хәрри мұның бәрінен шаршап әрі жалығып, қазіргі кезге қайтуды ойлай бастағанда, есіктің сыртынан бір дыбыс естіді.

Дәлізде әлдене жыбырлап келе жатты. Бұлар тасалынып тұрган есіктің қасынан өткенде, Реддл қалқадан шығып, көлеңкеге ұқсан соның артынан ерді. Өзін ешкім көрмейтінін ұмытып, Хәрри де мысықтабандап іlestі.

Белгісіз біреудің соңынан бес минуттай журді. Кенет Реддл тоқтап, бір сыйырға құлақ туре қалды. Хәрри сырт етіп есік ашылғанын, біреудің сыйырлап сөйлеген қарлығынқы даусын естіді.

– Қане, бері кел... бұл жерден кету керек... келе ғой... қорапқа кір...

Даусы өте таныс.

Реддл бұрыштан атып шықты. Хәрри артынан журді. Ашық есіктің алдында алып денелі бозбала тізерлеп отыр екен, жанында үлкен қорап тұр.

– Қайырлы кеш, Рубеус, – деді Реддл.

Бозбала есікті жауып, орнынан тұрды:

– Том, мұнда неғып жүрсің?

Реддл оған жақындағы.

– Бәрі бітті, – деді ол. – Шындықты айтатын кез келді.

Кастандық тоқтамаса, мектеп жабылады.

– Не деп тұрсың?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Ешкімді өлтіргің келмегенін білемін. Бірақ құбыжық үйде ұстайтын ақылды жануарға айналмайды. Оны серуенге алып шыққан боларсың...

– Ол ешкімді өлтірген жоқ! – деп шырылдады алып бала есіктің алдын кес-кестеп. Хәрри оның артында бірдене тысыртысыр етіп, жыбырлағанын байқады.

– Ойлан, Рубеус, – деді Реддл жақындал. – Ертең әлгі өлген қыздың әке-шешесі келеді. Мектеп басшылығы қызды өлтірген құбыжықтың көзі жойылғанын мәлімдеуге тиіс...

– Өлтірген ол емес! – деп ақырды бала, қаранды дәлізді жаңғырта. – Ол емес! Ол ешқашан...

– Былай түр! – Реддл таяқшасын шығарды.

Сиқырсөз айтқанда дәліз жап-жарық болып жарқырады. Алыптың артындағы есік қатты екпінмен ашылғаны сондай – қарсы қабырғаға соғыла жаздады. Бөлмедегі мақұлықты көрген Хәрри шыңғырып жіберді, әйтеуір, ешкім естімейтіні абырой болды.

Денесін түк басқан, қап-қара, аласа бойлы хайуан екен, жыбырлаған аяғын санап тауысу мүмкін емес, жан-жақтан сансыз көз жылтырайды, төбесінде екі тал шымшуры бар. Реддл таяқшасын тағы көтергенімен, үлгермеді. Хайуан оны қағып-соғып қасынан өте шықты да, дәлізді бойлай қашты. Реддл орнынан атып тұрып, таяқшасын қайта көтерді, осы кезде алып бала ыршип келіп қолына жармасты, Реддлді жерге сұлатып, таяқшасын ұшырып жіберді де:

– Жоооооооқ! – деп айғайлады.

Айнала шыр көбелек дөңгеленіп, қайтадан тас қаранды бола қалды. Хәрри көзін ашқанда, Грифиндордағы төсегінде жатқанын көрді. Реддлдің күнделігі ашық күйі кеудесінде жатыр екен.

Жүрегі тарсыладап, алқынып отырғанда бөлменің есігі ашылып, Рон кірді.

ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ КҮНДЕЛІК

– Мұнда екенсің ғой!

Хәрри бойын тіктеді. Үсті-басын тер жауып, қалтырап кетті.

– Не болды? – деп сұрады Рон шошынып.

– Ол Хәгрид екен, Рон. Жасырын бөлмені елу жыл бұрын ашқан Хәгрид екен.

* * * * *

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

* * * * *

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

Xэрри, Рон мен Хәрмиона Хәгридтің ұсқынсыз алып мақұлықтарды айрықша жақсы көретін «жаман қасиеті» барын біletін. Үш дос Хогуартста бірінші сыныпта оқып жүргенде қорықшы ағаш үйшігінде айдаһардың баласын бағам деп әуреленген. Ал өзі «Үлпек» деп ат қойған үш басты жалмауыз итті қалай ұмытарсың? Бала Хәгрид қамалда жасырынған құбыжық бар екенін естісе, оны көру үшін ештеңеден тайынбас еді. Хәрри бұған еш күмәндандабады. Құбыжықты тапқан соң қапаста жатқан мақұлықты қатты аяған шығар, жыбырлаған аяқтарын жазсын деп бостандыққа шығарғысы келді ме екен. Хәрри көзін жұмып, он үш жастағы Хәгридтің әлгі құбыжыққа қарғыбау тақпақ болғанын елестететін. Солай бола тұра, Хәрри тағы бір нәрсеге күмән келтірген емес: Хәгрид ешқашан, не жағдай болса да ешкімді өлтірмейді.

Хәрри күнделіктің құпиясын ашқанына өкіне бастады. Рон мен Хәрмиона көрген-білгенін жүз қайталап айтқызды (Хәрридің тіпті жүргегі айни бастады), одан кейін оқиғаны өзара талқылап, жорамал жасайтын.

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

– Реддл қателесуі мүмкін ғой, – деді Хәрмиона. – Ол кезде жүртқа қырғидай тиген мүлдем басқа құбыжық шығар...

– Айтады екенсің! Қамалда құбыжықтар өріп жүр дейсің ғой, – деді Рон оған иланбай.

– Хәгрид оқудан шығып қалғанын білеміз ғой, – деді Хәрри үнжырғасы түсіп. – Содан кейін қастандық тоқтаған. Әйтпесе Реддл марапатталмас еді.

Рон мәселеге басқа қырынан қарады:

– Реддл біздің Перси сияқты болса керек, Хәгридті өсектеуге қандай қақы бар?

– Рон, құбыжық адам өлтірді ғой, – деді Хәрмиона.

– Хогуартс жабылса, Реддл маглдардың балалар үйіне баар еді, – деді Хәрри. – Осында қалғысы келгені үшін оны айыптай алмаймын...

Рон ернін жымқырып тұрды да, батылсызыдау:

– Хәгридті Күңгірт көшеден көрдің ғой, Хәрри? – деп сұрады.

– Жыртқыш ұлуға себетін дәрі іздел жүрген, – деді Хәрри дереу.

Үшеуі біраз уақыт үндеңей ойланып қалды. Үнсіздікті Хәрмиона бұзды. Тамағын бір қырнап алды да, дауысына толку араласып:

– Хәгридке барып, бәрін өзінен сұрасақ қайтеді? – деді.

– Қалай сұрайсың? – деді Рон. – «Хәгрид, сәлем, үстін түк басқан ұсқынсыз құбыжықты қамалға кіргізіп жіберген сен бе?» дейсің бе?

Осылай дауласып барып үшеуі бір тоқтамға келді: енді құбыжық ешкімге тимесе, бұлар Хәгридті мазаламайтын болып келісті.

Күн артынан күн өтті. Хәрри сүмдық дауысты естімеді, қорықшы досының мектептен шығып қалған себебін сұрауға тіпті құмартлады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Жастин мен Жұлбасты Ник Қатыру қарғысына ұшырағалы төрт айға жуық уақыт өтті. Оқушылар да, ұстаздар да елдің үрейін ұшырған бәлекеттің көзі құрыды деп сене бастады. Пивз «Хәрри Поттер, оңбаған» деп әндегуден жалықты. Эрни Макмиллан да сыздануын қойып, Өсімдіктану сабакында сыпайылық танытып, Хәрриден секіргіш саңырауқұлақ себетін әперіп жіберуді етінді. Наурызда үшінші жылышайда өсіп жатқан мандрагоралардың біразы шулап, ойнақ салғанда, профессор Спраут ерекше қуанды.

– Бір-бірінің құмырасына қонаққа бара бастағанда олар әбден пісіп-жетілгенін білеміз, – деді ол Хәрриге. – Аурухана-да жатқан байғұстарды тірлітетін кез жақын.

*

Пасха каникулы басталғанда екінші сынның оқушыларының басы қата бастады. Олар үшінші сынныpta оқитын пәндердің біразын өзі таңдауы керек екен. Хәрмиона бұған айрықша мән берді.

– Бұл біздің болашағымызға ықпал етеді, – деді ол пәндердің атауы жазылған тізімді қарап отырған Хәрри мен Ронға.

– Ишірткі сабағына бармасам болғаны, – деді Хәрри.

– Одан бас тарта алмайсың, – деді Рон қабағын түйіп. – Бұрынғы пәндердің бәрі қалады, әйтпегендеге мен Зұлым сиқырдан қорғануға бармас едім.

– Ол өте маңызды сабақ қой! – деді Хәрмиона.

– Локхарт келгелі дым үйренбедік, – деді Рон. – Шиқылдақтарды еркіне жіберуге болмайтынынғана ұқтым.

Невил Ұзынбұт әuletіндегі сиқыршылардың бәріне хат жіберіп, ақыл сұрады; ал туыстарының таңдауға қатысты кеңесі бір-біріне керегар болып шықты. Басы қатып, терлеп кеткен Невил ернін жалап қойып, қасындағылардан: «Қалай ойлайсың, «Сан жорамал» мен «Ежелгі руналарды зерттеудің»

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

қайсы қыын?» деп сұрап қоймады. Хәрри сияқты, магл отбасында өскен Дин Томас көзін жұмып, таяқшаның ұшымен тізімді түртіп шықты да, ұшы тиген сабактарды таңдады. Хәрмиона ешкімді тындаламай, барлық пәнді таңдады.

Хәрри Вернон жезде мен Петуния апайдан кеңес сұрап, «Сиқыршы ретінде қандай карьера жасағанымды қалай-сыйздар?» десе, олар нендей күйде болатынын ойлап, іштей күліп алды. Дегенмен кеңестен кенде болған жоқ: Перси Уизли білгенін аянып қалмады.

— Хәрри, өзің нені қалайтыныңды анықтап ал, — деді ол. — Әркез болашақты білген дұрыс, сондықтан Көріпкелдікті оқы дер едім. Маглдарды зерттеу әлсіздік деп санайтындар бар, бірақ, менің ойымша, сиқыршылар маглдар туралы жанжақты білгені жөн. Әсіресе маглармен тығыз жұмыс істейтіндерге бұл пән аса қажет, әкеме қарашы, ол үнемі маглдардың затын зерттейді. Ағам Чарли далада жұмыс істегенді ұнататын, сондықтан сиқырлы макұлықтарды күтіп-бағуды таңдады. Өзіннің мықты тұсына мән бер, Хәрри.

Хәрри ойланған келе куидичтен басқа нәрсеге икемім шамалы деп түйді. Сөйтіп, ол Рон таңдаған пәндерді таңдай салды, әйтеуір, бірдене бұлдірсе де, касында жаны ашитын адам болады.

*

Грифиндор Хафлпафқа қарсы куидич матчына дайындалып жатты. Үд команданы кешкі астан соң жаттығуға алып шығатын, сондықтан Хәрридің куидичке дайындық пен үй тапсырмасын орындаудан өзге ештеңеге мұршасы келмей қалды. Бұрынғыдай емес, жаттығу жақсы өтіп жатты, оған күн жылышаны да ықпал еткен шығар. Әйтеуір, сенбі күні кешкे сыптыртқысын бөлмеге қоюға келген Хәрри биыл Грифиндор жеңімпаз болатынына бек сенімді еді.

Өкінішке қарай, бөлмеге кірген бетте қуанышы су

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

сепкендей басылды. Жатын бөлмеге кіретін баспалдақ алдында өңі бұзылып Невил Ұзынбұт түр екен:

– Хәрри... мұны кім істегенін білмеймін... Мен келсем...

Кезі бақырайған күйі есікті ашты.

Хәрридің шабаданын біреу ақтарыпты, ішіндегі заттар шашылып жатыр. Мантиясын жыртып, еденге тастаған. Төсек жамылғысын сыптырып, төсектің басындағы шкафты ашып, ішіндегісін шашқан.

Аузы ашылған Хәрри «Трольмен бірге өткен саяхат» кітабының жыртылған беттерін аттап өтіп, төсегіне барды.

Невил екеуі төсекті жинап жатқанда Рон, Дин мен Симус кірді. Астан-кестені шыққан бөлмені көрген Диннің аузынан балағат шығып кетті.

– Хәрри, не болған?

– Білмеймін.

Рон Хәрридің мантиясын көтерді. Қалтасы ақтарылып сыртқа шығып түр.

– Біреу бірдене іздеген, – деді Рон. – Жоғалған зат бар ма?

Хәрри заттарын жинап, шабаданға сала бастады. Лоқхарттың кітаптарын салып болғанда ғана не жоғалғанын байқады.

– Реддлдің күнделігі жоқ, – деді ақырын.

– *Не?*

Хәрри Ронға есікті меңзеді, екеуі бөлмеден бірге шықты. Грифиндордың ортақ бөлмесіне келсе, оқушылардың көбі тарап кетіпті. Екеуі «Ежелгі рунаны оңай түсіну» кітабын оқып отырған Хәрмионаның жанына жайғасты.

Болған жағдайды естіген Хәрмиона қайран қалды:

– Оны тек грифиндорлық үрласа керек... өзге ешкім құпия-сөзді білмейді...

– Оның рас, – деді Хәрри.

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

Ертеңінде таңертең ауа райы тамаша болды, күн шайдай ашық, самал жел ақырын желпиді.

– Куидич ойнауга арналған күн болып тұр! – деді Уұд шаттанып. Команда мүшелерінің тәрелкесіне омлет салып шықты. – Хәрри, бері кел, таңғы асты тоя жегенің жөн.

Хәрри дастархан басында отырған грифиндорлықтарды шолып шықты, күнделікті үрлаған адам, бәлкім, алдында отырған шығар. Хәрмиона үрлік туралы мәлімдейік деген, бірақ Хәрри көнбеді. Онда оқытушыларға күнделікке қатысты оқиғаны да баяндау керек, ал елу жыл бұрын Хәгрид неге оқудан шығарылғанын жүрттың бәрі біле ме екен? Оның бәрін қайта жаңғыртудың керегі не?

Рон, Хәрмиона ушеуі Үлкен залдан шығып, куидич заттарын жинауға бара жатқанда уайым үстіне уайым жамап алды. Мәрмәр баспалдаққа аяғын қоя бергенде әлті дыбысты тағы естіді:

«Осы жолы өлтірем... бөлшектеп... талқандаймын...»

Шыңғырып жібергенде достары қасына жүтіріп келді.

– Әлгі дауыс! – деді Хәрри екеуіне қарап. – Тағы да естідім... сендер ше?

Көзі бақырайған Рон басын шайқады. Хәрмиона алақа-нымен мәндайын сарт еткізді.

– Хәрри! Маған бір ой келді! Түсінген сияқтымын! Кітапханаға кеттім!

Ол баспалдақтан түсіп, жүгіре жөнелді.

– Нені түсінді? – деп сұрады Хәрри аң-таң болып. Дауыс қайdan шыққанын білмек болып жан-жағына қарады.

– Түсінсем бүйірмасын, – деді Рон басын шайқап.

– Кітапханаға не үшін кетті?

– Өйтпесе Хәрмиона болар ма еді, – деді Рон иығын қиқаң еткізіп. – Күмән туса бірден кітапханаға жүтіреді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри әлгі дауысты тағы естімек болды, бірақ Үлкен залдан топырладап шыққан окушылар дабырладап, куидич алаңына қарай бет алды.

– Он бір болып қалды, болсаңшы, ойын басталуға аз қалды, – деді Рон.

Хәрри Грифиндор мұнарасына барып, «Нимбус-2000» сыйыртқысын алды да, алаңдағы топқа қосылды. Денесі ойын алаңында болса да, ойынан қамалдағы дауыс кетпеді. Күім ауыстыратын бөлмеде түрғанда жұрттың бәрі сыртта екенін көнілге медеу тұтты.

Командалар ортаға шыққанда көрермен ду қол шапалақ соқты. Оливер Уұд бой жазып, алты қақпаны айнала ұшып шықты; мадам Хуч доптарды шығарды. Ашық сары киінген хафлпафтықтар топтасып тұра қалып, ойын жоспарын пысықтады.

Хәрри сыйыртқысына мінгені сол еді, алаңға жүгіре басып келе жатқан профессор Макгонагалды көрді, қолына үлкен күлгін дыбыс зорайтқыш ұстап алыпты.

Хәрридің жүргегі зырқ ете қалды.

– Ойынды тоқтатамыз, – деп хабарлады профессор Макгонагал дыбыс зорайтқышты адам толы стадионға қаратса.

Жиналғандар ысқырып, айғайлап, шулай жөнелді. Өні әлемтапырақ болған Оливер Уұд құлдилай ұшып, профессор Макгоналдың қасына келді.

– Профессор, қалайша? – деп айғайлады ол сыйыртқыдан түспей. – Ойнауымыз керек қой... Грифиндор... кубок алуы керек...

Профессор Макгонагал оны елемеді. Дыбыс зорайтқышты аузына тақап тағы сөйледі:

– Окушылардың бәрі өз факультетінің ортақ бөлмесіне барсын, сол жерде декандар манызды хабарлама жасайды. Барынша шапшаң қимылдандар!

Содан соң дыбыс зорайтқышты төмен түсіріп, Хәрриді қасына шақырды:

– Поттер, маган еріңіз...

Осы жолы неден жазықты болғанын түсінбей анырған Хәрри профессорға ілесті. Топ ішінен Рон да сұрылып шығып, қамалға жетіп қалғанда бұларға қосылды. Бір қызығы, профессор Макгонагал оны қумады.

– Иә, Уизли, сіз де бірге жүріңіз.

Қамалға кіріп жатқан оқушылар матч болмай қалғанына наразы еді, дегенмен көбінің жүзінен үрей байқалады. Хәрри мен Рон профессордың соңынан ерген күйі мектепке аппаратын мәрмәр баспалдақпен көтерілді. Бірақ бұл жолы ешкімнің кабинетіне соқпай, ауруханаға бет алды.

– Шошып қалмаңыздар, – деді профессор Макгонагал даусын әдеттен тыс жұмсағып. – Тағы бір қастандық жасалды, бұл жолы екі адам жапа шекті.

Хәрридің тұла бойы мұздап кетті. Профессор есікті ашып, Рон екеуін кіргізді.

Мадам Помфри үзын бүйра шашты алтыншы сынып оқушысына еңкейіп қарап тұр. Хәрри оған қарап, Крисмasta Слизериннің ортақ бөлмесін іздең жүргенде Рон екеуі жол сұраған рәвенклолық қыз екенін таныды. Оның қасындағы төсекте...

– Хәрмиона! – деп aһ үрдьы Рон.

Хәрмиона сіресіп қалыпты, көзі әйнек сияқты, қозғалмайды.

– Оларды кітапхананың қасынан таптық, – деді профессор Макгонагал. – Мынаны неге үстады екен, білмейсіндер ме? Екеуінің қасында жерде жатты.

Хәрмиона кішкентай дөңгелек айна үстап алыпты. Хәрри мен Рон Хәрмионаға тесіле қарап басын шайқады.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Сендерді Грифиндор мұнарасына апарайын, – деді профессор Макгонагал күрсініп. – Оқушыларға ескерту жасауым керек.

– Оқушылардың бәрі кешкі сағат алтыға дейін факультеттінің ортақ бөлмесіне жетіп алуы керек. Одан кейін ешкім жатын бөлмеден шықпайды. Әр сабактан соң оқытушылар сіздерді келесі сабакқа өздері ертіп апарады. Оқушыны дәретханаға кезекші оқытушылар апарады. Әзірше ешқандай куидич жаттығуы мен жарыс болмайды. Кешке өтетін шаралардың бәрі тоқтатылады.

Ортақ бөлмеге жиналған грифиндорлықтар профессор Макгонагалды үнсіз тыңдады. Профессор қолындағы пергаментін қайта орады да, қамыға үн қатты:

– Қаншалықты қапалы екенімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қылмыскер ұсталмаса, мектеп жабылуы мүмкін. Осы жағдайға қатысты көрген-білгендерің болса, дереу маған хабарлауды сұраймын.

Ол портреттің саңылауынан әрең шықты. Профессор кеткен бетте ортақ бөлме гүлге толды.

– Осымен екі грифиндорлыққа қастандық жасалды, Жұлбасты Ник те Грифиндордың елесі, – деді егіз Уизлидің досы Ли Жордан. – Тағы бір рәвенклолық пен хафлпафтық жапа шекті. Ал Слизеринде бәрі аман-сая екенін оқытушылар байқамай ма? Бұл сұмдыққа слизериндіктер айыпты екені айдан анық қой! Слизериннің мұрагері, Слизериннің құбыжығы деседі, слизериндіктердің бәрін оқудан шығарып жіберу керек!

Өзгелер оның сөзін макұлдалап, қол соқты. Лидің жанындағы орындықта отырған Перси Уизли осы жолы пікір айтуга құлықсыз сияқты. Өні боп-боз, есенгіреп отыр екен.

– Перси қапаланып отыр, – деді Жорж Хәрригे сыйырлап. – Рәвенклолық Пенелоп Мәлдірсу да серке ғой. Ол құбыжық серкелерге тимейді деп ойлаған сияқты.

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

Хәрри оны тындаған сыңай танытқанымен, ойы басқа жақты шарлап жүрді. Оның көз алдынан тастан қашалған мұсіндегі болып серейіп жатқан Хәрмиона кетпеді. Қылмыскер қолға түспесе, бұл Дурслиерге қайта баруына тұра келеді. Том Реддл мектеп жабылса, маглдардың балалар үйіне қайтамын деп қорыққаннан Хәгридті ұстап берді емес пе. Хәрри оның не күйде болғанын жақсы түсінеді.

– Енді не істейміз? – деді Рон Хәрридің құлағына сыйырлап. – Қалай ойлайсың, олар Хәгридті құдікті санай ма?

– Барып, өзімен сөйлесу керек, – деді Хәрри ойын жинақтап. – Қастандықты ол үйимдастырырды деп ойламаймын, бірақ соңғы рет құбыжықты босатқан сол болса, демек, жасырын бөлме қайда екенін біледі. Соны սұрайық.

– Бірақ Макгонагал сабақтан тыс уақытта қамалдан шықпаңдар деді ғой...

– Демек, әкемнің ғайып-шапанын тағы бір сынап көреміз, – деді Хәрри.

*

Хәрриге әкесінен мұраға қалған бір зат қана бар еді: ұзын әрі күміс түсті ғайып-шапан; оны жамылған адам өзгелерге көрінбейді. Ешкімнің көзіне түспей Хәгридке бару үшін Рон екеуі соны бүркеніп шығатын болды. Олар төсекке әдетте-гіден ерте жатты, бөлмелес жолдастары Невил, Дин мен Симус жасырын бөлме туралы түрлі жорамал айтып, әрең ұйықтады. Олар қорылға басқан бетте екеуі ақырын орнынан тұрып, ғайып-шапанды жамылды.

Қамалдың қап-қараңғы, тым-тырыс дәлізімен жүру онай емес. Алайда бұған дейін талай рет қараңғыда қамалды шарлаған Хәрри түнде осынша адамның топырлап жүргенін көрмепті. Оқытушылар, серкелер мен елестер екі-екіден қамалды аралап, сезікті нәрсенің бәрін тексеріп жүр екен.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Файып-шапан көзден тасалағанымен, дыбысты жасыра алмайтын. Снейп күзетіп тұрған жерге келгенде Рон бір затқа аяғын қатты соғып алғанда, бұлар жасырынып келе жатқанын білдіріп ала жаздады. Ол балағат сөз айтқанда Құдай ондал, Снейп түшкіріп қалды да, ештеңе естілмеді. Қамалдың сыртқы емен есігіне жетіп, оны аман-есен ашып шықты.

Тұнгі аспан ашық, жұлдыздар самсаپ тұр екен. Олар алыстан Хәгридтің терезесінің жарығы сөнбекенін байқады. Дәл есіктің алдына келгенде шапанды сыптырды.

Есік қаққан соң бірнеше секунд өткенде ашылды. Хәгридпен бетпе-бет келгенде бұларға садақ кезеніп тұрғанын көріп шошып кетті, артында Азу арпылдап тұр.

– Оу, – деді Хәгрид қаруын түсіріп. – Екеуің неғып жүрсің?

– Мынаны неге ұстап алғансың? – деп сұрады Хәрри ішке кірген соң.

– Жай... әшейін... – деп мінгірледі Хәгрид. – Біреу-міреу кеп қала ма деп... мән бермегін... Отырыңдар... Шай жасайын...

Не істеп, не қойып жүргенін өзі де білмейтін сияқты. Шәугімдегі суды отқа қоймақ болып, жартысын төгіп, отын сөндіріп ала жаздады; дәу қолымен шәйнектің құлағын жұлдып алды.

– Не болды, Хәгрид? – деп сұрады Хәрри. – Хәрмиона туралы естідің бе?

– Иә, иә... естідім... – деді Хәгрид даусына сәл діріл араласып.

Өзі қайта-қайта терезеге қарай береді. Екеуіне қайнап жатқан судан екі шыны қүйды (шәйнектегі шайдан тамызуды ұмытып кетті). Тәрелкеге қарақат қосылған бәліш сала бергенде біреу есік қақты.

Бәліш жерге түсіп кетті. Хәрри мен Рон орнынан атып тұрып, файып-шапанды жамылып, бұрышқа барып тығылды.

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

Хәгрид олардың тасаланғанына көз жеткізіп, садағын алды да, есікті ашты.

– Қайырлы кеш, Хәгрид!

Ішке Дамблдор кірді, түрі сұсты, қабағы қату. Қасында Хәрри бұрын-сонды көрмеген бір адам бар.

Аласа бойлы, бірақ мығым денелі, шашын ақ шалған бейтанистың турінен абыржып тұрғаны білінеді. Киімі де ала-құла: майда жолақты костюм киіп, қызғылт галстук таққан, шалғайы жер сыйған мантиясы мен үшкір тұмсық құлғін бәтінкесі бар. Ашық жасыл түсті қалпағын қолтығына қысып алыпты.

– Экемнің бастығы! – деп сыбырлады Рон. – Корнелиус Фадж, Сиқыр министрі!

Хәрри Ронды бүйірінен тұртіп, тыныш отыр деп белгі берді.

Хәгрид бозарып, терлеп кетті. Орындықта сылқ етіп отырды да, Дамблдор мен Корнелиус Фаджға кезек қарады.

– Хәгрид, жағдай қыын, – деді Фадж қысқа қайырып. – Өте қыын. Осында келуте мәжбүр болдым. Маглдан туған сиқыршыларға тәрт рет қастандық жасалды. Іс насырга шауып барады. Министрлік бір шара істемесе болмайды.

– Мен ешқашан... – деді Хәгрид Дамблдорға жаутаңдай қарап. – Профессор Дамблдор, өзіңіз білесіз гой, ешқашан...

– Корнелиус, нақтылай кетейін, Хәгридкे толық сенемін, – деді Дамблдор қабағын түйіп.

– Өзің ойлаши, Албус, – деді Фадж ынғайсызданып. – Хәгридтің өткенін ескермей тұра алмаймыз. Министрлік бір әрекет жасауы керек. Мектептің Қамқоршылар кеңесі мұны біледі.

– Тағы да айтамын, Корнелиус, Хәгридті қамаганнан бұл істің курмеуі шешілмейді, – деді Дамблдор. Көгілдір көзі министрді тесіп жіберердей қадалды. Хәрри бұрын мұндағы көзқарасын көрген емес.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Мені де түсініңдер, – деді Фадж қалпағын айналдырып. – Қысым жасаушылар көп. Бірдеңе қылыңдар деп жатыр. Хәгрид жазықсыз екені дәлелденсе, аман-есен үйіне қайтады. Содан соң ешкім одан күмәндандайтын болады. Бірақ қазір әкетуім керек. Кеттік. Өз міндетімді атқаруым керек...

– Әкетесіз бе? – деп сұрады Хәгрид дірілдеп. – Қайда?

– Азғана уақытқа, – деді Фадж Хәгридтің көзіне қараудан тайсақтап. – Бұл жаза емес, Хәгрид, сақтық шарасы ғана. Қылмыскер басқа екені анықталса, сені дереу босатып, кешірім сұраймыз...

– Азқабанға ма? – деді Хәгрид қырылдап. Фадж жауап беруге ыңғайланғанда есікті біреу қатты қақты.

Дамблдор барып ашты. Бұл жолы Рон Хәрриді бүйірінен нұқып қалды: есіктен кірген адамды көрген Хәрри өзіне ие бола алмай ішегін тартты.

Ұзын қара мантиясын сүйретіп мистер Люциус Малфой кіріп келді. Жүзі әдettегідей сұық болса да, салқын жымиғанына қарап қуанып тұрғанын көруге болады. Азу оған қарап ырылдады.

– Фадж, осында екенсіз ғой, – деді Малфой ырза болғандай. – Дұрыс, дұрыс...

– Сен не іздеп келдін? – деді Хәгрид ашуга бұлығып. – Шық үйімнен!

– Қымбаттым, өзің үй деп атаған мына жерге... (Малфой шағын үйшікті тәкаппарлана көзімен сүзіп шықты) келуте аңсарым ауғаны шамалы. Мектептегілер директор осында деген соң ғана келдім.

– Иә, мені неге іздедіңіз, Люциус? – деп сұрады Дамблдор. Сыпайы сөйлегенімен, көзінен жақтырмағаны байқалып тұр.

– Сұмдық жағдай, Дамблдор, – деді мистер Малфой қолындағы пергаменттің орауын жазып. – Қамқоршылар кенесі қызметтөн кетуіңізді талап етеді. Сізді орныныздан босату

КОРНЕЛИУС ФАДЖ

туралы бұйрыққа он екі адамның бәрі қол қойды. Мектепке ие бола алмай бара жатқан сияқтысыз. Осыған дейін қанша қастандық болды? Бүгін екі адам жапа шекті, солай ма? Бұлай жалғаса берсе, Хогуартста маглдан туған сикыршылар қалмайды, мектеп одан құмдық зардап шегетінін өздерініз де білесіздер.

– Не дейді... қойыңыз, Люциус, – деді Фадж абыржып. – Дамблорды орнынан алу... бізге қазір керегі...

– Директорды тағайындау не қызметтен алу – Қамқоршылар кеңесінің міндеті, – деді мистер Малфой жайбаракат. – Дамблдор қастандықты тоқтата алмағандықтан...

– Тұра тұр, Люциус, оны Дамблдор тоқтата алмаса, басқа кім тоқтатады? – деді мұрнының асты терлеп кеткен Фадж.

– Ұақыты келгенде көрерміз, – деді Малфой ыржып. – Он екі адам бірдей дауыс бергендіктен...

Хәгрид орнынан атып тұрғанда қалың шашы дудыраған басы төбеге тие жаздады.

– Оларды бопсалап, келіспесіне қоймаған шығарсың, Малфой, солай ма? – деп ақырды ол.

– Достым, қызуқандылық жақсылыққа апармайды, – деді мистер Малфой. – Азқабан күзетшілеріне бұлай айқайласаң, опық жейсің. Оларға бұл мінезің үнай қоймас.

– Иә, Дамблорды орнынан алындар! – деп айғайлады Хәгрид (оның даусынан Азу қыңсылап, орнына жата қалды). – Маглдан туғандардың жолын кесіндер. Енді оларды өлтіруғана қалып тұр!

– Сабырға кел, Хәгрид, – деді Дамблор үнінен сабыр сезіліп. Люциус Малфойға қарады. – Қамқоршылар кеңесі орнымды босатқанымды қаласа, әлбетте, босатамын.

– Бірақ... – деді Фадж.

– Жооқ! – деп ышқынды Хәгрид.

Дамблдор көгілдір көзін Люциус Малфойдың сүр көзіне қадай қарады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Дегенмен... – Бәрі естісін дегендей, өте баяу әрі анық сейледі. – Мен бұл мектептен маған сенетін, маған адал жан баласы қалмағанда ғана кетемін. Оның үстіне Хогуартс көмек сұраған адамның бетін қайтарған емес.

Осы кезде Хәрри Дамблордың Рон екеуді тығылған бұрышқа қарағанын байқады.

– Елжіретіп жібердіңіз, – деді Малфой сәл иіліп. – Сізді қатты сағынатын боламыз... ммы... өзіндік басқару әдісініңді айтамын... Албус, ізбасарыңыз тәртіп орнатып, «*кісі өлімінің*» алдын алар деп үміттенемін.

Үйшіктің есігін ашып, алдымен Дамблорды шығарды. Қалпағын ары-бері айналдырған Фадж Хәгридтің шыққанын күтті. Хәгрид асықпады, терең тыныстап алып, сөйлей берді:

– Біреу бірдене тапқысы келсе... өрмекшінің соңынан ерсін... Олар қажет жерге апарады. Соны айтқым келген.

Фадж оған таңдана қарады.

– Міне, қазір шығамын, – деді Хәгрид көртышқан терісінен тігілген тонын киіп жатып. Фадждың соңынан есіктен шығуға ыңғайлана бере, тоқтай қалып: – Мен жоқта біреу Азуға тамақ беріп тұрсын, – деді.

Есік жабыла сала, Рон ғайып-шапанды сыптырып тастады.

– Енді шынымен жағдай қыын, – деді ол. – Дамблор жоқ. Мектепті бүгіннен қалдырмай жауып тастауы мүмкін. Енді күнде қастандық жасалса таңғалмаймын.

Азу жабық есікті тырмалап қыңсылай берді.

* * * * *

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

* * * * *

АРАГОГ

Камал тұрғындары жаз келіп қалғанын сезінді: аспан мен көл көгілдір сағымға оранып құлпырды, жылыжайда гүлдер жайқалып, бой түзеді. Табиғаттың сұлу келбеті де Хәрридің көңілін жұбата алмады: қамалдың терезесінен қарашанда бұрынғыдай Азуды ертіп аяңдал жүрген Хәгридті көрмеген соң, қамалдың ішінде де дәтке қуат ететін ештеңе қалмады.

Хәрри мен Рон Хәрмионаның көңілін сұрамаққа барып еді, аурухана ережесі өзгеріп кетіпті: енді ешкімді кіргізуге болмайды екен.

– Басқа амалымыз жок, – деді есіктің саңылауынан сөйлемен мадам Помфри. – Кешіріңдер, кіргізе алмаймын... Қылмыскер кез келген уақытта оралып, бұлардың көзін құртуға тырысуы мүмкін...

Дамблдор кеткелі елдің бәрі үрей тұтқынына айналды, жер-жаһанды жылытып тұрған күннің көзі қамалдың терезесінен өте алмай, сыртта қалған сияқты... Жұрт түгел түнеріп жүретін болды, бәрінің жүзінен алаң мен уайым байқалады. Дәлізде біреу кенет қатты құлсе, қабырғалар жаңғырып, жасанды естілетінінен қатты ыңғайсызданатын.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри Дамблдордың кетер алдында айтқан сөзін іштей жи қайталайтын: *Мен бұл мектептен маған сенетін, маған адап бір адам қалмағанды ғана кетемін. Хогуартс көмек сұраған адамның бетін қайтарған емес. Неге бұлай деді екен? Елдің бәрі үрейден қалтырап жүргенде кімнен ақыл сұрап, кеңес аларсың?*

Хәгридтің «өрмекшінің соңынан ер» деген сөзінде астар болмаса керек. Бір қының, қамалда соңынан еретін бір де бір өрмекші қалмапты. Хәрри жәндік іздеп, қуыс-қуыстың бәрін тінні, кейде бұған Рон да (амалсыз) еретін. Қамалда жалғыз жүргүте тыйым салынғаны да істі қыындаатты. Енді қайда барса да өзге грифиндорлықтармен бірге топтасып жүргүре мәжбүр еді. Окуышыларға мұғалімдердің кезектесіп күзет қойғаны, сыныптан сыныпқа жетелеп жүргені үнайтын, өздерін қауіпсіз сезінетін. Алайда Хәрри бұған іштей қапаланды.

Үрей мен құдіктен көз ашпайтын күн туғанына да қуанатын адамдар болады екен. Драко Малфой мектеп серкесі болып сайланғандай алшаң басты. Хәрри басында оның соншалықты неге қуанғанын түсінбеді. Хәгрид пен Дамблор кеткен соң, екі аптадан кейін Ішірткі сабағында ол Малфойдың артына отырып қалып, оның Креб пен Гойлга мақтанғанын естіді:

– Экем Дамблдорды орнынан алуға шамасы жететін жалғыз адам екенін білдім. Ол әркез «Дамблдор – мектеп тарихындағы ең нашар директор» дейтін. Енді директор болуға лайық адам келсе, ол жасырын бөлменің жабылғанын қаламас. Макгонагал ұзақ отырмайды, уақытша ғана...

Снейп Хәрридің қасынан өтіп бара жатып Хәрмионаның орындығы бос тұрғанын көрсө де үндемеді.

– Сэр, – деді Малфой даусын шығарып. – Сэр, сіз неге директор болуға өтініш бермейсіз?

АРАГОГ

– Қойыңыз, Малфой, – деді Снейп (дегенмен жұқа ерніне құлкі үйірлді). – Профессор Дамблдорды Қамқоршылар кеңесі қызметтөн шеттетіп қана қойды. Біраз уақыттан соң міндетіне қайта оралады.

– Күмәнім бар, – деді Малфой тыржып. – Өтініш берсөніз, сэр, әкем сізге дауыс берер еді. Оған сіздің ең жақсы оқытушы екеніңді айтамын, сэр...

Жертөленің ішін әрі-бері кезіп жүрген Снейп мырс етті, әйтеуірabyрой болғанда, Симус Финиганның қазанға еңкейіп құсқан сыңай танытқанын байқамады.

– Қарақан сиқыршылар дүниесін жинап, безіп кетпегеніне таңым бар, – деді Малфой. – Тағы біреу өлеңді деп бәс тігуте дайынмын. Грейнджер болмағаны өкінішті-ақ...

Сол сэтте қоңырау соғыла қалғаны жақсы болды. Малфойдың соңғы сөзін ести сала, Рон орындығынан атып түрганымен, кітап пен сөмкесін жинаған балалардың арасынан оған жете алмады.

– Жіберіңдер, – деп бүлқынды ол қолынан ұстап, кері итерген Хәрри мен Динге. – Таяқшасы құрысын, буындырам...

– Тездетіңдер! Өсімдіктануға барамыз, – деп айғайлады Снейп, шулаған оқушылардың төбесінен қарап. Балалар сап түзеп тұра қалды, ең соңында Хәрри мен Дин жүлқынған Ронды әлі босатпай ұстап тұрды. Снейп оларды қамалдан алып шыққандаған Ронды еркіне жіберді. Балалар көкөніс қаптай өскен жылышайға қарай шұбырды.

Өсімдіктануда Жастин мен Хәрмионаның жоғы кәдімгідей білінетін. Профессор Спраут абиссин інжір ағашын кесуді тапсырды. Хәрри ағаштың шіріген бұтағын тыңайтқыш тастайтын жерге апарғанда Эрни Макмилланмен бетпе-бет кездесіп қалды. Эрни кеудесін кере бір тыныс алды да, салтанның рәсімде түрғандай сейлей бастады:

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Хәрри, сенен күдіктенгенім үшін кешірім сұраймын. Хәрмиона Грейнджерге қастық жасамайтыныңды білемін фой. Сондықтан өлгі ағат сөзімді қайтып алдым. Кемедегінің жаны бір деген, демек...

Быртиған томпақ қолын созды, екеуі қол алысты. Эрни мен досы Ханна Хәрри мен Ронның қасына келіп жұмыс істеді.

– Өлгі Драко Малфойды айтам, – деді Эрни шіріген бұтақты сындырып жатып. – Осы жағдайға риза сияқты, байқайсындар ма? Слизериннің мұрагері сол шығар деп ойлаймын.

– Соған басың жеткеніне тәуба, – деді Рон (ол Эрниді Хәрри сияқты дереу кешіре алмады).

– Хәрри, сен де Малфой деп ойлайсың ба? – деп сұрады Эрни.

– Жоқ! – Хәрри сенімді айтқанына Эрни мен Ханна тандана қарады.

Сәлден соң көптен іздеген затын көзі шалған Хәрри Ронды қолындағы қайшысымен тұртті:

– *Ананы қара!*

– Не болды?

Хәрри қол созым жерде кетіп бара жатқан жәндіктерді нұскады. Бірнеше үлкен өрмекші жыбырлап, бір жаққа асыққандай безіп барады.

– А, иә, – деді Рон қуанған сыңай танытып, бірақ түрі бұзылып кетті. – Дәл қазір кете алмаймыз фой...

Эрни мен Ханна аузын ашып тындал қалыпты.

Хәрри өрмекшілерден көз алмады:

– Қара, Тыйым салынған орманға бара жатыр...

Ронның қабағы тіпті түсіп кетті.

Сабақ біткенде профессор Спраут оқушыларды Зұлым сиқырдан қорғану сабағына әкелді. Хәрри мен Рон топтың соңында сыйырласып келе жатты.

АРАГОГ

– Файып-шапанды жамылайық, – деді Хәрри. – Азуды ертіп аламыз. Ол орманға Хәгридпен бірге барып жүретін, пайдасы тиер.

– Жарайды, – деді Рон таяқшасын ары-бері бұлғап. – Мм... ана не ше... орманда құбыжық қасқырлар болмай ма екен?

Достар Локхарттың сабағында әдеттегідей ең артқы партага жайғасты.

Хәрри досының сұрағына жауап беруден жалтарды.

– Онда жақсы жануарлар да бар, – деді ол. – Кентаврлар, сыңармұйіздер дегендей...

Рон бұрын Тыйым салынған орманға барған емес, ал Хәрри бір рет кіріп, енді ешқашан келмеспін деп шыққан болатын.

Локхарт жайрандап кіріп келгенде бүкіл сынып оған қарады. Басқа оқытушылар бұрынғыдай емес, жабығып жургендей көрінсе, Локхарт қуанышты сияқты.

– Бастарыңды қөтеріндер! – деді ол ыржиып. – Неге түнеріп отырсыңдар?

Оқушылар бір-біріне қарап бас шайқады, ешкім үндемеді.

– Сонымен, әлі ешкім ештеңе түсінбеді ме? – Локхарт ақылы кем адамдарға сөйлегендей ежіктеді. – Енді қауіп жоқ! Қылмыскер ұсталды.

– Оны кім айтты? – деп айғайлады Дин Томас.

– Достым, Хәгрид қылмыскер болмаса, Сиқыр министрлігі оны тұтқында мас еді. Демек, олар жұз пайыз айыптыны тапқаны. – Локхарт «бірге бірді қоссан екі болады» дегендей сенімді сөйлемеді.

– Айтады екенсіз, – деді Рон Диннен де қатты айғайлап.

– Мистер Уизли, Хәгридтің ісі жайлы сізден жетік білемін, – деді Локхарт тоқмейілсіп.

Рон олай ойламайтынын айтқысы келген, бірақ Хәрри үстелдің астында жіліншігінен теуіп жібергенде тосылып қалды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

- Біз ештеңе білмейміз, ұмытып кеттің бе? - деді сыйырлап.

Айтуын айтса да, Локхарттың жерден жеті қоян тапқандай куанғанына, Хәгридтің адалдығына шæk келтіріп, шындықтың беті ашылды деп масаттанып жүргеніне ызасы келгені сондай – қолындағы «Албастыны жеңгенім» кітабын оқытушының мәнсіз ыржындаған бетіне лақтырып жібергісі келсе де, өз-өзін тежеді. Оның орнына қағазға жазу жазып, Ронға оқытты: «Бүгін түнде барайық».

Жазуды оқыған Рон қинала жұтынып, Хәрмионаның бос түрған орнына қарады. Содан соң тас-түйін бекініп, бас изеді.

*

Кейінгі күндері Грифиндордың ортақ бөлмесі үнемі адамға толы болатын. Кешкі сағат алтыдан соң барап жері қалмаған окушылар ортақ бөлмеде уақыт өткізетін. Айтылатын әңгімесі де көп болғандықтан, түн ортасына дейін адам аяғы басылмаушы еді.

Хәрри кешкі астан соң ғайып-шапанды дайындал қойды, Рон екеуі өзгелер жатын бөлмелеріне тарағанын күтіп әрең отырды. Егіз Уизли Хәрри мен Ронды жарылғыш карта ойнауға шақырды. Бұлардың ойынын Хәрмионаның крес-лосына жайғасып тамашалап отырған Жиннидің түрі адам аярлық еді. Хәрри мен Рон ойынды тездетіп бітіру үшін әдейі жеңілді, соның өзінде Фред, Жорж бен Жинни жатын бөлмесінде кеткенде сағат түнгі бірге таяп қалған екен.

Екі дос жатын бөлмелердің есігі жабылғанын күтті, содан соң ғайып-шапанды жамылып, портреттің саңылауынан өтті.

Қамал ішінде кезекші болып жүрген оқытушылардың бәріне білінбей өту оңай болмады. Әүпірімдеп Үлкен залға жетті, емен есіктің тиегін сыйдырсыз ағытып, есікті шиқыл-датпай ашып жабуға тырысты. Ақыры ай сәулесі төгілген далаға шықты.

АРАГОГ

Орманға апаратын жолға түскенде Рон сөз бастады:

– Орманға кіргенде соңынан еретін ештеңе таппасақ ше? Әлгі өрмекшілер ол жаққа бармауы да мүмкін ғой. Иә, олар сол жаққа беттегендей көрінді, бірақ...

Даусынан досы әлі де шешімін өзгертер деген үміт сезіледі.

Олар Хәгридтің үйіне таяғанда, терезесі үнірейіп, қапқараңғы болып тұрғаны да жүрегін ауыртты. Хәрри есікті ашқанда Азу арсаландап шығып, қуана қарсы алды. Ит қыңылаш үріп қамалдағы жұртты оятар деп қорыққан балалар алауошақтың үстінде тұрған ыдыстан сірне алыш жегізді. Иттің жағы жабысып, қарысып қалды.

Хәрри ғайып-шапанды Хәгридтің үстеліне қалдырып кетті. Тас қараңғы орманда оның керегі бола қоймас.

– Жұр, Азу, серуендереп келейік, – деді Хәрри аяғынан тұртіп. Азу үйден атып шығып, орман шетіне барды да, шынар ағаштың түбіне артқы аяғын көтеріп тұра қалды.

Хәрри таяқшасын сермеп, *Люмос* деп күбірледі, таяқшаның ұшы жылтырап жанып, жүретін жол мен өрмекшілер көрінетіндегі жарық шығарды.

– Дұрыс болды, – деді Рон. – Менікін жақпай-ақ қояйын, жарылып, өрт шығарып жүрсе...

Хәрри Ронды иығынан тұртіп, шөпті нұсқады. Екі өрмекші таяқшаның жарығынан қашып, ағаштың тасасына беттеп барады.

– Жарайды, – деді Рон, «не болса о болсын» дегендегі күрсініп. – Дайынмын. Кеттік.

Екеуінің алды-артына шығып шапқылап, ағаштардың тамыры мен жапырағын тіміскіліген Азуды ертіп орманға кірді. Таяқшадан жарық түсіріп, тізбектеле шұбырған өрмекшілерді тауып алды да, артынан еріп отырды. Жиырма минуттай үнсіз жүрді, сынған бұтақ пен жерге түскен жапырақтың сыбыдырынан басқа дыбыс естілсе, құлақ тұріп тына қалады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Осылай жүре келе ағаштар ұйыса өскен орманның ең түкпіріне кірді, енді аспандағы жұлдыздар мұлдем көрінбей, Хәрридің таяқшасынан ғана жарық түсіп тұрды. Өрмекшілер сүрлеуден шығып, басқа жаққа бұрылғанын байқады.

Хәрри олардың бағытын анықтауға қанша тырысқанымен, айнала тас қараңғы, түк көрінбеді. Бұған дейін орманның түбіне дендел кіріп көрмеген. Хәгридке еріп келгенде оның «сүрлеумен ғана жұр» деп қатты тапсырғаны есіне түсті. Қазір Хәгрид тым алыста, Азкабанның торлы терезесінен телміре қарап, қапаста отыр. «Өрмекшілердің сонынан еріндер» деген де өзі ғой.

Хәрридің қолына дымқыл бірдене тигенде ыршып түсіп, Ронның аяғын басып кетті, сөйтсе ол Азудың танауы екен.

– Не дейсің? – деп сұрады таяқшаның жарығын досының көзіне түсіріп.

– Қырқына шыдағанда, қырық біріне де шыдайық, – деді Рон.

Өрмекшілердің ағашқа түскен көлеңкесіне қарап, ізіне ере берді. Қанша асықса да, аяқ басқан сайын біресе томарға, біресе мүкке шалынып, жылдам жүре алмады. Азудың ыстық демі Хәрридің қолын шарпиды. Қайта-қайта тоқтап, жарықты төмен түсіріп, өрмекшілердің бағытын анықтап отыру керек болды.

Мантязының шалғайы жолдағы тал-шілікке ілініп, жарты сағаттай жүрді. Сәлден соң ағаштар бұрынғыдай ұйысып тұрса да, ылдилап келе жатқанын аңғарды.

Кенет Азу орманды басына көтеріп үргенде Хәрри мен Ронның денесі тітіркеніп кетті.

– Бұл не? – деп сұрады Рон, Хәрридің шынтағын тас қылыш ұстап алған күйі қараңғыға телміре қарап.

– Бірдене қозғалады... – деді Хәрри тынысы жиілеп. – Тыңдашы... Өте үлкен нәрсе сияқты.

Екеуі тың тыңдады. Оң жақтан әлдене ағаштарды жапырып, бұларға қарай жыбырлап келеді.

- Ой, жоқ, – деді Рон. – Жоқ....
- Тыныш түр, – деп зекіді Хәрри. – Естіп қояды.
- Естиді деймісің? – деп сұрады Рон даусы қалтырап. – Азудың үргенін естіді гой!

Көзі жасаурағанша қараңғыға телміріп, күтіп тұрғаннан өзге амал қалмады. Түсініксіз сыйбырлап естілді де, тынши қалды.

- Не ойлағаны бар екен? – деп сұрады Хәрри.
- Тарпа бас салмақ шығар, – деді Рон.

Екеуі күзгі жапырақтай қалтырап, қозғалтуға шамасы келмей, бір орнында қатып қалды.

- Кетіп қалды ма екен? – деп сыйбырлады Хәрри.
- Қайдам...

Осы кезде он жақтан бір нәрсе жарқ ете қалды, тас қараңғыда айнала түгел жарыққа бөленигенде екеуі еріксіз көзін жүмді. Азу қыңсылап, қашпақ болды, бірақ тікенеккө түсіп, бұрынғыдан қатты үрді.

– Хәрри! – Рон қуанғанынан айғай салды. – Хәрри, анда машинамыз түр!

- Не?
- Жур!

Хәрри сүріне-қабына Ронның артынан жүріп, сәлден соң ашық алаңқайға шықты.

Мистер Уизлидің машинасы алаңқайдың дәл ортасында, қалың ағаш бұтағының астында шамын жарқыратып түр екен. Рон аузын ашып оған жақындағанда машина қолға үйреткен жануарындағы қожайынына қарсы жүрді.

– Үнемі осында болған гой, – деді Рон, көлікті айналып шығып. – Қараши. Орманда жатып жабайы болып кетіпти...

Машинаның есігі сырлылып, балшық жабысқан. Орманда жалғыз жүріп, талай қыындықты өткерген сияқты.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Азута машина мүлдем ұнамады, дір-дір етіп Хәрридің шалғайына оралды. Көңілі орнына түскен Хәрри таяқшасын қалтасына салды.

– Бізді бас салады деп қорықтық қой! – деді Рон машинаны сипап. – Осында болған екенсің ғой!

Хәрри өрмекшінің ізін іздең жерге үңілді, бірақ олардың бәрі машинаның жарығынан қашып кетіпті.

– Из көрінбей қалды, – деді ол. – Жүр, іздең тауып алайық.

Рон үндемеді. Орнынан қозғалмай қалшиып қатып қалыпты. Хәрриге емес, оның артындағы бір затқа қарап түрған сияқты. Қорыққаннан өңі бұзылып кеткен.

Хәрри артына бұрылып үлгермеді. Сыртылдаған дыбыс шықты да, әлдебір ұзын әрі түкті нәрсе оны қармап алды. Сәлден соң жерден көтеріліп бара жатқанын сезді. Аяқ-қолын сермел, қарсыласуға тырысқанымен, онысынан түк шықлады. Сыртылдаған дыбыс тағы естілді, енді Рон да әуеге көтерілді. Келесі мезет арпылдатып Азуды да құрсауға алды. Үшеуі түнек орманға еніп бара жатты.

Басын көтерген Хәрри өзін ұстаған макұлық алты ұзын, түкті аяғымен жүріп келе жатқанын, ал тағы екеуімен өзін қармап алғанын байқады. Бас жағында қап-қара шымшуры көрінеді. Артындағы макұлық та Ронды солай көтеріп келе жатты. Олар орманнан адам аяғы баспайтын қалың жынысина кірді. Хәрри үшінші құбыжықтың қармауынан шығуға тырысқан Азудың арпылдап үргенін естіді; ал өзі айғайлайын десе де, дауысын алаңқайды машинаның қасына тастап кеткендей, үні шықпады.

Макұлықтың қармағында қанша отырғанын білмейді, әйтеуір, қараңғылық сейіліп, жерге қарағанда, быжынаган өрмекшіден аяқ алып жүргісіз екенін көрді. Жан-жағына бұрылып қарап, ағашы жоқ үлкен ойпатта түрғанын анғарды, жүлдіздың жарығымен ең бір сүмдүк көріністі көрді.

Өрмекшілер. Жапырақтың үстінде жыбырлап жүрген құрттай өрмекшілер емес. Түркы өгіздей, сегіз көзді, сегіз аяқты, қапқара, түкті алып өрмекшілер қоршап түр екен. Хәрриді әкеle жатқан алып өрмекші ойпаттың ортасындағы үлкен өрмекке қарай жүрді, өзгелері шымшуырын жыбырлатып, алыптың қолындағы «жүкке» сұқтана қарап, соңынан ерді.

Өрмекші жерге тастай салғанда Хәрри төрт тағандап құлады. Рон мен Азу қасына топ ете қалды. Азу үргенін қойып, бір уыс бол жиырылып қалыпты. Рон да Хәрри сияқты тас мүсінге айналыпты. Аузына қарасаң айғайлап түрған сияқты, бірақ дауысы шықпайды. Бақшиған көзі шарасынан шығып кетердей.

Хәрри өзін жерге тастаған өрмекші бірдеңе айтып түрғанын байқады. Оның сөзін ажырату қыын екен, сөйлеген сайын шымшуыры жыбырлайды.

– Арагог! – деді ол. – Арагог!

Күмбез тәрізді ақшыл өрмектің түбінен кішігірім пілге жетегабыл өрмекші баяу аяңдап келе жатты. Денесі мен аяғы басқа өрмекшілердікіндегі қара емес, ақ шалған; ұсқынсыз үнірейген көзін шел басыпты. Соқыр екен.

- Бұл не? – деп сұрады ол шымшуырын сартылдатып.
- Адамдар, – деп жауап берді Хәрриді әкелген өрмекші.
- Хәгрид пе? – деп сұрады Арагог бұларға жақындалп, сегіз көзі жан-жаққа мағынасыз бажырайды.
- Жоқ, бөтен, – деді Ронды әкелген өрмекші.
- Өлтіре салыңдар, – деді Арагог кейіп. – Жап-жақсы ұйықтап жатқан ем...
- Біз Хәгридтің достарымыз, – деп айғайлады Хәрри. Даусы көмейден емес, дәл жүрегін жарып шыққандай.

Алқалаған өрмекшілер шымшуырын сыртылдатып, жағын бүлкілдеткені анық естілді. Арагог бөгелді.

- Хәгрид ешқашан біздің жерге адам жіберген емес, – деді ол ақырын.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Хәгридтің басына қауіп төнді, – деді Хәрри шырылдал. – Сондықтан осында келдік.

– Қауіп төнді ме? – деп сұрады қарт өрмекші. Хәрри өрмекшілердің шенбер күрып жақындей бастағанын сезді. – Ал сендерді неге жіберді?

Хәрри орнынан тұрмақ еді, бірақ одан қазір пайда жоғын түсініп, қозғалмады. Жерде жатқан күйі барынша сабырлы сөйлеуге тырысты.

– Мектептегілер Хәгрид бір... мм... нәрсені оқушыларға айдал салды деп ойлады. Сол үшін Азкабанға қамалды.

Арагог шымшуырын ызбарлана ұрды, басқа өрмекшілер де солай жасады. Адамдардың қол соққанына ұқсайды екен, бірақ шапалақтың дыбысы тула бойын бұлай тітіреткен емес.

– Ол баяғыда болған жағдай... – деді Арагог ызбарланып. – Неше жыл өтті ғой. Бәрі есімде. Соның кесірінен мектептен шығып қалды. Олар мені жасырын бөлмеде тұратын құбыжық деп ойлады. Хәгрид бөлмені ашып, мені еркіме жіберді деп санады.

– Ал сіз... сіз жасырын бөлмeden шыққан жоқсыз ба? – деп сұрады маңдайынан сұық тер бүрк ете қалған Хәрри.

– Мен бе? – деді Арагог ашуланып. – Мен қамалда туған жоқтын. Басқа жақтан келдім. Жұмыртқа жармай тұрғанымда бір саяхатшы мені Хәгридке беріпті. Хәгрид ол кезде бала болатын, сонда да маған қамқорлық жасап, қамалдағы шоланға жасырып асырады, өзінен артылған тамақты берді. Хәгрид – менің досым, ол жақсы адам. Содан соң біреулер мені көріп қойып, бір қызды өлтірді деп айыптағанда, ол мені қорғады. Содан бері осы орманда тұрамын, Хәгрид келіп тұрады. Ол маған Мосагты – әйелімді тауып берді, міне, әuletіміз қалай өскенін көріп отырсындар. Осының бәрі – Хәгридтің арқасы...

Хәрри бар батылдығын жиып, басын көтерді:

– Сонда сіз ешқашан... ешкімге тиіскен жоқсыз ба?

АРАГОГ

– Ешқашан! – деп гүр ете қалды кәрі өрмекші. – Түйсігім қорек қыл десе де, Хәгрид үшін бір адамға зиян келтірмедім. Қыздың денесі дәретханадан табылыпты. Мен қамалдың шоланынан басқа жерге шыққан емеспін. Біз қараңғы мен тыныштықты сүйеміз... Бірақ кейін...

– Элгі қызды кім *өлтіргенін* білесіз бе? – деп сұрады Хәрри. – Ол қайта оралып, адамдарға тиіспін жатыр...

Оның сөзін сыртылдаған дыбыс пен жыбырлаған аяқ дауысы естіртпей тастады, қап-қара өрмекшілер қоршай бастады.

– Қамалда тұратын тіршілік иесі – ежелден келе жатқан макұлық, – деді Арагог. – Өрмекшілер одан бәрінен қатты қорқады. Құбыжық мектепті кезіп жургенін сезгенде Хәгридтен мені босатуды сұрап, жалындым.

– Ол не сонда? – деп сұрады Хәрри.

Тағы да сыртыл мен жыбыр көбейіп, өрмекшілер таяй тұсті.

– Ол туралы айтпаймыз! – деді Арагог ашуланып. – Атын атауға болмайды! Хәгрид те қанша сұрады, бірақ оған да айтқан емеспін.

Хәрри бұдан ары ештеңе сұрай алмады, өрмекшілер жанжақтан қаумалап таяп қалды. Арагог сөзден шаршаған сияқты. Ол ақырын күмбезге ұқсайтын өрмегіне қарай жылжыды, ал басқа өрмекшілер Хәрри мен Ронды тарпа бас салуға әзір тұрғандай.

– Олай болса, біз қайтайық... – деді Хәрри Арагогқа жалышты жүзбен қарап. Осы кездे дәл артынан жапырақ шытырлады.

– Кетем деймісің, – деді Арагог ақырын. – Кете алмассың...

– О не дегеніңіз...

– Бала-шағам Хәгридке тиіспейді, солай бүйырганмын. Бірақ сүйікті асымыз өз аяғымен ортаға келіп қалған екен, жылы-жұмсақтан құр қалындар дей алмаймын. Қош бол, Хәгридтің досы!

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри жалт бұрылды. Бірнеше қадам жерде сүйкімсіз қара бастарында сансыз көз жылтыраған өрмекшілердің тұтас бір армиясы жабылуға әзір түр екен...

Таяқшасын шығарса да көмегі тимейтінін білді: өрмекші тым көп. Қарап тұрмай, жастығын ала жығылайын деген оймен орнынан тұрған еді, гүрілдеген қатты дыбыс естіліп, бұлар отырған ойпат жап-жарық болып кетті.

Мистер Уизлидің машинасы шамын жарқыратып сайға түсіп келеді екен, безілдеген дабыл даусы орманды жаңғыртты. Өрмекшілер жан-жаққа бытырай қашты: біразы аяғын тырбандағып әуеде қалықтап барады. Машина Хәрри мен Ронның алдына келіп тоқтай қалып, есігін ашты.

– Азуды ал! – деп айғайлаған Хәрри алдыңғы орындықта отырды. Рон итті белінен қаусыра ұстап, қыңсылаған күйі көліктің артына тастай салды. Машинаның есігі тарс етіп жабылды. Рон газды басып үлгермеді, машина өзінен-әзі оталды; қозғалтқышы гүрілдеп, өрмекшілерді қағып-соғып жүйткі жөнелді. Олар сайдан өрге шығып, орманның ішімен ызытқанда, бұтақтар көліктің терезесіне сарт-сүрт соғылып жатты. Машина ну орманның бүкіл қалтарыс-бұлтарысын жаттап алған сияқты: қалың ағаштың арасынан жол тауып келді.

Хәрри Ронға бұрылды. Досы әлі аузын ашып, шыңғыруға әзір отырғандай, бірақ көзі бұрынғыдай шарасынан шығайын деп тұрған жоқ.

– Рон, жағдайың қалай?

Рон алдына тесіліп қарап отыр, сөйлесейін десе, ерні икемге келмейтіндей. Артқы орындықта Азу жалына қыңсылады.

Машина бұталарды ысырып, жүйткіген бойы үлкен еменді жанай өткендеге, қапталдағы айнасы қырқылып түсті. Тағы он минуттай дырылдаған, селкілдеп журді. Бір кезде ағаштар сиреп, арасынан аспан көріне бастады.

Машина кілт тоқтай қалғанда балалар алдыңғы терезеден ұшып кете жаздады. Тыйым салынған орманның шетіне шығыпты. Азу терезені тырмалап, сыртқа шығуға асықты. Хәрри есікті ашқан бетте ол құйрығын бұтына қысқан күйі Хәгридтің үйшігіне қарай зыта жөнелді. Хәрри де көліктен түсті. Сәлден соң Рон шығып, сірекен мойны мен аяқ-қолын жаза бастады. Хәрри ризашылық танытып, көлікті қағып-қағып қойды. Машина қайтадан орманға кіріп, көрінбей кетті.

Хәрри ғайып-шапанды алмақ болып Хәгридтің үйшігіне кірді. Азу себетінің ішіндегі көрпеге кіріп алып, дірлдеп жатыр. Хәрри сыртқа шыққанда Рон асқабақ өскен алаңда сүлік сорғандай бозарып отыр екен.

– Өрмекшінің соңынан жүріндер, – деді ол жыламсырап, жеңімен аузын сұртіп. – Хәгридті ешқашан кешірмеймін. Бір өлімнен қалдық.

– Меніңше, ол Арагог достарыма тимейді деп ойлаған, – деді Хәрри.

– Хәгридтің есі дұрыс емес! – Рон жұдырығымен үйшіктің қабырғасын түйгіштеді. – Оның ойынша, құбылжықтар – қауіпсіз, бейкүнә мақұлық! Ал содан не пайда тапты? Қазір Азкабанда отыр! – Рон бойын билей алмай қалышылдады. – Бізді орманға не үшін жіберді? Не пайда таптық, не білдік? Ештеңе!

– Хәгрид жасырын бөлмені ешқашан ашпаған, – деді Хәрри ғайып-шапанды екеуінің басына бүркеп. – Ол жазықсыз.

Рон жақтырмай мырс етті. Арагогты шоланда жасырып өсіруді ешқашан «бейкүнә әрекет» дей алмас.

Қамалға жақындағанда Хәрри ғайып-шапанды жақсылап бүркенді («аяғымыз шығып тұрмасын»), содан соң шиқылдақ есікті ақырын ашты. Кіреберіс залға мысықтабандап кіріп, мәрмәр баспалдақпен жоғары көтерілді. Қамалда қаптап журген қарауылдың бірі қасынан өткен сайын екеуі демін

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

ішіне тартып, тына қалады. Әйтеуір, Грифиндордың ортақ бөлмесіне алауشاқтың оты сөніп, күлге айналғанда жетті. Ғайып-шапанды сыпырды да, шиыршық баспалдақпен жатын бөлмеге көтерілді.

Рон киімін шешпестен төсегіне сұлады. Қанша шаршап, қалжыраса да, Хәрридің көзі ілінбеді. Ол кереуеттің шетіне отырып алып, Арагогтың айтқаны жайлы ойланды.

«Қамалда жасырынған құбыжық Волдеморт сияқты болса керек, өзге құбыжықтар оның атын атауга қорқады» деп ойлады ол. Рон екеуі оның қандай мақұлық екенін және құрбаның қалай қатыратынын анықтай алмады. Жасырын бөлмеде не тығылып жатқанын тіпті Хәгридтің өзі білмейді.

Хәрри аяғын созып, төсегіне жатты да, мұнараның терезесінен түскен ай жарығына қарады.

Енді не істей керек? Аттап басқан сайын тығырыққа тірелді. Реддл жазықсыз адамды ұстап берді, Слизериннің мұрағері қашып кетті. Осы жолы жасырын бөлмені ашқан сол ма, басқа ма? Бұл сауалдарға ешкім жауап бере алмайды. Хәрри тағы да Арагогтың сөзін есіне алды.

Үйкы қыса бастағанда басына бір ой келді де, төсегіне жүрелеп отырды.

– Рон, – деп сыйырлады досы жатқан төсекке еңкейіп.
– Рон!

Рон Аэу сияқты ыңырсып, көзін ашты. Хәрри оған төніп түр екен.

– Рон, әлгі өлген қыз ше... Арагог ол дәретханадан табылды деді ғой... – Осы кездे қорылға басқан Невилді елемеуге тырысты. – Мүмкін ол қыз сол жерде қалған шығар? Әлі күнге дейін сонда тұрса ше?

Рон көзін үқалады. Содан соң досының ойын түсінді:

– Сенің ойыңша, ол Жылауық Миртл ме?

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

— **Б**із дәретханада болғанда ол үнемі жанымызда журді ғой, — деді Рон ертеңінде таңғы ас ішіп отырғанда күйініп. — Сол кезде сұрай салмай...

Казір Жылауық Миртлдің «бөлмесіне» жету өрмекші ізде-геннен де қыын еді. Қыздарға арналған дәретханаға бару үшін, қарауылдан жүрген бірнеше оқытушының қасынан білдірмей өту керек. Алғашқы қастандық сол жерде болғандықтан, дәретханаға кірген тіпті қыын.

Осыны ойлап басы қатқан үлдар Құбылту сабагына келді. Сабакта естіген жаңалық жасырын бөлмені де ұмыттырып жіберді. Профессор Макгонагал маусымның бірінде, яғни бір аптадан соң емтихан басталатынын айтты.

— Емтихан? — деп аһ ұрды Симус Финиган. — Сонда біз тағы емтихан тапсырамыз ба?

Хәрридің артында отырған Невил Ұзынбүттың таяқшасы тарс етіп жерге түскенде, үстелінің бір сирағы жоқ болып кетті. Профессор Макгонагал өз таяқшасымен үстелдің сирағын қалпына келтірді де, Симусқа қарады.

— Сіздер білім алсын деп мектепті жаппай отырмыз, — деді үнін қатайтып. — Сондықтан әдеттегідей емтихан тапсыра-сыздар. Бар ынтасын салып дайындалады деп сенемін!

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бар ынтаңды салып дайындал дейді!

Осындай жағдайда мектепте емтихан өтеді деген ой Хәрридің үш үйиқтаса түсіне кірмес еді. Сынып бөлмесі гүлдеп кетті, оқушылардың наразылығын байқаған профессор Макгонагал қабақ шытты.

– Профессор Дамблдор мектеп (мүмкіндігінше) әдеттегідей жұмыс істеп тұрсын деп тапсырды, – деді ол. – Ол үшін биыл қаншалықты білім алғандарыңызды тексеруіміз керек.

Хәрри шәркейге айналуға тиіс екі қоянға қарады. Биыл қандай білім алды? Қанша ойланса да, емтиханда пайдаға жарайтын ештеңе есіне түспеді.

Ронға қарап еді, досы Тыйым салынған орманда тұру жазасына кесілген адамдай болып отыр екен.

– Мынамен қалай емтихан тапсырамын? – деп сұрады ол, ысқыра бастаған таяқшасын көрсетіп.

*

Алғашқы емтиханға үш күн қалғанда профессор Макгонагал тағы бір хабарландыру айтты:

– Жақсы жаңалық бар!

Үлкен зал толы оқушылар тынышталғанның орнына шулап кетті.

– Дамблдор қайтып келеді! – деп айғайлады біраз адам.

– Слизериннің мұрагері қолға түсті! – деп қиқу салды рәвенклолық қыз.

– Күидич матчын бастаймыз! – деді Уұд мәз болып.

Дабыра басылған соң профессор Макгонагал сөзін жалғады:

– Профессор Спраут мандрагоралар кесуге дайын екенін айтты. Бүгін кешке қатып жатқандардың бәрін өмірге қайтaramыз. Олардың тым құрығанда біреуі өзіне кім тигенін билетін болар. Қылмыскерді ұстап, биылғы сүмдиктың бәріне нүкте қоямыз деп сенемін, – деді.

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Залдың іші шаттыққа толды. Хәрри Слизериннің үстеліне қарап еді, Драко Малфой өзгелердей қуанбағанын байқады. Оған таңданбады да. Ал Ронның жүзі бал-бұл жайнады.

– Миртлден ештеңе сұраудың керегі жоқ! – деді ол Хәрри-ге. – Оянған соң Хәрмиона бәрін айтып береді деп ойлаймын. Көр де түр, үш күннен кейін емтихан тапсыратынымызды білгенде ол бұлқан-талқан болады. Дайындала алмай қалдығой. Емтихан біткенше оны оятпаган аbzал еді.

Сол кезде Жинни Уизли Ронның қасына келіп отырды. Ол бірденені қатты уайымдап жүрген сияқты, Хәрри жұдырығын тас қылып түйіп алғанын байқады.

– Не болды? – деп сұрады Рон, ыдысына сұлы ботқасынан молынан салып жатып.

Жинни ештеңе айтпай, Грифиндор үстелін бастан-аяқ шолып шықты. Хәрри оның үрей тұнған көзін біреуге ұқсатты, бірақ кім екенін есіне түсіре алмады.

– Айтсаңшы, – деді Рон қарындасына қарап.

Хәрри оны кімге ұқсатқанын түсінді. Орындықта арыбері теңселіп отырған Жиннидің түрі құпия деректі айтсам ба, айтпасам ба деп қиналған Доббидің түрінен аумай қалыпты.

– Сендерге бірдене айтуым керек, – деді Жинни Хәрриден көзін ала қашып.

– Айта ғой, – деді Хәрри.

Жинни неден бастарын біlmей қиналып тұрғандай.

– Не болды? – деп сұрады Рон.

Жинни аузын ашқанымен, үні шықпады. Хәрри сәл еңкейіп, Рон мен Жинніге естіртіп сыйырлады:

– Жасырын бөлмеге қатысты ма? Бірдене көрдің бе? Оғаш нәрсе байқадың ба?

Жинни терең тыныстап, сөйлеуге оқтала бергенде Перси Уизли келе қалды, түрінен қатты шаршағаны байқалады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жинни, тамақ ішіп болсаң, орын берші. Қүзеттен енді келдім, қарным шұрылдаپ барады.

Жинни тоқ соққандай орындықтан атып тұрды да, Персиге үрейлене бір қарап, қашып кетті. Перси отыра сала үстелдің ортасында тұрған шыныаяққа қол созды.

– Перси! – деді Рон күйініп. – Ол бізге бір маңызды нәрсе айтқалы отырған!

Перси шайын ұрттай бере шашалып қалды.

– Не туралы? – деді жөтеліп.

– Оғаш ештеңе көзіне тұспеді ме дегенде әңгімесін бастағалы жатқан...

– Жасырын бөлмеге оның еш қатысы жоқ, – деді Перси бірден.

– Оны қайдан білесін? – деп сұрады Рон қасын керіп.

– Мм... не ғой... Жинни өткенде маған келген, мен ол кезде... жарайды, мән бермендер... қысқасы, ол бірдеңені көрді... Ешкімге айтпа дегенмін... Ол уәдесінде тұрған сияқты. Жай әшейін, көңіл бөлмендер...

Хәрри Персидің қызырақтаап, қипақтағанын алғаш көрді.

– Сонда не істедің, Перси? – деп сұрады Рон ыржып. – Айтсанышы, біз күлмейміз.

Перси әдеттегі салмақты қалпына оралды:

– Хәрри, ана тоқашты әперші, аштан өлгелі отырмын...

*

Бұлардың көмегінсіз-ақ ертең шындықтың беті ашылуы мүмкін. Соны біле тұра Хәрри мүмкіндік туса, Миртлмен сөйлесіп көрүте бел буды. Тұске қарай сондай мүмкіндік туды...

Гилдерой Локхарт оқушыларды Сиқыр тарихы сабағына апара жатқан. Локхарт күнде «қылмыскер ұсталды, еш қауіп жоқ» деген сайын оқушылар қорқа түсетін. Қазір ол балаларды құзетпен алып жүрген бос әуре екеніне сенімді еді.

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бүгін шашы бұрынғыдай жылтырап тұрған жок, тұнімен төртінші қабатты торып, шашын сәндеуге уақыт таба алмаған сиңайлыш.

– Естерінде болсын, – деді олбұрышты айналабере. – Қатыру қарғысына ұшыраған бейшаралар оянғанда бірауыздан: «Бізге тиісken – Хәгрид» деп айтады. Шынымды айтсам, профессор Макгонагал қауіпсіздік шарасы әлі қажет деп санайтынына таңғаламын.

– Дұрыс айтасыз, сәр, – деді Хәрри. Таңырқаған Рон қолындағы кітаптарын түсіріп алды.

– Рахмет, Хәрри, – деді Локхарт шұбырып келе жатқан Хафлпаф оқушыларын өткізіп тұрып. – Оқушыларды кезекпен алып жұру, тұнде қарауыл болу – осының бәрі неге керек?

– Дұрыс айтасыз, – деді Рон досының түкпі максатын түсіне қойып. – Бізді осында қалдырып жүре беріңіз, сәр, бір дәлізден етсек болғаны...

– Уизли, расымен солай істейін, – деді Локхарт. – Барып, келесі сабакқа дайындалайын.

Соны айтты да, зыта жөнелді.

– Сабакқа дайындалам дейді, – деп мырс етті Рон. – Шашын бүйралауға кетті ғой.

Олар сыйнаптастарын өткізіп жіберді де, бүйірдегі жолға түсіп, Жылауық Миртл тұратын дәретханаға тартты. Тамаша жоспар сәтті жүзеге асқаны үшін бір-бірін құттықтауға дайындала бергенде...

– Поттер! Уизли! Негып жүрсіздер?

Профессор Макгонагалдың даусын естігенде екеуі де селк ете қалды. Профессордың жіңішке ерні бір сзыққа айналып кеткендей.

– Біз... біз... – Рон міңгірледі, – біз... ана не...

– Хәрмионаны көруге бара жатырмыз, – деді Хәрри. Профессор Макгонагал мен Рон оған таңдана қарады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Оны көрмегелі көп болды, профессор, – деді Хәрри «тыныш түр» дегендей Ронның аяғын басып. – Ауруханаға барып, мандрагоралар дайын болғанын айтып, ештеңеге уайымдама десек деп едік...

Профессор Макгонагал екеуіне тесіле қарап тұрды. Хәрри ол айғайға басар деп күткен, бірақ профессордың даусы дірілдеп шықты:

– Эрине. – Хәрри оның көзіне үйірлген жасты байқап қайран қалды. – Эрине, достар үшін мұның бәрі тым ауыр... Түсінемін. Иә, Поттер, мисс Грейнжерге кіріп шығыңыздар. Профессор Бинске өзім ескертемін. Мадам Помфриге мен рұқсат берді дерсіздер.

Хәрри мен Рон жазадан құтылғанына сенер-сенбесін білмей, ауруханаға қарай жүрді. Олар бұрышты айналғанда профессор Макгонагалдың сіңбіргенін естіді.

– Мынау енді керемет асерлі өтірік! – деді Рон риза болып.

Екеуі амалсыз ауруханаға барып, мадам Помфриге профессор Макгонагал Хәрмионаны қөруге рұқсат бергенін айтты.

Мадам Помфри құлықсыз келісті:

– Қатып жатқан адамның көңілін сұраймын деу – бос ауре!

Балалар Хәрмионаның қасына барып отырғанда, оның сөзі дұрыс екенін мойындағы. Хәрмионаға айналасында не болып жатқаны бәрібір екені анық, оған «ештеңеге алаңдама, бәрі жақсы болады» деп айтқан – жансыз затқа сөйлегенмен бірдей еді.

– Ол қылмыскерді көрді ме екен? – деді Рон Хәрмионаның жансыз бетіне телміре қарап. – Егер ол осында жатқандарға қайта келсе, ешкім ешқашан шындықты біле алмайды...

Хәрри Хәрмионаның бетіне қарамады. Көзі қыздың он қолында болды. Көрпенің үстінде жатқан қолының жұдырығы түюлі екен, мұқият қарағанда, уысында бір қағаз бар екені

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

байқалады. Мадам Помфри осы маңда жүргенін білгендіктен, Ронға белгі берді.

– Ақырында суырып ал, – деді де, Рон орындығын Хәрри-ге жақындастып, оны денесімен қалқалады.

Суырып алу оңай емес екен. Хәрмионаның сірескен саусақтарын жазам дегенше, қағаз жыртылып кетпесе болғаны. Рон есікке қарап отырды, Хәрри әр саусақты жазып, Хәрмионаның уысын ашып, қағазды шығарып алды.

Әбден тозған көне кітаптың бетін жыртып алышты. Хәрри бүктеуін тез-тез жазды да, Рон екеуі еңкейіп оқи бастады.

«Жер бетіндегі аса қауіпті аңдар мен құбыжықтардың арасында Жылан патшасы аталаған Аждаһана тен қелетін сүмдық тіршілік иесі жоқ. Бірнеше ғасыр өмір сүретін алып денелі жылан құрбақа басқан тауықтың жұмыртқасынан шығады. Ол жауларын таңғаларлық әдіспен өлтіреді, улы тісімен шаққаннан бөлеқ, Аждаһаның көзіне тұра қараған тіршілік иесі сол сәтте жантәсілім етеді. Өрмекшілер Аждаһаны өздерін жер бетінен құртып жіберетін құбыжық санап, қатты қорқады; ал Аждаһаның өзі әтеш шақырғанын естігендеге мерт болады».

Қағаздың төмен жағында жазылған сөзге қарап, Хәрри Хәрмионаның жазуын таныды.

Құбыр.

Екеуінің миына жарық сәуле құйылғандай болды.

– Рон, – деді Хәрри, – міне, саған жауап. Жауабын таптық. Жасырын бөлмедегі құбыжық – алып жылан Аждаһа! Сондықтан да ол дауысты мен ғана естімін, өзгелер естімейді. Мен жылан тілін түсінемін ғой...

Хәрри қасындағы төсектерге қарады.

ХӨРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Аждаһаның көзіне қараған адам өледі. Бірақ мыналардың ешқайсы өлмегі, себебі олар оның көзіне тұра қараған жоқ. Колин фотоаппараттың әйнегінен көрді. Аждаһа оның таспасын күйдірді, ал Колиннің өзі қатып қалды. Жастин... Жастин Жұлбасты Никтің тасасынан көрген болар! Аждаһаның улы көзқарасы алдымен Никке қадалды, бірақ ол қайта өле алмайды гой... Хәрмиона мен Рәвенкло серкесін тапқанда олар айна ұстап тұрған. Хәрмиона құбыжықтың Аждаһа екенін білді. Ол алдынан шыққан бірінші адамды үгіттеп, бұрышты айнадан көрейік деп көндірген! Ана қыз айнасын шығарды, содан соң...

Рон аузын ашып, көзін жұмды.

– Миссис Норрис ше? – деді ол сыйырлап.

Хәрри Хәллоуин түніндегі оқиғаны есіне түсіріп, елестетті.

– Су... – деді ол ақырын. – Жылауық Миртлдің дәретхана-сынан су акқан. Миссис Норрис құбыжықтың судағы бейнесін көрген...

Қолындағы қағазды қайта ашты. Оны қайталап оқыған сайын сөзіне дәлел тапты.

– *Аждаһаның өзі әтеш шақырғанын естігенде мерт болады*, – деп дауыстап оқыды. – Хәгритдің әтештерін біреу қырып кеткен. Слизериннің мұрагері жасырын бөлмені ашқан соң барлық әтештің көзін құртқан! Өрмекшілер Аждаһадан қорқады! Бәрі сай кеп тұр!

– Қазір Аждаһа қамалда сайрандал жүрсе... – деді Рон. – Өте ұзын, алып жылан... Қалайша ешкім көрмейді...

Хәрри қағаздағы Хәрмионаның жазған ескертпесін түртті:

– Құбыр, – деді ол. – Құбыр... Рон, ол су құбыры бойымен жылжиды. Оның даусын қабырғадан естітінім содан екен гой...

Рон ойына бірдене түскендей, Хәрриді қолынан ұстай алды.

– Жасырын бөлмеге апаратын жол... Дәретхана шығар? – деді ол толқығаннан даусы дірілдеп. – Мүмкін ол...

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Жылауық *Миртл тұратын дәретхана*, – деді Хәрри.

Әздері ашқан жаңалыққа есі кеткен екеуі есендіреп отырды.

– Демек... Мектепте менен басқа тағы біреу – парсeltіл.

Сол – Слизериннің мұрагері. Сондықтан да Аждаһаға билігі жүреді.

– Енді не істейміз? – деп сұрады Рон көзі жанып. – Дереу Макгонагалға барайық па?

– Оқытушылар бөлмесіне кеттік, – деді Хәрри. – Он минуттан соң үзіліс болады, сол жерде күтейік.

Екеуі баспалдақпен төмен жүгірді. Дәлізде сенделіп көзге түспеу үшін дереу бос тұрған оқытушылар бөлмесіне барды. Бұл бір үлкен, ағаш тақтаймен қапталған бөлме еken, қабырға жағалай қара креслолар қойылған. Көңілі алабұртқан екі дос тыным тауып отыра алмай, ары-бері жүрді.

Бірақ қоңырау соғылмады. Оның орнына профессор Макгонагалдың сиқырлап күшеттілген даусы естілді:

– Оқушылардың бәрі дереу өз бөлмесіне барсын. *Мұғалімдер оқытушылар бөлмесіне жиналсын. Өтінемін, барынша жылдам қимылдаңыздар.*

Хәрри Ронға қарады:

– Тағы бір қастандық па? Қазір болған ба?

– Не істейміз? – деді Рон шошып. – Бөлmemізге барайық па?

– Жоқ, – деді Хәрри жан-жағына қарап. Сол жақта оқытушылардың мантиясы ілінген шкаф тұр еken. – Мынаған жасырынайық. Не болғанын есітіп алайық. Содан соң өз жаңалығымызды айтамыз.

Олар киім арасына жасырынып, төбеде тарсылдап келе жатқан аяқ дыбысына құлақ тұрді. Мантиялардың арасынан сығалап, оқытушылар бөлмеге кіргенін көрді. Біразы таңданып тұрса, қалғаны қорыққанын жасырмады. Бәрінің соңын ала профессор Макгонагал кірді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бөлмені шыбынның ызыңы естілердей тыныштық жайлады.

– Оқиға тағы қайталанды, – деді профессор Макгонагал. – Құбыжық бір оқушыны алып кетіпті. Жасырын бөлмеге кіргізіп алыпты.

Профессор Флитуик ішегін тартты. Профессор Спраут алақанымен аузын басты.

– Сенімдісіз бе? – деп сұрады орындықтың арқалығын шеңгелдеп алған Снейп.

– Слизериннің мұрагері жазу жазып кетіпті, – деді аппақ қудай болып кеткен профессор Макгонагал. – Бұрынғы жазудың астына жазыпты: «Оның сүйегі жасырын бөлмеде мәңгі жатады».

Профессор Флитуик көз жасына ерік берді.

– Ол кім? – деп сұрады мадам Хуч, орындыққа сылқ етіп отыра кетіп. – Қай оқушы?

– Жинни Уизли, – деді профессор Макгонагал.

Хәрри Ронның еденге үнсіз құлағанын байқады.

– Ертең оқушылардың бәрін үйіне қайтарамыз, – деді профессор Макгонагал. – Хогуартс жабылады. Дамблдор әркез айтатын...

Оқытушылар бөлмесінің есігі ашылды. Хәрри Дамблдор қайтып келді ме деп үміттене қарады. Бірақ бұл Локхарт еken, әдеттегідей ыржындалап кірді:

– Кешіріңіздер... мызғып алайын деп... неден құр қалдым?

Өзге оқытушылар өзіне тыжырына қарап тұрғанын байқа-маған сияқты. Снейп алға шықты:

– Міне, құтқаратын адам келді. Локхарт, құбыжық оқушы қызды тұтқынға алыпты. Жасырын бөлмеге әкеткен. Жұлдызыңыз жарқырайтын сәт туды.

Локхарт бозарып кетті.

– Шынымен, Гилдерой, кеше ғана жасырын бөлмеге

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

апаратын жолды білгенмін дедіңіз ғой? – деді профессор Спраут.

– Мен... иә, мен... – деп міңгірледі Локхарт.

– Онда қандай құбыжық тығылып жатқанын да білем дегенсін, – деді профессор Флитуик.

– Солай дедім бе? Есімде жоқ...

– Хәгрід тұтқындалғанда, құбыжықпен жекле-жекке шығуға үлгермей қалғаныңызға қатты өкінгеніңіз есімде, – деді Снейп. – Әу баста маған еркіндік бергенде, бәрін өзім істер едім деп, қапаланып жүрдіңіз.

Локхарт әріптестеріне жағалай қарап шықты, ешқайсы міз бақлады.

– Мен... Шынымен, ешқашан... Қате түсінген сияқтысыздар...

– Осы істі сізге тапсырамыз, Гилдерой, – деді профессор Макгонагал. – Бүтін кешке өнеріңізді көрсетіңіз. Ешкім сізге бөгет болмайды, уәде беремін. Құбыжықты жалғыз жеңетін сәт туды. Еркіндікті пайдаланып қалыңыз.

Локхарт жан-жағына жаутаңdap қараганымен, ешкімнің жүзі жыли қоймады. Бір кездегі сәні мен салтанатының журнағы да қалмағандай. Ерні дірілдеп, бұрынғы езуі жиыл-майтын күлкінің ізі де жоқ, әлсіз әрі дәрменсіз жан екені көрінді.

– Ж-ж-жақсы, – деді ол. – Мен... мен кабинетімде боламын, дайындалайын...

Соны айтты да, бөлмеден шығып кетті.

– Жарайды, – деді профессор Макгонагал қолын бір сілтеп. – Енді *anau* аяққа оралғы болмайды. Факультет декандары оқушыларға барып, болған жағдайды айтсын. Ертең таңертең Хогуартс экспресс оларды үйіне әкетеді. Бәріңіз бір де бір оқушы жатақханадан шықлағанын қадағалаңыздар.

Оқытушылар орнынан тұрып, бөлмеден шығып кетті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бұл Хәрридің өміріндегі ең жаман күн болса керек. Рон, Фред пен Жорж төртеуі Грифиндордың ортақ бөлмесінде отыр. Сөйлеуге ешкімнің зауқы жоқ. Перси қастарына келмеді. Әке-шешесіне үкі жіберді де, бөлмесіне кіріп, есігін жауып алды.

Уақыт тоқтап қалғандай. Грифиндордың ортақ бөлмесінде адам толы болса да, тып-тыныш. Күн батуға айналғанда үнсіздіктен қажыған Фред пен Жорж жасырын бөлмесіне кетті.

– Хәрри, ол бірдене білді, – деді Рон екеуі ұстаздар бөлмесіндегі киімнің арасынан шыққалы алғаш тіл қатып. – Сондықтан анау оны алып кетті. Перси айтқан ерсі әрекетке еш қатысы болмаса керек. Ол жасырын бөлме туралы білген. Сондықтан да анау оны алып кетті... – Рон көзін сұртті. – Әйтпесе отбасымыз тазақан сиқыршылар ғой. Басқа еш себеп жоқ.

Хәрри терезенің ар жағында күн жалқындана батып бара жатқанын көрді. Қиналғаннан жанын қоярға жер таппады. Осылай қол кусырып отыра бермек пе? Бірақ не істей алады?

– Хәрри, – деді Рон. – Қалай ойлайсың, ол әлі... өзің білесің ғой...

Хәрри не дерін білмеді. Жиннидің тірі қалуы екіталай еkenін екеуі де сезіп отыр.

– Маған бір ой келді, – деді Рон. – Локхартқа барайық. Көрген-білгенімізді айтайық. Ол жасырын бөлмені ашып көрмек қой. Бөлмеге кіретін жол мен Аждаһа туралы айтып берейік.

Хәрри дереу келісті. Бір әрекет жасау керек, мына жерде отыра берсе, ойдан жынды болатын түрі бар. Бөлмегедегі өзге грифиндорлықтар да қатты қайғырып әрі Уизлилерді аяп отырғандықтан, бұларға бөгет болмады. Екеуі портреттің саңылауынан өтіп сыртқа шықты.

Локхарттың кабинетіне жеткенде ымырт үйірілген еді. Бөлменің ішінде қызу дайындық жүріп жатқан сияқты.

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Әлдененің шиқылдаған, тарсылдаған дыбысы, біреу ары-бері жүргені естіледі.

Хәрри есікті қаққанда іштегі адам бір сәт тына қалды. Содан соң есік ашылып, Локхарттың басы қылтиды.

– Оу... Мистер Поттер... Мистер Уизли... – деді ол. – Қазір қолым бос емес... Тез-тез айтсаңыздар екен...

– Профессор, біз бір нәрсені білеміз, – деді Хәрри. – Оның сізге көмегі тиер.

– Мм... жарайды... корқатын ештеңе жоқ... – Локхарттың түрінен қатты ыңғайсызданып тұрғаны байқалады. – Айтайын дегенім... мм... жарайды...

Ол есікті ашты да, балалар ішке енді.

Кабинеттің астан-кестені шыққан. Еденде аузы ашылған екі үлкен шабадан тұр. Оның біріне Локхарт жасыл, көкшіл, көкпеңбек мантияларын асығыс тыға салыпты, екіншісіне кітаптары ретсіз салыныпты. Қабырғаға «сән беріп» тұрған суреттері енді үстелдің үстіндегі қорапқа тоғытылған.

– Жолға шықпақсыз ба? – деп сұрады Хәрри.

– Мм... иә... солай, – деді Локхарт, есіктің артына ілініп тұрған үлкен суретін алып, шыыршиқтап орап жатып. – Тез кел деп шақырды... бармасам болмайды...

– Ал менің қарындастым ше? – деп сұрады Рон даусы дірілдеп.

– Иә, қынжылтарлық жайт, – деді Локхарт шкафтағы заттарды сөмкесіне салып жатып. Өзі бұлардың жүзіне қараудан тайсақтады. – Қатты қапалымын, әрине...

– Сіз Зұлым сиқырдан қорғануды үйрететін оқытушысыз! – деді Хәрри. – Дәл қазір қалай кетпексіз? Қамалда небір сүмдүктар болып жатыр!

– Мен бұл жұмысқа келіскенде... жұмыс сипаттамасында ондай айтылмаған.. кім білген... – деп мінгірледі мантияның үстіне шұлықтарын салып жатқан Локхарт.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Сонда қазір қашып кетпекнісіз? – Хәрри сенер-сенбесін білмеді. – Мына кітаптың бәрінде сипатталған ерлігінізді көрсетпейсіз бе?

– Кітаптар адамды адастыруы мүмкін, – деді Локхарт міз бақпастан.

– Оны өзіңіз жаздыңыз ғой! – деп айғайлады Хәрри.

– Қымбаттым, – деді Локхарт Хәрриге тіке қарап. – Өзің ойланып көрші... Осында баяндалған ерліктің бәрін өзім жасадым демесем, кітапты ешкім сатып алмас еді. Тұтас бір ауылды құбыжықтан құтқарды десек те, кәрі армян сиқыршы туралы кітапты ешкім оқымас еді. Ұсқынсыз бейнесін мұқабаға қалай шығарасын? Киімі де олпы-солпы. Бандон Баншимен шайқасқан сиқыршы әйелдің иегінде сақалы бар болатын! Енді өздерің ойланып көріндер...

– Сонда сіз істемеген ерлікті істедім деп жазып, өзгелдердің еңбегін иемденіп кеттіңіз бе? – деп сұрады Хәрри көзі бақырайып.

– Хәрри, Хәрри! – деді Локхарт басын шайқап. – Оның өзі сен ойлағандай оңай іс емес. Әлбетте, мен де енбектендім. Бұлардың бәрін іздең таптым. Истеген ерлігін бүге-шігесіне дейін тәптіштеп сұрап алдым. Содан соң өткен өмірін есінен шығару үшін Ұмыттыру сиқырын жасадым. Ен жақсы менгерген өнерім де сол – Ұмыттыру сиқыры. Болды, Хәрри, жұмысым көп. Кітапқа қолтаңба беру, суретке шығу үшін де тер төгу керек. Данқты болғың келе ме – ұзақ әрі ауыр енбекке дайын бол.

Шабаданның аузын жауып, құлышын салды.

– Ал, бәрі бітті. Жоқ. Соңғы іс қалды.

Ол сиқыр таяқшасын шығарып, балаларға кезенді:

– Өкінішті-ақ, балалар, бірақ сендерге де Ұмыттыру сиқырын қолдануға мәжбүрмін. Әйтпесе менің құпиямды күллі әлемге жария етесіндер. Содан соң кітабымды ешкім сатып алмайды...

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри дереу өз сиқыр таяқшасын дайындағы. Локхарт енді сермей бергенде ол:

– Экспеллиармус! – деп үлгерді.

Локхарт біреу ұрғандай кейін серпіліп, шабаданың ар жағына ұшып түсті. Қолынан шығып кеткен сиқыр таяқшасын Рон қағып алды да, ашық тұрған терезеден лақтырып жіберді.

– Өз обалыңыз өзіңзге, Снейптен үйрендік! – деді де, Хәрри Лоқхарттың шабаданын итеріп жіберді. Локхарт төменнен сүмірейіп қарады. Хәрри оған кезеген таяқшасын түсірmedі.

– Не істе дейсіндер? – деді Локхарт үні әрең шығып. – Жасырын бөлменің қайда екенін білмеймін. Менен еш пайда жоқ.

– Бағыңыз бар екен, – деді Хәрри сиқыр таяқшасымен тұртіп, Локхартты орнынан тұруға мәжбүрлеп. – Оның қайда екенін білетін сияқтымыз. Сондай-ақ ішінде не жатқанын да білеміз. Кеттік.

Олар Локхартты кабинеттен алып шығып, баспалдақ-пен төмен түсті де, қараңғы дәлізді бойлай жүріп отырып Жылауық Миртлдің дәретханасына жетті.

Алдымен ішке Локхартты кіргізді. Хәрри оның үрейден қалтыраған түріне қарап күлкісі келді.

Жылауық Миртл түкпірдегі қуыста, суагарында отыр екен.

– Сенбісің? – деп сұрады ол Хәрриді көріп. – Тағы неменеге келдің?

– Қалай өлгенінді білгім келеді, – деді Хәрри.

Миртл өзгеріп сала берді. Бұрын-соңды ешкім оған мұндағы қызық саяул қоймаған сияқты.

– Ооо, өте қорқынышты болды, – деді ол тамсанып. – Тура осы жерде өлдім. Дәл осы қуыста. Бәрі есімде. Оливия Хорнби көзәйнегімді мазақтаған соң, осында келіп тығылғанмын.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Есікті іштен іліп алып жылап отырғам, біреулер кіргенін естідім. Олар бір қызық нәрсе айтты. Басқа тілде болса керек. Әйтеуір, сөйлеген адам ұл бала екенін білемін. Есікті аштым да, оған «қыздардың дәретханасынан шық» деп айтпақ болдым, содан соң... – Жылауық Миртлдің жүзі жайнап кетті, – өліп қалдым.

– Қалай? – деді Хәрри.

– Білмеймін, – деді Миртл ақырын. – Екі бақырайған үлкен сары көз ғана есімде. Бүкіл денем жоқ болып кеткендей, басқа жаққа үшқандай болдым... – Ол Хәрриге ойдана қарады. – Содан соң осында оралдым. Оливия Хорнбиден өш алғым келді. Көзәйнегімді мазақтағанына қалай өкінгенін білсөң...

– Көзді қай жерден көрдің? – деді Хәрри.

– Ана жақтан, – деді Миртл қуысқа қарсы тұрған қолжуғыш жақты мензеп.

Хәрри мен Рон ол көрсеткен жерге барды. Локхарт тізесі дірілдеп, шегіне берді.

Бір қарағанда бұл қолжуғыштың басқасынан еш айырмасы жоқ сияқты. Екеуі оның іші-сыртын мұқият тінтіп шығып, содан соң тәмен жағына үңілді. Сол кезде Хәрри мыс шүмектің біріне ойып салынған құрттай жыланның бейнесін байқады.

Шүмекті ашпақ болғанында Миртл:

– Бұл шүмектен ешқашан су ақпайтын, – деді.

– Хәрри, – деді Рон. – Сөйле. Жылан тілінде бірдене айт.

– Бірақ... – Хәрри сасқалақтап қалды. Осыған дейін екі рет парсeltілде сөйлепті, бірақ екеуінде де қарсы алдында тірі жылан тұрған. Ол кішкентай суретке қарап, оны шын жылан деп елестетуге тырысты:

– Ашыл!

Ронға қарап еді, досы басын шайқады:

– Ағылшынша айттың.

Хәрри қайтадан жыланның бейнесіне қарап, оның

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

тірі екеніне өзін сендіруге күш салды. Басын шайқап еді, шырақтың жарығымен жылан да қозғалғандай көрінді.

– Ашыл!

Бірақ аузынан сөз емес, түсініксіз ысыл шықты; шүмекке аппақ жарық түсті де, ол айнала бастады. Сәлден соң қолжуғыш орнынан қозғалды. Бірнеше рет айналып барып, кенет тәмен түсіп, жоқ болып кетті, оның орнында ересек адам еркін сыйытын үлкен ойық пайда болды.

Ронның ішегін тартқанын естіп, басын көтерді. Не істеу керегін ойлап біраз тұрды.

– Тәмен түсемін, – деді.

Дәл қазір ойланатын, айнитын сәт емес. Жасырын бөлмеге кіретін жолды тапты. Бәлкім, Жинни аман шығар, әлі де тірі шығар, оны құтқаруға болатын ең соңғы мүмкіндіктен қапы қалмау керек. Қаншалықты ессіз, сүмдық қауіпті болса да, осы қадамды жасауға тиіс.

– Мен де, – деді Рон.

Сәл үнсіздік орнады.

– Мм... менің қажетім жоқ сияқты... – деді Локхарт жымығансып. – Олай болса...

Ол қолын созып, есіктің тұтқасына апара бергенде Рон мен Хәрри сиқыр таяқшасын кезеді.

– Алдымен сіз түсесіз, – деді Рон тістеніп.

Өні ку шүберектей бозарған Локхарт қалт-құлт етіп, ашық тұрған ауызға жақындағы.

– Балалар, – деді ол жалынып. – Балалар, бұдан не пайда?

Хәрри сиқыр таяқшасымен арқасынан түртті. Локхарт құбырдың аузына аяғын салды.

– Шынымен де, бекер... – дей берген еді, Рон артынан итеріп жібергенде, тәмен домалай жөнелді. Одан кейін Хәрри түсті. Алдымен құбырдың аузына түсті де, шетінен ұстап тұрған қолын жазды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Таусылмайтын түпсіз, тайғақ әрі қараңғы сырғанақтан сырғанап келе жатқандай. Айналасында тармақталған құбырлар көп екен, бірақ ешбірі бұлар кірген құбырдай үлкен емес. Құбыр иректеліп төмендей берді, мектептен де, жертөледен де төмен түсіп кетті. Артындағы Рон құбырдың ирелен, бұралан бұрыштарына соғылып келе жатқанын дыбысынан сезді.

Хәрри жерге түскенде алдында не қутіп тұрғанын ойлап уайымдаپ келе жатқанда құбыр түп-түзу бола қалды да, бұлар тас үңгіржолдың дымқыл еденіне дүңк етіп түсті. Үңгірдің биіктігі адам бойындағы екен. Сөл алыс құлаған Лохарт қалтқұлт етіп орнынан көтерілді, түріне қарасаң елес пе дерсін, киімі де әбден былғанған. Рон да құбырдан топ етіп түскенде Хәрри кейін шегініп үлгерді.

– Мектептің астына бір шақырымдай түсіп кеттік-ау, – деді Хәрри. Қараңғы үңгіржолда даусы жаңғырып шықты.

– Тіпті көлдің астында шығармыз, – деді Рон шырыш басқан қабырғаларға көзін сыйғрайта қарап.

Ушеуі де қараңғыдан бір нәрсе көрмек болып, көзін сыйғрайтты.

– *Люмос!*

Сиқыр таяқшаның ұшынан жарық шықты.

– Жүріндер! – деді Хәрри Рон мен Лохартқа. Ушеуі дымқыл еденді шыптыладып, үңгіржолды жаңғыртып келе жатты.

Көзге тұртсе көргісіз қараңғыда таяқшаның жарығымен бір қадам жер ғана әрең көрінеді. Дымқыл қабырғаға түскен көлеңкелері төбеден төніп келе жатқан құбыжыққа ұқсайды.

– Есімізде болсын, – деді Хәрри ақырын, – қандай да бір қозғалыс байқасақ, дереу көзімізді жұмамызы...

Бірақ үңгіржолдың іші моладай тыныш еді. Әлдене сыйтыр ете қалғанда бәрі шошып кетті, сейтсе Рон тышқанның қанқасын басып кетіпті. Хәрри таяқшасын төмен түсіріп жерге қарағанда аяқ астында кішкентай хайуанның сүйегі

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

көп екенін көрді. «Жинниді тапқанда осындағы күйде болса қайтеміз» деген ой келіп, денесі тітіркеніп кетті. Жаман ойдан арылуға тырысып, үңгіржолдың қараңғы бұрылышына түсті.

– Хәрри, анда біреу бар... – Рон даусы дірілдеп, мұны иығынан ұстай алды.

Екеуі тоқтап, бұрышқа тесілді. Үңгіржолда кесе-көлденең әлдебір шиыршықтар жатыр екен. Өзі қозгалмайды.

– Ұйықтап жатқан шығар, – деді Хәрри сапарластарына қарал.

Локхарт қолымен бетін басып, көзін тарс жұмды. Хәрри әлгі нәрсеге тағы қарады, жүрегі тарсыладап соқты. Көзін барынша сығырайтып, тесілді, таяқшасын жоғары көтеріп, ақырын алға жылжыды.

Қасына барғанда ғана бұл жыланның өзі емес, жап-жасыл терісі екенін түсінді: түлеп тастаса керек. Мұны тастаған жыланның өзі кем дегендे алты метр болса керек.

– Сайтан алғыр! – деді Рон.

Кенет бір тосян дауыс естілді. Гилдерой Локхарт тізесі дірілдеп, жерге құлады.

– Тұр! – деді Рон таяқшасын кезеп.

Локхарт ақырын орнынан тұрды да, Ронды бас салып, аяғынан шалды.

Хәрри көмекке ұмтылған, үлгермеді. Локхарт Ронның таяқшасын бұларға кезеп, бойын тіктеп, кеудесін керді, бұрынғыдай тісін ақсита күліп тұр:

– Шытырман оқиға осымен аяқталды, балақайлар! Мына терінің бір тілімін мектепке апарып, біз жеткенше қыздың сау-тамтығы қалмағанын айтамын, ал екеуің оның талқандалған денесін көргенде қайғыдан есі ауып қалды деймін. Жадына қош бол де!

Ол Ронның сиқыр таспа оралған таяқшасын көтерді де:

– Обливиейт! – деп сермеп қалды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Кішігірім бомба жарылғандай дыбыс шығарып, таяқша тарс етіп атылды. Хәрри қолымен құлағын басып, жыланның терісінен аттай қашты, төбеден тас аралас құм сауылдап, еденге төгілді. Лезде жартасқа үқсайтын үйінді пайда болды.

– Рон! – деп айғайлады Хәрри. – Амансың ба? Рон!

– Мен мұнданым! – деп айғайлады Рон жартастың ар жағынан. – Аман-саумын. Мына жарымеске обал жоқ, таяқша оның жазасын берді.

Бірдене дүнк етті де, «ой!» деген дыбыс шықты. Рон Локхартты аяғынан тепсе керек.

– Енді қайттік? – Ронның үнінен шарасыздық байқалады. – Мынадан өте алмаймыз. Жұз жыл қазу керек шығар...

Хәрри үңгіржолдың төбесіне қарады. Оның да шытынанғаны байқалады. Мұндан алып жартасты бұзатын сиқырды бұлар әлі білмейді. Дәл қазір қателесуге болмайды, тасты жылжытам деп үйіндінің астында қалса қайтпек?

Тағы бір дүнк еткен дыбыс пен «ой!» деген дауыс естілді. Уақыт өтіп барады. Жиннидің жасырын бөлмеде жатқанына бірнеше сағат болды. Хәрри бірден шешімге келді. Басқа жол жоқ.

– Осында күт, – деді Ронға айғайлап. – Локхарт екеуің қалындар. Мен кеттім. Бір сағатта оралмасам...

Бөгеліп қалды, ар жағы айтпаса да түсінікті еді.

– Мен мына тастарды жылжытып, жол арши беремін, – деді Рон нық сөйлеуге тырысып. – Сен оралғанда өтетін жол жасаймын. Хәрри...

– Сәлден соң көрісеміз, – деді Хәрри даусындағы дірілді жасырмақ болып.

Жылан терісінен аттап өтіп, ары қарай жалғыз аттанды.

Біраз уақыт Ронның тас қопарып мықшындаған даусы естіліп тұрды. Үңгіржолда бұралаң көп екен. Хәрридің жүйкесі әбден шириқты. Жолдың соңына жеткісі де келеді, бірақ

ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

онда не күтіп тұрғанын ойлап тағы қорықты. Тағы бір бұрылыштан өткенде алдынан үлкен, тұтас қабырға шықты. Оған екі жыланның бір-біріне ширатылып өрілген бейнесі қашап салыныпты. Жыландардың көзінің орнында зұбержат тас қадалған.

Хәрри оған жақындағанда тамағы жұтындырмай құргап кетті. Тасқа қашалған жыландарды тірі деп елестетудің қажеті болмады, көзіне қарағанның өзі жеткілікті еді.

Хәрри не істеймін деп ойланып тұрмады. Тамағын қырнап еді, көздерге жан біткендей көрінді.

— Ашыл! — деді Хәрри ысылдап.

Жыландар екі ажырап, қабырға қақ жарылып, екі жаққа ысырыла ашылды. Аяқ-қолы дірілдеп, Хәрри ішке енді.

* * * * *

ОН ЖЕТИНШІ ТАРАУ

* * * * *

СЛИЗЕРИННІҢ МҰРАГЕРІ

Арғы шеті көрінбейтін ұзын әрі күңгірт бөлменің кіре беріс ауызында тұр екен. Бөлменің төбесін жылан бейнесі қашалған тас бағаналар тіреп тұр. Сығырайған шамнан түскен әлсіз жарықтан бағаналардың көлеңкесі бөлмені одан әрі ұзартып әрі жасыл түске боялғандай көрсетеді.

Жүргі атқақтап аузына тығылған Хәрри мұлгіген тыныштықтан күдіктеніп тұрды. Бағананың артында, қараңғы бұрышта Аждаға тығылып жатыр ма? Жинни қайда?

Сиқыр таяқшасын шығарып алып, жылан бейнесі қашалған бағаналардың арасымен алға жүрді. Эр қадамы көлеңке түскен қабырғадан жаңғырады. Көзін сығырайтып, сәл қозғалыс байқалса жұма қоюға әзірленді. Тас жыландардың қуыс көзі оны бақылап тұрған сияқты. Бірнеше рет алдыңғы жақта әлдене жыбырлағандай көрініп, бойы тітіркене берді.

Соңғы бағаналардың қасына жеткенде, қараңғы қабырғаға қарсы төбені тіреп тұрған мұсінді көрді.

СЛИЗЕРИННИЦ МҰРАГЕРІ

Хәрри мүсіндегі адамның бейнесін көру үшін мойнын созды. Бет-әлпеті маймылға ұқсайтын кәрі сиқыршы екен. Ұзын селдір сақалы мантиясының шалғайына жетеді, аяғы жылтыр тас еденді тіреген. Алып табанның астында біреу етпетінен жатыр. Қара мантия киген кішкентай адамның жириен шашы жалқындай көрінді.

– Жинни! – деп айғайлады Хәрри. Қызға жүгіріп барып, қасына тізерлеп отырды. – Жинни! Өлмеші! Өтінемін, өлмеші!

Сиқыр таяқшасын тастай салып, Жинниді иығынан ұстап аударып алды. Қыздың беті мәрмәр тастай аппақ болып кетіпті, бірақ көзі жұмұлы екен, демек, тасқа айналмаған. Олай болса...

– Жинни, өтінемін, ояншы, – деді Хәрри қызды жүлқылап. Жиннидің басы ары-бері шайқалғанымен, көзін ашпады. Біреудің жұмсақ даусы шықты:

– Ол оянбайды.

Хәрри селк етіп, басын көтерді де, жан-жағына қарады.

Ұзын бойлы, қара шашты бозбала ең жақын бағанаға сүйеніп, бұларға қарап түр екен. Бейнесі біртүрлі бұлышығыр, буланған әйнектің ар жағынан қарап тұргандай. Сонда да бозбаланы жазбай таныды.

– Том? Tom Реддл?

Хәрриге тесіліп қараған Реддл бас изеді.

– Ол неге оянбайды? – деп сұрады Хәрри қамығып. – Сонда ол... енді...

– Ол әлі тірі, – деді Реддл. – Бірақ сәлден соң демі үзіледі.

Хәрри оның бетіне қадалып қарады. Tom Реддл Хогуартста елу жыл бұрын оқыған. Бұлышығыр жарықта сағымдай болып алдында тұрган бозбала он алтыға жаңа толған сияқты.

– Сен елессің бе? – деп сұрады Хәрри.

– Естелікпін, – деді Реддл ақырын. – Елу жыл бойы күнде-лікте жаттым.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ол мүсіннің алып табанын нұсқады. Оның қасында Хәрри Жылауық Миртлдің бөлмесінен тауып алған қара күнделік жатыр екен. Хәрри күнделікті осы жерден көргеніне таңданды, бірақ әңгіме-дуken құратын уақыт жок, Жинниді тезірек алып шығу керек.

– Том, көмектесіп жіберші, – деді Хәрри Жиннидің басын көтеріп. – Оны мына жерден шығаруымыз керек. Аждаһа осы маңда жүр... Қазір қайда екенін білмеймін, бірақ кез келген сәтте жетіп келуі мүмкін. Өтінемін, көмектес...

Реддл қозғалмады. Хәрри мықшындал, терлеп жүріп Жинниді көтерді. Енді сиқыр таяқшасын алмаққа еңкейсе, тастаған жерінде жоқ болып шықты.

– Таяқшамды көрмедің бе?

Басын көтеріп қарады. Реддл әлі бұдан көз алмай қарап, ұзын саусақтарымен таяқшаны айналдырып тұр.

– Раҳмет, – деді Хәрри қолын созып.

Реддл езуін қисайты. Таяқшаны ары-бері тербелтіп, Хәрриге тесіле қарап тұра берді.

– Тыңдаши, – деді Хәрри шыдамы таусылып. Жиннидің салмағынан қолы талып, белі ауырды. – Мына жерден шығуымыз керек! Аждаһа келе қалса...

– Оны шақырмасақ келмейді, – деді Реддл ақырын.

Хәрри Жинниді бұдан әрі көтеріп тұруға шамасы жетпей, қайтадан еденге жатқызды.

– Неге олай дейсің? Сиқыр таяқшамды қайтар, ол маган керек.

Реддл мысқылдан күлді:

– Енді саған оның қажеті жоқ.

Хәрри оның бетіне қадалып қарады:

– О не дегенің? Қажеті жоғы қалай...

– Хәрри Поттер, осы сәтті қанша күткенімді білсен, – деді Реддл. – Сені бір көріп, сөйлессем деп армандағым.

СЛИЗЕРИННИЦ МҰРАГЕРІ

– Тыңдашы, – деді Хәрри шыдамсыздана. – Түсінбей тұрган сияқтысың. Біз жасырын бөлменің ішіндеміз. Кейін сөйлесейік.

– Жоқ, қазір сөйлесеміз!

Реддл ақсия күліп тұрып, Хәрридің таяқшасын қалтасына салып алды. Хәрри аузын ашып, оған тесіле қарады. Не болып жатқанын саралауға ақылы жетпей, дал болды.

– Жинни мұнда қалай кірді? – деп сұрады ақырын.

– Сұрағың орынды, – деді Реддл айызы қанғандай, – бірақ ол тым ұзақ хикая. Оның бәріне Жинни Уизлидің белгісіз біреуге бар құпиясын айтып, сырын ашқаны себеп болған сияқты.

– Кімді айтып тұрсың?

– Құнделік, – деді Реддл. – Менің күнделігім. Байғұс Жинни неше айдан бері маған бар сырын айтып, мұң шағып келді: ағалары өзін *мазақтайтынын*, мектепте біреуден қалған киімді киіп, ескі кітап ұстайтынын және (Реддлдің көзі ұшқын атты) аты мәшіхүр, сүйкімді, ақылды Хәрри Поттер өзіне ешқашан ғашық болмайтынын айтты...

Осының бәрін айтып тұрганда Реддл Хәрридің жүзінен көз алмады. Бейне бір аш қасқырдай жалмандарап қарайды екен.

– Эрине, он бір жастағы қыздың түкке тұрмайтын шалдыр-шатпағын тыңдалап біткенше зерігіп өлтүге болар еді. Бірақ мен шыдадым. Оған жауап жазып, аяушылық таныттым, мұнына ортақ болдым. Жинни мені жақсы көрді. «Том, мені ешкім сендей түсінген емес... Осындаі қүнделігім болғаны, оған сырымды айта алғатыным қандай жақсы... Сен менің қалтама салып жүретін ең сенімді досымсың...»

Реддл қарқылдап күлді. Қемейінен шыққан сұық, жіңішке дауыс түр-келбетіне мүлдем үйлеспейді екен. Хәрридің тәбе қүйқасы шымырлап кетті.

– Шынымды айтсам, Хәрри, өзіме керек адамдарды айтқа-ныма көндіріп, айдағаныма жүргізе алатын қасиетім бар.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Содан Жинни бейбақ маған жан сырын ашты, ал маған оның жаны керекеді. Оның еңасыл құпиясын, ең қатты қорқынышын білген сайын күшейіп, қуат жинадым. Қуатым артқаны сондай – мисс Уизлидің өзін он орап алатын болдым. Соның арқасында мисс Уизли менің кейбір құпиямды білді, менің жаным оған билік жүргізе бастады...

– Неге сандырақтап тұрсың? – деді тамағы құрғап кеткен Хәрри.

– Әлі ештеңе түсінген жоқпысың, Хәрри Поттер? Жасырын бөлмені ашқан – Жинни Уизли. Ол мектептегі әтештерді өлтірді, қабырғаға жүрттың зәресін алатын жазу жазды. Слизериннің жыланын төрт қарақан сиқыршы мен сквибтің мысығына сол айдал салды.

– Жо-о-ок....

– Иә, солай. Әлбетте, басында ол не істеп, не қойып жургенін өзі де білмеді. Қызықтың көкесі деп соны айт. Оның сол кездері күнделікке жазғанын оқысаң ғой... Сандырақ па дерсің...

– Қымбатты Том, – Реддл Хәрридің үрей тұнған жүзіне қарап қойып, күнделікті оқи жөнелді. – Есім ауыса бастаған сияқты. Мантияма әтештің қауырсыны жабысып қалыпты, оның қайдан келгенін білмеймін.

Қымбатты Том, Хәллоуин тұні не істегенімді өзім де білмеймін, бірақ біреу мысыққа тиісіні, ал менің киіміме қызыл бояу жүққан...

Қымбатты Том, Перси маған өнің бозарып, жүдеп барасың дей береді. Ол менен қудіктеніп журген сияқты... Бүгін тағы бір қастандық болды, ал мен ол кезде қайда болғанымды білмеймін. Том, мен не істеп журмін? Ақылымнан адасатын шығармын... Том, осы қастандықтың бәрін мен жасап журген сияқтымын!

Хәрри жұдырығын қатты түйгені сонша – тырнағы алақа на на қадалып, тесіп жібере жаздады.

СЛИЗЕРИННИҢ МҰРАГЕРІ

– Ақымақ Жинни күнделікке ұзак уақыт сеніп жүрді, – деді Реддл. – Бірнеше ай мен оны ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстадым. Біртіндеп ол маған құмәндана бастады. Күнделіктен құтылуға тырысты. Сол кезде сенімен таныстым, Хәрри. Күнделік сенің қолыңа түскенде қатты қуандым. Сені бір көріп, сөйлесуді қатты армандалап жүргенмін...

– Неге мені көруге құмарттың? – деп сұрады Хәрри. Тұла бойын қалшылдатқан ашуды жену оңай болмады.

– Жинни сен туралы көп нәрсе айтты, – деді Реддл. – Сенің таңғаларлық өміrbаяныңды баяндап берді. – Ол Хәрридің шекесіндегі тыртыққа қадалды, түрі бұрынғыдан да суып, көзінде өшпендейлік пайда болды. – Сені қайтсем де тауып, кездесуім керек екенін білдім. Сені қайтсем сендірем деп, әлгі делқұлы Хәгридті қалай ұстап бергенімді қаз-қалпында көрсөттім.

– Хәгрид – менің досым, – деді Хәрри дірледеп. – Сен оған жала жаптың! Осыған дейін қателесіп ұстап берді деп ойласам...

Реддл тағы жан түршіктіре қарқылдап күлді:

– Хәгрид екеуміз қатар сейлегенде кімнің сөзі өтімді деп ойладын? Байғұс шал Армандо Дипеттін түрін көрсөн ғой. Кедей, бірақ талантты сиқыршы, жетім әрі батыл, мектеп серкесі, үлгілі оқушы Том Реддл мен алып, епсіз, күнде бірденеге ұрынатын, төсегінің астына жасырып құбызық қасқыр бағатын, Тыйым салынған орманға барып, трольмен төбелесетін Хәгридті салыстырып көр. Шынымды айтсам, жоспарым мінсіз іске асқанына өзім де таңғалдым. Хәгрид Слизериннің мұрагері болуы мүмкін емесін біреу болмаса біреу аңғарса керек еді ғой. Өзім жасырын бөлме туралы бар деректі анықтап, оған кіретін құпия есікті табуға тұтас бес жыл жұмсадым! Хәгридтің оған миы да, күші де жетпес еді!

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Құбылтудан сабақ беретін Дамблдор ғана Хәгридтің жазықсыз екеніне күмәнданбады. Ол Дипетке жалынып жүріп, Хәгридті қорықшы етіп Хогуартста қалдырыды. Иә, Дамблдор аңғарымпаз еді. Басқа оқытушылар мен десе ішken асын жерге қоятын, ол болса іштей тіскініп жақтырмайтын...

– Дамблдор сенің сүмпайы екенінді бірден білген, – деді Хәрри тістеніп.

– Мүмкін... Хәгридті окудан шығарған соң мені көзінен таса қылмайтын болды, – деді Реддл немкүрайлы. – Мектепте жүргендеге жасырын бөлмені тағы ашуға болмайтынын түсіндім. Бірақ оны іздеуге кеткен сонша уақыттым рәсуа болмақ па? Сондықтан он алты жастағы бейнемді сақтаған күнделік қалдырыдым. Күндердің қуні, реті келгенде, біреу осы шаруаны қолға алып, Салазар Слизериннің игі ісін жалғастырады деп сендім.

– Бекер әуре болыпсың, – деді Хәрри масаттанып. – Ешкім өлген жоқ, тіпті мысық та тірі. Біраздан соң мандрагорадан жасалған ішірткі дайын болады, қатып жатқандардың бәрі қайтадан қалпына келеді.

– А, әлі айтпадым ба? – деді Реддл ақырын. – Қазіргі мақсатым маглдан туган қарақан сиқыршыларды өлтіру емес. Бірнеше айдан бері тек сені қолға түсіруді армандағым.

Хәрри оның бетінен қадалып қарады.

– Күнделікке сен емес, қайтадан Жинни жазу жаза бастағанда қалай ашуланғанымды білсөң ғой. Ол күнделікті сен алғаныңды біліп, шошып кеткен. Оның қалай әрекет ететінін тауып алып, құпиямды біліп қояды деп қорықкан. Одан да сүмдіғы, әтештерді кім қырып кеткенін айтып беруім мүмкін ғой. Ақымақ қызы сенің жатын бөлменде ешкім жоқта барып, күнделікті үрлап кеткен. Бірақ мен не істей керегін білдім. Сен Слизериннің мұрагері кім екенін анықтауға таяп қалдың.

СЛИЗЕРИННИҢ МҰРАГЕРІ

Жиннидің сөзінен құпияның кілтін табу үшін ештеңеден тайынбасынды түсіндім, оның үстіне ең жақын досыңың біріне қастандық жасалған. Парсeltілде сөйлей алады екенсін, бүкіл мектеп соны айтып, гүлдеп жүр...

Сейтіп, Жинніге қабырғаға қоштасу сөз жазғызып, өзін осында түсірдім. Ол қарсыласып, айғайлап жылап, әбден мазамды алды. Бірақ оның өмірі аз қалды: күнделікке, яғни маған көп күш берді. Соның арқасында күнделіктен шығып, алдыңда тұрмын. Осында келгелі сені күттім. Келетінінді білдім. Хәрри Поттер, саған қоятын көп сауалым бар.

– Не сауал? – деп сұрады Хәрри жұдырығын түйіп.

– Алдымен, – Реддлдің езуінде зымиян күлкі ойнады, – ерекше сиқыр талантты жоқ бала арғы-бергі замандағы ең мықты сиқыршыны қалай женді? Қалайша сен шекене тыртық түсіп қана құтылдың, ал Лорд Волдеморт күші сарқылып, қашып кетті?

Комағай көзінде сүмдышқылт ұшқын пайда болды.

– Қалай құтылғанымды қайтесің? – деп сұрады Хәрри ақырын. – Сен мектепте оқып жүргенде Волдеморт болған жоқ кой...

– Волдеморт... ол – менің өткенім, бүтінім һәм болашағым, Хәрри Поттер...

Ол қалтасынан Хәрридің сиқыр таяқшасын шығарып, ауада жалтырап көрінетін үш сөз жазды:

ТОМ МОРВОЛЕН РЕДДЛ

Жазып болып, таяқшаны сермен қалғанда, әріптер орын ауыстырып, жаңа сөздер пайда болды:

МЕН – ЛОРД ВОЛДЕМОРТ

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Көрдің бе? – деді сыбырлап. – Хогуартста оқып жүргенде-ақ өзімді осылай аттайтынмын, әрине, мұны ең жақын достарым ғана білетін. Жексүрын магл әкемнің есімін өмір бойы алып жүреді деп ойладың ба? Ұлы нағашым Салазар Слизериннің үрпағымын! Бойымда оның асыл қаны ағып жатыр! Ал әлгі оңбаған магл өмірге келмей тұрғанда-ақ мені тастап кеткен! Неге дейсің гой? Әйелі сиқыршы болғаны үшін! Жоқ, Хәрри. Мен өзіме жаңа ат қойдым, күндердің күні, әлемдегі ең мықты сиқыршыға айналғанымда өзге сиқыршылар оны дауыстап айтуда қорқатынын білдім!

Хәрридің басы біреу қос қолдап қысқандай зырқыллады. Ол Реддлге бажайлай қарады... жетім қалған бала, бір күні өсіп Хәрридің ата-анасын, басқа да көп адамды өлтірді... Әрен дегенде тіл қатты.

– Бола алмадың, – деді даусынан жек көру мен жиіркену қатар естіліп.

– Нені айтасың? – деп сұрады Реддл ызбарлана.

– Әлемдегі ең мықты сиқыршыға айналмадың. Қапа болатыныңды білсем де айтайын, әлемдегі ең ұлы сиқыршы – Албус Дамблдор. Оны бәрі біледі. Күш-қуатың бабында кезінде де Хогуартсты бағындыра алмағансың. Мектепте оқып жүргенінде ол сенің шынайы табиғатынды білді. Қазір қайда тығызып жүрсөн де, одан қатты қорқасың.

Реддлдің түрі бұзылып кетті:

– Дамблдорды менің естелігім қамалдан қуып шықты! – деді ысылдап.

– Ол алысқа кеткен жоқ! – деп дауласты Хәрри. Өз сөзіне өзі сенбесе де, Реддлді қорқыту үшін айта салды.

Реддл аузын аша бере тосылып қалды.

Бір жақтан әуен естілді. Реддл бөлменің ішін барлай қарап шықты. Әуен жақындай түсті. Аса мұнды әрі жүрек тебірентер әуезді екен. Оның үнінен Хәрридің жүйкесі босап, жүрегі

әдептегі күйінен екі есе ұлғайғандай кеудесіне сыймай атқақтады. Сәлден соң оған әуен басқа жақтан емес, өзінің кеме-йінен шығып жатқандай көрінді. Сол кезде ең жақын бағаның басынан ұшқын шашырады.

Тұрқы ақкуға ұқсайтын жалқын түсті құс көрінді, ғажайып әуен соның көмейінен шыққан екен. Алтындај жылтыраған қүйрығы тауыстікіндей. Алтын түстес тырнағына бүріп ұстаған бір заты бар.

Құс Хәрриге ұшып келді. Тырнағындағы затты оның аяғына тастай салды да, өзі иығына қонды. Құс қанатын жиганда Хәрри жоғары қарап, алтын түстес тұмсығы мен моншақтай қара көзін көрді.

Құс әнін аяқтап, Реддлге қадалып қарады. Хәрридің бетін жылу шарпыды.

- Феникс қой... – деді Реддл де құсқа тесіле қарап.
- Фоукс? – деді Хәрри қуана сыбырлап! Құс алтын түстес тырнағымен ақырын иығын бүрді.
- Ал мынау, – деді Реддл Фоукс тастаған затқа қарап, – мынау әлгі ескі Білгіш қалпақ қой.

Соның өзі екен. Сан мәрте жамалған, сыбағысқан кір қалпақ Хәрридің аяғының астында жатты.

Реддл қайтадан қарқылдан күлді. Даусы қатты шыққаны сондай – бөлмеде он Реддл тұргандай жаңғырды.

– Дамблдор саған көмекке не жібергенін қарашы! Әнші құс пен ескі қалпақ! Хәрри Поттер, бойына қуат күйилді ма? Енді өзіне еш қауіп жоқ деп ойлайсың ба?

Хәрри үндемеді. Фоукс пен Білгіш қалпақтан не пайда барын өзі де білмеді. Әйтеуір, жалғыз емес екені дәтке қуат. Енді ол Реддлдің күлкісін тыйғанын күтті.

– Іске көшейік, Хәрри, – деді Реддл ыржып. – Сенің өткенің мен менің болашағымда осыған дейін екі рет кездесіппіз. Екеуінде де сені өлтіре алмаппыш. Қалайша аман қалдың?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Бәрін айтып бер. Негұрлым ұзақ сөйлесен, тірі қалу мүмкіндігін де соғұрлым көбейеді.

Хәрри ойша екеуінің мүмкіндігін сараптады. Реддлдің қолында сиқыр таяқша, Хәрридің қолында Фоукс пен Білгіш қалпақ бар, бірақ шайқаста ол екеуінен не пайда? Жағдай киын. Реддл осында қанша ұзақ тұрса, Жиннидің күші де сонша сарқыла бермек... Осы кезде Хәрри Реддлдің бұрынғыдан бұлынғыр елес емес, қанығып, адам қалпына келе бастағанын байқады. Екеуі шайқасатын болса, дәл қазір бастағаны жөн.

– Мені өлтіруге неліктен шамаң келмейтінін ешкім білмейді, – деді шорт кесіп. – Өзім де білмеймін. Бірақ мені неге *өлтіре алмай* кеткенінді білемін. А남 мені құтқарам деп опат болды. Менің қарапайым *маглдан туған қарақан* а남, – деді ол бойын билеген ашудан қалтырап, – сенің жолынды бөгеді. Былтыр сенің қазіргі түрінді көрдім. Қаусаған сүйексің. Тірі өліксің. Күшің жеткен жері сол екен. Қазір қашып, бас сауғалап жүрсің. Ұсқынсыз елессің!

Реддлдің түрі бұзылып кетті. Содан соң зәндемі күлкімен мысқылдай күлді:

– Солай де. Анаң сені қорғаймын деп қаза тапты ма? Иә, ол ете қуатты қарсы сиқыр. Мен ойлағандай емес, елден ерекше түгің жоқ екен. Білесін бе, басында таңғалғам. Хәрри Поттер, екеуміздің арамызда таңғаларлық ұқсастық бар. Оны байқаған шығарсың. Екеуміз де шалақан сиқыршымыз, жетімбіз, маглдар асырап бақсан. Слизериннен кейін Хогуартста оқыған парсeltіл де екеуміз ғана шығар. Тіпті *түріміз* де ұқсайтындаі... Бірақ... сенің аман қалуың кездейсоқ сияқты. Білгім келгеннің бәрін білдім.

Хәрри қалтырап, Реддлдің сиқыр таяқшаны көтергенін күтті. Бірақ жауының жүзінде зымиян күлкі ойнады:

– Ал, Хәрри, қазір бір кереметке күә боласың. Салазар Слизериннің мұрагері Лорд Волдеморт пен әйгілі Хәрри

СЛИЗЕРИННИҢ МҰРАГЕРІ

Поттер бір-бірімен шайқасады! Дамблдор берген тамаша қаруың бар ғой.

Ол Фоукс пен Білгіш қалпаққа мысқылдай қарады да, бағанаға қарай журді. Тұла бойын үрей билеген Хәрри Реддлдің биік бағаналар арасында тоқтай қалып, ала көлеңкеде әрен қөрінетін Слизериннің тас бетіне қарап тұрганын көрді. Реддл аузын ашып, ысылдады. Хәрри оның не айтқанын тусінді.

– *Хогуартстың төрт ұстазының ішіндегі ең мықтысы Слизерин, менімен сөйлесші!*

Хәрри мұсінді толық көру үшін сәл шегінгендे, иығында отырған Фоукс ақырын тәңседі.

Слизериннің жалпиган тас беті қозғалды. Хәрри оның аузы ашылып, үлкен қара ұңғірге айнала бастағанын көріп, тәбе шашы тік тұрды.

Ұңғірдің ішінде әлдене бар сияқты... Енді ирелендер аузынан шығып келеді.

Хәрри жасырын бөлменің қабырғасын тесіп өткісі келгендей жанушыра шегіне берді де, көзін тарс жұмып алды. Иығындағы Фоукс ұшып кетті. Хәрри «мені тастамашы!» деп айғайлағысы келген, бірақ феникс жылан патшасына қарсы тұра алсын ба?

Зілдей ауыр әлдене еденге дүңк етіп түскенде, жер дірілдегені сезілді. Не болып жатқанын жан-журегімен сезіп тұрды, алып жылан Слизериннің аузынан шыққанын көрмесе де, көргендей болды. Реддл тағы да жылан тілінде ысылдап:

– Оны өлтір! – деп бұйырды.

Аждаға Хәрриге қарай жылжыды, ауыр денесінің еденде сырғып келе жатқан дыбысын сезді. Кезін ашпаған күйі Хәрри қабырға жағалай, басы ауған жаққа жүтіре жөнелді. Реддл қарқылдан күлді...

Хәрри сүрініп, тас еденге құлады. Аузына қан толды. Жылан қол созым жерде сияқты, жақындал қалғанын сезді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Дәл тәбесінен бірдене жарылғандай тарс еткен дыбыс шықты, әлдене Хәрриді күшене ұрып, қарсы қабыргаға шаптай салды. Жыланның улы тісі денесіне қадалатын сөтті күтіп жатты... Бірақ ысылдаған дыбыс күшіне берді, бағаналарды тарсылдатып біреу ұрып жатқандай...

Бұдан ары шыдай алмады. Айналада не болып жатқанын көру үшін көзін сәл ашты.

Терісі жасыл, жылтыр, өзі еменнің діңіндей жуан, алып жылан әуеге шаншила көтеріліп, басын бағаналар арасында қақшитып түр екен. Өзіне қарай бұрылса, көзін жұма қоюға әзірленген Хәрри жыланды не бөгегенін көрді.

Фоукс жыланның тәбесінде шыр айналып ұшып жүр. Аждаға құсқа қылыштай өткір азын қадамақ болып, тарпа бас салмақ. Фоукс құлдилай ұшты. Ұзын тұмсығын шанши төнгені байқалды, сәлден соң еденге қою қара қан лықсып төгілді. Жылан құйрығын тоқтаусыз шайқап, Хәрриді қағып кете жаздады. Ол жалт бұрылғанда, Хәрри көзін жұмып үлгермеді. Еріксіз жыланның басына қарады... бірақ бадырайған сары көздің орны үңірейіп бос қалыпты... Феникс жыланның көзін ағызып жіберіпті. Еденді қан жауып, жанына батқан аурудан жылан ары-бері тенселді.

– *Жоқ!* – деп шыңғырды Реддл. – *Құсқа алданба! Таста оны! Бала артыңда түр!* *Иісін сезесің ғой!* *Өлтір оны!*

Соқыр, бірақ әлі де қатерлі жылан тенселіп, жан-жаянан ііс тартты. Фоукс қайтадан жүрек тербейтін мұңды әуенге басты, қалықтап ұшып жүріп Аждаһаны тұмсығынан шоқып келеді. Шұңірейген көздің орнынан қан сорғалап түр.

– Көмектесіндерші, – деп сыйырлады Хәрри ышқынып, – өтінемін, көмек керек!

Жылан қайтадан құйрығымен еденді ұрды. Хәрри қашып үлгерді. Бетіне бір жұмсақ нәрсе тиді.

Аждаға құйрығын сермегенде, екпінімен Білгіш қалпақты ұшырып, Хәрридің қолына кеп түсірді. Хәрри оны құшағына қысты. Бұдан басқа ештеңе қалмады, бір көмек болса – осыдан болар. Қалпақты басына кие бергенде жылан құйрығын тағы сермеп, Хәрриді еденге құлатты.

«Көмектесші... көмектесші...» деп ойлады ол көзін жұмып.

«Өтінемін, көмектесші».

Ешкім жауап қатпады. Оның орнына қалпақ біреу қатты қысқандай бүктетіле қалды.

Хәрридің төбесіне өте қатты әрі ауыр нәрсе тарс етіп тиғенде көзінің оты жарқ етті. Қалпақты шешіп тастамақ болып қолын созғанда, түбінде ұзын әрі қатты зат бар екенін байқады.

Қалпақтың ішінен балдағына жұмыртқадай лағыл тастар қадалған жарқыраған күміс семсер шықты.

– *Баланы өлтір! Таста оны! Бала артыңда тұр! Иіскесенші!*

Хәрри бойын тіктең, дайын тұрды. Аждаға ұзын денесін ирелендетіп, басын төмен салып, Хәрриге бетпе-бет келді. Бала қан тамшылаған қос көздің қуысын, өзін тұтас жұта салуға әзір арандай ашылған ауызды көрді. Улы азу тісі өткір, ұзын қылыш сияқты жіп-жіңішке... Жылан бала тұрған жерді шамалап атылды. Хәрри жалт бұрылғанда ол қабырғаға соғылды.

Қайтадан атылды да, айыр тілімен Хәрридің бүйірін жанап етті. Хәрри семсердің сабын ұстал, жоғары қос қолдай көтерді.

Аждаға тағы ұмтылды. Бұл жолы мұлт кетпеді. Хәрри ышқынып барып семсерді аждаһаның таңдайына қадады да, толғай итерді.

Сол кезде қолынан жылы қан ақты, қары аши жөнелді. Аждаһаның ұзын әрі өткір улы тісі қарына терендей кіріп барады. Жылан шарқ ұрып жерге құлағанда азу да сынып түсті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Хәрри қабырғаға сүйеніп отыра кетті. Денесіне у тарап бара жатқанын сезіп, азу тісті екінші қолымен суырып алды. Бәрібір ұлгермеді. Жаралы қолы шоқ басқандай солқылдады, сол ауру бүкіл денесіне тарап барады. Тісті тастай салып, мантияға төгілген қанына қарады, басы айналып, көзі қарауытты. Бөлменің іші шыр айналып дөңгеленіп бара жатыр...

Кызылт бірдене қолбен ете қалды, Хәрри феникс қасына келгенін сезді.

– Фоукс... – деді Хәрри қырылдаپ, – саған ешкім жетпейді... жарайсын...

Құс сұлу басын иіп, аждаһаның тісі тиген жарага еңкейді.

Тықылдаған аяқ дыбысы естіліп, дәл алдына келген көлеңкені көрді.

– Өлесің, Хәрри Поттер, – деді Реддл. – Енді өлесің. Оны Дамблдордың құсы да біледі. Поттер, ол не істеп отырғанын білемісің? Жылап отыр.

Хәрри көзін ашты. Фоукстың басы алыстан сағымдана көрінгендей. Жарқыраған қауырсын арасынан інжу моншақтар төгіліп жатыр.

– Осы жерде отырып, қалай өлгенінді көремін, Хәрри Поттер. Асықпа. Мен де асықпаймын.

Хәрриді үйқы қысты. Айналаның бәрі тербеліп тұрғандай.

– Әйгілі Хәрри Поттердің ақыры осылай болды. – Реддлдің даусы алыстан талып естілді. – Жасырын бөлмеде, жападан-жалғыз өлді... Достары оны тастап кетті... Түнек лордына қарсы шығып несі бар еді... Сәлден соң маглдан туған қарақан анаңмен қауышасың, Хәрри... Ол саған он екі жыл өмірді қарызға әперді... бірақ Лорд Волдеморт керегін алды, өзің білесің ғой, ол есесін жібермейді.

«Өлім деген соншалықты қорқынышты емес екен» деп ойлады Хәрри. Колының ауырғаны басылды...

СЛИЗЕРИННИң МҰРАГЕРІ

Шынымен өлді ме? Қара түнек сейіліп, бөлменің іші бұрынғыдай анық көрінді. Хәрри басын шайқады, Фоукс өлі қасында еңкейіп, қолына төніп отыр екен.

Інжу моншақтай көз жасы жараның маңында жарқырайды, бірақ жараның өзі көрінбейді.

– Эй, құс, ары кет! – деп баж ете қалды Реддл. – Кет әрмен!
Кет дедім ғой!

Хәрри басын көтерді. Реддл Хәрридің сиқыр таяқшасын құсқа қаратса сермегендे, мылтық атқандай дыбыс шықты да, Фоукс ұшып кетті.

– Феникстің көз жасы... – деді Реддл Хәрридің қолына қарап. – Әрине... мың да бір дөртке дауа... Ұмытып кетіппін...
– Хәрриге қарады. – Жарайды, одан ештеңе өзгермейді. Бетпе-бет шайқасқанға не жетсін. Екеуміз ғана, Хәрри Поттер... сен және мен...

Ол сиқыр таяқшаны көтерді.

Осы кезде Фоукс екеуінің төбесінде шырапйналып, Хәрридің тізесіне әлдене тастады: *күнделік екен*.

Бір сәт екеудің бірдей (Реддл сиқыр таяқшаны көтерген күйі) күнделікке қарап қалды. Хәрри ойланып жатпастан, түйсігімен сезгендей, қасында жатқан Аждаһаның азу тісін ала салып, күнделіктің дәл ортасына қадады.

Қүйқаны шымырлататын азы, қорқынышты айгай естілді. Күнделіктен төгілген сия Хәрридің қолына құйылып, еденге акты. Реддл бүкіттептіліп, ширатылып, қолымен ауаны қармана берді, жанталаса шыңғырды, содан соң...

Жоқ болып кетті. Хәрридің сиқыр таяқшасы тырс етіп еденге түсті. Бөлме іші тып-тыныш бола қалды. Тыныштық... тек күнделіктен сияның *тырс-тырс* тамғаны ғана естіледі. Аждаһаның уы оны күйдіріп тесіп өтіпті.

Бойының дірлін әрең басқан Хәрри орнынан тұрды. Жаңа ғана Ұшыратын ұнтақпен ұшып келгендей басы айналды.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Ақырын қымылдап, сиқыр таяқшасы мен Білгіш қалпақты алды. Аждаһаның аузындағы семсерді балдағынан ұстап, еппен суырып шығарды.

Бөлменің аргы басында біреу ыңқылдады. Жинни қозғалды. Хәрри жеткенде ол басын көтеріп отыр екен. Аң-таң болып, өлі Аждаһаға бір, Хәрриге бір қарады, қанға боялған мантиясы мен қолындағы күнделікті көрді. Күнделікке қараған бетте тұла бойы дір ете қалған қыздың көз жасы көл болды:

– Хәрри... Хәрри... таңғы аста бәрін айтпақ болғам, бірақ мен... Персидің көзінше *айта алмадым*. Осының бәрін *мен істедім* Хәрри, бірақ ант етейін... әдейі емес... Реддл мені айтқанына көндірді... қарсы тұра алмадым... сен ананы қалай өлтірдің? Реддл қайда? Соңғы көргенімде ол күнделіктен жана шыққан...

– Біз жеңдік, Жинни, – деді Хәрри. Күнделікті көтеріп, ортасындағы үнірейген тесікті көрсетті. – Реддлдің көзін құрттық. Қара! Ол да, *Аждаға* да өлді. Жүр, Жинни, мына бөлмеден шығайық...

– Мені оқудан шығаратын болды ғой, – деп жылады Жинни, Хәрридің көмегімен орнынан тұрып жатып. – Билл оқуға түскелі мен де Хогуартста оқысам деп армандал едім, енді... мектептен кетемін... *әкем мен анамның көзіне қалай көрінem?*

Жасырын бөлменің аузында бұларды Фоукс күтіп тұр екен. Хәрри Жинниді алға жіберді, екеуі өлі Аждаһадан асып өтіп, қараңғы дәлізді жаңғыртып журіп үнгіржолға жетті. Тас есіктер артынан біртіндеп жабылып жатты.

Қараңғы үнгірде біраз жүрген соң Хәрри тастың тарсылдағанын естіді, Рон әлі жол аршып жатса керек.

– Рон! – деп айғайлады Хәрри. – Жинни аман-есен! Қасымда келе жатыр!

Ронның қуанышты даусы естілді, сәлден соң өзі көрінді. Тас үйіндісін аршып, әжептәуір саңылау жасалты.

СЛИЗЕРИННИҢ МҰРАГЕРІ

– Жинни! – Рон қарындасына қолын созып, саңылаудан өткізді. – Тірі екенсің ғой! Құдайға шүкір! Не болды?

Құшақтамақ болып еді, Жинни еңіреп жылап, ағасына қарай алмады.

– Бастысы, өзің амансың, Жинни! – деді Рон күлімдеп. – Бәрі бітті... мына құс қайдан шыққан?

Жинниден кейін саңылаудан Фоукс өтті.

– Дамблдордың құсы, – деді Хәрри саңылаудан өтіп жатып.

– Мәссаған, *семсерді* қайдан алдың? – деп таңданды Рон Хәрридің қолындағы жылтыраған қаруға қарал.

– Мына жерден шыққан соң түсіндіремін, – деді Хәрри Жинниге көз тастап.

– Бірак...

– Кейін айтам, шыда, – деді Хәрри. Ронға жасырын бөлмені кім ашқанын дәл қазір, Жиннидің көзінше айтқысы келмеді. – Локхарт қайда?

– Мына жақта, – Рон ыржып, басымен құбыр жақты нұсқады. – Жағдайы мәз емес. Өзің көрши.

Жалқын қанаты қараңғы дәлізге жарық шашып, Фоукс балалардың алдына түсіп ұшты. Үшеуі құбырдың аузына келді. Гилдерой Локхарт мұрын астынан ыңылдалап, жайбарапақт отыр екен.

– Өткенін ұмытып қалды, – деді Рон. – Ұмыттыру сиқыры әсер етті. Бізге емес, өзіне тиіпті. Өзінің кім екенін, қайда отырғанын білмейді, бізді де танымайды. Осы жерде отырып күт дедім. Өзіне өзі қауіпті.

Локхарт бұларға қуана қарады:

– Сәлем! Біртүрлі жер екен, иә? Осында тұрасындар ма?

– Жоқ, – деді Рон. Хәрриге қарап, «көрдің бе?» дегендей қасын керді.

Хәрри еңкейіп, ұзын әрі тас қаранғы құбырға қарады.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Мынадан қалай шығамыз, амалын таптың ба? – деп сүрады досынан.

Рон бас шайқады. Фоукс Хәрридің қасынан өтті де, бала-лардың алдына ұшып шықты. Қараңғыда моншақтай көзі жарқырап, бірдене айтқысы келетіндей. Құйрығындағы алтын түстес қауырсынын желпіді. Хәрри оған ойланған қарады.

– Саған құйрығымнан ұста деп тұрған сияқты... – деді Рон күмілжіп. – Бірақ оған ауырсың ғой, көтере ме екен...

– Фоукс – ерекше құс, – деді Хәрри. – Біз бір-бірімізден ұстап, тізбек құрайық. Жинни, Ронның қолынан ұста. Профессор Локхарт...

– Саған айтады, – деді Рон Локхартқа қарап.

– Жиннидің екінші қолынан ұстаныз.

Хәрри семсер мен Білгіш қалпақты белдігіне қыстырды. Рон Хәрридің мантисының етегіне жармасты, Хәрри Фоукстің ып-ыстық қауырсынын қармап ұстады.

Денесі де қауырсындағы женіл болып кеткендей. Сәлден соң бәрі тізбектеліп, құбырды бойлай жоғары көтеріліп бара жатты. Хәрри төменде Локхарттың:

– Керемет! Ғажап! Сиқыр десе болғандай! – деп шаттанып сөйлегенін естіді.

Салқын ая Хәрридің шашын желпіп, сергіп қалды. Осылай ұшқан өзіне қатты ұнады... Бірақ сапар ұзаққа созылмады, сәлден соң төртеуі Жылауық Миртлдің дәретханасынан шықты. Локхарт қалпағын түзеп жатқанда құбырдың аузы сарт етіп жабылып, қолжуғыш бұрынғы қалпына келді.

Миртл бұларға таңдана қарады.

– Тірі екенсің ғой, – деді Хәрриге қынжыла қарап.

– Ренжігеніңе жол болсын, – деді Хәрри, көзәйнегіне жабысқан қан мен шырышты сүртіп.

– Жоға... Бір жоспарым болған. Сен өліп қалсан, осы дәретханада бірге тұрсақ па дегем, – деді Миртл төмен қарап.

СЛИЗЕРИННИҢ МҰРАГЕРІ

– Мәссаған! – деді Рон дәлізге шыққанда. – Хәрри! Миртл
саған ғашық болып қалыпты! Жинни, бұл жолы сен жеңдің!

Бірақ Жинни әлі солқылдан жылап келе жатты.

– Қайда барамыз? – деп сұрады Рон.

Хәрри дәлізді жарыққа бөлеп үшып бара жатқан Фоуксті нұскады. Олар құстың артынан жүріп отырып, сәлден соң профессор Макгонагалдың кабинетіне келді.

Хәрри есік қағып, бәрі ішке кірді.

ОҢ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

* ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ *

Е сік ашылғанда үсті-басы алқам-салқам, балшық, шырыш жүққан (Хәрридің киімі қанға былғанған) төртеуін көргенде іштегілер бір сәт үнсіз қалды. Содан соң біреу шыңғырып жіберді.

– Жинни!

Алауошақтың алдында жылап отырған миссис Уизли екен. Мистер Уизли екеуі атып тұрып, қызына жанұшыра үмтүлді.

Хәрри олардың артында тұрған адамдарға қарады. Алауошақтың жанында профессор Дамблдор күлімсіреп тұр. Қасындағы профессор Макгонагал жүрек тұсын басып алған, қинала тыныстыайды. Фоукс қанатын судырата ұшып барып, Дамблдордың иығына қонды. Миссис Уизли Хәрри мен Ронды кезек-кезек құшағына қысты:

– Оны құтқардыңдар! Аман екен! Қалай аман қалды?
– Бәріміз де соны білгіміз келеді, – деді профессор Макгонагал ақырын.

Хәрри миссис Уизлидің құшағынан шықты да, бір сәт толқып тұрып, үстелдің үстіне Білгіш қалпақ пен лағыл балдақты семсерді және Реддлдің күнделігінің қалған тамтығын қойды.

Содан соң болған жағдайды баяндағы. Ол сөйлегенде өзгелер әр сөзін қалт жібермей үнсіз тыңдады: әлдебір дыбысты естігенін, бірақ иесін көре алмағанын; Хәрмиона оның Аждаға екенін, құбыр ішін бойлай қозғалатынын анықтағанын; Рон екеуі өрмекшілердің сонынан еріп, Тыйым салынған орманға барғанын; Арагогтың «қыз дәретханада өлген» дегенін, содан оның Жылауық Миртл екенін білгенін; жасырын бөлмеге сол жерден кіруге болатынын анықтағанын айтты...

– Өте жақсы, – деді профессор Макгонагал ол тыныс алу үшін кідіргенде. – Жасырын бөлмеге кіретін жолды таптыңыздар (сол үшін мектептің жүздеген ережесін бұздыңыздар), бірақ ол жерден бәрің қалай аман шықтыңыздар, Поттер?

Көп сөйлегеннен даусы қарлыққан Хәрри дәл уақытында Фоукс келе қалғанын, Білгіш қалпақ семсерді бергенін айта бастады. Кенет тосылып қалды. Реддлдің күнделігі, яғни Жинніге қатысты тұсын баяндағысы келмеді. Жинни анасының иығына басын сүйеп солқылдан жылап тұр, тоқтаусыз аққан көз жасы өңіріне тамды. Оны мектептен шығарып жіберсе ше? Хәрри соны ойлап қорықты. Реддлдің күнделігі енді жауап бермейді... Оның қызды айтқанына көндіргенін қалай дәлелдейді?

Хәрри түйсігіне сеніп Дамблдорға қарады, жарты ай пішінді көзәйнегі оттың жарығына шағылышып, кария күлімдеп тұр екен.

– Бәрінен бұрын *білгім* келетіні, – деді Дамблдор даусын жұмсаңта. – Лорд Волдеморт Жинниді қалай арбаған? Білуімшe, қазір ол Албания орманында тығылыш жүр.

Хәрридің арқасынан ауыр жук түскендей бойы жеңілдеп сала берді.

– Н-не? – деп сұрады мистер Уизли кекештеніп. – Өзіміз-*білетін-әлгі ме?* Жинниді арбаған? Бірақ Жинни... Қалайша?

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бәріне күнделік айыпты, – деп Хәрри күнделікті Дамблдорға берді. – Реддл мұны он алты жасында жазыпты.

Дамблдор күнделікті алып, оның күйген параптаратын ұзын, қисық мұрнына тақап тұрып тесіле қарады.

– Керемет... Иә, ол Хогуартста оқыған ең талантты оқушылардың бірі еді. – Ақыл-есінен айырылғандай аңтарылып тұрған Уизлилерге бұрылды. – Лорд Волдеморттың шын есімі Том Реддл екенін біреу білсе, екеу білмейді. Елу жыл бұрын оны Хогуартста өзім оқытқан едім. Мектепті бітірген соң біраз жыл жоқ болып кетті... шарламаған жері жоқ... Зұлым сиқырдың қыр-сырын үйренген, ең жауыз сиқыршылармен достасқан... Аса қауіпті сиқыр түрін жасап, өзін адам танымастай өзгертіп жіберген... Лорд Волдеморт деген атпен қайта оралғанда, өзіміз де танымай қалдық. Бір кездері осында оқыған, серке болған, сымбатты, ақылды бозбала мен Лорд Волдеморт бір адам екенін мойындау қын еді.

– Сонда біздің Жинни онымен қалай байланысып жүр? – деп сұрады миссис Уизли.

– Оның күнделігіне жаздым! – Жинни еніреп жылады. – Мен жазғанда ол жауап беретін, солай жыл бойы сөйлестік...

– Жинни! – деді мистер Уизли aһ ұрып. – Сонда саған ештеңе үйретпегенім бе? Саған ылғи не деуші едім? Өздігінен сөйлесетін заттарға ешқашан сенбे, оның миы қайда орналасқанын көрмейінше, айтқанына көнбе демедім бе? Күнделікті анаңа не маған неге көрсетпедін? Мынадай күмәнді заттың Зұлым сиқырға қатысы бар екені айдан анық қой!

– Білген жоқпын... – деп солқылдады Жинни. – Анам берген кітаптардың ішінен шықты. Біреу соның арасына салып, ұмытып кеткен шығар деп ойладым...

– Мисс Уизлиді дәл қазір ауруханаға апарыңыздар, – деді Дамблдор бұйыра. – Ол аса ауыр сынектан өтті. Жазалау туралы ойламаңыздар да. Одан да тәжірибелі, ересек, дана

ДОВБИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

сиқыршылар Лорд Волдеморттың шырмауынан шыға алмай қалған. Жақсылап демалсын, бір шыны ыстық шоколад ішіп алсын. Өзіме сол әркез көмектеседі. – Дамблдор Жинніге қарап көзін қысты. – Мадам Помфри әлі ояу болса керек. Қазір ауруханадағыларға мандрагора сөлін ішкізіп жатқан шығар. Аждаһадан жапа шеккендер оянып, ортамызға қосылады.

– Хәрмионаны көреміз! – деді Рон қуанышын жасыра алмай.

– Енді ешкім оларға зақым келтіре алмайды, – деді Дамблдор.

Миссис Уизли қызын демеп кабинеттен алып шықты, әлі есін жия алмаған мистер Уизли екеуінің соңынан кетті.

– Қалай ойлайсыз, Минерва, – деді Дамблдор ойлы жүзін профессор Макгонагалға бұрып, – жақсылап бір *тойлауымыз* керек *шығар*. Асүйдегілерге бар өнерін салсын деп айта аласыз ба?

– Жарайды, – деді профессор Макгонагал. Есікке беттеп бара жатып, Дамблдорға қарады: – Поттер мен Уизлидің сыбагасын өзініз берерсіз?

– Элбетте, – деді Дамблдор.

Ол шығып кеткен соң ұлдар Дамблдорға қарап түрлі ойға берілді. Профессор Макгонагал *сыбагасын бер* деп нені меңзеді? Сонда *расымен* жазаламақ па?

– Енді мектеп ережесін бұзсандар – мектептен шығарамын деп айтқаным есімде, – деді Дамблдор.

Рон көзі бақырайып, аузын ашты.

– Кейде тіпті жоғары лауазымды адамның өзі сөзінен қайтса болады, – деп құлді Дамблдор. – Екеуіне де мектепке сіңірген еңбегін үшін арнайы марапат береміз, мм... қане ойланайын... әрқайсында екі жұз үпай тағайындаимын.

Рон Локхарттың Валентин күнгі гүлдері сияқты қызарып кетті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Бірақ бір адам қауіпті саяхатта жасаған ерлігін баяндамай тұр ғой, – деді Дамблдор. – Гилдерой, неге сонша сыпайы бола қалдың?

Хәрри селк ете түсті. Ол Локхартты мұлдем ұмытып кетіпті. Локхарт бөлменің бір бұрышында есуас адамдай ыржаландап тұр екен. Дамблдор оған сөйлегенде ол аты аталған адамды іздеп, жан-жағына қарады.

– Профессор Дамблдор, – деді Рон, – жасырын бөлмеде бір ыңғайсыз жағдай болды. Профессор Локхарт...

– Мен профессормын ба? – деп сұрады Локхарт таңданып. – Ал керек болса... Өзімді пайдасыз біреу санап жүрсем...

– Ұмыттыру сиқырын жасамақ болған, онысы өзіне тиді, – деді Рон Дамблдорға сыйырлап.

– Мәссаган! – деп Дамблдор басын шайқап, кеңкілдеп күлді. – Гилдерой, өз қаруыңмен өзінді жарапсың ғой!

– Қайдағы қару? – деді Локхарт таңданып. – Менде қару жоқ. Мына балада бар. – Хәрриді нұскады. – Семсер ұстап жүр.

– Профессор Локхартты ауруханага апарасың ба? – Дамблдор Ронға қарады. – Хәрриге айттар сөзім бар еді...

Локхартты жетектеген Рон Дамблдор мен Хәрриге қызыға көз тастап, шығып кетті.

Дамблдор алауоشاқтың алдындағы креслоның біріне барып отырды.

– Сен де отыр, Хәрри, – деді ол.

Хәрри қобалжи бастады.

– Біріншіден, Хәрри, саған алғыс айтқым келеді, – деді Дамблдор мейірленіп. – Жасырын бөлмеде маған шын адал екенінді көрсеттің. Сондықтан да Фоукс саған көмекке барды.

Ол тізесіне қонған феникстің қанатын сипады. Дамблдордың көзқарасынан Хәрри қысыла құлімсіреді.

– Том Реддлді кезіктіргеніңе келсек... ол барінен бұрын сені іздеген сияқты...

Хәрри бұдан әрі шыдамады. Көптен бері ішіне сақтап, өзін қинаған ойын айтып салуға бекінді:

– Профессор Дамблдор... Реддл өзіне үқсайтынымды айтты. Сол үқсастыққа қайранмын деді...

– Солай деді ме? – Дамблдор қалың күміс қасының астынан Хәрриге мүқият қарады. – Өзің қалай ойлайсың?

– Мен оған үқсамаймын! – деді Хәрри айқайлағандай болып. – Кешіріңіз... айтпағым, Грифиндорда оқимын, мен...

Бірақ өз сөзіне өзі сенбегендей үндемей қалды.

– Профессор, – деді сәлден соң, – Білгіш қалпақ маган Слизеринге баруың керек деген. Осы мектепте де жұрттың біразы мені Слизериннің мұрагері санап жүрді, себебі мен парсeltілде сөйлей аламын...

– Сен парсeltілдісің, Хәрри, – деді Дамблдор ақырын. – Себебі Салазар Слизериннің үрпағы Лорд Волдеморт та жылан тілін біледі. Қателеспесем, шекене мына тыртықты салған тұні ол бойындағы күшінің бір бөлігін саған беріп жіберген. Әрине, әдейі емес, байқаусыз...

– Волдеморттың бір бөлшегі менің бойымда ма? – деп сұрады жай түскендей есекірекен Хәрри.

– Солай болса керек.

– Демек, Слизеринде оқыым керек еді. – Хәрри Дамблдорға торығып қарады. – Білгіш қалпақ менің бойымда Слизеринге тән қуат бар екенін байқады, сондықтан...

– Бірақ ол сені Грифиндорға жіберді, – деді Дамблдор ақырын. – Хәрри, сөзіме құлақ салшы. Салазар Слизериннің тандаулы шәкіртерінің бойында болуға тиіс қасиеттер сенде де бар. Аса сирек кездесетін қасиет – жылан тілін білетінің... тапқырлық... батылдық... ережелерге бағынбау... (осы сөзді айтқанда Дамблдор мұртының астынан құлді). Бірақ Білгіш қалпақ сені Грифиндорға жіберді... Себебін өзің білесің. Ойланып көр.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

– Өйткені, мен Слизеринге жібермеші деп өтіндім, – деді Хәрри жабырқап.

– *Дәл солай!* – деді Дамблдор жынып. – Том Реддлден басты айырмашылығың – осы. Хәрри, біздің кім екеніміз бойымыздағы қасиетімізден бұрын, жасаған тандауымыздан көрінеді.

Хәрри үнсіз ойланып отырып қалды.

– Хәрри, нағыз грифиндорлық екеніңе дәлел керек болса, мынаған қарашы.

Дамблдор профессор Макгонагалдың үстеліне қолын созып, қанға боялған күміс семсерді алды да, Хәрриге ұсынды. Хәрри лағыл балдағы жарқыраған семсерді оттың жарығына тосты. Сол кезде балдақтың түбіне нақыштап жазылған сөзді көрді:

Годрик Грифиндор

– Нағыз грифиндорлық қана қалпақтан семсерді суырып шығара алады, Хәрри, – деді Дамблдор.

Біраз уақыт екеуі де үндемеді. Содан соң Дамблдор профессор Макгонагалдың үстеліндегі тартпаны ашып, бір сиясауыт пен қауырсын алды.

– Хәрри, тамақ іш те, жатып үйікта. Төменде мерекелік дастархан дайын түр, ал мен Азкабанға хат жазып, қорықшымызды босатып алайын. «Күндізгі жарышы» газетіне хабарландыру беру керек, – деді ол ойланып. – Бізге енді Зұлым сиқырдан қорғанудан сабак беретін оқытушы керек. Әйтеүір, осы пәннен оқытушыға жарымай-ақ қойдық...

Хәрри орнынан тұрып, есікке беттеді. Тұтқаға енді қолын созғанда есік кенеттен өзі тарс етіп ашылды. Ар жақтағы адам жүлқа тартқаны сондай – Хәрри оған соғыла жаздады.

Дәл алдында түрі өрт сөндіргендей Люциус Малфой түр екен. Аяғына оратылып біреу салпылдап еріп келеді. Денесі дәкемен таңылған Добби екен.

ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

– Кеш жарық, Люциус, – деді Дамблдор жайдары үнмен.

Мистер Малфой бөлмеге атып кіргенде Хәрриді қағып кете жаздады. Добби оның артынан еріп, мантиясының етегін баса отырды, қожайынына қараған көзі үрейге толы еді.

– Сонымен, – деді Люциус Малфой Дамблдорға тесірейіп, – қайта оралыпсыз ғой. Қамқоршылар кенесі қызметтен алып тастаса да, Хогуартсқа келіп алыпсыз.

– Білесін бе, Люциус, – деді Дамблдор күлімсіреп. – Сенен өзге он бір қамқоршы бүгін хабарласты. Тіпті аспаннан үкі жауған күн болды десем болар. Олар Артур Уизлидің қызы опат болды дегенді естіп, мені қайтаруға асығыпты. Осы жұмысқа менен лайық адам жоқ деген шешімге келіпті. Олар бір қызық әңгіме айтты. Мені жұмыстан шығаруға келіспесе, отбасыларына қарғыс жіберемін деп қорқытқансын дей ме...

Мистер Малфойдың бозғылт өні аппақ қудай болды, бірақ көзі әлі ашуға толы еді.

– Сонымен, қастандық тоқтады ма? – деп ысылдады ол. – Қылмыскерді үстадыңыз ба?

– Үстадық, – деді Дамблдор күлімдеп.

– Солай деңіз... Кім екен?

– Сол баяғы жауымыз ғой, Люциус, – деді Дамблдор. – Осы жолы Лорд Волдеморт өзге біреудің қолымен от көсепті. Мына күнделік арқылы.

Ортасында үнірейген тесігі бар қара күнделікті мистер Малфойға тақады. Хәрри болса Доббиден көз алмады.

Эльф біртүрлі әрекет жасады. Ол Хәрриге бадырақ көзімен күнделікті меңзеп, бірденені тұспалдаған болады, арасында мистер Малфойға қарап қояды, содан соң жұдырығымен басын тоқпақтайды.

– Тұ-сі-нік-ті... – деді мистер Малфой.

– Жоспар жақсы құрылған, – деді Дамблдор әлі де мистер Малфойдан көз алмай. – Хәрри мен (мистер Малфой өткір

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

жанарымен баланы түйреп өтті) Рон күнделікті тауып алмағанда, бәріне Жинни Уизли айыпты саналар еді. Ол өз еркімен әрекет етпегенін ешкім дәлелдей алмас еді...

Мистер Малфой үндемей, сазарып қалды.

– Содан кейін не боларын... – деді Дамблдор, – елестетіп көріңіз.... Уизлилер – ең танымал тазақан сиқыршылардың бірі. Тұған қызы қарақан сиқыршыларға қастандық жасап, өлтірді деген сөз тараса, Артур Уизли мен оның Маглдарды корғау туралы заңы не болмақ? Күнделік дер кезінде табылып, ондағы Реддлдің естелігі жойылғаны қандай жақсы болды. Эйтпесе салдары қандай боларын кім білсін...

Мистер Малфой тістеніп әрең сөйледі:

– Жақсы болған екен.

Оның артында тұрған Добби тағы да күнделікті, содан соң Люциус Малфойды нұсқап, басын түртіп көрсетті.

Хәрри бәрін түсініп, Доббиге қарап бас изеді. Добби бұрышқа барып, өзін жазалау үшін құлағын бұрай бастады.

– Жиннидің қолына бұл күнделік қалай түскенін білмейсіз бе, мистер Малфой? – деп сұрады Хәрри.

Люциус Малфой оған бұрылып қарады:

– Мен қайдан білейін? Мисыз қыз бір жерден тауып алған шығар!

– Оны сіз бердіңіз, – деді Хәрри. – «Флориш пен Блотс» дүкенінде кездескен едік қой. Оның ескі «Құбылтуға кіріспе» кітабын алдыңыз, солай ма? Сол кезде арасына күнделікті салып жібердіңіз.

Мистер Малфой ұзын саусақтарын шытырлатты.

– Дәлелдеп көр, – деп ысылдады ол.

– Әлбетте, енді оны ешкім дәлелдей алмайды, – деді Дамблдор Хәрриге қарап күліп. – Реддл күнделікке енді ештеңе жазбайды. Люциус, Лорд Волдеморттың мектепте ұстаған заттарын оңды-солды шаша бермесеңші. Тағы біреуі осылай

ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

жазықсыз жанның қолына түссе, Артур Уизли үйінді тінтіп, маза бермес...

Люциус Малфой қалт тұра қалды, Хәрри оның оң қолы беліндегі сиқыр таяқшасына барып қалғанын байқады. Бірақ дереу есін жиып, эльфке бұрылды:

– Добби, кеттік!

Есікті ашты да, эльф қасына келгенде оны бір теуіп, алға түсірді. Доббидің дәлізде жанына батқан аурудан ыңқылдалап бара жатқаны естілді. Хәрри бір сәт қатты ойланды. Сол кезде басына бір ой келді.

– Профессор Дамблдор, – деді асығыс. – Мына күнделікті мистер Малфойға қайтарсан бола ма, өтінемін?

– Эрине, Хәрри, – деді Дамблдор ақырын. – Тездет. Той дастарханына барайық.

Хәрри күнделікті алды да, кабинеттен атып шықты. Доббидің ыңқылдаған даусы бұрыштан естілді. Жоспары жүзеге аса қоярына сенімді болмаса да, Хәрри аяқиімінің бір сынарын шешті де, дымқылданып ісі шыққан, кір-кір шұлығын сыйырып алып, күнделіктің ішіне салды. Содан соң қараңғы дәлізді бойлай жүгіре жөнелді.

Оларды баспалдаққа жете берген жерінде тоқтатты.

– Мистер Малфой, – деді алдына кеп тұра қалып, – сізге беретін затым бар.

Іісі мұнқіген шұлық салынған күнделікті Люциус Малфойдың қолына ұстартты.

– Бұл не тағы?

Мистер Малфой күнделіктің ішінен шұлықты саусағының ұшымен ұстап, жиіркене жұлып алып, лақтырып жіберді де, Хәрриге долдана қарады.

– Хәрри Поттер, жақында сен де ата-анаң сияқты азаптанып өлесің, – деді сыйырлап. – Олар да саған ұқсап басына бәле ізден жүретін.

Кетүте ыңғайланды:

– Жүр, Добби. Жүр деймін!

Добби қозғалмады. Ол Хәрридің сасыған кір шұлығын қос қолдай ұстап алышты, баға жетпес қазына тапқан адамдай болып түр екен.

– Кожайын Доббиге шұлық берді, – деді ол таңданып. – Кожайын оны Доббиге берді.

– Не деп тұрсың? – деп зірк етті мистер Малфой. – Былжырамай, жүр.

– Доббидің шұлығы бар, – деді Добби өз көзіне өзі сенбей. – Кожайын оны лақтырды, Добби тосып алды, енді Добби – еркін эльф.

Люциус Малфой эльфке қарап тұрған орнында сілейіп қалды. Содан соң Хәрриге қарап кіжінді:

– Сенің кесіріңнен құлымнан айырылдым!

– Хәрри Поттерге тиіспе! – деп айғайлады Добби.

Әлдене тарс етті де, мистер Малфой төмен қарай домалай жөнелді. Баспалдақтан төмен домалап, етегіне тұсті. Орнынан тұрғанда өні сұрланып кетіпті, сиқыр таяқшасын шығармақ болғанда, Добби ұзын саусағын безеді.

– Енді жөніңе кет, – деді ол мистер Малфойға ызбарлана қарап. – Хәрри Поттерге тиіспе. Дәл қазір кет.

Люциус Малфойдың көнгеннен өзге амалы қалмады. Екеуіне жек көре қарады да, мантиясын қымтاناپ, сыртқа шығып кетті.

– Хәрри Поттер Доббиді азат етті! – деді эльф шарасынан шығардай жасыл көзін Хәрриге қадап жұтынды. – Хәрри Поттер Доббиді босатты!

– Добби, қолымнан келгені сол болды, – деді Хәрри мәз болып. – Енді мені аман алып қалтуға тырыспаймын деп уәде бер.

Эльф ыржырап күлгендеге екі езуі екі құлағына жетті.

– Бір сұрағым бар, Добби, – деді Хәрри эльфтен шұлығын

ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

алып жатып. – Сен осы оқиғаның бәрі Аты теріспен байланысты емес деген едің ғой, есінде ме? Ал...

– Ол тұспал еді, сәр, – деді Добби, «соны да білмейсін бе» дегендегі қарап. – Добби тұспалдаپ айтты. Атын өзгерктенге дейін Тұнек лордын бәрі өз атымен қорықпай атай беретін.

– Ааа... – деді Хәрри сенімсіздеу үнмен. – Жарайды, мен кеттім. Мерекелік дастарханға үлгереійін, Хәрмиона да оянған шығар...

Добби Хәрриді белінен құшақтап, қатты қысты.

– Хәрри Поттер Добби ойлағаннан да мықты, – деді ол кемсөндеп. – Көріскенше, Хәрри Поттер!

Саясағын шырт еткізді де, Добби көзден ғайып болды.

Хәрри Хогуартста өткен талай мерекені көрген, бірақ осындаған той болмапты. Оқушылардың бәрі пижамашаң отырып, таңға дейін тойлатты. Хәрмиона жүгіріп келіп:

– Сен оны жеңіпсің ғой! – деп айғайлап, мойнына асылды.

Жастин Хафлпаф оқушылары отырған үстелінен тұрып келіп, Хәрридің қолын алып, ұзақ сілкіледі, ол туралы жаман ойда болғанына қатты өкінетінін айтып, кешірім сұрады. Тұнгі үш жарымда Азкабаннан шығып келген Хәгрид Рон екеуіне риза болғанын білдіріп, арқасынан қаққанда, балалар тәтті салынған ыдысқа бетін малып алды. Рон екеуіне берілген төрт жұз үпай Грифиндордың мектеп жеңімпазы болуына ықпал етті. Ал профессор Макгонагал жеңістің күрметінен емтихан болмайтынын хабарлады. («Ой, жоқ» деп Хәрмионағана өкініш білдірді). Кеш соңында Дамблдор орнынан тұрып, профессор Локхарт өкінішке қарай, келер жылы сабак бермейтінін, емделуге кететінін айтты. Бұл жаңалыққа оқушылармен қоса мұғалімдердің де біразы риза болып қалды.

– Өкінішті-ак, – деді Рон тосап қосылған бәліштен асап, – ол маған енді ұнай бастап еді.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Тоқсанның қалған бөлігін оқушылар күн шуағына шомылып өткізді. Хогуартс қалыпты тірлігіне оралды. Аздаған өзгеріс те бар: Зұлым сиқырдан қорғану сабағы уақытша өтпейтін болды, бұған Хәрмионаға қапаланды («Онсыз да тәжірибелі молынан жинадық» деп жұбатты Рон). Люциус Малфой мектептің Қамқоршылар кеңесі қатарынан шығарылды. Драко бұрынғыдай мектептің қожайыны өзі сияқты алшаң баспайтын болды. Керісінше, жұні жығылып, еңсесі түсіп қалды. Ал Жинни Уизлидің өні қуаныштан бал-бұл жанды.

Хогуартс экспресске мінетін уақыт та зу етіп келе қалды. Хәрри, Рон, Хәрмиона, Фред пен Жорж және Жинни бір вагонға жайғасты. Жазғы демалыс басталғанға дейін азғантай уақыт бар, демек, сиқыр жасап қалу керек. Жолда жарылғыш карта ойнады, егіз Уизлидің Филибустер отشاшуын жарды, сиқырдың күшімен бір-бірінің қаруын жұлдып алуды үйренді. Хәрри оны шебер менгеріпті.

Киңз-Кроссқа жақындағап қалғанда Хәрридің есіне бір жайт түсті:

- Жинни, Перси бізден нені жасырды? Сен оны көріп қойды деп ыңғайсызданғаны ше?
- Иә, – Жинни сықылықтап күлді. – Персидің құрбысы бар екен.

Фред қолындағы кітаптарды Жорждың басына түсіріп алды:

– *Не?*

- Рәвенкло серкесі Пенелопа Мәлдірсу екен, – деді Жинни. – Былтыр жаз бойы соған хат жазыпты. Мектепте онымен жасырын кездесіп жүрген. Бір күні бос кабинетте екеуі сүйісіп түрғанын көріп қалдым. Қызға қастандық жасалғанда Перси қатты қайғырды ғой. Оны мазақтамайтын шығарсындар?

Жинни ағаларына жалына қарады.

ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

– Ой, жоқ, – деді Фред. Бірақ тұған күні болатын адамдай риза екен.

– Әрине, мазақтамаймыз, – деді Жорж сықылықтап.

Хогуартс экспресс жүрісін баяулатты.

Хәрри қауырсын мен пергамент шығарып, Рон мен Хәрмионаға қарады.

– Мынау үйдің телефон нөмірі, – деп, қағазды екі бөліп екеуіне нөмірін жазып берді. – Былтыр мистер Уизлиге оны қалай қолдану керегін үйреткенмін, сұрап аларсың. Дурслилердің үйіне хабарласып тұрындар. Екі ай бойы тек Дадлимен сөйлескеннен асқан азап жоқ...

– Апайың мен жездең биыл қандай ерлік жасағаныңды білсе, сені мақтан тұтар? – деп сұрады Хәрмиона сиқырлы бөгетке жақындаپ қалғанда.

– Мактан тұтады деймісің? Қайдағы... Қанша рет ажалмен бетпе-бет келіп, тірі қалғанымды білсе... Ашудан жарылар...

Үшеуі маглдар әлеміне апаратын қақпадан бірге өтті.

ХӘРРИ ПОТТЕР МЕН ЖАСЫРЫН БӨЛМЕ

Тоқсанның қалған бөлігін оқушылар күн шуағына шомылып өткізді. Хогуартс қалыпты тірлігіне оралды. Аздаған өзгеріс те бар: Зұлым сиқырдан қорғану сабагы уақытша өтпейтін болды, бұған Хәрмиона ғана қапаланды («Онсыз да тәжірибелі молынан жинадық» деп жұбатты Рон). Люциус Малфой мектептің Қамқоршылар кеңесі қатарынан шығарылды. Драко бұрынғыдай мектептің қожайыны өзі сияқты алшаң баспайтын болды. Керісінше, жүні жығылып, еңсесі түсіп қалды. Ал Жинни Уизлидің өні қуаныштан бал-бұл жанды.

Хогуартс экспресске мінетін уақыт та зу етіп келе қалды. Хәрри, Рон, Хәрмиона, Фред пен Жорж және Жинни бір вагонға жайғасты. Жазғы демалыс басталғанға дейін азғантай уақыт бар, демек, сиқыр жасап қалу керек. Жолда жарылғыш карта ойнады, егіз Уизлидің Филибустер отشاшуын жарды, сиқырдың күшімен бір-бірінің қаруын жұлып алуды үйренді. Хәрри оны шебер менгеріпті.

Кинз-Кроссқа жақындал қалғанда Хәрридің есіне бір жайт түсті:

- Жинни, Перси бізден нені жасырды? Сен оны көріп қойды деп ыңғайсызданғаны ше?
- Иә, – Жинни сыйқылықтай күлді. – Персидің құрбысы бар екен.

Фред қолындағы кітаптарды Жорждың басына түсіріп алды:

– *Не?*

- Рәвенкло серкесі Пенелопа Мәлдірсу екен, – деді Жинни. – Былтыр жаз бойы соған хат жазыпты. Мектепте онымен жасырын кездесіп жүрген. Бір күні бос кабинетте екеуі сүйісіп тұрғанын көріп қалдым. Қызға қастандық жасалғанда Перси қатты қайғырды ғой. Оны мазақтамайтын шығарсындар?

Жинни ағаларына жалына қарады.

ДОББИ ЕРКІНДІК АЛДЫ

– Ой, жок, – деді Фред. Бірақ тұған күні болатын адамдай риза екен.

– Әрине, мазақтамаймыз, – деді Жорж сиқылықтап.

Хогуартс экспресс жүрісін баяулатты.

Хәрри қауырсын мен пергамент шығарып, Рон мен Хәрмионаға қарады.

– Мынау үйдің телефон нөмірі, – деп, қағазды екі бөліп екеуіне нөмірін жазып берді. – Былтыр мистер Уизлиге оны қалай қолдану керегін үйреткенмін, сұрап аларсын. Дурслилердің үйіне хабарласып тұрындар. Екі ай бойы тек Дадлимен сөйлескеннен асқан азап жоқ...

– Апайың мен жезден ғана қандай ерлік жасағанынды білсе, сені мақтан тұтар? – деп сұрады Хәрмиона сиқырлы бөгетке жақындаپ қалғанда.

– Мақтан тұтады деймісің? Қайдағы... Қанша рет ажалмен бетпе-бет келіп, тірі қалғанымды білсе... Ашудан жарылар...

Үшеуі маглдар әлеміне апаратын қақпадан бірге өтті.

* * * * *

Ағылшынша – казакша кейіпкерлер тізімі


ENGLISH

Abbott Hannah
Aragog
Basilisk
Bell Katie
Binns Cuthbert
Bloody Baron
Brown Lavender
Bulstrode Millicent
Clearwater Penelope
Crabbe Vincent
Creevey Colin
Delaney-Podmore Patrick
Dippet Armando
Dobby
Dumbledore Albus
Dursley Dudley
Dursley Marge
Dursley Petunia
Dursley Vernon
Errol
Fang
Fat Friar
Fat Lady
Fawkes
Filch Argus
Finch-Fletchley Justin
Finnigan Seamus
Flint Marcus
Flitwick Filius
Fudge Cornelius
Gudgeon Gladys
Goyle Gregory
Granger Hermione
Griffindor Godric
Hafflepuff Helga
Hagrid Rubeus
Hat Sorting
Hedwig

ҚАЗАКША

Аббот Ханна
Арагог
Аждана
Кэти Белл
Катберт Бинс (профессор)
Қан-жоса барон
Лаванда Браун
Миллесент Булстроуд
Пенелопа Мэлдірсу
Винсент Креб
Колин Криви
Патрик Делани-Подмор
Армандо Дипет
Добби
Албус Дамблдор
Дадли Дурсли
Марж Дурсли
Петуния Дурсли
Вернон Дурсли
Эррол
Азу
Дәү монах
Дәү леди
Фоукс
Аргус Филч
Жастин Финч-Флетчли
Симус Финиган
Маркус Флинт
Филиус Флитуик
Корнелиус Фадж
Гладис Гаджен
Грегори Гойл
Хэрмиона Грейнджер
Годрик Гриффиндор
Хелга Хафлпаф
Рубеус Хэгрид
Білгіш қалпак
Хедуиг

Hermes	Эрмес
Hooch Rolanda	Роланда Хуч (мадам Хуч)
Johnson Angelina	Анжелина Жонсон
Jordan Lee	Ли Жордан
Lockhart Gilderoy	Гилдерой Локхарт
Longbottom Neville	Невил Үзынбүт
Lord Voldemort	Лорд Волдеморт
Malfoy Draco	Драко Малфой
Malfoy Lucius	Люциус Малфой
McGonagall Minerva	Минерва Макгонагал
McGuffin Jim	Жим Макгафин
Mcmillan Ernie	Эрни Макмиллан
Merlin	Мерлин
Moaning Myrtle (Myrtle Elizabeth Warten)	Жылауық Миртл (Миртл Елизабет Уорен)
Mosague	Мосаг
Mr Borgin	Мистер Боргин
Mrs Norris	Миссис Норрис
Nearly-Headless Nick (Sir Nicholas de Mimsy-Porpington)	Жұлбасты Ник (Сэр Николас де Мимси-Порпингтон)
Patil Parvati	Парвати Патил
Peeves	Пивз
Pomfrey Poppy	Поппи Помфри
Potter Harry	Хәрри Поттер
Pucey Adrian	Эдриан Плюси
Riddle Tom Marvolo	Том Морволен Реддл
Rawenklaw Rovenia	Роуена Рәвенкло
Slytherin Salazar	Салазар Слизерин
Snape Severus	Северус Снейп
Spinnet Alicia	Алиса Спиннет
Sprout Pomona	Помона Спраут
Thomas Dean	Дин Томас
Weasley Arthur	Артур Уизли
Weasley Bill	Билл Уизли
Weasley Charlie	Чарли Уизли
Weasley Fred	Фред Уизли
Weasley George	Жорж Уизли
Weasley Ginny	Жинни Уизли
Weasley Molly	Молли Уизли
Weasley Percy	Перси Уизли
Weasley Ron	Рон Уизли
Wood Oliver	Оливер Ууд



Жас сиқыршы Харри Поттер нағашылары Дурслилердің үйінде еткен жаzdан кейін Хогуартс сиқыр мектебіне оралып жаңы жай табатын. Бірақ биыл алдыңғы екі жылдан да бетер шытырман оқиғага толы болатынын әлі білмейді. Біrnеше адамның өмірін киған кісі өлтіргіш Азкабанин қашып кетті деп үрей күшағына тығылған Хогуартсты күзеттеге Азкабанның сакшылары келеді. Сабак токтамаған, оның үстіне үшінші сыншылта жаңа пәндер косылған, ал Хогсмид ауылына барғанның қызығы өз алдына!





Ж.К. Роулинг әлемге 1997–2007 жылдар аралығында жарық көрген Хәрри Поттер туралы жеті кітаптың авторы ретінде танылды. Хәрри туралы кітап жазу идеясы автор бірде Манчестерден Лондонға пойызбен бара жатқанда келіпті. Хәрри, Рон мен Хәрмионаның басынан кешкен ғажайып оқығасы 500 миллион данадан астам таралыммен сатылып, сексеннен астам тілге аударылды және кітап желісімен сегіз блокбастер фильм түсірілді. Хәрри Поттер сериясынан бөлек, автор қайырымдылық мақсатында «Фасырлардан жеткен куидіч», «Фантастикалық макұлықтар және олар мекендейтін аймақтар» (Comic Relief және Lumos қорына көмек) және «Бидл Бард туралы ертеғілер» (Lumos қорына көмек) деген үш роман жазды.

Жек Торн және Жон Тиффанимен бірлесіп, Хәрри туралы хикаяның жалғасы – «Хәрри Поттер мен қарғыс тиген бала» пьесасын жазды. Премьерасы 2016 жылы Лондонда өткен спектакль қазір Еуропа, Солтүстік Америка және Австралия театрларында қойылып жатыр. Сол жылы «Фантастикалық макұлықтар және олар мекендейтін аймақтар» фильміне сценарий жазып, сиқырлы хайуандарды зерттеуші Ньютон Скамандер туралы серияны бастады.

Сиқыр әлемі туралы кітаптар жазбаган кезеңдерінде Роулинг шыныайы әлемдегі ересектерге арналған романдар жазады. Ол ес білгелі жазуши болуды армандалты, өзінін айтуынша, бөлмеде оңаша қалып жазуға отырғанда «ең бақытты сәтті» бастан кешеді. Роулинг – OBE және Companion of Honour сынды көптеген марарапттар мен жүлделер, «Blue Peter» алтын тесбелгісінің иегері. Қазір отбасымен бірге Шотландияда тұрады.

Әдеби-көркем туынды

Роулин Ҙоан Кейтлин

Хәрри Поттер мен жасырын бөлме

Жаупты редакторы *Н. Қожабек*

Корректоры *О. Алейдарова*

Дизайнын жасаған және беттеген

А. Жұмағалиев, Р.С. Қадыр

Басуға 10.03.2020 ж. қол қойылды.

Офсеттік басылым. Каріп түрі «PT Serif»

Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$ Көлемі 20,25

Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды

6+




«Хәрри Поттерге біреу қастандық жасайды.
Хогуартс сиқыр мектебінде был
сүмдық жайттар болады».

STEPP&WORLD
БАЛАЛАР ӘДЕБІЕТІ

ISBN 9789919955779

WIZARDING
WORLD



steppe&world

Cover illustrations by Jonny Duddle

6+